

А 2009  
14263 к

ҚАЗАҚ ТІЛІ  
ТАРИХЫ  
МЕН  
ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫНЫҢ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ

5 шығуы

АЛМАТЫ - 1983

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
*Институт языкознания*

ВОПРОСЫ ИСТОРИИ  
И  
ДИАЛЕКТОЛОГИИ  
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

ВЫПУСК 5



ИЗДАТЕЛЬСТВО АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
АЛМА-АТА — 1963

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
*Тіл білімі институты*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫ  
МЕН  
ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫНЫҢ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ

5 ШЫҒУЫ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1963

В сборник включены статьи, посвященные описанию лексических, фонетических и грамматических особенностей говоров различных районов Казахстана, разработке некоторых теоретических вопросов диалектологии. Освещены также вопросы истории казахского языка и создания этимологических словарей тюркских языков.

Книга рассчитана на широкий круг филологов — научных работников, учителей, аспирантов, преподавателей и студентов филологических факультетов вузов.

#### РЕДАКЦИЯ АТҚАСЫ:

*І. Кеңесбаев (жауапты редактор), А. Ысқақов,  
Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, Ж. Аралбаев*

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

*С. Кеңесбаев (ответственный редактор), А. Искаков,  
Р. Сыздыкова, Ш. Сарыбаев, Ж. Аралбаев*

*Ш. САРЫБАЕВ*

**1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ТАРИХЫНА  
ҚАТЫСТЫ ҚЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР  
(МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Совет өкіметі тұсындағы әдеби тілдің тарихын зерттеу мәселесінде біз жеке мақалалар көлемінен шыға алмай жүрміз. Кейінгі он жылдың ішінде Совет өкіметі тұсындағы әдеби тілдің әр түрлі мәселелеріне арнап жазылған проф. М. Балақаев, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, М. Әуезов және Ғ. Мұсабаев, А. Хасенова, Т. Қордабаев т. б. жолдастардың мақалалары басылып шыққан еді<sup>1</sup>. Бірақ, қазақ әдеби тілінің 20—30 жылдардағы даму процесін зерттеу — бұл мақала емес, үлкен монографиялық еңбек негізінде зерттелуге тиісті мәселелердің бірі.

<sup>1</sup> М. Әуезов. Некоторые вопросы развития казахского литературного языка. — «Литературная газета», 1951, 4 октября; М. Әуезов. Казах әдебиет тілінің кейбір мәселелері. — «Коммунист» 1951, № 3; М. Балақаев. Әдеби тілдің дамуы туралы бірер сөз — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, № 1; І. Кеңесбаев. Әдеби тіліміздің кейбір келелі мәселелері. — «Қазақ әдебиеті», 1959, 15 май; С. Кеңесбаев. Развитие казахского литературного языка в советское время. — «М. О. Ауэзову». Сб. статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959; С. Кеңесбаев. Развитие современного казахского литературного языка (Доклад на XXV международном конгрессе востоковедов). М., 1960; Н. Сауранбаев. Қазақтың әдеби тілінің тарихын зерттеу туралы. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 3 шығуы, 1960; Т. Қордабаев. Қазақтың әдеби тілі — Октябрьдің жемісі. — «Қазақстан мұғалімі», 1957, 24 октябрь; А. Хасенова. Қазақ тілі лексикасының бақы мен дамуына орыс тілінің әсері туралы. — «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», филология және искусство зерттеу сериясы, 1954, 1—2 шығуы; С. Аманжолов. Қазақтың әдеби тілі. Алматы, 1949; Ғ. Мұсабаев. О казахском литературном языке. — «Казахстан», 1952, № 6; М. С. Лапатухин. Развитие национальных языков в СССР на примере казахского языка. — «Ученые записки Калининск. гос. пед. института им. М. И. Калинина». Т. XV, вып. 2, 1948. (Приложение); К. Аханов. Казах тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы. — «Халық мұғалімі», 1955, № 7; Ә. Болғанбаев. Қазақ тілі лексикасының дамуы. — «Қазақстан мұғалімі», 1957, 4 июль т. б.

Біз әдеби тіліміздің даму барысын сөз еткенде, дәуірлегенде, оның Совет өкіметі тұсында байығандығын, дамығандығын көрсету үшін ең алдымен әдеби тілімізді революциядан бұрынғы қалпымен салыстыра отырып зерттеуіміз керек. Қазақ тілінің дамығанын, өскенін, байығанын біз сонда ғана анық суреттеп, толық сипаттап бере аламыз. В. И. Лениннің әрбір мәселені тарихи тұрғыдан қарау керек деген мәселесімен байланысты айтқан мынандай бір пікірі бар: «Қоғамдық ғылым мәселесіндегі ең сенімді нәрсе және бұл мәселеге дұрыстап кірісуге шын жаттығып шығу үшін толып жатқан майда мәселелерге немесе күресіп жатқан түрлі-түрлі көп пікірлерге түсіп адаспау үшін қажетті нәрсе, — бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан кірісу үшін ең маңызды нәрсе — негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір мәселеге тарихта сол белгілібір құбылыс қалай шықты, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай басты-басты дәуірлерді өтті деген тұрғыдан қарау болады, сөйтіп осы даму жағынан қарағанда кәзір оның не күйге түсіп отырғанын байқау болады»<sup>2</sup>. Әдеби тіліміздің тарихын сөз еткенде В. И. Лениннің осы сөзі есте болғаны жөн.

Октябрь революциясынан бұрын басылып шыққан әдебиеттерді немесе сол уақыттағы қолжазба нұсқаларын байқап қарасак, оның ішінде таза қазақ тілінде басылған нұсқалардан гөрі араб, парсы, татар тілдерінің элементтерімен шұбарланған нұсқалар әлдеқайда басым. Ол кездегі нұсқалардың көпшілігі таза қазақ тілінде жазылмағанын И. Ф. Катанов, В. Радлов, А. Васильев, Н. Ильминский т. б. тюркологтар да сөз еткен болатын. Р. Сыздыкова мен Ә. Құрышжанов жолдастар сол кездегі «кітаби тіл» деп аталатын жазба дәстүрінің ерекшеліктерін талдап, сипаттап берген болатын<sup>3</sup>.

Шынында Ақмолданың:

Адамнан науа қалмас ғарип болмай,  
Фұқара сұхбатына қарип болмай.  
Ғадаты на істіва нақи тахкир,  
Сөз сөйлемес біреуі жарих қылмай.  
(Ақмолла, 1907)

сияқты қойыртпақ тілмен жазылған нұсқаларды алсақ та, «Сізге гиззатлу ва хұрмәтлу газиз мүкәдрәм ініміз»... деп келетін хат жазысу дәстүрін алсақ та, немесе «Ұлуғ насәблү һа-

<sup>2</sup> В. И. Ленин. Шығармалар, 29 том, 471 бет.

<sup>3</sup> Ә. Құрышжанов. «Кітаби тіл» материалдарынан. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2 шығуы, Алматы, 1960, 72 бет; Р. Сыздыкова. Основные морфологические особенности языка Абая. Автореферат дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1959.

*рунғазы сұлтан қашундағы хұрмәтлү Иусіф дархан...»* деп келетін кеңсе қағаздарын алсақ та — олардың тілдері жалпыхалықтық тілден алшақ жатқан жаргон, кітаби тілдің нұсқалары болатын. Өз шығармаларын осындай қойыртпақ тілде жазған ақын-жазушылардың кітаптарын С. Торайғыров «тілдері шүлдір, бытпырақ» деп қатты мінеген болатын<sup>4</sup>. Бұл нені көрсетеді? Бұл кітаби тілдің жазба әдебиетіміздің, жазба дәстүріміздің барлық жағын шарпығанын көрсетеді.

Тіпті әдеби тіліміздің дамуына белгілі бір дәрежеде үлес қосқан «Айқап» журналы да кітаби тіл элементтерінен бір-жолата қол үзіп кеткен жоқ. «Айқаптың» тілінде кездесетін *келділәр, алсалар, қағазлар, мілләт, ұшпу, һәм ғайри, құтылур, түзелур*<sup>5</sup> сияқты әдеби тілге жат элементтерінің кездесуі жоғарыдағы пікірімізді растайтын сияқты.

Қазақ тілінің тарихында жоғарыда көрсетілген кітаби тіл дәстүрінен басқа тағы бір дәстүріміз бар. Ол — Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт бастаған жалпыхалықтық тілдің негізіне сүйенген таза қазақ тілі.

Жазба әдебиет тілімізде кітаби тіл дәстүрі үстемдік құрып тұрған дәуірде, яғни әдеби тіліміздің бастапқы, балаң кезінде Абай, Ыбырайлардың Орта Азияға кең тараған кітаби тілде жазбай, немесе кілең қоспа орфография ізімен кетпей, өз шығармаларын ауыз әдебиет тілінің дәстүріне сүйене отырып, жалпыхалықтық тілдің негізінде жазды, сүйтіп әдеби тіліміздің қалыптасуына септігін тигізіп, оның дамуына жағымды әсер етті, жалпыхалықтық тілдің жазба әдебиетте қолданудың үлгісін көрсетті. Абай мен Ыбырайдың мұндай үлкен қоғамдық мәні бар азаматтық ісін біз жоғары бағалауымыз керек. Сол уақытта әдеби тілдің тазалығы үшін, кітаби тілге қарсы жеке адамдар ғана күрескен еді. Енді Совет өкіметінің тұсында үкімет пен партиямыз әдеби тіліміздің ескі жазба әдебиет дәстүрінен қалған кітаби тіл қоспаларына күрес ашып, тілімізді мұндай қоқыр-соқырдан неғұрлым тез тазарту жағына көп көңіл бөлді. Алайда Совет өкіметінің алғашқы жылдарында баспасөзіміз революциядан бұрынғы жазу нұсқаларында жиі кездесетін кітаби тілдің орфографиялық дәстүрінен толық арылып болған жоқ еді. Мысалы, 20-жылдардағы баспасөзде революциядан бұрынғы баспасөздегі араб-парсы сөздерін арабша орфографияға лайықтап жазу тенденциясының сарқыншағы әлі де болса ара-кідік кездесіп қалып отырады. Мысалы: «*Англия хукүмәті һәм бұл күнгеше ешбір жаулығын аяған жоқ*» (Еңбекшіл қазақ, 1923, 25 май). Бұл кезде-

<sup>4</sup> С. Торайғыров. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1957, 358 бет.

<sup>5</sup> Н. Карашева. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века (на материале журнала «Айқап»): Автореферат дисс... кандидата филол. наук. Алма-Ата, 1959.

гі баспасөз, «қауіп» ті хауіф, «амал» ды гамал деп жазып жүрді.

Қазақ тілі лексикасының дамуы, баюы мен молаюы ең алдымен елімізде Ұлы Октябрьден кейінгі әлеуметтік, қоғамдық зор өзгерістермен байланысты еді... «шынына келгенде, — деп жазады В. И. Ленин, — қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан ілгері дамуы, дамығанда халықтың көпшілігі, сонан соң бүкіл халық болып іс жүзінде жаппай қатысатын, нағыз, жедел дамуы тек социализммен басталатынын түсініп алу керек»<sup>6</sup>. «Жалпы өмірдің өзінің шапшаң өзгеріп отыратыны сияқты, революциялық уақыттарда объективтік ситуация да сондай шапшаң, күрт өзгеретіндігін түсінудің маңызы зор»<sup>7</sup>. Шынында еліміздегі социалистік революция дәуірі, қоғамдық төңкеріс пен әлеуметтік өзгерістер дәуірі қоғам тұрмысының қауырт, жедел дамуымен сипатталады. Ұлы Октябрьдің жеңуі арқасында қазақ халқы өзінің ғасырлар бойындағы тарихында тұңғыш рет мемлекет болып, ежелгі мұқтаждықтан, әлеуметтік, ұлттық езгіден, теңсіздіктен азат болып, ұлы орыс халқының және Совет Одағындағы басқа халықтардың көмегі арқасында өзінің ұлттық мәдениетін, оның ішінде ұлт тілін дамытуға зор мүмкіншіліктер алды. 1920–1930 жылдардағы әдеби тіліміз бұл бәз-баяғы Абай тұсындағы, немесе одан кейінгі дәуірдегі әдеби тіліміздің нәрсетелік, балаң кезі емес. Қазақ тілі оқу, ғылым, мәдениет, баспасөз тілі болды. Әдеби тіліміз бұрын болып көрмеген қарқынды дамып, бұрын болып көрмеген жоғары дәрежеге жетті. 1920 жылдарда түрлі мәдени-ағарту, оқу орындарының ашылуы, халықты жаппай сауаттандыру бағытында жүргізілген жұмыстар, газет-журналдардың көптеп шығарылуы, аударма жұмысының дамуы, жер-жерлерде ұлттық театрларының құрылуы, радиохабарлардың ана тілінде берілуі, түрлі ғылым салаларына байланысты оқулықтардың жазылуы, баяндама, резолюция, протокол жұмыстарының өріс алуы, ғылым, мәдениет, техниканың қарыштап дамуы — осылардың бәрі де қазақтың әдеби тілін жаңа сатыға көтерін, оның қолданылу аясын мейлінше кеңейте түсті. Мұндай өзгерістер лексикамызға, оның ішінде әсіресе терминологияға, өзінің әсерін тигізбей қойған жоқ. Әрбір жаңа құбылыс, әрбір жаңа ұғым өзімен бірге жаңа сөз бен жаңа тіркестерді ала келді. Мәселен, біздің тілімізде осы күні қолданылып жүрген жаңа сөздер мен тіркестердің бәрі бірдей баяғы 20-жылдары пайда болған жоқ. Ол сөздердің бірқатары Совет өкіметін орнатудың алғашқы жылдарында пайда болса, енді бірқатары 1940–1950 жылдары пайда болған сөздер. Тіпті осы кеше ғана 1960–1961 жыл-

<sup>6</sup> В. И. Ленин. Шығармалар, 25 том, 493 бет.

<sup>7</sup> В. И. Ленин. Шығармалар, 23 том, 352 бет.



дары пайда болған жаңа сөз, жана тіркестер бар. Мәселен, Қазақстанда Совет өкіметінің орнауы, нығайуымен байланысты тілімізде *совет, НЭП, коммунист, большевик* сияқты жаңа сөздер пайда болды. Еліміздің жаппай коллективтендіру дәуірінде тілімізге *колхоз, трактор, совхоз, сембілік* сияқты сөздер енді. Осындағы *сембілік* (субботник) деген сөзді алайық. Орыстың *субботник* деген сөзі Москвада 1919 жылы 10 майда пайда болған екен. Бұл күні Москва — Қазан темір жолының жұмысшылары жұмыстан кейін өз орындарында қалып, жалақысыз қосымша жұмыс істеген болатын. Бұл сөз көп кешікпей тілімізге *сембілік* болып аударылып кірген.

Бесжылдықтар дәуірімен байланысты *социалистік жарыс, стахановтық қозғалыс, бесжылдық* сияқты сөздер мен тіркестер пайда болды. *Бесжылдық* — деген сөз 1929 жылы бірінші бесжылдық жоспардың қабылдануымен байланысты туған сөз еді. Ұлы Отан соғысы кезінде тіліміз *гвардия, панфиловшы, солдат, катюша* сияқты жаңа сөздермен толықты. Кейін *мамаевшылар* мен *жақаевшылар* деген жаңа сөздер пайда болды. Спутникті ұшыру, ракета жасау техникасының дамуымен байланысты тілімізде *космодром, космос кеңістігі, жасанды спутник, баллистикалық ракета, космонавт* сияқты жаңа сөздер пайда болды. Ал, *КПСС* сөзі 1952 жылы партиямыздың ХІХ съезінің 11 октябріндегі кешкі мәжілісінде туды. Кеше ғана Н. С. Хрущев жолдастың «маяки коммунизма» деп қолданған тіркесінің негізінде тілімізде «коммунизмнің шамшырақтары» деген жаңа тіркес пайда болды.

1920—1930 жылдардағы мерзімді баспасөз бен көркем әдебиет тілін қадағалап қарап отырсақ, онда өсу мен дамудың көп үлгілерін ұшыратуға болады. Сонымен қатар онда революциядан бұрынғы баспасөзде жиі кездесіп отыратын кітаби тілдің кейбір элементтері мен ауызекі сөйлеу тілінің аясында ғана айтылатын сөйлем орамдары да, жасанды сөздер мен араб алфавитінің қолайсыздығынан туған орфографиялық ала ауыздық, қателер де кездеседі<sup>8</sup>. Осы дәуірдегі көркем әдебиет пен баспасөзіміз жаңа сөз жасауда, оны нормаға келтіруде, алуан түрлі стильдік әдістерді қолдануда немесе орыс тілінің игілікті әсері арқасында тілімізге еніп отырған он мыңдаған терминдерді дұрыс пайдалану арқылы оларды қалың жұртшылық игілігіне айналдыру бағытында зор еңбек сіңірді. Сол сияқты тілімізді басы артық *һәм, дәрсі, тәржімә, жұмла, міллат* сияқты араб-парсы, кітаби тілдің элементтерінен неме-

---

<sup>8</sup> Бұл мақалаға иллюстрациялық материалдар ретінде пайдаланылған нұсқалар: «Жаңа мектеп» журналы мен «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» газеттері.

се отарба (поезд), откеме (пароход), күйсандық (пианино), төраға (председатель), қараайғыр (паровоз), сияқты жасанды сөздерден тазарту бағытында да біздің баспасөзіміздің еңбегі зор еді. Немесе семантикалық өзгеріске түскен қазақтың байырғы сөздеріне жана мағына қосып, қайта жаңғыртып, оларды баспасөзде кең пайдаланып, әдеби тілімізде жана мағынаға ие болған сөздердің қолданысын тұрақтандыру жолында да көркем әдебиет шеберлері мен баспасөз қызметкерлері аз еңбек сіңірген жоқ. Бұл жерде тіліміздің терминологиясын ретке келтіру, қалыптастыру жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы терминология комиссиясының 1930 жылдардың бас кезінен бастап жемісті түрде жұмыс істеп келе жатқанын ерекше атап кеткен жөн. Бұл дәуірде, әсіресе 1920 жылдары, екі түрлі айтылып, дыбысталып жүрген варианттар өте көп еді. Мысалы: *жәнг* --- *жана*, *география* — *жағрапия*, *философия* — *пәлсәпә*, *кәсіп* — *кесіп*, *парсы* — *қызылбас*, *мрамор* — *мәрмәр* т. б. Әдеби тіліміздің кейінгі даму барысында жоғарыда аталған варианттардың біреуі ғана (алғашқы сыңарлары) қалыптасты да қалғандары сөйлеу тілінің аясында қалып қойды. 1920 жылдары «орталық» пен «кіндік» сөздері орыстың «центр» деген сөзінің баламасы ретінде екеуі жарысып, қатар қолданылып жүрді. Мысалы: *Наркомхоз жанындағы кіндік өрт сөндіру басқармасы; кітапкіндік* (кибоцентр) т. б. 30 жылдардан бастап орталық сөзі «кіндікті» ығыстырып тастап, өзі әдеби тілде норма болып қалыптасты. Газет, журнал аттарын, колхоз аттарын аудармай, орысша қалпында алу принципі — осы 1920—1930 жылдардан келе жатқан дәстүр. Мысалы: «Правда» газеті, «Красный луч» колхозы, «Советская степь» газеті, т. б. Егер Октябрь революциясынан бұрын тілімізде болған азын-аулақ терминдердің көпшілігі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің негізінде жасалса, Совет өкіметі тұсындағы терминдердің басым көпшілігі орыс тілінен енген сөздердің негізінде жасалып отыр. Революциядан бұрынғы баспасөзде жиі кездесіп отыратын бірқатар араб-парсы сөздерінен әдеби тіліміз 1920 жылдарда-ақ арылып болған. Мысалы: *мілдет* (ұлт), *зиялы* (интеллигенция) *дәріс* (лекция, урок) т. б. Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап араб-парсы тілдерінен сөз ену процесі тоқталып, қазақ лексикасы негізінде үлкен екі арна арқылы байыды: 1) Қазақ тілінің өз ішкі мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы; 2) Орыс тілінің игілікті әсері, орыс тілінен енген сөздер арқылы. 1920—1930 жылдарда қазақ тілінің, әсіресе оның лексикасының, баюына аса бір зор фактор болған жай — орыс тілінің игілікті әсері еді. Орыс тілі қазақ тілінің өсуіне, жетілуіне сөздік құрамының баюына әсіресе осы 1920—1930 жылдары көп әсерін тигізді. Орыс тілінен енген түрлі ғылым салаларына байланысты терминдердің өзі он мыңдап саналады. Тіліміздің

интернационалдык, социалистік лексика қатпарының (пласт) қалыптаса бастауы осы 1920—1930 жылдармен байланысты.

Совет өкіметі тұсында жаңадан пайда болған сөздер мен тіркестер бірнеше тәсіл арқылы жасалды:

**Аффикстік тәсіл.** 1920—1930 жылдарда кейбір аффикстердің қолданылу өрісі кеңейіп, бұрын жалғанып айтылмайтын сөздерге қосылып қолданылатын болды. Сондай жұрнақтардың бірі мамандықты, кәсіпті білдіру үшін жұмсалатын *-шы/-ші* жұрнағы. Бұл жұрнақ әрі орыс тілінен енген сөздерге жалғанып жаңа сөз тудырады (*скрипкашы — скрипач, колхозшы — колхозник, пешші — печник, проходшы — проходчик*), әрі байырғы сөздерге жалғанып жаңа сөз тудыруға қатысады (*күрішші — рисовод, тілші — корреспондент, әйнекші — стекольщик, моншашы — банщик, өртші — пожарник, жүкші — грузчик, футболшы — футболист, қақпашы — вратарь, жартылай қорғаушы — полузащитник т. б.*).

Бұл жұрнақ кейде өз еңбегімен атағын шығарған кейбір адамдардың фамилияларына жалғанып, жалпы есім мағынасында жұмсалатын *стахановшы, мичуринші, мамаевшы, жақасовшы* сияқты сөздердің жасалуына да қатысты. Есім тудыратын *-ма/-ме* жұрнағы арқылы да 20—30 жылдары көптеген жаңа сөздер жасалған болатын. Мысалы: *бастама — почин, қондырма — надстройка, міндеттеме — обязательство, көшірме — копия, басқарма — правление, управление т. б.*

Бірақ әдеби тіліміз *-ма/-ме, -шы* жұрнағы арқылы жасалған сөздердің бәрін бірдей қабылдай бермеген. Мысалы, сол кездегі баспасөз бетінде, терминологиялық сөздіктерде кездесетін *жіберме* (посылка), *шешпе дауыс* (решающий голос) *әдістеме* (методика), *дәйектеме* (предисловие), *үнемші* (экономист), *командашы* (командир) сияқтылар саяз жыртылған жерге себілген құнарсыз дән сияқты өспей қалды. Әдеби тіліміз оларды қабылдаған жоқ. Тіліміздегі *-дық/-тік* аффикстерінің де қолданылу өрісі кеңейді: *отандық* (отечественный), *ауылдық* (аульный), *педагогикалық* (педагогический), *социалистік* (социалистический) т. б.

Орыс тілінен енген сөздерден етістік жасалу процесі революциядан бұрын сирек кездесетін. Енді, 1920—1930 жылдары мұндай, орыс тілінен енген сөздерден етістік жасау амалы өрістеп, тілімізде жиі кездесетін процестердің бірі болды. Мысалы, *коллективтендіру, электрлендіру, колхоздастыру* т. б. Осы дәуірде *сембілік, ұшқыш, үлгірім, екпінді* сияқты жаңа сөздер туды. Т. Қордабаев жолдастың «Қазақ тілінің 40 жылда дамуының кейбір мәселелері» деген мақаласында көрсетілген *өндіріс, кеңістік, қорғаныс, анықтауыш, болмыс, табиғи, кәсіпші-*

лік, өнім, көтеріліс, қайраткер сияқты сөздердің бірқатары осы дәуірде жасалған болатын<sup>9</sup>.

**Қосарлау тәсілі.** Бұл дәуірде көптеген жаңа қос сөздер де пайда болды. Мысалы: *ғылыми-зерттеу* (научно-исследовательский), *саяси-тарбие жұмысы* (политико-воспитательная работа), *мәдени-ағарту мәселелері* (культурно-просветительные учреждения), *себеп-салдар* (причинно-следственный), *қоғамдық-саяси* (общественно-политический), *әлеуметтік-экономикалық* (социально-экономический), *саяси-көпшілік жұмысы* (политико-массовая работа), *жұмысшы-шаруа одағы* (рабоче-крестьянский союз), *халық-азаттық* (народно-освободительный) т. б.

**Бірігу тәсілі.** Осы дәуірде қазақ тілі калька негізінде жасалған көптеген біріккен сөздермен байыды. Бұл уақыттағы жаңадан жасалған біріккен сөздердің екі компоненті де революциядан бұрын тілімізде бар сөздер. Мысалы: *жарыссөз* (прения), *халықаралық* (международный), *көзқарас* (мировоззрение), *өнеркәсіп*, *қолжазба* т. б. Ал, орыс тілінен енген сөздер мен қазақтың байырғы сөздерінің бірігуінен жасалған біріккен сөздерге біз мысал таба алмадық. Осы күні айтылып жүрген *автошана*, *автосуарғыш*, *фотосурет*, *кішіметражды* (малометражный), *радиоқабылдағыш*, *электроаспап* сияқты сөздер 1920—1930 жылдарда емес, кейін жасалған сөздер болу керек.

**Қысқартып айту амалы.** Сөз болып отырған дәуірде орыс тілінің әсерінен туган тағы бір жаңалық — сөздерді қысқартып айту амалы. Тіліміздегі қысқарған сөздердің көпшілігі осы дәуірде пайда болды. Мысалы: *педтехникум*, *союзсеменовод*, *союзтабаксырьё*, *горкомхоз*, *ВУЗ*, *ҚазПИ*, *ФЗУ*, *ауатком* т. б.

1920—1930 жылдары қысқартылып алынған сөздердің бірқатары ескіріп, көнерген сөздер категориясына ауысып отыр. Мысалы: *совнарком*, *МТС*, *НЭП* т. б. Бұл дәуірде күрделі атауларды жаңа-тармағай қысқартып ала беруден әуестенушілік те болды. Мысалы: «Социалды Қазақстанның» 1933 жылғы номерлерінде «А. Ш. Ж. К. М», немесе ЗРК («Кожевник ЗРК-сының басқармасы») сияқты жұртшылыққа түсініксіз қысқартулар кездесіп қалып отырады. Тіпті 1935 жылы басылып шыққан термин сөздігінің өзі 7—8 сөзден құралған мекеме аттарын қысқартып алуды ұсынған болатын. Мұнда 100-ге тарта қысқарған сөздердің тізімі берілген. Олардың ішінде, мынандай қысқартулар бар — А. О. Ш. З. К. Б. Ө. К. (ауыл орман шаруашылығы зиянкестері мен күрес бірлестігінің өлкелік конторы). Немесе Ж. Қ. М. Қ. Ө. Б. сияқты қысқарған

<sup>9</sup> Т. Р. Қоршабаев. Некоторые вопросы развития казахского языка за 40 лет. - Ученые записки Казахского гос. женского педагогического института, вып. III, 1960.

сөз бар. Бұл «Жұмыскер қара шаруа милициясының қазақ өлкелік басқармасы» деген сөз екен<sup>10</sup>.

Сөздердің мағына жағынан кеңейіп немесе өзгеру процесі революциядан бұрын кең тараған активті процесс болды деп айта алмаймыз. Ал, Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде бұрынғы күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген қарапайым сөздеріміздің мағынасы кеңейіп, өзгеріп, олардың бірқатары философиялық, қоғамдық-саяси термин болу дәрежесіне дейін көтеріліп отыр. Мысалы, ұя тек құстың ұясы емес, *партия ұясы* (партийная ячейка) мағынасында XVII съезге дейін қолданылып келді. *Тіл* сөзі революциядан бұрын тек анатомиялық мүше және қатынас құралы мағынасында ғана қолданылса, енді 20—30 жылдары бұл сөздің мағынасы кеңейіп баспа *орган* мағынасында да жұмсалатын болған. Мысалы: «Еңбекшіл қазақ» — *Орталық Комитеттің тілі* («Еңб. Қаз». 25—V—1923). Отан соғысы жылдары бұл сөз *тірідей қолға түскен тұтқын* мағынасында да қолданылатын болған. *Мүше* сөзі «дененің мүшесі» деген қарапайым мағынада ғана емес, енді белгілі бір ұйымның, нәрсенің мүшесі деген мағынада қолданылатын болды (*колхоз мүшесі, партия мүшесі, сөйлем мүшесі*). *Аға* сөзі туыстық атауды білдірумен қатар орыстың *старший* деген сөзінің баламасы ретінде *аға оқытушы, аға жылқышы, аға ғылыми қызметкер* сияқты тіркестерде айтылатын болды. *Тоқсан* сөзі тек белгілі бір санды білдірумен қатар енді орыстың *четверть* деген сөзінің баламасы ретінде *бірінші тоқсан* (первая четверть) сияқты тіркесте қолданылатын болды. *Нұсқау, құн, жарыс, үндеу* сөздері туралы да осыны айтуға болады.

Осы күні сараланып қолданылып жүрген кейбір сөздер 1920—1930 жылдары өзара сараланбай бірнеше ұғымды білдіру үшін қолданылып жүрген. Мысалы: *әліп//әліппе//әліпби* (букварь, правописание, алфавит), *ғылым* (наука, учение), *өкімет//үкімет* (правительство, власть) *түрік* (турецкий, тюркский) т. б. Енді бұл сөздер бергі кезде сараланып, көп мағыналылығы жойылып, әрбір компоненті өз алдына жеке мағынада қолданылатын болды. Мысалы: *ғылым* — наука, *ілім* — учение; *өкімет* — власть, *үкімет* — правительство; *түрік* — турецкий, *түркі* — тюркский, *әліппе* — букварь т. б. Революциядан бұрын тілімізде қолданылмаған жаңа тіркестерді құрамына қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

1) Компоненттердің бәрі революциядан бұрын қолданылып жүрген сөздерден құралған тіркестер: *балалар бақшасы* (детский сад), *қызыл алаң* (красная площадь), *бастауыш мектеп* (начальная школа), *ауыл шаруашылығы* (народное хозяйство)

<sup>10</sup> Термин сөздігі. Кенсе ісін жүргізуге жәрдемші. Жинаған Ағыбаев. Алматы, 1935.

ство), *сырттан оқыту* (заочное обучение), *ішкі сауда* (внутренняя торговля), *сыртқы сауда* (внешняя торговля), *түйінді мәселе* (узловые вопросы), *қоғамдық еңбек* (общественный труд), *жүк айналымы* (грузооборот), *қоғамдық мал шаруашылығы* (общественное животноводство), *кәсіп ұйымы*, *күн тәртібі* т. б.

2) Компоненттері қазақ тілінің сөздері мен орыс тілінен енген сөздерден құралған аралас тіркестер: *Социалды Қазақстан* (Социалистик Қазақстан), *құрама командасы* (сборная команда), *қалалық қолғабыс комитеті*, *көпшілік қолды товарлар* (товары широкого потребления), *әйелдер советі* (женский совет), *жинақ кассасы* (сберегательная касса) т. б.

3) Компоненттерінің бәрі де орыс тілінен енген сөздерден құралған тіркестер: *Министрлер Советі*, *трактор бригадасы*, *спорт мастері*, *Совет Армиясы* т. б. Жалғыз өндіріс деген сөздің негізінде көптеген жаңа тіркестер жасалған: *өндірістік қатынас* (производственные отношения), *өндіріс жоспары* (производственный план), *өндіріс комиссиясы* (производственная комиссия), *өндірістік тәжірибе* (производственная практика) т. б.

Жоғарыдағы мысалдардан осы дәуірде жеке сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігінің (сочетаемость) арта түскендігін көреміз.

Совет Одағындағы қай тілді алсақ та осындай ұлы өзгерістер дәуірінде оның ішінде жаңадан туып, өріс алған элементтермен қатар ескіріп, көпеленіп, әдеби тілдің активті фондысынан пассивті фондысына көшіп, қолданудан шығып қалған сөздер көп болған. 20—30 жылдарда лексика саласында болған ондай өзгерістер архаизм, историзм категориясымен байланысты еді. Октябрь революциясынан бұрын жиі қолданылып жүрген *соқа*, *хан*, *губернатор*, *болыс*, *гимназия*, *тілмаш*, *қалың мал*, *болыс*, *ишан*, *шенеунік* сияқты сөздердің ескірген сөздер тобына архаизмге айналуы осы дәуірмен байланысты еді.

1920—1930 жылдары туған жаңа сөздердің бәрі бірдей тіліміздің актив фондысында осы күнге дейін қолданылып жүр деп айта алмаймыз. Сөз болып отырған дәуірде неологизм есебінде туған жаңа сөздер белгілі бір мерзімде ғана қолданылып, кейін қолданыстан шығып калып, не сирек қолданылу дәрежесінде ғана қалып қойған. Мысалы, *НЭП*, *Наркомпрос*, *губсоюз*, *Халық Комиссарлар Советі*, *МТС*, *Қызыл әскер*, *губком*, *Губерниялық оқу бөлімі* сияқты сөздердің әрбіреуі әр түрлі мерзімде ескіріп, архаизмдік сипат алып, күнделікті өмірде қолданылмайтын сөздердің қатарынан орын алып отыр. Енді бір топ сөздер, керісінше, 20—30 жылдарда архаизм ретінде қолданылып жүріп, әдеби тіліміздің кейінгі даму барысында

қайта жаңғырып, қолданылу өрісі кеңейіп күнделікті өмірімізде жиі жұмсалып дәрежесіне дейін көтеріліп отыр. Бұл әсіресе, орыс тілінен енген *генерал* (революциядан бұрынғы айтылуы — жанарал), *солдат*, *гвардия*, *погон*, *министр* т. б. сөздер.

1920—1930 жылдары қазақ тілінің фонетикалық, дыбыстық құрамына да біраз өзгеріс енген дәуір болды. Мысалы: 30-жылдардың аяғында алфавитке *ф*, *в* дыбыстарының енгізілуі орыс тілінен енген кейбір сөздердің жазылуын бір ізге түсіруге мүмкіндік берді. Орыс тілінен енген көп буынды сөздердің (түбір күйінде) басқы не орта буындарына түсіп тұрған екпіннің қазақ тілінің байырғы сөздеріндегідей соңғы буынға түспей, өз орнында сақталып қалып, орыс тіліндегідей екпінделуде баяғы 30 жылдардан бері келе жатқан дәстүрдің бірі.

Осы дәуірде тіліміздің синтаксистік құрылысымен байланысты туған кейбір жаңалықтар болды. Мысалы, автор сөзінің төл сөз арасына кірістіріп қолдану тәсілі немесе автор сөзі төл сөз арасына келгенде *де* етістігінің түсіріліп айтылу тәсілі осы кезеңде қалыптаса бастады. Құрмалас сөйлемнің неше түрлі конструкцияларының қолданылу өрісі кеңейген дәуір де осы 20—30 жылдармен байланысты. Бұл жерде «Өскелең өміріміз гүлденуде», «шаруашылығымыз жылдан жылға дамуда» дегендегі жатыс септік тұлғалы сөздің баяндауыш қызметінде қолданылуын да атап өткен жөн<sup>11</sup>. Сөз болып отырған дәуірде грамматика, фонетика, стилистика, лексика салаларында, нормализация, бір қалыпқа келтіру жұмысында айтарлықтай табыстарымыз болды. Бірақ осы дәуірдегі әдеби тіліміз түгелімен түп-тұйнақтай, таза, мінсіз болды деп айта алмаймыз. Әлі де болса, орфографиялық тиянақсыздық, 20—30 жылдарда жана сөз жасаумен әуестенушілік, терминдерді аударудағы шалағайлықпен байланысты, осы күннің тұрғысынан карағанда ерсі болып көрініп тұратын жайттар аз емес еді. Мысалы, «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылы 30 июньде шыққан санын қарап шықсаңыз, онда стиль жағынан ақсап жатқан сұйқыл сөйлемдерді де, сөйлеу тілінің элементтерін талғамай қолданушылықты да, орфографиялық ала ауыздықты, қолдан жасалған жасанды терминдерді, бұрмаланып жазылған орыс сөздерін де көп кездестіреміз. Осы газеттен бір үзінді келтірейік. «Институттың түп бөліміне кіру үшін керек білімдер: сан жүйесінің барлығын өткен, алгебра, жарнақтардың төрт амалы, пішіндемеден (геометрия), бұрыштар. Бұрыштардың төрт амалы. Үшкіл, көпкілдер... Танап өлшеуінің пішіндері. Табиғат тілінен жақсы білу («Еңб. қазақ», 30/VI —

<sup>11</sup> С. К. Кенесбаев. Развитие казахского литературного языка в советское время. «М. О. Ауэзову», сб. статей к его шестидесятилетию, 1959. стр. 68.

1923). Осы кішкентай үзіндіде әдеби тілде қолданылмайтын 8 сөз бар. Мұнда түп бөлім деп негізгі бөлімді айтып отыр, жарнақ — бөлшек (мат.) деген сөз; үшкіл, көпкіл дегендер үшбұрыш, көпбұрыш деген сөз екен; пішіндеме — геометрия деген сөз, табиғат тілі — естествознание деген сөз. 20-жылдар кезіндегі баспасөз тілінде ауызекі тілдің аясында ғана айтылатын сөйлем орамдары, кедір-бұдыр, жоңылмаған сөйлемдер, тосын қолданыстар жиі кездеседі. Мысалға, ауызекі сөйлеу тіліне тән «деп» ке бітетін сөйлемдер де жиі кездеседі. Мысалы: «Қостанайда жуырда газет шығаруға жатыр» («Еңб. қаз.», 30/V — 1923). Институттың түп бөліміне алынады, 7 жылдық мектеп пұрғырамы шамалы білімі болған еркек, әйел (сонда). Рүссия һәм басқа хұкүметтер болып атқанды біледі (сонда). Бұл мақсұтқа жету үшін барлық жалшыларды ұйымдауға кірісіп атыр (сонда). Бұл мысалдар 20—30 жылдарда баспасөз, бетінде бірыңғай жадағай, стиль жағынан ақсап жатқан сүреңсіз тілмен жазылған материалдардың орын алғанын көрсетеді. Енді 20—30 жылдары тіл құрылысы майданында пуристік бағыт болды ма, жоқ па? Осы мәселені шешіп алу керек. Біздіңше, бұл дәуірде қазақ тілінде пуризм зор әрекет, үлкен бір ағым дәрежесінде болды деп айта алмаймыз. Үйткені ол кездегі баспасөзімізде орыс тілінен енген сөздерді жапа-тармағай аударма беру тенденциясы аударма тәжірибесінде болған жоқ. «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1920 жылдардағы сандарын байқап қарасаңыз онда орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі аударылмай берілген. Ол-ол ма, тіпті аударуға келетін, қазақ тілінде баламасы бар *копия, совещание, план* сияқты сөздердің өзі аударылмай берілген. Революцияға дейінгі жазба нұсқаларда орыс тіліндегі *-ский, -ый* жұрнақтары жалғанған сын есімдер сол орысша күйінде қолданылған. Мысалы, *Тургайский сельско-хозяйственный обществоның уставы* (Орынбор, 1903) деген атпен жеке кітапша да шыққан болатын. Дәл осындай жағдай 1920 жылдардағы баспасөз нұсқаларында да кездеседі. Бірақ дәйекті түрде емес, анда-санда бір кездесіп отырады. Мысалы, *общественный факультет, педагогический һәм физико-математический бөлім, метрический книжка* («Еңб. қаз.», 1/VI — 1921), *паталогический анатомия, нормальная физиология* («СК», 30/XI — 1933). «Халық мұғалімі» журналында мынандай тақырыптар да кездеседі: «III класта задышты қалай шығару керек» (1939, № 2), «Орыс халқының атақты полководы — Кутузов» (1939, № 8) т. б. Әрине, бұл дәуірде пуризмнің кейбір элементтері, сарқыншақтары болды. Мысалы, *председатель, интеллигенция, секретарь, авиация* сияқты сөздер сол орысша күйінде жазылмай *төраға, зиялы, аға* (орталық комитеттің ағасы), *әуе кемесі* түрінде қазақшыланып алыныпты. Орыс тілінен аударылмай алынуға тиісті



сөздерді ретсіз аударып беру тәжірибесі әсіресе сол уақыттағы кейбір терминологиялық сөздіктерге тән еді. Мысалы: 1931 жылы Қызылордада басылып шыққан терминологиялық сөздікте мынандай аудармалар кездеседі: *палач — жәлләт, партизан — аламан, переводчик — тілмаш, пианино — күй сандық, предисловие — дәйектеме, пролетарская демократия — нұрылтариат бұқарашылдығы, публицистика — жұртшылдық (қоғамшылдық), диалектический материализм — диалектика затшылдығы, идеализм — мұратшылық*<sup>12</sup>.

Қай тіл болмасын оның әдеби формасының дамуында, қалыптасуында графиканың алатын орны ерекше. Әдеби тіл мен жазу, емле мәселелері бір-бірімен тығыз байланысты. Үйткені көп жағдайларда бірнеше вариантпен айтылып жүрген сыңар сөздердің бір ізге, бір қалыпқа түсуі осы емле тұрақтылығымен байланысты.

20—30 жылдарда қазақ әдеби тілінің дамуына алғашқыда араб алфавиті, одан кейін латын алфавиті белгілі бір дәрежеде кедергі жасады. 1930-шы, әсіресе, 1920-шы жылдарда жазу тұрақтылығы, орфографиялық ережелер көңілдегідей емес еді. Араб алфавиті қаншама реформаланса да, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне үйлесімсіз, қонымсыз болды. Араб алфавитінің бір таңбасы қазақ тілінің бірнеше дыбыстарын таңбалауға арналғандықтан көптеген сөздердің оқылуын қиындатты. 1929 жылы қазақ халқы араб алфавитінен әлдеқайда оралымды латын алфавитін қабылдады. Бұл алфавит жазылуды оңайлатып, орфографияның жетілуіне көп септігін тигізді. Бірақ бұл алфавит те ғылым мен мәдениетіміздің өркендеп дамуына ілесе алмады. Мұнда *ч, ю, ц, щ, э* таңбалары болмағандықтан, орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер мен советизмдердің дұрыс жазылуын қамтамасыз ете алмадық, адам аттарын дұрыс жаза алмайтын болдық. Оларды *purьltarijat* (пролетариат), *bujra* (бюро), *aqus* (агуст), *zavьt* — рәбігік (завод — фабрика), *purьsent* (процент) Әмгijке (Америка), *purьkogo* (прокурор) деп бұрмалап жазып жүрдік. Латын алфавитінің қолайсыздығынан орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі жазылуда да, айтылуда да бір ізге түспей, әр түрлі вариантта жазылып жүрді. Мысалы: *ynistet, instityt, inistet* т. б.

Сондықтан 1940 жылы қазақ жазуының орыс графикасына көшірілуі — әдеби тіліміздің бұдан әрі қарай дамуына көп әсер етті. Әсіресе орыс тілінен енген сөздердің бірте-бірте былай айтылуына себепші болған латын алфавитінің көпшілігінен арылып, лексика саласында ~~жалғыз~~ бірдей сөйлеу

<sup>12</sup> Атаулар сөздігі (Халық ағарту Комиссариатының кеңесінің терминдер комиссиясы). Қызылорда, 1931.

нормасын қалыптастыру, бір ізге келтіру мәселесін шындап қолға алуға мүмкіндік берді. Осы кезден бастап орыс тілінен енген сөздердің жазылуы бір қалыпқа түсіп, олардың айтылуы, дыбысталу нормасы да тұрақтала бастады. Әдеби тілдің 20—30 жылдардан кейінгі келесі дәуірді, біздіңше, орыс алфавиті негізінде жасалған жазуды қабылдау кезеңінен бастау керек сияқты.

---

*Р. СЫЗДЫҚОВА*

## **ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ**

Қазақ даласының саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінде ХІХ ғасырдың екінші жартысының орны ерекше. Бұл кезде патша үкіметінің отарлау саясатының әбден жүзеге асып, ел басқарудың ескі феодалдық системасының күйреген тұсы болды. Қоғамдық дамуда бір саты жоғары тұрған Россияның қол астына кірген қазақ даласында жергілікті халықтың патриархалдық тұрмыс жайы баяу болса да өзгеріп, көшпелі ел там-тұмдап отырықшылыққа ауысып, егін шаруашылығымен шұғылдана бастады. Россия мен Қазақстанның еңбекші бұқарасының жақындасуына жағдай туды. Неген-саяқ болса да қазақ даласында білім көзі ашыла бастады. Қысқасы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысының өзінде-ақ қазақ қоғамы саяси және экономикалық тұйықтық қоршауынан босап шықты да<sup>1</sup>, ақырын болса да өндіргіш күштер дами бастады, Россиямен арада сауда-саттық ұлғая түсті. Қазақ өлкесіндегі бұл саяси-экономикалық өзгерістер оның мәдени өмірінде де өзгерістер туғызды. Ең алдымен, бұл кезең ислам дінін қазақ даласында уағыздаудың өте-мөте етек жайып күшейген тұсы болды. Бұған патша үкіметінің реакцияшыл отарлау саясаты мен қазақ даласындағы феодализм айқасының идеологиялық күресі себепкер болды. Осыған байланысты ХІХ ғасырдың екінші жартысында ислам дініне қатысы бар, соны уағыздайтын әдебиет қауырт дамып кетті. Жергілікті әкімшілік органдары — баспасөз пайда болды. Орыс ғалымдары (Н. Н. Ильминский, М. Терентьев, П. М. Мелиоранский, Н. Лаптев т. т.) қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеп, жаза бастады, ауыз әдебиеті мұраларын жинап, бастырды

---

<sup>1</sup> С. З. Зиманов. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков, Алма-Ата, 1960, стр. 279.

(И. Березин, В. Радлов т. б.). Орынбор, Омбы, Троицк, Орал, Қазалы, Перовск, Торғайларда казак балалары үшін орыс-казак мектептері ашылды. 1850—1860 жылдарда казак балалары үшін ашылған мектептердің саны бірқатар көбейді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда 100 шамалы екі кластық уездік және бір кластық болыстық мектептер болып, оларда шамамен 4000 дай бала оқыды<sup>2</sup>. Бұл мектептер соншама аз болса да және отаршылық саясатты көздесе де, олар казак арасына орыс мәдениетінің таралуына көмектесті.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы казак даласындағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас әлеуметтік қарама-қарсы екі ағымды туғызды: оның бірі феодалдық реакцияшыл ағым болса, екіншісі прогрессивтік демократиялық ағым болды. Біріншісі дінге иек артып, соны қару етсе, екіншісі өнер-білім, ағартушылықты тірек етті. Бірінші ағым кертартпа панисламизм мен пантюркизмді сүйемел етсе, екіншісі орыс мәдениетіне арқа сүйеді. Осылардың барлығы өткен ғасырдың екінші жартысындағы, әсіресе соңғы ширегіндегі, казак тілінің қолданылу тәжірибесіне ықпалын тигізді. Бірақ бұл жағдайлардың тілге тигізген әсері мен ықпал-әрекеті әр қилы болды: бірі солғын, бірі күшті, бірі пайдалы, бірі зиянды. Сондықтан ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі казак тілінің күйі дегенге ерекше тоқталып, өз алдына әңгіме етуді қол көрдік.

Сөз етіп отырған дәуірде казак даласының тіл мен жазу тәжірибесінде нелер бар еді? Әңгімені содан басталық.

І. Бұл кезде, сөз жоқ, бұдан әлденеше ғасыр бұрын қалыптасқан казактың жалпы халықтық тілі болды. Ол екі түрде қызмет етті: бірі — ауыз әдебиеті үлгілері, екіншісі — ауызекі сөйлеу тілі. Бұл екеуі бір нәрсе емес. Біріншісі — бірқыдыру өңделген тіл. Бірақ бұл өңделу жазба әдеби тілдегімен тағы да бірдей емес: мұнда ауыз әдебиетінің ауызша жасалу, ауызша таралу, ауызша сақталу қасиеттеріне тән айтарлықтай ерекшеліктері болады. Оның үстіне ауыз әдебиетінің жанрға бөліну аясының тарлығы мен әлеуметтік-мәдени өмірдегі атқаратын қызметінің бір жақтылығы оның өз күшін пайдаланып дамуына да, сыртқы бұлақтарды пайдаланып баюына да мүмкіндік бермеді. Казак ауыз әдебиетінің сан жағынан да, түр жағынан да басым көпшілігі өлеңмен берілді. Біздіңше, мұның себебі бар. Өлеңнің қасиеті жалғыз көркемдігінде ғана емес, ол қара сөзге қарағанда, ауыздан-ауызға, ұрпақтан ұрпаққа таралу процесінде өз жігін көп ажыраттырмайтын қасиетке ие. Буын мөлшері, ұйқас т. б. сияқты өлең тәртібін сақтау міндеттілігі айтып беруші мен оны қабылдап алушыны өз еріктеріне жібермейді. Сондықтан жалғыз ірі полотнолар ға-

<sup>2</sup> Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957, 476 бет.

на емес, кішігірім тұрмыс-салт өлеңдері де, мақал-мәтелдер де, жұмбақтар да өлеңнің көптеген шарттарын сақтай жасалған. Ал қара сөзбен берілген ертегілер мен аңыздарға келсек, ауыз әдебиетіндегі бұл прозаның жазба әдебиеттегі прозадан айырмашылығы тағы да зор: ең алдымен, ауыз әдебиетіндегі қара сөз жалпы қарапайым көпшілік үшін ең оңай нәрсе болғанмен, көркемдеу элементтерін қолдануда оның мүмкіндігі өте аз. Сондықтан, біздіңше, ертегілердегі ең бір жарқын моменттер өлеңмен айтылып кететіні де осыдан. Ауызша таралатын қара сөз синтаксистік күрделі конструкцияны (осы күнгі прозамыздағыдай аса күрделі құрмалас сөйлемдерді) көтермейтіндігі де осыдан келіп шығады. Осыдан барып ауыз әдебиетіндегі проза жанры ешқашан жазба әдебиеттегідей даму сатысына жете алмайтындығы айқын болады.

Дегенмен қайткен күнде де қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің тілі — ауызекі сөйлеу тілінен әлдеқайда жоғары тұрған, біршама өңделген, кейбір нормалары қалыптаса түскен әдеби тіл. Оны әдеби тілге бір табан жақындататын тағы бір қасиеті — ауыз әдебиеті қазақ даласына кеңінен таралды да, лексикалық ауысулар мен көркемдеу тәсілдерінің тұрақтала түсуіне себепкер болды.

Ауыз әдебиеті тілі әдеби тілге жата ма, жоқ па деген мәселе жайындағы көзқарастарға тоқтай кетелік. Бұл жөнінде жалғыз қазақ тіл білімінде емес, отандық тіл білімінде екі түрлі пікір бар. Бірі — әдеби тіл жазба әдебиетпен байланысты болатындықтан, ауыз әдебиеті тілі әдеби емес деген пікір, екіншісі — бұл да бірқыдыру өңделген, қырналған, нормаланған әдеби тіл деген пікір. Бұл үшін әуелі әдеби тіл деген ұғымның өзін айқындап алуымыз керек. Әдетте, көпшілігіміз әдеби тіл деген ұғымды осы күнгі кемелденген, стильдік дифференциациясы ажыратылған, мәдени өмірдің алуан түрлеріне қызмет ететін ұлттық жазба әдеби тіліне теліміз де, басқа жайларды көп ескермейміз. «При употреблении термина «литературный язык» часто не учитываются исторические различия в содержании и объеме этого понятия, обусловленные различиями культурно-общественных функций литературного языка в разные периоды истории народа, а также зависящие от конкретно-исторических своеобразий развития литературных языков в связи с индивидуальными особенностями истории разных народов» (В. В. Виноградов и Б. А. Серебрянников. Историч. и сравн. истор. изучение языков, «ВЯ», 1956, 2).

Бұл мәселені объективті түрде шешу үшін әр халықтың ауыз әдебиетінің сол қоғам өмірінде атқаратын әлеуметтік-мәдени роліне жеке-жеке қарау керек. Жазуы болмаған қазақ сияқты халықта сөйлеу мәдениетінің ғасырлар бойғы тұ-

рақтала түскен нормалары мен тілдік көркемдеу әдістері осы ауыз әдебиетінен орын алып, әрі қарай дами бергенін және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғанын ескерсек, біздіңше, ауыз әдебиеті үлгілерінің ең құндылары және XVIII—XIX ғасырдағы (Абай, Ыбырайлардан басқа) тарихи қазақ әдебиеті өкілдерінің (Бұқар, Махамбет, Шернияз, Шөже, Сүйімбай т. т.) тілдері жазба әдеби тілге бір табан жуық тұрған, ауызекі тіл мен жазба әдеби тілдің аралығындағы көпір, яғни ауыз әдеби тілі деп түсінеміз. Бұл жөнінде кейінірек тағы тоқталамыз.

Ауыз әдебиеті мұралары бұрын ауызша жасалып, ауызша тарап, ауызша сақталып келсе, біз әңгіме етіп отырған дәуірде оның кейбір үлгілері баспа бетін көре бастады. Ол үш түрлі жолмен жүзеге асырылды: 1) араб алфавитімен жеке-жеке кітап болып басылды; 2) орыс ғалымдары орыс транскрипциясымен басып шығарды; 3) сол кездегі баспа бетінде жарияланды. Осының әрқайсысының кейбір моменттерін жеке-жеке сипаттайық.

Қазақ ауыз әдебиетінің араб алфавитімен басылған варианттарында сол кездегі кітаби тілдің әсерімен шағатайша-татарша орфография нормалары болғанын айту керек.

Мысалы:

Сөйле десең біздерге  
Не сөйлейін сіздерге...  
Сөйле десең сөзімі  
Қызыл иілек қырмызы  
Олар да қалар бір күні («Қисса Қалбар»,  
1888).

Алпамыш атлы жи қыран  
Атқа мінген бола ма?  
(«Қисса Алпамыш», Қазан, 1901).

Бұлардың өлеңмен жазылған бөліктерінде кітабишылаудың әсері тек сөздің орфограммасына тисе, қара сөз бөліктерінде тіпті лексика-грамматикалық нормаларында да із қалдырғанын көреміз.

«Алқисса, сонда Алпамыс батыр көп шаһарды, қалмақларды қырып, көңілдері тыныш, қалмақтарның беті сыпыш, хукіміне көңіл тұрдылар» (сонда). Әрине, бұл сөйлем «Алпамыс батыр» жырының қазақша вариантының дәлме-дәл берілген нәсілі емес.

Қысқасы, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында арабша басылған қазақ ауыз әдебиеті үлгілері тап-таза қазақша күйінде берілмеді, бұларға әсіресе орфография жағында шағатай-татар тілдерінің саяқыны тиді. Біздіңше, бұл құбылыс — осы кезде етек жайған, кітаби тілде жазылған дүни дастандарды қазақ тыңдаушыларына жеткізетін көзге

ішінбес көпірдің бірі болды (өзінің төл мұрасы — эпостық жырларын «Сөйле десен біздерге» деп тындап жаттыға түскен құлақ «Ярдам бергіл бізләрғә ялғыз алла, тұгры иолны асал қыл барша жанға» — деп басталатын «Салсалдарды» да татар-түрікше тындап, қазақша қабылдай беруіне жаттыға түскен тәрізді).

Ал орыстың ғалым-ағартушылары бастырған үлгілерде (И. Ильминский бастырған «Ер Тарғын» сияқты бірен-сараны болмаса) мұндай шағатайша-татаршалау тенденциясы жоқ. Мысалы: «Хан ол қатынды алды, үйіне келді. Хан қатынды алған соң ауру болды» (И. Б е р е з и н. Турец. хрест. 1876, т. III). Сол жеті басты жалмауыздың үйі екен, ішінде өзі жатыр екен, жеті күн, жеті түн ұйықтайды екен, со күні ұйықтаған екен (В. Р а д л о в. Образцы... т. III, 266).

Бұл жинаушылар алдарына ауыз әдебиеті үлгілерінің таза қазақ тіліндегі вариантын ешбір редакцияламай сол күйінде беру мақсатын қойған. Сондықтан ауыз әдебиеті тілін зерттеуде бұлар әлдеқайда құндырақ<sup>3</sup>.

Үшінші, өткен ғасырдың соңғы ширегінде шығып тұрған «Дала уалаяты» газетінде және оның әдеби қосымшаларында ауыз әдебиеті үлгілерінің шағын түрлері жарияланды. Мұның бір ерекшелігі — газетте көбіне-көп проза түріндегі үлгілер басылады (Жиренше шешен туралы әңгімелер, ертегілер, «Еңлік — Кебек» туралы аңыз, «Данышпан Аяз» т. б.). Екінші ерекшелігі — қара сөз үлгілері өзгертуге, редакциялауға көпетіндіктен, газетте жарияланған варианттар дәл ауызекі айтылысынан едәуір өзгеше, әдебилеу яғни синтаксистік құрылысы жағынан күрделілеу болып келеді: «Бір күн бірталай қыздар отынға барған екен, далада жаңбыр жауыпты. Сонда қыздардың бәрі отындарын тастап үйлеріне қашыпты, бірақ бір қыз далада қалып, отынын киіміменен жауып отырыпты» («Жиренше шешен», «Дала уалаяты газ.», 3/02 — 1885, № 5). Осы үзіндінің синтаксистік құрылысын В. В. Радловтағы «Бала келді, амандасты. Бала асығып жүрді, тойға келді» (261 бет) немесе: «Ежігелді қашты. Алдынан бір түйелі кісі келе жатыр. Келіп амандасты, сөйлесті» (83 бет) деген үзінділермен салыстырыңыз. Үшінші ерекшелігі — ауыз әдебиеті нұсқаларының газет бетіндегі варианттары да мүмкіндігінше (газеттегі басқа материалдармен салыстырғанда) қазақша беріліп, қазақша жазылған.

Міне, қазақ ауыз әдебиетінің және оның тілінің ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі таралу, берілу сипаты осындай еді.

2. Бұл кезде халық ауыз әдебиетінен өзге, бірақ соған ұқ-

<sup>3</sup> Өйткені ауыз әдебиеті үлгілерінің біздің тұсымызда баспа бетін көріп жүрген варианттарында редакциялық түзетулер енгізілгенін нақтылы фактілермен бұдан бұрынғы бір мақаламызда көрсеткен болатынбыз.

сап, онымен қатар өмір сүруге таласқан екінші бір үлгілер болды. Олар; өздеріңізге мәлім, ресми-эпистолярлық хат-қатынас үлгілері мен діни тақырыптағы дастан-жыр, қисса-хикаят, кішігірім өлеңсімақтар. Біз әңгіме етіп отырған дәуірде ислам дінін уағыздау, жаю, сіндіру екі түрлі жолмен: 1) діни мектеп, медреселер ашу арқылы; 2) діни әдебиетті жандандыру арқылы жүргізілді<sup>4</sup>. Діни әдебиеттің өзі екі түрлі болды: бірі таза — араб-парсы тіліндегі діни оқулықтар, екіншісі — «қазақ» тіліне аударылған немесе сюжеті алынып «қазақша» жазылған ірілі-ұсақты діни шығармалар. Олардың авторлары мистикалық-клерикалдық бағыттың уәкілдері Әубәкір Кердері, Қашаф-уд-Дин Шаһмардан, Нұржан Наушабаев сияқты ақындар мен діни «шығармаларды» өндіре жазып тастаған Мәулікей Юмачиков, Жүсіпбек Шайхисламов сияқтылар болды. Бұл әдебиеттің бірқатары ислам діні канондарының «қазақшаға» аудармасы (Әубәкір — «Исламның бес фарызы», Нұржан Наушабаев — «Қырық кадис») болса, бірқатары «Салсал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» сияқты араб халифаларының басқыншылық соғыстарын дәріптеген, діни дастандар болды. Бұлардың тілі мен идеясының арасында байланыс бар. Бұл авторлардың таза қазақ тілін алмай, шұбар тіл элементтерін молынан пайдалануларына, біздіңше, біріншіден, олардың панисламдық, пантюркстік тенденциялары себепкер болды ма дейміз, осы жерде Измаил-бей Гаспринскийдің (1851—1914) түркі мұсылмандарына «ортақ тіл» идеясының еміс-еміс жаңғырығы қазақ даласында да болғанын байқайтын тәріздіміз.

Бұлардың ауыз әдебиетінен кейбір сырттай ұқсастықтары мен қатар, принципиалдық зор айырмашылықтары бар еді. Екеуінің шығу, жасалу мақсаттары екі бөлек болды.

Халық эпостарындағы батырлықты жырлау мақсаты — ел қорғау сияқты азаматтық-өмірлік мотивке негізделсе, діни әдебиет осы тақырыпты ұрлап алып, дінді уағыздау мотивін көздеді. Ауыз әдебиеті ғасырлар бойы келе жатса, соңғы әдебиет, негізінен, сол ХІХ ғасырда туды.

Ауыз әдебиетінің маркасын пайдаланып, соған ұқсап, өлең түрінде берілуге қанша ұмтылғанымен, діни әдебиет ауыз әдебиетінің шыңына ілесе алмайтын түрде болды: ең алдымен, көркемдеу тәсілдерінен жұрдай болды, тіпті қарапайым ұйқастың, буын мөлшерінің өзі дұрыс сақталып отырмады. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтірейік.

---

<sup>4</sup> Х. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960, 8 бет.



...Пайғамбарға бір қызмет қыламыз деп,  
Кек ойлап екеуі келе йатыр  
Бұларға йолықмайдыр ялғыз кек  
Үш күн, үш тун келеді тынмай йүріп...  
Яқ-яққа ағып жатыр бұлақтары  
Ат ашайтын йәне бар құрақлары  
Асман көкні козғалтқан бір тауысны  
Екі батыр ешiтедi құлақлары  
(«Салсал», 1913).

Немесе:

Бұрында өткен екен бұ ялғандан  
Яхшылар бiзләргә сөзi қалған...  
Туған жерден тойған жер яхшы дейлер.  
Ташынған көушнi қайтадан кимиләр,  
Қызарып шыққан құяшны бұлт қапли  
(12 бет).

(Ақуал. Бұрынғы яхшыларының айтып қалдырған сөзлері.  
Қазақ тілінде. Қазан, 1897. Кашахуддин бин Шаһмарден бин  
Губайдулла).

3. Үлкен принципиалдық ерекшелік тілдерінде болды. Діни әдебиет кітаби тілде шығарылды. Осы жерде біз кітаби тілдің мән-жайына тоқталайық. Октябрь революциясына дейінгі қазақ даласындағы кітаби тіл деген туралы бізде әр қилы пікірлер айтылып жүр. Және ең бір өкініштісі — бұл пікірлердің көпшілігі сол кітаби тілде немесе кітаби тілге жақын тілде жазылған нұсқаларды жілігін шаға іс жүзінде талдамай, фактілерге жүгінбей, сырттай топшылап айтылған пікірлер екендігі. Әйтпесе Мақыш Қалтаевтың тілін талдаған Ә. Құрышжановтың бірер мақаласынан басқа<sup>5</sup>, осы саладағы нақтылы материалдарды зерттеген бірде-бір еңбек жоқ. Кітаби тілді Г. Мұсабаев Октябрь революциясына дейін қазақ даласына кеңінен тараған, халық жақсы түсінетін әдеби тіл болды дейді. І. Кеңесбаев, Х. Жұмалиев, Н. Сауранбаев — қызмет сферасы тар, үстем тап мүддесін көздеген касталық тіл болды, дейді. С. Е. Малов — жаргон деп тіпті тіл қатарынан шығарып тастайды. С. Аманжолов бұған таза дін тілі деген тұмарша тағады. Қысқасы, үш түрлі пікір бар: 1) таза әдеби тілі болды, қоғамға қызмет етті; 2) әдеби тіл болды, бірақ жартылай ғана қызмет етті; 3) мүлде тіл емес, жаргон болды.

Біз қазақ даласындағы кітаби тіл дегенімізді «ислам дәуіріндегі орта азиялық ортақ әдеби түркі тілі», «шағатай тілі», «көне өзбек тілі» дегендерге не тікелей, не жартылай байланыстыра сөз етіп жүрміз. Байланысы, сөз жоқ, бар. Бірақ қандай дәрежеде? Соған келейік.

<sup>5</sup> Ә. Құрышжанов. «Кітаби тіл» материалдарынан. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2 шығуы, Алматы, 1960.

Біздіңше, ең алдымен, қазақ даласындағы қолданылған кітаби тіл таза шағатай тілі, яғни көне өзбек әдеби тілі емес. Бұл жерде де екі нәрсені шатастырмауымыз тиіс: белгілі бір тілде жазылған әдебиетті екінші бір халықтың белгілі уәкілдері (ғалымдары т. б.) оқи, түсіне алуы мүмкін, бірақ бұл сол тілдің халықтың мәдениет дүниесінде толық қолданылғандығы деуге болмайды. Сөз жоқ, жоғары діни білім алып, арабша, парсыша едәуір білген қазақтар шағатай әдебиетін оқи алды, түсініді де. Бірақ оған қарап шағатай тілі қазақ мәдениетіне қызмет етті дей алмасaq керек. Егер сол адамдар қазақтарға арнап таза шағатай тілінде жазған болса және оны қазақтар жақсы түсініп өз мәдени мұқтаждарына жаратқан болса, ол күнде қызмет етті дей алаар едік. Біздіңше, қазақ авторының бірде-біреуі таза шағатай тілінде ешбір шығарма жазған емес. Ал кітаби тіл деп жүргеніміз бұдан өзгеше құранды тіл болды. Қазақ кітаби тілі грамматикасы мен лексикасы жағынан қазақ тілі элементтерінен, одан соң көне өзбек тілі және басқа түркі (көне ұйғыр тілі — эпитолярлық нұсқаларда) тілдері элементтерінен, лексикасы жағынан араб-парсы элементтерінен, лексикасы мен орфографиясы жағынан татар тілі элементтерінен құралды. Және бұлардың дозировкасы барлық нұсқаларда біркелкі болмады: бір нұсқада біреуі басымырақ, екіншісі солығындау. Әсіресе бұларда ең үлкен роль атқарған, біздіңше, орфография болды. Шартты түрде мұны біз шағатайша-татарша жазу деп атадық. Қазақ эпостарынан алынған контаминацияның өзін «Ялғыз туған башы бар, он сегізде яшы бар» деп «кітабилауға» орфография себелкер болып тұр ма деймін. Осы жерде біз революцияға дейінгі қазақ тіліне татар тілінің қатысы туралы пікірімізді айта кетелік. Өткен ғасырдағы қазақтардың мәдени өмірінде көршілес халық - татарлардың ықпалы болды. Ол ықпал екі түрлі сипатта жүрді. Бірі игілікті бағытта болды. Қазақ арасындағы алғашқы агарту жұмысын бастан жүргізуде татар агартушылары көп еңбек сіңірді. Екінші ықпал татар тілінің қазақтың сол кездегі жазу нұсқаларына тікелей тигізген әсеріне байланысты. Мұның тарихи негізі бар. Қазақтардың Россия қола астына алғашқы кірген кезінде Россия әкімшілік орындары жергілікті халықпен арадағы қарым-қатынасын татар тілмаштары арқылы жүргізгені мәлім. Жоғарыдан келген түрлі бұйрық-жарлық іс қағаздары орыс тілінен татар тіліне аударылды, содан кейін қазақ әкімдеріне таратылатын. Қазақ арасында ислам дінін таратуда да патша үкіметі татар молдаларын пайдаланды. Қазақ даласында алғашқы салынған мектептер де татар мектептері болды. Қазақ балалары үшін ашылған барлық-жоқты мектептердің өзінде сабақ татар тілінде жүрді, оқу құралдары татарша болды. Өткен ғасырда қазақ-

тар үшін шыққан кітаптар көбінесе Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында басылды. Осылардың барлығы қазақтың жазу тілінде шағатай және араб-парсы элементтерін былай қойғанда, татар тілі элементтерінің молынан енуіне жағдай туғызды. Бірақ бұл процесс қазақ тілінің лексикасын молайту немесе грамматикалық нормаларын жетілдіру бағытында болмай, керісінше, татар тілінің өзіне жат араб-парсы және басқа түркі сөздерін молынан тықпалау, қазақ тіліне тән фонетикалық-грамматикалық заңдылықтарды бұзып жазу (біздің жоғарыда шағатайша-татарша орфография дегеніміз) сияқты бейберекет жөнсіз бағытта болды. Осы ықпалдың қазақ тілінің дамуына қолайсыз екендігін Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин тәрізді ғалым-ағартушылар да, Құрманбаев, Адықов сияқты қарапайым қазақ оқығандары да, қазақ тілінің тағдырына үнілген В. Радлов, Н. Ильминский, П. Мелиоранский, А. Васильев, А. Алекторов тәрізді орыстың ғалым-ағартушылары да байқап, қауіптерін айтқан болатын.

Міне, өткен ғасырдағы қазақ тіліндегі татаризм дегеніміздің сыры, біздіңше, осындай.

4. Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ мәдениетінде орын тепкен жазба нұсқалардың бір тобын шығыстың классикалық әдебиетінен алынған тақырыптарға арналған «Шахнама», «Тотынама», «Мың бір түн», «Жүсіп пен Зылиха», «Тохир — Зухра» сияқты лиро-эпос поэмалары мен «Мұңлық — Зарлық», «Көрүглы», «Шахмаран» сияқты азаматтық тақырыптарды жырлаған дастан-жырлар болды. Бұлардың тілі әлі күнге дейін лингвистикалық зерттеу объектісі болған емес, дегенмен біз олармен бірқыдыру танысқаннан кейін, мынадай жайды байқадық. Діни «Салсалдың» тілі мен азаматтық «Мұңлық — Зарлықтың» тілі бірдей емес. Соңғыда қазақ тілі элементтері басым. Бұларда контаминация да мол:

Бір перзентке зар болып,  
Алтын қатын алыпты.  
Кетем бе деп арманда  
Алтын қатын алса да,  
Бір перзент болмай бәрінен  
Қайғылы болды Шаншархан.

Әлқисса, уәзірінің бұ сөзін ештіп, жұрт ойладылар, Шаншархан қалай айтады, гайыпны кім болжайды деп. Жұрт тартқан кетпелер (Хикаят расалаһу Мұңлық - Зарлық, Қазан, 1899). Бір қызығы — дін мотиві солғындаған сайын, кітаби тіл элементтері де азая түседі.

5. «Кітаби» ақындардан идеологиясы жағынан өзгеше, бірақ ол да кертартпа идеологияны уағыздаған Шортанбай, Мұрат, Дулат сияқты ақындардың тілі кітаби тілге жатпайтындығын айтпасақ болмайды. Сөз жоқ, бұлар феодализм

қоғамының жыршылары, бұлардың да күні біткен феодализмді жоқтап, тұйыққа тірелгендегі паналары, сүйенері дін болғанмен, негізгі мақсаттары оны уағыздау болған жоқ. Сол себептен де бұлардың тілінде кітаби тілдің элементтері сирек кездеседі.

6. Біз әңгіме етіп отырған кезеңде, жоғарыда айттық, қазақ даласында алғашқы баспасөз пайда болды. Оның ішінде көзге түскені қазақша «Дала уалаятының газеті» аталған газет болды. Бұл газет ресми орган болды да, орысша-қазақша екі тілде шығып тұрды. Материалдардың жартысынан көбі орысшадан қазақшаға аударылып басылды (ресми корреспонденциялар, шет елдерге, Россияның өзіне байланысты мақалалар). Сонымен қатар мұнда қазақ авторлары жіберген төл мақалалар (олардың ішінде ертегі, аңыз тәрізді ауыз әдебиеті үлгілері) да басылды. Сондықтан бұл газет қазақ тілі дамуын зерттеуде екі жақтан қызғылықты болып шығады: 1) публицистика-баспасөз стилінің алғашқы үлгілерін байқауда; 2) осы стиль және көркем проза стилі бойынша тұңғыш аударма тәжірибелерін бақылауда. Бұл газеттің тілімен едәуір таанысқаннан кейін, біз мынадай пікірге келдік. Газеттің тіліне кітаби тілдің, дәлірек айтсақ шағатай-татар тілінің ықпалы айтарлықтай болғаны байқалады. Және бір көңіл аударатын жай — бұл газетте ресми және діни материалдарда кітаби тілдің элементтері айтарлықтай болды да, төл мақалаларда кемірек ұшырады. Тегі, газет «бөтен халықтар үшін емес, қазақтар үшін шығып тұрады, сондықтан тілі де таза қазақша болу керек» (Бөкен Адықов дегеннің мақаласы, 13/01—1889), ал «қазақ тілі соншалық мол, онымен қандай кітап жазса да болады» (А. Құрманбаев; 10/07 — 1894, № 27) деген пікірлерді қолдай отыра, мақалалардың біркелкі тілде берілуіне күш салмаған тәрізді. Ең алдымен, редакциялық түзету деген мұнда мүлде болмаған, екіншіден, аударма ісінде таза қазақ тілін пайдалану дегенге ұмтылмаған сияқты. 1889 жылғы I-санының бас мақаласының аудармасынан үзінді келтірейік:

«Дала уалаятын билеп тұрғушы генерал-губернатор хазіреттерінің хүкімі менен қазақ халықтарына барша жоғарғы озыларын билеп тұрғушы ұлықтарының әмірі һәм өзләрі тұрасында ұғыры бұйрықларды білдіру үшін...» Жай консультация ретіндегі аударма мақаладан да бірер мысал аламыз: «Егерде кімде-кім оба науқасына ұшырап қалған мезгілде керекдүр қылмақтық төменде айтылмыш нәрсені...».

Төл материалдарға келетін болсақ, олардың дені лексика-грамматикасы жағынан да, орфограммасы жағынан да кітаби тіл элементтерінен әлдеқайда таза:

«Дала уалаятында жатақтар туралы сөз көптен бар. Соң-

ғы уақытта бұл сөзді жалғыз ұлықтардай басқа, қазақ газетін шығаратындар да ескеріп жатыр» (22/12—1889, № 51).

«Бұдан 150 жыл бұрын Жуантаяқ деген тайфада бір жас Кебек деген батыр болыпты. Бұрынғы уақытта халыққа батырлықтың құрметті екені белгілі, себебі бұрын батырлар һәрдайым халықтың пайдасына қаракет қылады екен» (21/08—1892, № 34).

Әрине, синтаксистік құрылысы мен морфологиялық тұлғалардың тұрақтылығы жағынан бұларды ешбір мінсіз деуге болмайды, дегенмен бұл жазылғандардың тілі кітаби тілге жатпайды. Міне, осылардың барлығын ескерсек, өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ тіліндегі газет «Дала уалаяты газетінің» тілін зерттеудің қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын тануда мәні бар болмақ.

7. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығы мен ХХ ғасырдың бас кезінде көпшілікке арналып түрлі азаматтық тақырыптарға (медицина, ветеринария, ауыл шаруашылығына байланысты консультация, нұсқау, ережелер) жазылған кішігірім кітапшалар жарық көрді. Олардың көбі аударма кітаптар болды. Бұларды да біздің ғылыми, қоғамдық және аударма әдебиетіміздің бастамалары деуге болады. Бұлардың тілі де кітаби емес, қазақша жазу тенденциясын ұстады. Кейбіреулері тіпті орыс транскрипциясын пайдаланды. Әрине, көпшілікке арналған ғылыми және аударма прозаның тұңғыш үлгілері болғандықтан, бұлардың терминологиясы мен синтаксистік құрылысы тым жадау, бейберекет болып келді. Бір рет мысал келтірейік.

«Трахома деген жаман көз ауру» деген 1898 жылы Қазанда орыс әрпімен шыққан кітапшадан:

...Ол енді сізді үш қадам жерден де көрмейді, сіз екеніңізді болғаны даусыңыздан ғана білмесе. Онан сіз көрдіңіз мой сап-сау кісінің әуелі қабақтары қызарып іседі, сонсоң көзі жасаурап ауырады, әсіресе күндіз, күн жарқырап шыққан уақытта (5 бет).

«Афат яки холера әңгімесі» 1905, Қазан, орысшадан аударған ветеринария институтының студенті Ф. Иманбаев.

«Оба деген (холера) аурудың белгісі мынау: әуелі ауырған адамның іші өтеді, мұнан соң құсады; құсығы да һәм іші өтуі де жиілейді. Һәрбір 5—10 минут арасында; мұнан соң ауырған адамның құрысады қолдары, аяқтары һәм мойны. Осы айтылмыш жерлері жаман аурады, әсіресе ауырады іші».

8. Біз назар аударып отырған кезеңде патриархалдық-феодалдық идеологияның нағыз жаршылары Шортанбай, Дулат, Мұраттардан біраз оқшауланатын, өз тұстарындағы қазақ қоғамының бірсыпыра жақтарын көрсеткен Жанак, Шөже, Орынбай, Арыстан, Кемпірбай, Шернияз, Сүйімбай

сияқты профессионал ақындар болды. Бұлардың творчествосы, сөз жок, ауыз әдебиетінен анағұрлым жетіле түскен, жазба әдебиетке тән элементтері бар әдебиет болды. Тілдері қазақша болды. Қазақ тілінің даму, жазба әдеби тіл ретінде қалыптасу мәселелерін зерттеуде бұлардың тілдері құнды материал болатындығын баса айтқымыз келеді.

9. Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы әлеуметтік өмір өз сахынасына прогрессивтік идеологияны ұстаған ағартушы демократтарды шығарды. Олар Шокан Уәлиханов (1835--1865), Ыбрай Алтынсарин (1841—1889), Абай Құнанбаев (1845—1904) болды. Бұлардың соңғы екеуінің қызметі XIX ғасырдың соңғы ширегіне келеді.

Қазіргі әдеби тіліміздің ірге тасын Ыбырай мен Абай қалады деп біреуіміз батыл, біреуіміз күмілжітіп айтып жүрміз. Мұндай пікір — осы қайреткерлердің тіліне үлкен, жан-жақты жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, салмақтап барып айтылатын қорытынды болса керек қой. Дегенмен, әдеби тілдің іргетасын қалаудағы бір шарт оның даму бағытын белгілеу болса, осы тұрғыдан қарағанда, Абай мен Ыбырайдың орны ерекше. Бұл орынды ерекшелендіре түсетін тағы бір жай — сол кезде ресми түрде де, материалдық түрде де күш алып тұрған кітаби тілді нұсқамай, қазақ халқы мәдениеті үшін болашағы бар тіл деп әлі шикі, ауыз әдебиеті мен ауызша ақындардан әрі аспаған халық тілін нұсқаулары нағыз тарихи еңбектері деп есептейміз. Бұл жерде біз Ыбырай мен Абай тілдері әдеби тіліміздің бастамасы бола алады немесе бола алмайды деген мәселені таласқа салмай-ақ, барды-барша, жоқты-жоқша айтып, бір-екі мәселеге тоқталсақ дейміз. Ең әуелі, бұл екеуінің тілі жанр, көлем, көркемдік жағынан бірдей емес, Абайдың поэзиясы мен Ыбырайдың поэзиясының көркемдік және тематикасы тұрғысынан бір-бірінен айырмашылығы бар. Бұл бір. Екіншіден, екеуінің прозасы екі жанрда жазылған және жазылу мотивтері де әр түрлі. Ыбырайдың прозасы балаларға арналғанын былай қойғанда, ол педагогикалық мақсаттарды көздейді. Ал Абайдың «Қара сөздері» болса, ол — бірқыдыру есейген, жанрлық диапозоны кең шығармалар. Бірақ қайткен күнде де екеуінің де прозасы қағазта бұрын болмаған, соны нәрсе. Осыны екеуі қалай шешті, бұлар біздің осы күнгі сан-салалы стильдеріміздің арғы атасы бола ала ма деген өз алдына мәселе. Бірешірадан бері осы материалдарға жүргізіп келе жатқан лингвистикалық байқауларымызға жүгінсек, жауапты қоштап беретін жайымыз бар ма дейміз.

Екіншіден, Абай не Ыбырайдың қазақ әдеби тіліндегі қызметін Пушкиннің орыс әдеби тілінің іргесін қалаудағы қызметіне ұқсас деп қарап, аядағия жасап жүргендеріміз

де бар. Біздіңше, бұл дәл емес. Қазақ әдеби тілі мен орыс әдеби тілінің іргетасы қалануға дейінгі күйі, даму сатысы, даму бағыты мүлде басқаша болды. Пушкиннің алдында ІХ—Х ғасырлардан да әрі басталған жазба әдеби тіл дәстүрі болды. Реакцияшыл және діни әдебиетті былай қойғанда, Пушкиннің алдында Радищев, Фонвизин, Новиков, Державин, Крылов сияқты озат ойлы жазушылар болып, әрқайсысы орыстың табиғи тіліне өз үлестерін қосқан болса, Абайдың алдында сондайлық қазақша жазба әдебиет мұрасы болған жоқ. Оның алдында ауыз әдебиеті үлгілері мен басы XVIII ғасырдан басталатын Бұхар, Тәтіқара, Үмбетей, ХІХ ғасырлардың бас кезіндегі Шал, Көтеш, Жанкісі, Ақтамберді, орта тұсындағы Махамбет, Доскожа, Нысанбай, Байтоқ, Жанұзақ, Шөже, екінші жартысындағы Жанак, Орынбай, Арыстан, Кемпірбай, Шернияз, Сүйімбай сияқты ақын-жыраулар творчествосы тұрды. Әрине, бұлардың басым көпшілігінің идеологиясы халықтық емес еді және олардың бірде-біреуі Абайдай қазақ тарихында әлеуметтік-мәдени миссия атқара алған жоқ. Бірақ бұлардың өлең-толғаулары көркемдік жағын алғанда бірте-бірте жетіле түскен, қазақ ауыз әдебиетінің жақсы тәсілдерін сақтай шығарылған төл туындылар болды. Бұларда қазақ әдебиетінің негізгі белгілері мен дәстүрлері айқын орынға бастады, яғни жазба әдебиет элементтері кіре бастады. Сөйтіп, олар тілі жағынан ауыз әдебиетінен бір саты жоғары, жазба әдебиетпен арадағы көпір ретінде тарихтан орын алады. Абай мен Ыбырай осыларды түгел білген. Олардың тілдік шеберліктерін «сөздері бірі жамау, бірі құрау» деп Абайдың өзі сынағанмен, олар қазақ әдеби тілінің тарихында белгілі орын алатындығын айту керек.

Пушкинге дейін және оның тұсында орыс тілі мәселесі арнайы талқыға түсіп, қоғамдық пікір таласының объектісі болып келген болса, Абайдың тұсындағы «Дала уалаятының» бетіндегі тіл туралы 1—2 мақала мен Алтынсарин, Ильминский, Радлов, Васильевтердің жоғарыда татар тілінің ықпалы жайында айтқан пікірлерінен басқа, белгілі бір әлеуметтік айтыстар болған жоқ.

Пушкин өзіне дейінгі жазба әдебиеттегі тілдік табыстарды беркітіп, олардың әрқайсысын арна-арнасына түсіріп, әрі қарай даму бағыты туралы жазса, Абайда бұл да болмайды. Абайға дейінгі қазақ даласындағы жазба әдебиеттің күйінің қандай болғанын жоғарыда айттық.

Пушкин творчествосы орасан көп жанрды қамтып жатса, Абайдағы жанрлар шеңбері әлдеқайда шағын болды. Әсіресе Пушкин 30 жылдардан бастап-ақ проза жанрының басты-басты стильдерін жасауға кірісті. Ал жанрдың әр алуан түрін қамтудың, сөз жоқ, әрқайсысына лайық стильдердің не-

тізін қалауда, жалпы шын мәніндегі жазба әдеби тілді жасауда үлкен мәні бар.

Дегенмен Абай поэзия түріндегі көркем әдебиет жанрын және соның стилін жасаумен бірге, прозаның да көркем, публицистика, ғылыми проза жанрларының тұңғыш үлгілерін жасады. Ыбырай көркем проза, оның ішінде балалар әдебиеті стилінің ірге тасын қалады. Пушкин өз шығармаларының стилі мен тілін саналы түрде қайта-қайта қырнап, өзгертіп, үнемі түзетін отырған. Абай мен Ыбырай да қалай болса солай жаза салды деуге мүлде болмайды, дегенмен олардың авторграфтары — жазушылық лабораториясы (черновики) сақтамағандықтан, олардың стилистикалық-редакторлық қызметін бақылай алмай отырмыз.

Абай мен Ыбырайдың қазақ әдеби тілінің даму тарихындағы ролдерін сөз еткенде, зерттеушілерді біраз ойландырып, шүбәландыратын осындай жайлар болу керек.

Бірақ Абай да, Пушкин сияқты, әдеби стилистиканың (поэзиядағы) ескі нормаларын бұзып, жаңа бағыт, жаңа дәстүрдің бетін ашты. Не бір нәрлі көркемдеу тәсілдері мен лексика-грамматикалық амалдарды халық поэзиясынан алды және көшірме етіп ааған жоқ, Пушкинше таңдап, іріктеп алды да, әрі қарай қырнап, әдеби нормаға айналдырды. Бұл жөнінде проф. Х. Жұмалиевтің монографиясында толық дәлелденген.

Пушкин тіл мәселесіне саналы түрде арнайы көңіл бөлді және онымен өмірінің ақырына дейін айналысты. Жас шағынан-ақ орыстың жалғыз көркем прозасы емес, ғылыми-публицистикалық прозасын жасауды арман етіп, оның жолында, әсіресе көркем проза саласында көп жұмыс істеді. Әдеби тілдің сыр-сипаты жөнінде арнаулы сын мақалалар жазды. Ал Абай тіл мәселесін арнайы сөз етпегенмен, өлеңдерінің әр жерінде тіл туралы өз пікірін аңғартып отырды. «*Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ*» дегенінде қазақ тілінің әрі қарайғы тағдырына, бағытына деген көзқарасын білдірді. Ыбырай болса, Н. М. Ильминскийге жазған хаттарында, «Қырғыз хрестоматиясының» алғы сөзінде қазақ тілінің даму бағытын арнайы сөз етті. Қазақтың жалпы халықтық тілін кітаби тілден де, татар тілінен де ажыратып алып, өз мүмкіншіліктерімен дамыту керек деген пікірін ашық білдірді.

Орыс әдеби тілі мен шіркеулік славян мүлде бір емес деген теорияны Пушкин арнайы мақалаларында жазып, орыстың халық тілін жақтаса, Абай мен Ыбырай кітаби шұбар тілмен қазақтың халық тілі бір емес деген теорияны творчествосы арқылы таңытты.

Пушкиннің прозасындағы сияқты Абай мен Ыбырайдың прозасы да қазақтың сөйлеу тілінің нормаларына құрылды.



Орыс өміріндегі жаңа қоғамдық ойдың дамуынан келіп орыс әдеби тілі дамудың жаңа бағытына ауысқаны сияқты, Абай мен Ыбырайдың да қазақ тілінің дамуына жаңа бағыт сілтеулері қазақ қоғамында жаңа демократтық ой-сананың тууымен ұштасты.

Пушкин сияқты Абай да терең мазмұнды тамаша формамен кнюластырды. Бұл салада Пушкин орыс тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдаланса Абай орыс тілінің, ұлы Пушкиннің өзінің көркемдеу тәсілдерін пайдаланды.

Күллі тілдің әдеби формасы стандарттық бір жолмен жасалмайтыны ақиқат. Әр халықтың өміріндегі тарихи-материалдық факторларын еске ала отырып қарайтын болсақ, Абай мен Ыбырай творчествосының қазақтың жазба әдеби тілінің жасалу процесінде орындары айырықша екенін мойындауға тура келеді.

Міне, өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ мәдениетіндегі тіл көріністері осындай болды. Оның ішінде қайсысы әдеби, қайсысы әдеби емес, қайсысы әдеби тілге жуық тұрды дегенді үзілді-кесілді тұжырымдау — әрі қарайғы көп зерттеудің, ізденудің міндеттері. Дегенмен, жоғарыда айтқандарымыз әңгімені былайша түюге мүмкіндік береді.

1) XIX ғасырдың соңғы ширегінде ең кемі 4—5 ғасырлық тарихы бар қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен ауыз әдеби тілі болды.

2) Ислам діні тәртіптерінің және соны уағыздайтын әдебиеттің етек алу нәтижесінде кітаби тіл деген өмір сүрді. Қазақ даласында қызмет еткен кітаби тіл орта азиялық әдеби түркі тілі — шағатай тілінен өзгеше болды, онда татар тілінің қатысы ерекше орын алды.

3) Негізі қазақтың жалпы халықтық тіліне сүйенген, бірақ кітаби тіл элементтерінен іргесін әбден ашып ала алмаған қазақ жазба нұсқаларының тілі болды. Ол нұсқалар — алғашқы баспасөз, азаматтық тақырыпқа арналған кітапшалар, шығыстың классикалық әдебиетінен алынған аудармалар немесе соның мазмұнына жазылған колтумалар.

4) Қазақ тарихи әдебиеті уәкілдері болып саналатын әр түрлі идеологиялық бағыттағы ақындардың өлең, толғау-жырларының тілі болды.

5) Демократтық бағыттағы сыншыл реализм әдебиетінің уәкілдері Абай мен Ыбырайдың шығармаларының тілі болды.

Бұлар, сөз жоқ, әр қайсысы өз алдына жеке-жеке автономиялы тілдер емес. Бір-бірімен алысты-жақынды жанасқан тілдер болды. Бірақ әр қайсысының әлеуметтік мәні, қоғамдық қызметі, әдеби көркемдік дәрежесі түрліше болды.

Оның ішінде шын мәніндегі қазақтың жазба әдеби тіліне Абай, Ыбырай шығармаларының тілі жатады. Бірақ қазақ-

тың қазіргі жазба әдеби тілімен салыстырғанда ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі әдеби тілінің арасында елеулі айырмашылықтар бар: олар мыналар:

а) өткен ғасырдағы әдеби тіліміз осы күнгі әдеби тіліміздің бастамасы ғана еді. Бұл кез әдеби тілдің іргетасы қаланған, бірақ әлі үй боп тұрғызылмаған, яғни әбден қалыптаспаған дәуірі болды. Оның қалыптасуына қажетті тарихи-әлеуметтік факторлардың көбі ол кезде не мүлде жоқ еді, не әлсіз еді. Сондықтан қазақ әдеби тілінің қалануы бұрын болса да, оның ұлттық әдеби тіл ретінде қалыптасуы совет дәуірінде болды. Ол қалыптасу күні бүгінге дейін жүріп келеді десек қателеспейміз.

б) Абай, Ыбырай тұсындағы әдеби тілдің қоғамдық қызметі мен қазіргі тіліміздің қызмет сферасын мүлде салыстыруға болмайды. Соған орай өткен ғасырдағы әдеби тілдің стильдерге тарамдалуы, әр стильдің өз алдына дамуы қазіргі кезбен салыстырғанда әлдеқайда тар болды. Әсіресе проза және оның санқилы стильдері Абай мен Ыбырай тұсында болмады. Ал толық жетілген әдеби тіл деп әлеуметтік қызмет аясы кең, сан алуан әдебиет жанрын қамтитын, әр алуан стильдерге жіктелетін тілді санаймыз ғой.

в) ХІХ ғасырда әдеби тілдің аяғына онымен қатар өмір сүрген, тіпті ресми правосы артық кітаби тіл оралғы болды, әсерін тигізді.

г) Өткен ғасырдағы жас әдеби тілде грамматикалық-стилистикалық нормалардың даму бағыты белгіленгенмен, олардың көпшілігінің өңделу, қалыптасу, тұрақталу процесі аяқталмаған болатын. Әсіресе проза саласында әр стильге сай грамматикалық регламентация өте әлсіз болатын (қазақ тілі грамматикасының стильдік нормализациясы қазірдің өзінде аяқталды деуге болар ма екен?).

Міне, өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі дәл мәніндегі қазақ әдеби тілі дегеніміздің сыры, біздіңше, осындай.

Ал бұл әдеби тілге негіз болғандар — жалпы халықтық тіл; оны ашып айтсақ: сөйлеу тілі, фольклор тілі, қазақ әдебиеті уәкілдерінің тілі. Бұл жерде біз кертартпа ақындардың тілін де қосамыз (белгілі бір көркем сөз қайраткерінің идеологиялық майдандағы орны мен тіл дамуындағы орнын бағалауда айырмашылық болуға тиіс деген ойымызды ортаға саламыз). Сондықтан Абай, Ыбырай тілдерінің алдындағы ХVІІІ ғасырдағы Бұхардан басталып, Абаймен тұстас келетін Дулат, Сүйімбай, Өсеттерге дейінгі қазақтың профессионал ақындарының тілдері жазба әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмады, бірақ оны жасауда материал болды. Олардың жазба әдеби тілге жете алмауында бірнеше себептер бар. Ең алдымен, олардың бірде-біреуінің творчествосы жазба әдебиет

дәрежесіне жетпеді. Ал жазба әдеби тіл жазба әдебиетпен тікелей байланысты. Олардың творчествосы қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде үлкен із қалдырарлық әлеуметтік мәнге ие болған жоқ. Сондықтан тілдеріндегі әдеби форма ауыз әдебиеті мен жеке басының шеберлік дәстүрлерінен асады. Олар Абай мен Ыбырайша тілдік материалды синтездеу, системалау, нормаландыру қабілетіне жете алмады. Бұл ақындардың тілі ауыз әдеби тілінен жазба әдеби тілге өтетін көпір ролінде болды. Фольклор тілін де біз ауызекі сөйлеу тілінен жоғары, жазба әдеби тілге біртабан жуық, соның негізін құрайтын әдеби тіл деп есептедік.

Өткен ғасырдағы баспасөз тілі мен азаматтық тақырыптарға жазылған кітапшалардың тілі қазақтың жазба әдеби тіліне бір табан жақын тұрды, бірақ олардың екеуі де нағыз әдеби тілдің үлгісі болмады.

Діни әдебиет пен діндар ақындардың тілі қазақ әдеби тілінен алшақ тұрды. Ең алдымен, қазақ кітаби тілі толық мәніндегі әдеби тіл болған жоқ, өйткені оның лексика-фразеологиялық, грамматикалық, стилистикалық нормалары болмады. Әлеуметтік функциясы дін мен ресми документтерге қызмет студен әрі аса алмады. Осының нәтижесінде оның даму, өңделу, әдеби формаға көшу мүмкіншілігі болмады да; белгілі бір таңқа (билеуші тапқа), белгілі бір топқа (дінге) қызмет еткен өрісі тар тіл ретінде өмір сүрді, бұл жағдайлар қазақ даласындағы кітаби тілді касталық әдеби тіл мен жаргонның екі аралығындағы дүбара дәрежеде ұстады. Бірақ ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде діни әдебиеттің дамуы, басқа түркі халықтармен саяси және мәдени қарым-қатынастың жандана түсуі, кітаби тілді әкімшілік-діни орындардың қолдауы сияқты тарихи-әлеуметтік факторлардың нәтижесінде бұл кітаби тіл қазақ даласында белгілі бір дәрежеде едәуір уақыт қызмет етті, қазақтың жазба әдебиетіне аз да болса да әсерін тигізді. Оны біз әдеби тіл десек, осы тұрғыдан ғана шартты түрде айта аламыз.

Кітаби тілдің қазақ әдеби тіліне әсіресе оның жаңа қалана бастаған дәуірінде көптеген зиянды әсерімен қатар, бірен-саран пайдалы әсері де болғанын айту керек. Бірсыпыра абстракт ұғымдардың атаулары мен ғылыми, діни атаулар араб, парсы тілдерінен осы кітаби тіл арқылы енді. Бұл жайындағы толығырақ пікірді кітаби тілде жазылған нұсқалардың тілін талдап, зерттегеннен кейін нақтылы фактілерді келтіріп бөлек айтпақпыз.

Міне, ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі және оған қатысты жайлар туралы ойларымыз осындай.

---

*Е. ЖАНПЕНІСОВ, М. ТОМАНОВ*

## **ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ТУРАЛЫ**

Әдеби тіл — әдебиетке түсіп қалыптанған халық тілі. Бұл — ілгеріден белгілі тұжырым. Бірақ, қысқа қайрылған осы анықтаманың соңында «халықтық тіл үлгілері әдебиетке қай кезден түсе бастады» деген сұрақ тұр. Демек, әдеби тіліміздің ірге көтеру шағын сөз ету орайында әуелі анықтап алар бір жай бар. Ол — жазба әдебиетіміз басын қайдан алады — осы турасында. Ал, жазба әдебиет үлгілерін айтқанда ең алдымен алғашқы аты мәлім ақындардың шығармасы мен азын-аулақ баспа байлығымыз еске алынады.

Әдеби тіліміздің пайда болу, қалыптасу мәселесі жеке ақын, жазушылардың қалам тартысымен байланысты талданады. Осы орайда, бірақ, мына бір жай көмескі қалып келе жатқан сияқты. Әлгіме әдеби тіліміздің Абайдан арғы жердегі өрпегі қандай көлемде байқалады — осы мұнда. Сөз іні келген соң айта кету керек, әдеби тіл жайындағы күні бүгінге дейінгі ізденулерімізде көбінесе Абайдан бергі аралық қана зерттеліп, әдеби тіліміздің осы тұстағы даму жолдары ғана ауызға алынады.

Әдеби тілдің бірер жыл көлемінде, не белгілі бір ақын, не жазушының творчествосы негізінде жасала қалмайтыны мәлім. Әдеби тілдің халықтық тіл топырағында өз алдына із тастап, айқындала бастау процесі едәуір уақыт алады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың әдеби тілінің әуелгі пайда бола бастау мерзімін Абайдан есептеу оншалықты дәл тұжыру бола қояр ма еді. Біздің байқауымызша, әдеби тілдік сөз саптау үлгілері, әдеби тілдік «сөз қиюы» белгілі шамада ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейінгі жерде де болғанға ұқсайды. Ұлы жазушымыз М. Әуезов қазақтың әдеби тілінің арғы-бергісін сөз ете келіп, былай деп жазған еді. «Октябрь ре-

волюциясынан бұрын, қазақтың барлық өлкелеріндегі тіл байлықтары тұтасып қосылып, біріккен ортақ мол қазына болмай тұрған кезінде ақындық еңбек еткен Абайдың шығармалары әдебиет тілінің түгел негізін құра қойды деуге сия ма?» Бір сәт ойымызды Әуезовтың осы айтқан пікіріне сарықсақ, қазақтың әдеби тілі өзінің пайда бола бастау басын Абай дәуірінен әріректен ала ма дейсің. Кемелделік дәрежесі тым жұпыны келгенмен де, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан арғы аралықта да әдеби тіл нышаны болды-ау дегенді лайығы бар тәрізді.

Жоғарыда әдеби тіліміздің тұңғыш ірге көтере бастауы жазба әдебиетіміздің табиғатын танумен орайлас дегенді айттық. Яғни, әдеби тіл мәселесі әдетте жазба әдебиетпен байланыста тексерілмек. Осы ретте, әдебиет тану ғылымындағы кейінгі жыл ізденулерін бақсақ, қазақтың жазба әдебиетінің аттар табалдырығы ХVІІІ ғасырдың орта тұсынан былай шығады делініп жүр. Осыған қарап, қазақтың әдеби тілі де осы ХVІІІ ғасырдың орта тұсынан басталады екен дей салу негізді ме. Міне, біраз ойласатын, пікірлесетін жайттарымыз осы иінді әңгімеде өрбімек.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен әдеби тілдің тарихының бір мезгілден, яғни екеуінің бірдей ХVІІІ ғасырдың орта тұсынан басталуы міндетті шарт па, жоқ әлде екеуінің екі мезгілде, айталық, әдебиет тарихының бұрын, ал әдеби тіл тарихының одан кейінірек басталуы мүмкін бе — тағы бір алуан әңгіме осы сарында. Бұл жайында біз осы мақалада белгілі бір шешімге келуден әзір аулақпыз. Дегенмен, мынадай бір ой келеді. Кейбір ақын өзінің әлеуметтік-саяси қалам тартысында азғана-ақ өлеңдік дүниесімен әдебиет тарихында шамалы болса да, ат басын бұрардай із қалдыруы мүмкін ғой. Бірақ, осы өңірлі ақындардың өздерінің сөз тігісі, «сөз қалау» мәдениеті тұрғысынан бәрінің бірдей әдеби тіл тарихынан да келіп бой көрсетуі үнемі мүмкін бе?

Көпшілік әдебиетшілердің, тілшілердің мақұлдауынша, жазба әдебиетіміз ХVІІІ ғасырдың орта тұсынан, Бұқар жыраудан басталады. Осыған қарап енді әдеби тіліміз де сол ХVІІІ ғасырдың орта кезінен, Бұқардан басталады дей салу қаншалықты дәл пікір болмақ. Біздің топшылауымызша, әдеби тіліміздің алғаш көрнек беру топырағын бір ғана адамның ақындық қауқарына телу, әсіресе жазба әдебиет үлгілерінің енді салына бастаған шағындағы бір ғана ақынның сөз дүниелігінің аясында тану дұрыс емес. Әдеби тіліміздің алғаш ірге көтеруін бір ғана Бұқар өлеңдерінің сөздік бояуымен ұштастырудың жөні жоқ. Өйткені Бұқар өз топырағында дара емес. Сондықтан, әдеби тілдің пайда бола бастау кезеңін жазба әдебиет үлгісінде алғаш көріне бастаған белгілі бір,

тұтас ақындық мәдениетпен байланыстыра караған ұтымды болар еді. Жазба әдебиет үлгісінде алғаш өз алдына нышан берген осындай ақындық топ, ақындық мәдениет бізге ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан мәлім. Ал бұлай болған жағдайда ХІХ ғасырдың бірінші жартысында ақындық еткендер кім еді? Олар — негізінен алғанда, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Шортаңбай Қанайұлы, Алмажан Азаматқызы. Сонымен, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы бұлар да, ХVІІІ ғасырда өмір кешкен Бұқар Қалқаманұлы бар — ол да — бәрі, негізінен, бір биіктегі ақындық мәдениеттің өкілдері. Демек, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби тілімізді Дулат, Махамбет, Шернияз, Шортаңбай, Алмажандардың өлеңдерінің тілі негізінде, осы ақындардың сөздік мәдениеті тұрғысында әңгімелеген дұрыс көй деп ойлаймыз. Бірақ бұл арада мына бір жайды нысықтай кету керек сияқты. Кейбір жолдастардың Шортаңбай, Дулат, Шернияз дегендердің ақындығы ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан гәрі екінші бөлігіне ауыспай ма деуі мүмкін. Рас, бұл ақындардың өлеңдік өнерінің ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан асып жататынын мойындаймыз. Олардың ХІХ ғасырдың екінші жартысында да қалам тартқаны мәлім. Бірақ, Шортаңбай да, Дулат та, Шернияз да өлеңді 1851 жылдан әрі қарай ғана жаза бастайық деп өзара уәделеспеген болу керек. Дулат 1802 жылы, Шернияз 1817 жылы, ал Шортаңбай болса 1818 жылы туған. Бұлай болған жағдайда, Дулат елу жыл бойында өзінің ақындығын ішіне бүгіп, сыртқа шашау шығармай жүріп, өмірінің соңғы 20 жылында ғана өлең жазған екен деуге негіз қайсы? Біздің байқауымызша, Дулат ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында қалам, қағазын алдына әкеліп қойып, қол құсырып отыра бермеген болу керек. Сондай-ақ, Шортаңбай мен Шерниязды алсақ та, Дулат ақын сияқты бұлар да өздерінің өлеңдеріне көбінесе рулық қауымдағы ескі салтты, хандық тұрыпты көксейді. Әдебиеттік зерттеулерге карағанда, Шернияз өзінің жас жігіттік, ақындық шағын Исатаймен де, әсіресе Махамбетпен көбірек бірге өткізеді. Бұл ретте профессор Хажым Жұмалиев былай деп жазады: «Шернияз жайлы мәліметтерді карастырғанда, оның өмірінің бірінші кезеңі халық қамын ойлаған Исатай, Махамбеттердің қасында болып, халық тілегі, ел мүддесіне жұмсалып, халықтың ыстығына күйіп, суығына тоңумен өткендігін көрсек, екінші кезеңі Баймағамбет сұлтанның сарайында өткендігін көреміз»<sup>1</sup>. Ал, Исатай мен Махамбет ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өмір кешкен адамдар, Шернияз Исатаймен, Махамбетпен бірге өткізген өмірінде

<sup>1</sup> Казак әдебиетінің тарихы, II том, бірінші кітап, Алматы, 1961, 128 бет.

өлеңдік өнерін сыртқа шығармай келіп, Баймағамбет сұлтан-ның сарайына барғаннан кейін ғана «ақындығының аузын ашады» дей алмаймыз. Бұндай байлау жасалуы мүмкін емес. Шернияз ХІХ ғасырдың бірінші бөлігінде де ақындық еткен дегенді қуаттайтын тағы бір дәлелге оның Махамбетпен арасында болған мына алуан сөздері бар. Шернияз:

Көлдеуде көк ала үйрек жергілікті,  
Молдалар шарифаттан сөз біліпті.  
Жолдасы ер Исатай, ер Махамбет,  
Сөз бар ма бізге айтқандай ескілікті.

Махамбет:

...Күн бұлт, ай қараңғы, жортар құлжа  
Шернияз шешен болсаң бұл сөзді жылдам  
болжа...

Шернияз бен Махамбеттің бұл сөз қосулары ілгеріде аталған «Қазақ әдебиетінің тарихында» толығырақ келтірілген. Біз сондықтан қысқаша алып отырмыз.

Шортанбай ше? Бұл да 1818 жылы туады, ХІХ ғасырдың бірінші жартысына қатысты, ара-тұра болса да, аздап өлең жазған болар. Басқаларға қарағанда, Шортанбайдың ақындығының дені шынында да ХІХ ғасырдың екінші жартысына ауады. Бірақ, бұған қарап тағы, ол жасы отыздан асқанша өлең жазып көрмеген деп үзілді-кесілді тұжырым жасай қоярлықтай дәлел керек қой. Ал енді осы Шортанбай болсын, Дулат пен Шернияз болсын — қай-қайсысының да өлеңдік дүниеліктері өздерінің өмір сүрген шағында баспа көріп, жария болған емес. Кейіннен, негізінен алғанда ХХ ғасырдың бас тұсында ғана өлеңдердің кейбіреуі ХІХ ғасырдың соңғы жылдар ішінде жиналып, бастырылған. Әдеби тілдің алғаш жүйелене, пайда бола бастау мерзімін сөз еткенде зерттеушінің әдетте негізге алатыны жоғарыдағы ақындардың өлеңдерінің жиналып-теріліп баспадан шыққан кезі емес, олардың хатқа түсіп, яғни қағазға түсіп ел арасына аян бола бастаған шағы. Осы айтылған жайларды жүйелей келгенде, жазба әдебиет ішіндегі өлең шығару дағдысы, жазба әдебиет шеңберіндегі ақындық мәдениет ХІХ ғасырдың бірінші жартысында да болды деуге лайық бар сияқты, дәлірек айтқанда, Дулаттың, Шернияздың, Шортанбайдың ХІХ ғасырдың бірінші жартысында да азды-көпті ақындық еңбегі болды демекпіз. Ал, Махамбет пен Алмажанның ХІХ ғасырдың бірінші жартысының ақыны екені күмәнсіз. Кейбір жолдастар «бұл ақындардың өлеңдері хатқа түспеді емес пе, қалайша әдеби тілдік үлгіде қабылданбақ» деуі ықтимал. Ия, бұл ақындардың шығармаларының өз тұстарында хатқа түсіп, тасқа басылып

тарай алмағаны рас. Сондай-ақ, жоғарыда аталған ақындардың қай-қайсысының болса да, арабша хат білгені тағы рас. Олар кейде жазып, кейде ауызша шығарып дағдыланды. Проф. Х. Жұмалиев айтқандай, олардың баспадан шығаруға мүмкіндігі болмады, өлеңдері бізге ауызша жеткенмен, ауыз әдебиетіндегідей бірнеше вариантта емес, қай өлеңді алсақ та, авторы ұмытылмай бір-ақ вариантта, негізінен, сол алғашқы шығарылған күйінде жетті. Ендеше бұл ақындардың өлеңдерінің «сөз бедерін» әдеби тілдік үлгіде талдауға белгілі дәрежеде негіз бар сияқты. Біздің байқауымызша, ХІХ ғасырдың басындағы әдеби тілді, яғни әдеби тіліміздің пайда болу басы, алғашқы ізі жайындағы ізденуімізді жоғарыда аты аталған ақындардың өлеңдерінің тіліне құрған мақұл.

Әдеби тіл, негізінен алғанда, сөз зергерлерінің творчестволық тұрғыда өңдеп, түрлі стильдік нінде толықтырған халықтық тіл қазынасы. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы осындай сөз шеберлеріне Махамбетті, Азамат қызын, Шернияз бен Шортанбайды, Дулатты жатқызуға болады. Демек бұлар да өз дәрежелерінде әдеби тіліміздің жаңадан пайда бола бастаған шағындағы өкілдері. Бірақ, бұлардың бірде-бірі әдеби тілімізді қалыптастыруда Абай менгерген ақындық мәдениетке көтеріле алмады, әдеби тіліміздің бетін айқындауда олардың ешқайсысы сөз «сарайын» Абайдай аша алмады, Абайдай бауыр жаза алмады. Өйткені бұлар өздерінің ақындық өнерінде қазақ топырағынан әрі шыға алмаған ақындар. Бұл арада тағы бір айтар жайт мына алуан. Осы, Махамбеттермен тұстас, ХІХ ғасырда Байтоқ пен Жанұзақ сияқты ақындар да болды. Бірақ олардың өлеңдік сөз тігісі әдеби тілдік үлгі боларлықтай деңгейге шыға алмады. Бұлардың сөз құрастарынан күңгірттік сарыны сезіледі. Байтоқ та, Жанұзақ та хан салтауын қау көтере мақтап, феодалдық өмірді дәріптеген ақындар. Осыған сәйкесті олардың «сөз қалауында» ала-құлалық жиі ұшырасып отырады. Мысалы:

Алғырттан далғырт ел дархан  
 Әнінен сарай салдырған (*Байтоқ*)  
 Айт десең, ал айтайын  
 Можабай салған жерінен  
 Командасы қару-жарақты...  
 Саксонекі қақпалы  
 Фрмені салған көк ала үй  
 Дәулетті артық немің (*Жанұзақ*).

Осы келтірілген бірді-екілі жол өлеңде қаншама мағынасы күңгірт сөздермен бірге жергілікті ерекшелік ыңғайындағы түсініксіз сөз орамы ұшырасады. Осылай болғандықтан Байтоқ пен Жанұзақтың сөздік нәріні әдеби тіліміздің ірге көтере



бастау шағын сөз ету орайында оншалықты құнттап тексеріп жатпадық.

Махамбет, Шортанбайларды былай қойғанның өзінде, бұлар өздерінің сөздік құрамы жағынан тіпті XVIII ғасырдағы Бұқар, Жанкісі жыраулар дәрежесіне де көтеріле алмады. Осы тұста мына бір мәселенің де бетін аша кеткіміз келеді. Әдеби тіліміздің алғаш ірге көтере бастау шағын неге XIX ғасырдың бірінші жартысынан шығарып отырмыз? Бұдан бұрынғы жерде де қалам тартқандар бар емес пе? Ия, бұдан бұрынғы, XVIII ғасырда қалам тартқан Бұқар жырау болды, Үмітай мен Жанкісі жырау өмір сүрді. Үмітай мен Жанкісі жыраудан мәз ештеңе бізге жеткен жоқ. Ал, Бұқарды алатын болсақ, одан да қалған өлендік дүниелік көп емес. Рас, Бұқардан қалған өлендік нұсқаларда әдеби тілдік белгілер, әдеби тілдік сөз иіндері азын-аулақ болса да баршылық. Бірақ, әдеби тілдік белгілердің болуы ол әлі әдеби тілдің ірге көтере бастауы болып табылмаса керек. Өйткені, әдеби тілге тән белгілерді қуалайтын болсақ, олар тіпті кешегі бір Бұқардан ғана кездесіп қоймайды. Бұқардан әргі жердегі ауыз әдебиетімізде әдеби тілдік белгі жоқ дей қою жөн бе екен. Осы ретте үлкен ғалым Әуезовтың мына бір сөздерін еске ала кеткіміз келеді. Ол мынау. «Қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы, ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы, шебер көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Оларда қазақтың әдебиеттік тілінің үлгі өрнектері жоқ деуге бола ма?» Бірақ, осыған қарап, әдеби тіліміздің ірге көтеру басы сонау фольклорлық шығармаларда жатыр екен ғой дей алмаймыз. Рас, осы алуандас әдеби тіл үлгілері жазба әдебиетіміздің басы болып саналатын Бұқардың өлеңдерінде де баршылық. Бірақ осыған қарап, әдеби тілдік жүйені, біздің ойымызша, бір ғана Бұқардың азғана өлеңдерінің төңірегінде қарастыру дәл байлау бола қояр ма еді. Әдеби тіліміздің алғаш ірге көтере бастаған топырағы болды дей қоюға бір Бұқардың өлеңдерінің сөздік өресі аласалық ететін сияқты. Қазақтың әдеби тілінің үлгі өрнектерінің, белгілерінің шын мәнінде алғаш рет белгілі бір жүйе түрінде, тұтаса бой көрсете бастауы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбет, Дулат, Шортанбай, Шернияз, Алмаш Азаматқызының қалам тартыстарынан нышан береді. Ендеше, әдеби тілдік сөз тігісіне тән жекелеген үлгі-өрнектер мен белгілердің әдебиеттік ескерткіштерден әр кезде түрлі ыңғайда ұшырасып отыруы өз алдына бір мәселе де, солардың енді әдеби тілдік алғаш сүрлеуге, әдеби тілдік жүйеге айнала бастауы, яғни әдеби тілдің алғаш өз алдына бауыр жаза бастауы тағы бір бөлек құбылыс. Осы айтылғандарға қарағанда, қазақ әдеби тілінің жалпы халықтық тіл

топырағында алғаш өз алдына ірге көтере бастаған шағы XIX ғасырдың бірінші жартысы деуге жеткілікті негіз бар тәрізді. Осы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың өлеңінде ауыз әдебиетінің тілдік бояуы қаншалықты сақталды — ендігі бір кезек сөз осы тұрасында болмақ.

Әдетте ауыз әдебиетінің жырларда өлең жолдары көп жағдайда айтылмақ ойдың тікелей өзінен басталмай, алдымен соған келер амал ретінде, басқа бір сөз орамдары айтылып алынады, мысалы: «Басыр, басыр басырды Аққа құллы жасылды, Қаршыға көкең келгенде Көтергін шырақ басыңды», немесе «Арасы екі ауылдың бүрген шығар, Етегін түнде жүрген түрген шығар, Артымда жеткіншегім бар деуші еді, Айналып сұм дүниеге жүрген шығар».

Ауыз әдебиетінде көп кездесетін осы алуан сөз орамы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың өлеңінде ішінара ғана ұшырасады. Мысалы, мынадай кейбір үлгілер назар аударарлық: *Қой айдаптым базарға, Алтынды, күміс теңгеге Жасау бір жидым жайнатып Қарағандан салған бөлмеге, Ата бір көрсен сәлем айт Жанұзақтың зайыбы Түймежан сынды жеңгем;* немесе: *Жылқы салдым тоғайға, Тоғай бір толы шоғайға, Оңға шығар ақ ісім Ісім бір келер оңайға* (Алмажан Азаматқызы);

Тауда болар тарғыл тас,  
Тарықса шығар көзден жас,  
Орталыға көз салсаң,  
Оны қалай жоғалмас (Мазарбет).

Ауыз әдебиеті үлгілерінде сондай-ақ кейбір сөйлеу тілі элементтері де кездесіп отырады, мысалы: *Жөнеді қалмақ, жөнеді, Шәңбер ұрып келеді; Желе басып Шеге ақын Елгетаман жөнеді.*

Осы сияқты ретукцияға түскен *жөнеді* алуанда кұбылыстар XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби тіл үлгімізде негізінен алғанда кездеспейті десе болады. Фольклорлық шығармада кездесетін кейбір ескі формалар, мысалы, эпостық шығармаларда *у* формалы тұйық рап орнына *ме* тұлғасының қолданылып келетін реттері болады: *Жібек сынды жеңгенді Алып келуге барамын* түрінде емес, *Жібек сынды жеңгенді Ал келмеге барамын* болып айтылады. Немесе «Алнамме» жырынан алсақ: *Байсын елінен шығуға Біздерге сол себеп болды* деудің орнына *Сол болды себеп біздерге, Байсын елінен шықпаға* делініп айтылған. Осы форма кейінгі әдеби тіліміз ірге көтере бастаған XIX ғасырдың бірінші жартысындағы бірен-саран ақынның өлең жүйесінде сақталғаны байқалады. Мысалы, Алмаш Азаматқызының «Жетім қыз» атты поэма-

сында жатыс жалғауда жұмсалып келетін -мақ формасы жоғарыда фольклордан келтірілген -ме тұлғасы түрінде қолданылған. *Шығып едік елімнен Хан Жәңгірді көрмеге, Ішке толған мұңды зар Арызымды айтып бермеге.* Ең болмаса шырағым, *Аға ғып сені бермеді -ау Ағатайлап ермеге...* Дүниенің шарығы жоқ екен *Екі айналып келмеге.* Осы барыс жалғаулы тұйық рай формасының орнына Махамбет өлеңдерінде Алмажандағыдай -ме формасы емес, барыс жалғауы етістіктің болжалды келер шақ түріне жалғанып отырады, мысалы: *Өлең айтып толғадым, Көкірегімді басарға Қаралай отын жармадым тас қазанға асарға қаумалаған қарындас қазақта бар да, менде жоқ Арызымды айтарға, Жетіп келді қамалға. Қамалды бұзып аларға.* Ауыз әдебиетінде көрінеу тұратын тағы бір өзгешелік — жырлардағы кейбір жолдың соңғы сөзінің, әрекидік орта позицияда келетін сөздің де -дүр формантына аяқталып келетіндігі. Мысалы, мынадай ыңғайда қайталанып отырады: *Жалғыздарға жар болған Алланың көпдүр кеңдігі; Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау Түс тұлкінің боғыдүр.* Фольклорлық ескерткіштерде ғана ұшырасатын осы көне -дүр форманты Махамбет пен Алмажанның жырларынан да, Шортанбай мен Шернияз өлеңдерінен де, Дулаттың толғауларынан да, тіпті бұлардан да көнерек. Бұқардың өзінен де еш байқалмайды. Ауыз әдебиеті үлгілерінде көбірек байқалатын нәрсе, ондағы мақал мен мәтелдердің қолданылу реттері ғой. Ал осы иінді сөз бедері ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың өлең жолдарында ішінара лап қана, анда-санда ғана кездеседі. Әсіресе, Шортанбайда ептеп байқалып отырады, мысалы: *«Қуа берсең қорқақты, Батыр болып шынығар; Ағаш көркі жапырақ, Адам көркі шүберек. Жан жоламас жатқанға Ілінер жөргем жүргенге»* т. б. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өлең өнерімен аты шыққан ақындардың ішінде қазақ даласындағы сол жылдарғы жаугершілік күндерді, хандық қысымға қарсы шыққан халық ызасын, ел кегін өзінің өлеңдеріне өрек еткен ақын Махамбет қана. Махамбет осындай шапқыншылықты жортуылда жүріп тебінгісін терге шіріткен, мұз үстіне от жаққан ерлер жайындағы өлеңдерінің бірде-бірінде бұрынғы батырлар жырында кездесе беретін *«Қатуланып қаттанып, Буырқанып бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тамып»* сияқты суреттеуге бармайды.

ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы бұл ақындардың өлеңдерінен, жалғыз-жарым болса да эпостық жырлардағы «сұңқардайын сыланған» түрінде келетін тенеу үлгісі, немесе «Төлеген сынды», «Жібек сынды» дегендегі «сынды» сөзі сияқты фольклорлық жеке сөздер де байқалмай отырмайды.

Бірнеше мысал келтірейік: *Жабыдайын жалтаңдап Түсер жерін қарай ма; Түлкідейін түн қатып, Бөрідейін жол жатып, Көшер еді-ау біздің ел Сонау Еділден бергі тұрған жердейін. Нұралыдан қалған көп тентек Бүлдірмегей еді елімді Лашын күс бүркіт шайқаған шілдейін* (Махамбет). *Шыдамай кетіп барамын Төрежан сынды бола ма. Ата бір көрсен сәлем айт... Түймежан сынды жеңгеме* (Алмажан); *Дулат сынды сорлыда Ұйқы тыныштық бола ма* (Дулат); *Езіп жақсаң кір жұқпас Сексен сынды маңғазға* (Шортанбай). Ауыз әдебиетіндік шығармаларда кейбір демеулік, не басқа бір есім сөз өзінің тікелей мағынасынан айрылып, эпостық жыр табиғатына үндестік беру үшін, фольклорлық сөз қалауына жарасымды стильдік «үн» беру мақсатында қолданылып келеді. Осындай сөз қатары ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы кейбір ақындардың қалам тартысынан аңғарылып калады: *Құтқармайтын құмай деп Төбетке қарғы таққаны-ай Майордың алса бұйрығын Борбайға қысып құйрығын Ел нысығы жортады-ай* (Дулат); *Қызғыштай болған есіл ер Қайран да жұрттан не көрді? Арыстаным көп болды-ау Саған да менің арманым Ойлап бір, ойлап қарасам... Бекетай құмның ішінде Жалғыз бір қалған со да бар* (Махамбет). *Жылай да толғап келеді Басына пана бола алмай. Қу қамысты паналап Көлден де көлге зырлаған Көңілді бұзып қамығын Жылай да берме, шырағым. Елім бір көшті талдауға Талдаудың түбін барлауға* (Алмажан Азаматқызы).

Жинақтай айтқанда, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы жаңадан ірге көтере бастаған әдеби тіліміздің сөз тігісінде байқалатын азын-аулақ ауыз әдебиетіндік өрнектер негізінен алғанда осылар деуге болады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың өлең тіліне түскен ауыз әдебиетінің табын осы көлемде байқауға болады. Олардың өмірлік құбылыстарды тапуда қайшылықтары бола тұрғанмен, тілдік қорында, сөздіктерінде әдеби тілдік өрнектер, әдеби тілдік бояулар аз емес.

Тағы бір бөліп айтпағымыз - осы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың әдеби тіліміздің іргесін көтерісудегі өзара ара салмағы қандай — осы жөнінде. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың тіл ерекшелігін, сөз жүйесін әңгіме еткенде олардың бәрін бір иненің көзінен өткізе салмай, бірінші екінің екінің кем соққан, не асып түсіп жатқан жері қайсы — осы бағытты өзгешеліктеріне де мүмкін болғанша көңіл аудара отыру керек сияқты. Бұл ретте осылардың бәріне ортақ бір ерекшелік бар, соны айтып алайық. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбетке, Алмажан мен Дулатқа, Шернияз бен Шортанбайға бәріне ортақ бір қасиет сол — олардың қай-қайсысының өлеңінде де ди-

дактика сарыны жатады. Бұл өзгешелік олардың өмірге деген көзқарасына, сол өздері өмір кешкен кездегі әлеуметтік жайларды тану дәрежелеріне байланысты болу керек. Олар осыған сәйкесті өздерінің қалам тартыстарында өмірден түйген, айналасында болып жатқан өзгерістерден түсінген жайларын жұртқа өсиет түрінде жеткізуге тырысады, ел-жұртқа айтар ой-пікірін шешендікке құрады. Олардың ауыз әдебиеті үлгілеріне ұрынып қалатын реттері осы ортақ өзгешеліктерімен байланысты байқалады. Бірақ, әдеби тіл өрнегін салуда бұлардың сөз ұқсатулары бір дәрежеде емес. Сөздік құрамын алғанда да, яғни таза халықтық тіл қазынасын қамту жөнінен бәрібір қатарда тұрған жоқ. Мысалы, Дулаттың сөз бедерін Шортанбайдың тіл кемелдігімен салыстыруға болмас еді. Содан кейін, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың әдеби тіліміздің алғаш іргесін көтерісудегі қатысын елге еткенде, Махамбет жырларының сөздігін, Махамбет тілінің ерекшелігін баса көрсеткен жөн. Өйткені Махамбеттің басқаларға қарағанда өлеңдік мұрасы едәуір және осы өлеңдерінің тақырыптық аясы да кең жатады. Түрлі пейзаждық лирика да, көңіл күйімен туысып шыққан нәзік бітімді, сыршылдық өлең жолдары да Махамбетте көп. Махамбет өзімен үзегілес ақындарға қарағанда сөз пернесін өзінше басады. Сөздің дағдылы қолданылу аясынан шығып, өз тұсынан мағыналық сопылық табуға талпынады. Ол сөздердің бұрынғы белгілі мағынасын кеңейтіп, сөз сарайын аша түсуге бейім. Оның осы сала ізденуінің белгілі дәрежеде жемісі де болды. Оның өлең тақырыбының кеңдігіне орай тілдік бояуы да бай болып келеді. Бұған мынадай бір-екі мысал келтірейік: *Сөйлесем даусым аңқыған Сөйлеуге жүрек талпынған; Талай жүрдік далада, Әділ жаннан түңіліп. Қамалған жаудан қайтпаған Қайнаған қара бұлыттай, Қарсы біткен жүрегім; Ақ жүрегін тербеніп... Ақ көңіл аңқау жүрекпен Беремін деп мен тұрдым. Ел құтқарар ер едім, Жандаспай ақыры бір тынбан.* Осы келтірілген үзінділердегі бір жүрек сөзінің өзі түрлі мағыналық иінде қолданылған. Сөйлеуге жүрек талпынған, қарсы біткен жүрек, ақ жүрегін тербеніп, аңқау жүрек, әділ жан, жандаспай деген тәрізді тың сөз орамдары Махамбет поэзиясында көп ұшырасады. Осы тәрізді әдеби тілдік сөз қиюы Шортанбай өлеңдерінде де жоқ емес. Оның

Байды күлзай атқаны,  
Жабағы жүнін сатқаны  
Кедей қайтып күн көрер  
Жаз жатақта жатқаны,  
Жаздай арық қазғаны,  
Күздей пішен шалқаны

Ішіп-жемдік болмайды  
Оны-мұны тапқаны. —

деп келетін өлең жолдары, Ұлы Абайдың

Бәтпе болдым мінски,  
Бар мағымды шығындап...

деп басталатын өлеңінен айырып алғысыз десе болады. Өйткені, осы келтірілген екі өлең айтылу мәнері жағынан да, мазмұндық аясы ыңғайынан алғанда да, «сөзқалау» мәдениеті тұрғысынан да нықтас үлгілер. Шортаңбайдың осындай, әдеби тілдік өрнегі айқын түскен басқа да біраз өлеңдері бар.

Соңғы бір алуан мәселе — ауыз әдебиетінен бері әдеби тілімізде бүгінге дейін қолданылып келе жатқан кейбір жеке сөздер мен бірен-саран морфологиялық тұлғалардың стильдік қолданылу ерекшелігі турасында. Ауыз әдебиеті үлгілерінде әсіресе оның ішінде салттық және эпостық жырларда *қас* сөзі жиі қолданылады. Әңгіме *қас* жүйрікте сын болмас, *қас* сұлуда мін болмас дегендегі *қас* сөзі жайында. Осы сөз XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиеттік мүліктерімізде де едәуір бар. Ойымыз нақтылы болу үшін сол тұста ақындық өмір кешкен адамдардың шығармаларынан мынадай мысал келтіруге болады. *Қас итсін, қасыңа да адам жұмасы Хан емес қас қатынсың мұңдар қу бас* (Шернияз). *Қас жақсының баласы Арада тұрып сөйлемес. Хан емессің қасқырсың Қас албасты басқырсың Аз сөйлер де көп тыңдар Қас асылдың баласы* (Махамбет); *Қас ақымақ болмасаң Әлімге неге күлесің. Қас қасқырлар мында екен* (Алмажан). Осы *қас* сөзі сонау XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардан бері асын, Абай қаламына оралғаны өз алдына, ол кез тұрсын, осы сөз қазір де кейбір публицистикалық мақалалардың тілінде оқта-текте қолданылып жүр. Оның тілімізде бар *нағыз* сөзімен келе-келе синонимдік қолданыс алып кетуі де кәдік. Бірақ осы *қас* сөзі әзірге жекелеген мақалалардың сөз бедерінде аңғарылады, ал қазіргі күнгі өлеңдеріміздің сөз тігісіне әзір жата қойған жоқ өлеңдерде қолданылғанын әзір кездестіргеміз жоқ. Сондай-ақ, сонау фольклорлық сөз қалаудан келе жатқан *-ман* формасы да көңіл аударарлық. *-Ман* формасы XIX ғасырлық бірінші жартысындағы ақындардың ішінде әсіресе Махамбет өлеңдерінде, неше алуан стильдік нінде, неше алуан мағыналық бедерде шебер түрде қолданылады. *-ман* формасы Махамбет жырларында барлық мағыналық қырында көрінеді: *Боз ағаштан биік мен едім, Бұлтқа жетпей шарт сынбан Жандаспай ақыры бір тынбан Аяғыңа бас ұрман.*

Фольклордан келе жатқан осы *-ман* формасы қазіргі көркем әдебиеттік үлгілерімізде де қолданылады.

Фольклордан келе жатқан тағы бір морфологиялық тұлға *-ар* формасы. Бұл форма да XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың өлеңдерінде ғана емес кейінгі дәуірде де түрлі стильдік иінде, әр алуан мағыналық орамда қолданылып жүр. Оның кейбір үлгілері мына іспеттес болып отырады: *Кілегей қатқан Еділдің Көкше мұзынан таяр ма?* (Махамбет); *Сөзді ұғарлық жан тапса, Айтса жарар ән салып.* Осы *-ар* формасының *-ман* тұлғасымен бірігіп қолданылуы қазіргі сөз суреткерлерінің қалам тартысында түрліше ыңғайда байқалады. Осы орайда әр сөздің «психологиялық табиғатын» еркін танып, еркін меңгерген жазушы Әуезовтің *-ар* мен *-ман//мен* формасын қолданудағы мына бір сөз орамдарын келтіре кеткіміз келеді.

*Әр сөйлеген кезінде Салиқаның жүзі күлермен тәрізденеді. Енді Абайдың сұрайтыны жоқ екенін аңғарған Салиқа тұрарманға жақын еді; Көп-көп мезгіл өтіп, жатарманға тақағанда бұл үйдің ішінде домбыра тартып, ән сала білетін адамның барлығы да Татьяна әнін, мұңын жаттап алып еді.*

*Ар* тұлғасы осы келтірілген екі-үш үзіндіде екі алуан стильдік иінде қолданылып, екі басқа көркемдік «үн» қатып тұр. Әдеби тіліміздің ірге көтере бастау шағын сөз ету орайында кейбір түйген, барлап байқаған жайларымызды, ойымызды негізінен мына бір мәселелер төңірегіне сарқуды орынды көрдік.

Қазақ әдеби тілінің ірге көтеру шағы — XIX ғасырдың бірінші жартысы. Бұл дәуірде сөз қолданыс үлгісі, сөз құрау мәдениеті белгілі бір әдеби тілдік жүйе ала бастайды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген әдебиет өкілдерінің әдеби тілдегі орны да бірдей емес. Бұл орайда Махамбет поэзиясының орны айрықша. Кейбір күңгірттік, ауыз әдебиетіне тән сөз қолданыстарын, өмірге деген көзқарасындағы қайшылығын былай қойғанда, Шортанбай ақынның әдеби тілдік ізі де елерлік бар.

Әрине, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің бар сипатын анықтау үшін бір Махамбет пен Шортанбайдың ғана өлең өрнегін емес, сол тұстағы басқа да әдебиет өкілдерінің мұрасын жеке-жеке түкпірлей талдау, игеру үсті белгілі бір форманың қолданылудағы қалыптасу ыңғайының да қанық зерттелгені дауа.

Е. ЖУБАШОВ

## ЭПОСТЫҢ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ «ҚОЗЫ — КӨРПЕШ ПЕН БАЯН СҮЛУ» ЖЫРЫНЫҢ ЛЕКСИКАСЫ

Эпос шығармасы — ең көне замандардың ескерткіші. Оның алғашқы нәр алған арнасы халықтың сабылдық дәуіріндегі мифологиялық ұғым-түсініктері. Мифология адам баласының бір кездегі табиғатпен арбасатын құралы болған. Адамдар өзін қоршаған әлемдегі сыры жұмбақ құбылыстардың бәрін иелі-киелі күштер деп біліп, олармен күресудің неше алуан тәсілдерін іздестірген. Осыдан келіп қиял шындығымен ұштасқан гажайып бейнелер, басқаша айтқанда мифологиялық образдар қалыптасқан. Маркс бұны сананың еркінен тыс табиғатты көркемдеп өңдеу деп атайды (бессознательно-художественная переработка природы). Әрине, табиғат пен қоғам тұрғысында қалыптасқан алғашқы мифологиялық түсініктер мәңгі-бақи қатып қалмайды, адамның дүние тану өрісі ұлғайған сайын бұл секілді анимистік ой-сананың аясы да тарыла береді.

Мифологиялық ұғым-түсініктерді басынан кешірмейтін халық жоқ. Алайда әр халықтың өзінің қоғамдық-экономикалық даму ерекшеліктеріне сәйкес мифологиясы да басқа-басқа болады. Осы бастапқы айырым белгілер кейіннен келіп өнер туындыларының да өзіндік ерекшелігіне айналады. Сөйтіп, әрбір халықтың өнеріндегі ұлттық өзгешеліктер қалыптасады. Маркс ежелгі дүние елдерінің мәдени мұраларына сүйене отырып, бұл процесті жете түсіндіріп береді. Грек өнерінің қалыптасуына алғышарт болған нәрсе — сола грек елінің ғана мифологиясы екенін, ал Египеттің мифологиясы келіп грек өнерін өсіріп-өрбітетін ұя, немесе соған қолайлы орын болуы мүмкін емес екенін атап көрсетеді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Сб.: «К. Маркс и Ф. Энгельс об искусстве», в двух томах. Изд-во «Искусство», I том, М., 1957, стр. 136.



Демек, адам баласының көркем туындыларының қатарынан орын алатын эпос өнері де өзінің ұлттық даралығының негіздерін сол табиғатқа мифология тұрғысынан қатынасу кезеңдерінде белгілей бастаған. Бұл жай эпостың тіліне көз салғанда да аңғарылады. Акад. М. Әуезов миф тудырған образдардың эпос геройларынан анағұрлым бұрын қалыптасқанын айта келіп, қиял-ғажайып ертегілеріндегі «мерген», «ер», «батыр» т. б. берідегі эпоста, батырлар жырларында аты аталатын кейіпкерлерден әрірек замандарда туған, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары, алыс заман айғақтары деп мәлімдейді. Сондай-ақ, қиял ертегілеріндегі адамзаттың өкілдері — мерген, немесе «ай десе, аузы бар», «күн десе, көзі бар» қыздар: «Күн астындағы Күнікей сұлу», «Ай астындағы Айбарша сұлулармен» қатар әлденеше жат сырлы кейіпкерлердің де бірі — адамға қас, екіншісі — дос болып араласып жүретінін айтады. Бұлар не жалмауыз кемпір, жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты жалмауыз, қазық аяқ қарға тұмсық кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ, неше алуан алыптар кейпінде; болмаса, айдаһар жылан, жеті басты жылан, қара құлақ қорқау қасқыр, алып қара құс, тұлпар ат, басы — алтын, арты — күміс киік тәрізді хайуанаттар түрінде кездеседі<sup>2</sup>. Міне, эпостың тілін лингвистика тұрғысынан зерттегенде осы айтылғандар тәрізді ғажайыптар дүниесін суреттейтін атаулардың өзі шығарманың лексикалық құрамынан едәуір мөлшерде орын алатынын көруге болады. Әрине, әдебиет туындысы ертегілік-аңыздық дәрежеден көтеріліп, жүйелі эпосқа, немесе, тіпті, көлемді эпопеяға айналған күнде суреттеудің реалистік тәсілдері басым болады да, алғашқы миф элементтері солғындап, азайып, жұмбақ сырнан арыла береді. Бұл жайды қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін өзара салыстыра зерттегенде де байқаймыз. Мәселен, қазақтың «Мұнлық — Зарлық» ертегісінде ханның басынан қарғып өтіп кететін киіктің бір түгі — алтын, бір түгі — күміс болып суреттелсе, бұл көрініс «Қобыланды батыр» жырында жай ғана теңеу, ақындық гипербола ретінде қолданылып, былай айтылады:

Айналайын, Тайбурыл,  
Кесер басың сары алтын  
Үстіңе біткен түгінің.  
Жары — күміс, жары — алтын...<sup>3</sup>

<sup>2</sup> М. Әуезов. Ертегілер. Қазақ ССР Оқу министрлігінің мектептер басқармасы шығарған, Алматы, 1957, 13 бет.

<sup>3</sup> Батырлар жыры (жинақ). ҚКӘБ, Алматы, 1959, 44—45 беттер.

Бұл, әрине, мифологиялық образ емес, тек мифқа тән суреттемені шартты түрде пайдалана отырып, нақты өмір шындығын әсірелеп көрсету ғана. Демек, бұндағы «алтын», «күміс» тәрізді асыл металл аттары нақты мағынасында емес, ауыс мағынада қолданылып, тек мадақтау міндетін атқарып тұр. Ал, мифологиялық бейнелерді сипаттағанда бұл лексемалар өзінің коммуникативті мәнінен ажырамайды. Себебі, мифті туғызушы адамдардың түсінігінше ғажайып кереметтер шынында да сол алтын, күміс, асыл тас т. б. сияқты табиғат байлықтарының иелері, немесе солар үшін күресушілер болып табылады. Асыл металдар мен минералдар өздерінің физикалық қасиеттері арқасында өмір қажеттері үшін ерте пайдаға асқан. Маркс былай деп жазады: «Можно априорно определить культурный уровень какого-нибудь народа, зная лишь, из какого металла — золота, меди, серебра или железа — он изготовляет свое оружие, свои орудия и свои украшения...»<sup>4</sup>. Осы айтқанына дерек есебінде ол ежелгі грек, латын ақындарының эпикалық шығармаларынан үзінділер келтіреді. Мәселен, Гезиодтың поэмасында жер жырту жұмыстарының бәріне мыс қолданылатыны, қара темірдің ол кезде болмағаны айтылады. Темірге қарағанда мыстың бұрышырақ пайдаға асқанын Лукерций де мәлімдейді. Геродот массагеттерде<sup>5</sup> тек қола ғана болды, темір болған жоқ дейді. Гомердің поэмаларында да қара темір сирек кездеседі. Оның есебіне мыс, мырыш, қалайы қорытпаларынан өндірілетін қола-ның аты жиі ұшырасады. Грек және Рим халықтары балта, ұстара сияқты саймандардың өзін ұзақ уақыт қоладан ғана жасап келген.

Металдың аса зор маңызға ие болуы оның өндіріс процесіндегі атқаратын қызметіне байланысты екені мәлім. Белгілі бір металдың күнделікті өмір қажетін өтеу қабілетіне сәйкес тұтыну құны да анықталады. Ал, алтын және күміс секілді асыл металдар қара темірмен, тіпті, мыспен салыстырғанның өзінде де жұмсақ, майырылғыш болғандықтан оларды қару-жарақ жасау үшін пайдалану тиімсіз болған. Сөйтіп олар өндіріс құралы болудан қала бастаған. Алайда, өте сирек ұшырасатындығы, әрі көп күш жұмсап, тереңнен қазып алынатындығы себепті алтын мен күмістің өзіндік құны мен экономикалық қызыметінің арасында ешқандай қайшылық тумаған. Яғни, олар күнкөріске тікелей пайдасы жоқ бола тұра, қоғам ішінде қанша мөлшерде болса да тұтыныла

<sup>4</sup> Сб.: «К. Маркс и Ф. Энгельс об искусстве», стр. 94.

<sup>5</sup> Тарихи әдебиеттерде бұл халық қазір сак деп аталады (қараңыз: «Қазақ ССР тарихы», I том, Алматы, 1957, 30 бет. Сондай-ақ, В. Ф. Шахматов. К вопросу об этногенезе казахского народа. «Известия АН КазССР», серия историческая, вып. 6, 1950, стр. 88.

берген. Екіншіден, алтын мен күміс қоғамға қажетсіз басы артық нәрсе болу былай тұрсын, қайта бойларындағы табиғи қасиеттері арқасында байлықтың, барлықтың белгісі, сән-салтанаттың, әсемдіктің құралына айналып алған.

Жалпы алтын мен күміс бір халықтың ғана дұрыс танып, қымбат бағалаған металдары емес, өте ерте замандардан бастап-ақ адамдар арасындағы алуан түрлі қарым-қатынастардың тууына себепші болған, бүкіл адамзат үшін құндылығы бір шама тең заттар. Осындай алыс-берістің, сауданың, сый-сипаттың жоралғысы болу нәтижесінде бұл металдар бір халықтан екінші халыққа жиі ауысып, өздерімен бірге лексикалық атауларын да ертіп жүрген. Әрине, ең бастапқы атау қай тілде жасалғанын білу мүмкін болмағанымен, бірсыпыра тілдерде алтынның атауышы ретінде аз-кем өзгерістерге ұшыраған ортақ термин қолданылатыны лингвистикаға аян. Мысалы, үнді-европа тілдерін зерттеуші Т. А. Дегтерева ескі славян тіліндегі «злато», орыс тіліндегі «золото», латыш тіліндегі «zelts», гот тіліндегі «gulth», ескі исландия тіліндегі «goll» және «gull», ескі жоғарғы неміс тіліндегі «gold» т. б. сөздердің о бастағы ортақ тұлғасы «ghlto» дейді. Бұл сөздің «алтын» мағынасына ие болуы славян және балтық бойындағы тілдердің әсерінен екенін айта келіп, ол мынандай талдау жасайды: «...реконструированная на основе славяногерманских вариантов форма «ghlto» является по своему морфемному образованию отглагольным прилагательным на -to с первоначальным значением «желтоватый»<sup>6</sup>. Заттың, өңін, түсін есімше типті тұлғалармен беру тәсілі балтық бойындағы тілдерде күні бүгінге шейін қолданылатындығын автор литва тілінен келтірілген «bal//tas», «rus//tas» (белый, коричневатый) деген мысалдармен дәлелдей келіп, -to жұрнағының бұл жерде етістік түбірлі сөздерге жалғанбай, есімдермен тіркесуі тілдің ескі заңдылықтарының көрінісі деп түсіндіреді. Осы келтірілген деректердің негізінде біз қазақ тіліндегі «алтын» атауының дыбыстық жағына зер сала қарасақ, оның славян-герман негізді «ghlto» сөзімен белгілі үндестігі барын байқаймыз. Рас, қазақ тіліндегі алтын жоғарыдағы «ghlto» тәрізді *сарғыш* яки *сарғылт* деген түсті білдірмейді. Бірақ *сары* сын есімі әрдайым *алтынның* эпитеті ретінде қолданылады. Қараңыз:

Самородный сары алтын,  
Саудасыз берсем алмайды

. . . . . (Абай).

<sup>6</sup> Т. А. Дегтерева. О некоторых историко-познавательных моментах в изучении языковых контактов. Сб.: «Процессы развития в языке». М., 1959, стр. 15.

Сондай-ақ, алтын ұғымымен байланыстылықтың нәтижесінде *сары* түс қазақтардың түсінігінше жақсылықтың реңкі болып табылады. Ол көпшілік реттерде *ақ* түстің орнына жүреді және мағына жағынан *қара* түске қарсы жұмсалады. Айталық, қазақтың ескілікті наным-сенімдері бойынша садақаға шығаратын малы «ақ-сары бас» болуы керек. Демек, басы ақ, немесе сары мал болуы негізгі шарт. Абайдың «Масғұт» поэмасында адамға ең жақсы қасиет дарытатын үш түрлі жемістің бірінің түсі — ақ, екіншісі — сары, үшіншісі — қызыл. Қараңыз:

Ағын жесең, ақылың жәннан асар,  
Сары жесең, байлығың судай тасар.  
Егерде қызыл жеміс алып жесең,  
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар (Абай).

Демек, *ақ* — ақыл, *сары* — байлық, *қызыл* — көрік, шырай, өң мағынасында. Бұндағы *ақыл* дерексіз зат болғандықтан *ақ* түспен тікелей байланысы жоқ. Олардың арасындағы ассоциация жалпы адамгершілік, әділдік, парасаттылық секілді абстракты ұғымдардан туып отыр. Ал, *байлық* — деректі зат. Оның сары түспен байланысы *алтын* арқылы деп білеміз. Біз «Қозы көрпеш пен Баян сұлу» жырындағы Қарабай, Сарыбай болып келетін кейіпкерлерді де символдық бейнелер дейміз. Қарабай — жаманшылық бейнесі де, Сарыбай — жақсылық бейнесі. Жырдың кейбір нұсқаларында олар Қара хан мен Сары хан, немесе, тіпті, Ақ хан мен Қара хан болып та аталады. Мысалы, Березин вариантында:

Ақ хан өліп, Қара хан босқан екен,  
Көк сенгірден киікті тосқан екен...<sup>7</sup>

дейтін жолдар бар. Ал, Радлов вариантында үнемі *Қара хан*, *Сары хан* болып келеді:

Қара хан, Сары ханмен тең аттанды,  
Оғын салып Қара хан неге атпады?...<sup>8</sup>

Осы келтірілген мысалдардағы *ақ* пен *қара*, сондай-ақ, *қара* мен *сары* түстер бір біріне қарсы мағынада жұмсалып, антоним сөздердің катары ретінде қолданылған. Демек, символика тұрғысынан *ақ* пен *сары* бір өңкей де, *қара* өзалдына желе түс. Жыршы осы түстер арқылы *жақсылық* пен *жаманшылықтың* тоғысуын суреттемекші. Өмір қайшылығын осылай-

<sup>7</sup> Қозы көрпеш — Баян сұлу. Жинақ. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1959, 58 бет.

<sup>8</sup> Сонда, 177 бет.

ша қарама-қарсы екі күш етіп шоғырландыра көрсету тәсілі қай халықтың әдебиетінде болмасын бар құбылыс.

Сонымен, қазақ тіліндегі сары түстің жағымды эмоциясы алтынмен астарласып жатады демекпіз. Ал, морфологиялық жағынан *алтын* негізгі түбір, оны балтық бойындағы тілдер секілді *ал//тын* дейтін екі бөлшектен тұрады дей алмаймыз. Әрі, адам қоғамында ең ерте табылған металдың бірінің аты бола тұра, уақыт тәрізді фактордың ықпалымен қандай да болмасын өзгеріске ұшырай қоймағандығын ескерте кетеміз; түркі системалы тілдерде бұл түбір, негізінен, өзінің морфологиялық құрылысын біркелкі сақтаған. Осы келтірілген деректерге сүйене отырып, біз *алтын* атауын түркі тілдерінде термин есебінде тұрақтасқан шет сөз болуы тиіс деп шамалаймыз. Бірақ бұл сөздің түркі тілдеріне сіңісуі тарихтан бұрынғы замандардан басталатындығы себепті, тіліміздегі толып жатқан байырғы лексемалармен араласа алтын, күміс, мыс, жез секілді металл аттары, меруерт, маржан, гаухар т. б. асыл тастардың аттары ауыз әдебиетінде молынан қолданылып келген.

Көркем әдебиет шығармаларының құрамында ерте замандардан бері қарай қолданыла тұра, не мағыналық, не тұлғалық жағынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырамаған бұл тәрізді сөздер стилі жағынан бейтарап лексиканың (нейтральная лексика) тобын құрайды. Мәселен, *алтын* деген сөзді басқа бір ұғымның тенеуі, соны әсірелеп көрсетуші метафора ретінде қолданғанда болмаса, басқа ерекшелігі жоқ тәрізді. Бірақ эпос шығармасының тілін зерттеуде бұндай бейтарап лексиканың өзі сөздердің семантикалық өрісінде болып өткен өзгерістерден, сөз мағынасының сонылану (переосмысление) барысынан тиісті мәлімет беріп отырады. Мынандай нәрселерге назар аударайық: ауыз әдебиетінің ертегі секілді ең көне саналатын үлгілерінде *алтын*, *күміс* дейтін атаулар тек табиғи металдарды ғана білдіреді. Ертегінің кейіпкері, көбінесе, айдаһар жыланның інінің түбіндегі, немесе адам бара алмастайқиын-қыстау жерлердегі «ат басындай алтын, қой басындай күміс» үшін сапар шегіп, талай кереметтермен шайқасып жүреді. Демек, бұл кездегі *алтын* әлі зат, бұйым емес, тек табиғат байлығы ғана. Осыған орай оның атының білдіретін ұғымы да шектеулі, яғни, жаратылыс байлықтарының бірі деген мағынаның аясынан аспайды. Ал, ауыз әдебиетінің батырлар жыры тәрізді кейініректе туған үлгілерінде *алтын*, *күміс* секілді металл аттары, *меруерт*, *маржан* т. б. сияқты асыл тастардың аттары тек табиғатта болатын қазыналарды ғана білдірмейді, сонымен қатар адам баласының көркемдікті тану қабілетінің жаңа сатысына да байкатады. Яғни, бұрыннан белгілі атаулардың ө...

мағыналық шеңбері ұлғайып, бастапқы беріп тұрған заттық ұғымының үстіне эстетикалық түсініктер үстемеленеді. Демек, бұл кезеңдегі *алтын* мен *күміс*, немесе тағы басқа осы тәрізді лексемалар эпос жырларында кездескенде адамның әсемдікті таңу сезіміне әсер етіп, жағымды эмоция туғызады. Мысалы, «Қамбар батыр» жырындағы:

Саусағы алтын сұңқарға  
Ілдірейін деп келдім,  
Көздегі үйрек қазыңды...<sup>9</sup>

деген жолдардағы *алтын* табиғаттың байлығын, яки асыл металды білдіріп тұрған жоқ, көркемдік үшін әдемі образ жасау үшін қажет болып тұр. Әрине, бұл кезеңде алтын мен күміс тек эстетикалық қажеттерді ғана өтеуші нәрсеге айналып кеткен жоқ, сонымен қатар олар таза металл күйінде тұрып, тұрмыс қажеттерін өтеу үшін де қолданыла берді. Олардың тұтыну құны бір жағынан осы өмірлік мүддеге де байланысты болып келеді. Сондықтан жырда бұл сөз коммуникативті мәнде де қолданылып отырады. Қараңыз:

Тоқсан үйлі тобыр мен,  
Алтыс үйлі арығы,  
Ашыққанда жесін деп,  
Қоржынға салып жіберді.  
*Ат басындай алтын мен*  
*Қой басындай күмісті, — 10*

дейтін жолдардағы алтын мен күміс теңеу үшін айтылып тұрған жоқ, қоғамның сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жайынан хабар беріп тұр. Яғни, жырда алтын затының екі түрлі қызметі көрінеді: бірі — материалдық, екіншісі — эстетикалық қызмет.

Қоғам дамуының бұдан да гөрі бертінгі кезеңін суреттейтін «Қозы көрпеш пен Баян сұлу» жырында жоғарыдағы сөз етіп отырған лексемамыз мағыналық жағынан әлі де болса толыса түседі. Бұл кезде алтын мен күмістен баяғыша тайтұяқ, жамбы ғана құйылмайды, немесе асыл металдың қасиеттілігі ғана көркемдік критерийі болып таңыламайды, сонымен бірге бүкіл эпостың өн бойында асыл металдар мен қымбат бағалы тастар әр алуан тұтыну бұйымдарын жасайтын материал есебінде де кездеседі. Осыған орай жырдың сөздік құрамы көптеген жаңа атаулармен толығады.

<sup>9</sup> Батырлар жыры. Жинақ. КҚӘБ. Алматы, 1959, 332 бет.

<sup>10</sup> Сонда, 344 бет.

Мысалы:

Берейін алтын сақам, таз көбеген,  
Әлгі айтқан сөзіңді тағы бір айт<sup>11</sup>,

дегендегі *алтын сақа*;

Астыңа мінген атың кер ме, балам?  
Үстіңе киген тоның зер ме, балам? —<sup>12</sup>

дегендегі *зер тон*;

Салғаның құлағыңа маржан сырға,  
Барады өтіп күнің жылдан жылға<sup>13</sup>,

дегендегі *маржан сырға*;

Шешеке, күміс қостың айылыма,  
Қазақ қарап тұрады қайырыма, —<sup>14</sup>

дегендегі *күміс айыл*;

Алтын күйме ішінен шығушы еміс,  
Енді қайтып көресін сол Баянды, —<sup>15</sup>

дегендегі *алтын күйме*;

Қозық хан ұлынан кем демейді,  
Дұшпаны сыртындағы не демейді,  
Алтын табақ, күмістен қасығы бар,  
Берсе де бидай салып, бір жемейді, —<sup>16</sup>

деген шумақтағы *алтын табақ, күміс қасық* тәрізді заттар жаңа дәуірдің бұйымдары. Бұл уақытта қоғам мүшелері асыл металдар мен бағалы тастарды тұрмыс қажеттеріне пайдаланудың көптеген тәсілдерін меңгерген. Сонымен байланысты алтын, күміс немесе маржан тас т. б. табиғат байлықтары енді бұйымды әшекейлеуші қосалқы материал есебінде таңылған. Сөйтіп, олардың бұрынғы атаулары өзгермей-ақ, тіліміздегі басқа сөздермен тіркесіп, жаңа ұғым тұдырарлық мүмкіндікке ие болған. Басқаша айтқанда, бұл тектес лексемалардың бұрын көрінбей тұрған ішкі (потенциал) мүмкіндіктері ашылған.

«Қозы көрпеш пен Баян сұлу» жырындағы бейтарап лек-

<sup>11</sup> «Қозы көрпеш — Баян сұлу». Жинақ. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1959, 36 бет.

<sup>12</sup> Сонда, 41 бет.

<sup>13</sup> Сонда, 43 бет.

<sup>14</sup> Сонда, 70 бет.

<sup>15</sup> Сонда, 78 бет.

<sup>16</sup> Сонда, 103 бет.

сиканың мағыналық өрісі мифтік образдарды бейнелейтін сөз қолданыстарынан да көрінеді. Мысалы:

Мінді де күреншені кетті дейді,  
Жылында ат құйрығы жетті дейді.  
— Көл-дария анам сүті болып жатса,  
Өтермін, бір секірсем, — депті дейді., — <sup>17</sup>

деген шумақтағы ана сүтін қасиеттеуді білдірін тұрған жолдар бір кездегі мифтік түсініктен туған, бір нәрсенің қиесіне ұшырау қауіпінен сақтандырған ой-сананың көрінісі. «Ана сүті көл-дария болу» деген тіркес мағынасы жағынан тілімізде жиі айтылатын «Ананың ақ сүтін ақтау» тәрізді фразеологизмге жақын. Демек, *ананың сүті көл-дария болып жатыр* деген сөздердің жиыны көп мағына аңғартады: бұдан ескілікті «қиесге ұшырау» деген ұғымды да сезінеміз, сондай-ақ, «баланың анаға борышы» сияқты реалды мәні бар түсінікті де байқаймыз. Ал, осы мағыналарды берін тұрған сөздер — тіліміздің сөздік қорынан қазірге шейін орын алып келе жатқан байырғы лексемалар. Бұлардың бойында ешқандай ерекшелік, грамматикалық айырым белгілер жоқ. Семантикасы жағынан «ана, сүт, көл-дария» деген сөздерді экспрессиялы мәні бар деп те қарауға болмайды. Қысқасы, бұл сөздер әдеттегі бейтарап стильде қолданыла жүріп-ақ, уақыт озған сайын мағыналарын сонымен, жаңарта, ұлғайта берген. Сөздердің мағыналық өрісінің осылайша серпіліп-қайтып отыру фактілерін жырдан едәуір мөлшерде кездестіреміз. Жалпы қазақ эпосында, оның ішінде де «Қозы көрпеш пен Баян сұлу» жырында миф элементтері аз деген пікірді әдебиет зерттеушілері бұдан бұрын атап көрсеткен<sup>18</sup>. Дегенмен эпостың тілдік фактілерін саралай келгенде, образды сөз қолданыстың мифологияға тән үлгілерінің өзі бір сала екенін байқауға болады. Мысалы, Дербісалин вариантындағы: «Қырық үйлінің жауы», «адам өтпес дария», «ауадағы бұлтты бұрып алып, желінің басына жаудыру», «Қозының шұбалған алтын айдары», Баянның тіл білетін «боз торғайы»; Березин вариантындағы: буаз маралдың қиесінен қорқып атпау, «шешесінің көл-дария болған көз жасынан Қозының көпір салып өтуі», «қайғылының қырық бөрісі», «аспанмен сөйлескен тау», жалпы «қырық» санының алуан түрлі жат күштермен

<sup>17</sup> Сонда, 39 бет.

<sup>18</sup> Бұл жөнінде мына ғылыми әдебиеттерді қараңыз: А. С. Орлов. Казахский героический эпос. Алма-Ата, 1945, стр. 8; Қ. Жұмалиев. Казах эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, I том, КҚӘБ, Алматы, 1958, 27 бет; Ы. Дүйсенбаев. «Қозы көрпеш — Баян сұлу» жырының нұсқалары туралы. — «Қозы көрпеш — Баян сұлу». Жинақ, Алматы, 1959, 16 бет; Ә. Қоныратбаев. «Қазақтың «Қозы — Көрпеш» жыры туралы. КҚӘБ, Алматы, 1959, 100 бет, т. 6.



қабат қолданылуы («қырық күншілік шөл», «қиқулының қырық бөрісі» т. б.), шешенің «ақ сүтін көкке саууы», құрық салғанда «жабағы қозы күреңнің тай болып» кетуі, «Қайтатұғын бір амал болар ма деп, Қасқыр болып, Қозының алдынан шешесінің шығуы», өлгеннен соң Баян мен Қозының екі жерден бәйтерек болып бітуі; Шөже нұсқасындағы Баянның сынтас болып қатып қалуы; Радлов нұсқасындағы Сарыбайдың буаз маралды атқаннан киеге ұшырап өлуі, Қозының қара айдарын «қайнап жатқан алтын құдыққа малып, бояп алуы»<sup>19</sup>, айдалада жолыққан кемпірге: «Кекілімнен бір қылды тұтатқанда, Сонда пайда болармын мен өзіңе», — деуі; Ильминский вариантындағы Қозының шешесі айтатын: «Қара шашым шытырман шеңгел тұрар, Онан қайтіп өтерсің, жазған балам!» деген ескерту, міне, осылардың бәрі де мифологиялық түсініктен туған көріністер. Олай болса, адам баласының сәбилік дәуіріндегі ғажайып қиялдарды суреттеп тұрған сөздік құрамның да тым әріден келе жатқан тілдік материал екені даусыз. Алайда, осы миф образдарын жасап тұрған сөздер біздің тіліміздің қазіргі кезеңінде де тұлғалық қалпын сақтаған. Олар тек мағына жағынан ғана толысып, жаңарып, әдеби тіліміздің бүгінгі таңдағы қажеттеріне сай қызмет атқарады.

Эпос тарихын зерттеуші белгілі ғалымдардың бірі В. И. Чичеров халықтың мифологиялық наным-сенімдері қаншалықты ескі, қандайлық ғажайып бейнелі болғанымен, эпикалық туындыға негіз бола алмайды деп атап көрсетеді. Эпос жырының негізі қашан да болса халық өмірінің жан-жақты көрінісі оның күрес-тартысы мен күнкөріс кәсібі дейді ол<sup>20</sup>. Діни мифологияның қазақ тыңдаушыларын тартпайтыны, халықтың эпос жырларында көбінесе-ақ өмірдің таллап-тілектері, жақсы идеялары баяндалатыны жайында бір кездері В. В. Радлов та айтып кеткен<sup>21</sup>. Қазақ эпосының шыншылдық негізін кезінде жақсы түсіндіріп кеткен адам — Шоқан Уәлиханов<sup>22</sup>. Демек, эпос шығармасының тілін зерттеуде де осы халық өмірінің әрқилы саласынан туындаған лексикалық арналарды қамту қажеттігі сөзсіз. Бұл тұрғыдан алғанда да қоғамның әлеуметтік өмірін егжей-тегжейлі сөз ететін «Қозы көрпеш — Баян сұлу» жыры басқа эпостық шығарма-

<sup>19</sup> Осы оқиға қырғыздың «Манас» жырында да бар. Онда қытайдың қырық ханының бірі — Әніз ханның қырғыз әйелінен туған ұлы Алмамбетті Шыңғыс әулетіне жат адам деп қайнаған құдыққа малғанда, айдары алтын болып шығады (С. Липкин. Манас великодушный. Детгиз. М., 1958, стр. 107).

<sup>20</sup> Сб.: «Вопросы изучения эпоса народов СССР». М., 1958, стр. 10.

<sup>21</sup> В. В. Радлов. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. V, СПб., 1885, стр. 8—9.

<sup>22</sup> Ч. Ч. Уәлиханов. Сочинения, СПб., 1904, стр. 193.

лардан анағұрлым ұтымды. Эпостан біз малшылық кәсіпке байланысты лексиканы молынан кездестіре отырып, сонымен қатар «әшкікалық дәуірдегі» халық өмірінің әлеуметтік-экономикалық жай-жаңсарын білдіретін сөздік материалын да табамыз. Тағы бір қызық нәрсе, жырда егіншілік кәсібіне, отырықшы ел өміріне тән атаулардың ел дәуір мөлшерде қолданылуы. Сондай-ақ, жырдың лексикалық құрамын түгел алып қарағанда, бірсыпыра нұсқалардан модернизм типіндегі сөздер тобын да көруге болады. Әрине, бұл аталған лексика арналарының өзара қатынасы біркелкі де емес, олардың бірінің аумағы қомақты, өзіндік салмағы басымдау болса, екіншілері тек із тастап, әредікте ғана ұшырасып отырады. Бұлардың ара салмағын салыстыра зерттеп, белгілі бір семантикалық топтардың, немесе грамматикалық тұлғалардың қолданыс жиілігін (частота употребления) анықтау — көркем әдебиет тілін зерттеуші лингвистердің басты міндеттерінің бірі болмақ.

Біз сөз етіп отырған «Қозы көрпеш — Баян сұлу» жыры тұрмыстың көшпелі мал шаруашылығына негізделген тәсілдерін баяндайды. Сондықтан малшылық кәсібіне байланысты терминдер мен атаулар жиі ұшырасады. Бұған жырдың ең шағын нұсқасы болып табылатын Ғ. Дербісалин вариантынан мына мысалдарды келтірейік: «Тазшамен қойда жүрген ойнайды асық», «Мінгені Қозыкөнің күрең дөнені», «Атыңның айналдағы айылын тарт», «Сауармыз құлын өлсе, бір қулықты», «Бір тазша қозы жайған бала айтады», «Жарар ма соған барсам, ала аяқ кер», «Жылқыдан қуын келдім атты саяқ», «Кетерсің кімге малың тастап, балам», «Семіртіп қаракерді сойман-ақ-ты», «Мінгені Қозыкөнің қат қара-ды, Шұбыртып мың жылқыдан ат қарады», «Мінді де күреңшені кетті дейді, Жылында ат күйрығы жетті дейді», «Артыңа кәрі бозды бос салғайсың», «Жалы — өкпе-бауыр күрең тайдың» (Салыстыр: Хан сүйекті Қамбар-ау! Қара атыңның мойнында: Өкпе — бауыр, жал бар-ау. «Камбар батыр») <sup>23</sup>, «Атыңа мінген атың кер ме, балам?», «Тарта тұр атың басын, шырағым-ау», «Атымды біротала суытайың», «Дарияға желісің тастай берді», «Қолағашын дарияға тастай берді», «Малымды, қара жетім, бағамысың», сондай-ақ:

Жоқ болса қолағашым, қолым — тоқпақ,  
Бұрынғыдан қалыпты жылқы бақпақ.  
Кетерсе өкі қолдан, аған қазық,  
Кетпей ме желі-қазық жерге жылдан.

<sup>23</sup> Батырлар жыры. Жинақ. ҚКӘБ, Алматы, 1959, 326 бет.

«Қоңыр саулық баласы — қоңыр тоқты, Аулақта сойып тоқты жеген екен», «Жолыққыр аш бөріге деген екен», «Биесін тазша пақыр байлаған-ды, Желісін қағайын деп сайлаған-ды», «Шық сана сұлу Баян, малың кетті...», «Құлынды шұрқыраған естідің бе», «Желіні екі жерден қиямын деп, Қолына бұйда қара пышақ алды», «Құлынды екі жақтан сыпырғанда, Ортасында бір құлын тебе салды», «Бір сұм бала жайдақ атпен келе қойды», «Мінгені Қозыкенің күрең тай-ды, Күрең тай құнапында жалын жайды», «Бастаған ақты қойды көсем серкеш», «Айтамын айт дегенде көк төбелді, Арымас ала жаздай берік төбелді», «Сарыбай көрінеді бойыменен, Қырадыныңа жетті қойыменен», «Үйірін ала бастың тауып едім», «Сарыбай аталы аулы атқа мінді», «Атасы астындағы атын берді», «Мінгені Қодар құлдың көкшесі де», «А, Баян, ат әкелдім, мінбеймісін», «Ботасы өлген түйедей құл боздайды», т. б.

Міне, бұл — сөз саптаудың малшылық кәсіпке тән үлгілері. Жырдың жалпы көлемі өлең тармағымен есептегенде 520 жол. Біз кейбір қайталап келетін тармақтарды қоспай, елуге тарта (48) жолдың тізімін беріп отырмыз. Демек, орта есеппен алғанда әрбір он жолдың біреуі малшылық термині, немесе малға байланысты туған образды сөз қолданыс болып келеді. Айта кетейік, ауыс мағынада тұрып, «балам», «жалғым» деген қаратпа сөздердің орнына жүретін «құлыным» сияқты әдебиеттік метафораларды есептемей отырмыз.

Келтірілген мысалдардың лексикалық-семантикалық жақтарына бір мақалада бастан-аяқ тоқталу мүмкін емес. Сондықтан олардың кейбіреулерін ғана іріктеп алып, мағынасы мен тұлғасындағы назар аударарлықтай құбылыстарын сөз етсекпіз. Қараныз: «Тазшамен қойда жүрген ойнайды асық» деген тармақты инверсиясыз айтсақ, *қойда жүрген тазшамен асық(ты) ойнайды* болар еді. Қазақ тілінде әбден қалыптасқан осы синтаксистік байланыстың өзінен біз мынадай ерекшелік көреміз. Атап айтқанда, «қойда жүрген тазша» болып тіркескен алғашқы үш сөздің беретін дәл ұғымы: «қой жайып жүрген тазша», немесе «қойшы тазша». Ал осы ұғымды білдіру міндеті өлеңде жатыс септіктің көрсеткішіне жүктеліп тұр. Әдетте жатыс септікте тұрған сөз заттың орнын, мекенін білдіретін болса, бұл жерде тазшаның кәсібін білдіріп, өткен шақтағы *жүрген* есімшесімен бірігіп анықтауыш болып кеткен. Жалпы қазақ тілінде есімше тұлғалы сөздер жеке тұрып-ақ сын есім тәрізді анықтауыш қызметін атқара береді. Олар заттың *қимылдық сапасын* білдіреді<sup>24</sup>. Мысалы:

<sup>24</sup> М. Балакаев, Т. Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы, 1961, 121 бет.

Қаусаған елге әл беріп, Жұмақ еткен заманым (Жамбыл). Жоғарыдағы мысалда анықтауыш жалаң бір сөзден емес, қойда, жүрген деген екі сөзден жасалып тұр. Салыстырыңыз: — Қай тазша? — Қойда жүрген тазша. Әрине, мұндағы жатыс жалғаулы сөздің анықтауыш қызыметін атқаруы тек соңында есімше тұлғалы екінші компонентінің тұрғандығынан. Егер сөйлемшені: тазша қойда жүр деп өзгертсек, онда қойда мекенді ғана білдіріп, толықтауыш болып кетер еді<sup>25</sup>. Сондай-ақ, жүрген есімшесі де дара тұрып: — Қай тазша? деген сұраққа толық жауап бере алмайды. Жауап берген күнде де сөйлемшенің мағынасы өзгеріп кетеді де, анықтауыш тазшаның кәсібін емес, жүргенін, тұрғанын, болмаса отырғанын ғана айырым белгі ретінде көрсетеді. Демек, бұл жердегі анықтауыш күрделі мүше. Міне, грамматика тұрғысынан талдағанда көрінетін мағыналар осы. Енді аталған сөйлемшені логика тұрғысынан талдап қарасақ, жатыс септіктегі қойда болып айтылып тұрған тұлғаның метафоралық тәсілмен жасалғанын аңғаруға болады. Қараңыз: жатыс септіктің жалғауы заттың не кеңістікте, не белгілі бір жазықтықта екенін білдіріп, нақты координатаны нұсқайды. Мысалы: Олар қалада тұрады. Мал жайлауда. Сабақ июньде бітеді. Жиналыс сағат жетіде басталады. Құста сүт жоқ. жылқыда өт жоқ<sup>26</sup>. Осындағы қала, жайлау жазықтық бетіндегі координаталар, яғни, жазықтық бетіндегі объект. Июнь, сағат жеті деген сөздер астрономиялық ұғымдардың атаулары, немесе абстракты заттар. Жазықтықтағы нүктенің координатасы мекен болса, санадағы абстракты ұғымның координатасы мезгіл, уақыт. Сондықтан июнь айы, сағат жеті дегенде біз жыл тәулігінің, немесе күн тәулігінің белгілі бір кезеңін ұғамыз. Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ дегендегі жылқы мен құс та мекен. Бұны жекенің жалпыға қатынасы тұрғысынан түсіну керек. Жылқы, құс деген атаулар жалпы физиологиялық организмнің жекелеген жүйелері. Демек, жалпы заңдылық тұрғысынан алғанда өт пен сүт оларда да болуы тиіс. Бірақ жылқының физиологиялық құрылысында өт болмайды да, құстың организмінде сүт жоқ. Халық осы құбылысты формалді логика тұрғысынан қорытындылай келіп, өт пен сүттің болмайтын координаталарын нұсқап отыр. Ал, енді «қойда жүрген тазша» дегенді алсақ, бұнда да белгілі дәрежеде мекенді нұсқау бар. Бұл мағына жатыс септіктегі «қойда» сөзінің грамматикалық тұлғасынан туып отыр. Шындығында қой мекен емес, ол географиялық объекті де бола алмайды. Оның

<sup>25</sup> І. Кеңесбаев, А. Искаков, К. Аханов. Қазақ тілі грамматикасы. Фонетика мен морфология. Алматы, 1955, 92 бет.

<sup>26</sup> Бұл келтірілген мысалдардың бәрі де жоғарыда көрсетілген І. Кеңесбаев т. б. авторлардың қазақ тілі грамматикасынан алынды.

тазшамен ара қатынасы жылқы мен өттің қатынасынан басқа. Солай бола тұра, малшылық терминдерінде осы типті тұлғалар қалыптасып, көнеленіп кеткен. Сондықтан ол мал бағады деудің орнынан эллипсистік жолмен қысқартылып, «ол малда» деп айтыла береді. Демек, бұндағы «малда» тұлғасының беретін ұғымы «ол үйде» деген сияқты емес, одан кеңірек. Рас, жасалу тәсілінде бұлардың арасында ұқсастық, белгілі аналогия бар. Ал, мағынасы жағынан алсақ, жатыс септіктегі сөз мекенді білдіргенде зат статикалық күйде тұратыны сезіледі. Біз талдап отырған мысалдағы тазша динамикалық күйде, әрекет үстінде екенін байқаймыз. Олай болса, осы айтылғандар секілді грамматикалық байланыстарды біз стилдік метафора туғызатын сөз қолданыстардың бір түрі деп қарастырамыз.

Ғ. Мұсабаев қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде, әсіресе, фольклор шығармасында (оның әралуан жанрларында) метонимияның, немесе сөз мағынасында болатын метонимиялық өзгерістердің молдығын атап көрсетеді<sup>27</sup>. Бұл пікірдің дұрыстығын біз жоғарыдағы малшылық кәсібін бейнелеуші өлең тармақтарынан да байқаймыз. Мысалы: «Сауармыз құлын өлсе, бір құлықты», «Жарар ма соған барсам, ала аяқ кер», «Семіртіп қаракерді сойман-ақ-ты», «Мінгені Қозыкенің қат қара-ды», «Мінді де күреңшені кетті дейді», «Артыңа кәрі бозды бос салғайсың», «Айтамын айт дегенде көк төбелді», «Үйірің ала бастың тауып едім», «Мінгені Қодар құлдың көкшесі де», — деген жолдардағы құлық — бірінші құлындаған бие (Салыстыр: Құлық бие құлыншыл)<sup>28</sup>, ал, қалған курсивпен берілген сөздердің бәрі мініс аттарының түсі. Демек, бұл сөйлемдерде құлық деген сөз бие дегеннің орнына, ала аяқ, кер, қаракер, қат қара, күреңше, кәрі боз, көк төбел, ала бас, көкше деген жылқы малының түр-түсі жалпы ат мағынасында жұмсалып тұр.

Мал шаруашылығына байланысты туған экспрессиялы образдар ретінде біз: «Атыңның айналдағы айылын тарт» деген және «Мінгені Қозыкенің күрең тай-ды, Күрең тай құнаында жалын жайды» дейтін тармақтарды атамақшымыз. Жырда «атыңның айылын тарт» деп дәл мағынада айтып тұрған жоқ, өзімен асық ойнаған тазшаға Қозы: — Сен кімді басынасын! деген сияқты, болмаса: «артыңа қара» дегендей ауыс мәнде қолданып тұр. Сонымен қатар бұнда ассонансқа негізделген ұйқас та бар. Өлеңнің бұл тармағы үш бунақтан құрылған. Қараңыз:

<sup>27</sup> Ғ. Мұсабаев, Современный казахский язык. Ч. I, лексика. Алма-Ата, Изд-во АН КазССР, 1959, стр. 25.

<sup>28</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II том. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы, 1961, 79 бет.

1. Атынның,
2. Айналдағы,
3. Айылын тарт.

Осы үш бунақтың әрқайсысы дауысты «а» дыбысынан басталып, өзара ішкі ұйқас жасап тұр. Екінші мысал — екі тармақ өлеңнен тұрады. Жыршы бұнда Қозының мінген атын образ етіп көрсетеді. Сондықтан *Күреңтай* екі жолда екі рет қайталанып, арнаулы акцентпен айтылады. Бұндағы образдылық, әсіресе, тармақтың соңғы бунағындағы «жалын жайды» болып келген аллитерациялы тіркестен туып тұр. Жалпы, мал баққан қазақ елі тай-құнанның жалын ерте көктемде күзен алады. Тек сақа малдың ғана құйрық-жалын өсіріп қоя береді. Жас малды бас білдіріп қою үшін естияр балаларға мінгізгені болмаса, толық мәніндегі күш-көлігі ретінде пайдаланбайды. Ал, тайында мінуге жараған малды тұлпар сүйекті жылқы ретінде қастерлеп, мадақтау көбінесе эпос жырларында кездеседі. Мысалы, Қобыландының Тайбуырылы солай суреттеледі. Біз келтірген мысалдағы «Күрең тай құнанында жалын жайды» деген образдан Қозының астындағы тайы құнан шығысымен-ақ жал-құйрығы төгілген мықты ат болып алды деген мағына туады. Бұдан ұтымды, образды сөз қолданыстың мағналық аясының да кең болатынын көреміз. Поэмаың тілінде ішкі ұйқастар, ассонанстық, аллитерациялық үндестіктер, синоним сөздердің қайталамасы, ұйқасқан қос сөздер жиі ұшырасып отырады. Бұл жағынан «Қозы көрпеш — Баян сұлу» жыры Рамстедтің мына пікірін расқа шығарады. «Нужно лишь обратиться, например, к казахским текстам в труде Радлова, -- дейді ол, — чтобы найти... как монгольский, так и тюркский фольклор обладает — там, где он наиболее развит, — богатым набором синонимов, парных слов и рифмующихся слов...»<sup>29</sup>.

Біз бұл мақалада, негізінен, стильдік мағынасы қарапайым, айрықша тұрған өзгешеліктері жоқ сөздердің төңірегіндегі пікірлерімізді ортаға салдық. Әдетте бұндай сөздер қай тілде болса да саңы жағынан ең көп лингвистикалық материал болып табылады. Бірақ олар көбінесе-ақ зерттеушінің назарынан тыс қалып, басқа айшықты, әсем сөз қолданыстардың көлеңкесі сияқты ғана баяндалады. Орыстың көркем әдебиетінің тілін зерттеуде елеулі нәтижелерге жеткен В. В. Виноградов, А. И. Ефимов сияқты ғалымдар бұл жайды айрықша атап көрсетеді. Олардың айтуынша, әдебиет шығармасының тілін зерттеушілер көбінесе арнаулы «изм»-дермен оуестенеді де, тілдің негізгі сөздік қорын жасап тұрған мол

<sup>29</sup> Г. П. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. Изд-во иностранной литературы, М., 1957, стр. 222—223.

лексикалық қазынаны елеусіз қалдырады. Бұл мәселеге айырықша мән беріп тоқтаған адамның бірі О. С. Ахманова. Ол тілдегі көтеріңкі, немесе төмен (заниженный) стильде қолданылатын көптеген лексикалық элементтерді саралау үшін оларды бейтарап стильде (нейтральный стиль) айтылатын сөз материалымен салыстыру қажеттігін айтады. «Ясно, что единицы, отчетливо выделяющиеся, ярко окрашенные в экспрессивно-стилистическом плане, гораздо легче собирать, классифицировать и описывать, чем единицы, стилистически бесцветные, служащие тем фоном, на котором раскрываются свойства единиц положительных. Поэтому представляется существенным привлечь для исследования материал, заведомо по самому своему характеру и назначению требующий стилистической нейтральности»,<sup>30</sup> — дейді автор. Алайда, бұдан стильдік, сондай-ақ грамматикалық ерекшелігі бар сөздерді зерттемеу қажет деген ұғым тумайды. Біз бұл екі түрлі лексикалық материалды өзара байланыстыра зерттеуді қуаттай келіп, алдағы уақытта «Қозы көрпеш пен Баян сұлу» жырының тіліндегі лексикалық, стильдік және грамматикалық өзгешеліктерге тоқталу ниетіндеміз.

---

<sup>30</sup> О. С. А х м а н о в а. Очерки по общей и русской лексикологии. М., Учпедгиз, 1957, стр. 244.

---

THE UNIVERSITY OF MICHIGAN LIBRARY  
SERIALS ACQUISITION DEPARTMENT  
300 NORTH ZEEB ROAD  
ANN ARBOR, MICHIGAN 48106-1500  
TEL: (734) 763-1000  
FAX: (734) 763-1001  
WWW: WWW.LIBRARY.MICHIGAN.EDU

TO ORDER OR FOR MORE INFORMATION  
CONTACT THE SERIALS ACQUISITION DEPARTMENT  
BY PHONE, FAX, OR E-MAIL  
OR VISIT OUR WEBSITE  
FOR A COMPLETE LIST OF SERVICES  
AND CONTACT INFORMATION  
PLEASE CONTACT THE SERIALS ACQUISITION DEPARTMENT  
AT THE UNIVERSITY OF MICHIGAN LIBRARY  
SERIALS ACQUISITION DEPARTMENT  
300 NORTH ZEEB ROAD  
ANN ARBOR, MICHIGAN 48106-1500  
TEL: (734) 763-1000  
FAX: (734) 763-1001  
WWW: WWW.LIBRARY.MICHIGAN.EDU

TO ORDER OR FOR MORE INFORMATION  
CONTACT THE SERIALS ACQUISITION DEPARTMENT



Фрунзеде ғылымдар да орхон-енисей жазуларын зерттеуге бір еңбек сіңірді. Біздің заманымызда көрнекті совет тюркологы С. Е. Малов та өзінің ғылыми еңбектерінің денін осы руханилық<sup>5</sup> жазулардың сырын ашуға арнады.

«...Главная цель моих изданий, — деп жазды С. Е. Малов, — как раньше, так и теперь — дать материал для тюркского языка, дать тексты и новые посылно проверенные переводы издаваемых памятников»<sup>6</sup>. Осыған орай И. А. Батманов: «Можно сказать, что С. Е. Малов этим трудом поднял дело изучения ранних памятников древнетюркской письменности на новую ступень»<sup>7</sup>. — деп жазады.

Орхон ескерткіштерінен тек П. М. Мелноранский зерттеген Кюль-Тегиннен басқасы әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан шын мәнінде зерттелмей келеді. Бұл мәселе жөнінде Б. А. Серебрянников: «Русские тюркологи прошлого более любили писать факты. Эта традиция продолжается и по сей день в нашей тюркологии. Создаются описательные грамматики, словари, подвергаются описанию отдельные стороны грамматики и строя тюркских языков, описываются диалекты, но почти ничего не делается в области изучения истории тюркских языков»<sup>8</sup>. — деп жазды. Сондықтан біз ескі түркі жазу нұсқаларын зерттеуге жете мән беруге тиістіміз.

Орхон-енисей жазу нұсқалары қазіргі кездегі түркі тілдерінің бәріне ортақ, олардың бірінен-бірі әлі ерекшеленіп, ыдырап кеткенге дейінгі дәуірдегі жалпы мұралары. Осындай ескі жазу нұсқаларының зерттеліп, танылуы — жалпы түркі тіліне тән кейбір дыбыстық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жақтарына бір сыдырғы шолу жасауды біз үшін қажетті дәрежеде көмек көрсетіп, мол деректер береді.

Біз өзіміздің осы мақаламызда орхон ескерткіштеріне жататын — VIII ғасырдағы Тоньюкүк ескерткішінің қазіргі қазақ тіліне тән кейбір дыбыстық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жақтарына бір сыдырғы шолу жасауды біз үшін қажетті дәрежеде көмек көрсетіп, мол деректер береді.

<sup>5</sup> Фрунзе — солтүстік тілде құпия (тайна) деген ұғымды беретін сөз.

<sup>6</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии. Издательство МГУ — Л., 1959, стр. 3.

<sup>7</sup> И. А. Батманов. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, Изд-во АН КиргССР, 1958, стр. 14.

<sup>8</sup> П. М. Мелноранский. Памятник в честь Кюль-Тегина. ЗВО, СПб., 1938.

<sup>9</sup> Б. А. Серебрянников. Сравнительно-исторический метод в языковедении и истории изучения тюркских языков. Труды института языка и литературы, АН КиргССР, вып. VI, Фрунзе, 1956, стр. 10.

## ЕСКЕРТКІШТІҢ ҚЫСҚАША ЗЕРТТЕЛУІ МЕН МАЗМҰНЫ

Біздің баспада орхон-енисей таңбалары жоқ болғандықтан ескерткіштің текстің қазақ алфавиті негізінде ұсынып отырмыз.

Ескерткішті 1897 жылы қазіргі Монғолияның солтүстік бөліміндегі Толы өзенінің оң жағындағы Банн-Цокто маңынан ерлі-зайыпты Д. А. және Е. Клеменецтер тапқан. Ескерткіштің табылуы жөнінде қытай мәліметтеріне сүйеніп жазылған Ф. Хирттың мақаласы басылды. Ескерткішке алғаш рет талдау жасап, баспаға ұсынғандардың бірі көрнекті ғалым В. В. Радлов. Ол 1899 жылы шыққан «Атлас древностей Монголии» деген еңбектің IV басылуында Тоньюкук ескерткішінің текстің жариялады (CV—CXVIII таблициялар). Сол жылы Санктпетербургте шыққан «Die altturkischen Inschriften der Mongolei. Zweite Folge», деген еңбегінде ескерткішті неміс тіліне аударып, оған қысқаша түсінік беріп, сөздігін жасады.

Бұдан кейін осы ескерткішті жұртшылыққа танытқандар В. Томсен (1916, 1924—1925 жылдар), Х. Н. Оркун (1936 жыл) және С. Е. Малов болды.

Тоньюкук — VII ғасырдың аяғымен VIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген үш түркі ханы: Ілтерістің (692 жылы өлген), Қапағанның (716 жылы өлген) және Могилянның (734 жылы өлген) кенесшісі.

Тоньюкук Мочжо (Қапаған) кезінде сәтсіздікке ұшырайды. Бірақ Могилян (Білге Қаған) дәуірінде қайта көтерілді. Тоньюкук, әсіресе, Ілтеріс (Гудулу) қағанның кенесшісі болғандықтан, оның көздеген мақсаты үстем таптың мақсаты болды. Тоньюкук өз дәуірінде түркі тайпаларына буддизм ықпалының кеңінен тарауына барынша қарсы шықты.

Тексте Тоньюкук өзін білгіш етіп көрсетумен бірге өзінің Қытай елінде тәрбиеленгенін баяндайды. *«Білге Тоньюкук бен өзүм Табгач іліңе қылынтым. Түрк будун Табгачқа көрүр ерті — Білгіш Тоньюкук менің өзім қытай елінде тәрбиелендім. Ол кез түркі халқы қытайға бағынатын еді». Түркі халқы алғашқы кез қытай елінен бөлінді, бірақ көп ұзамай қайта бағынды. Бағынбай қалғандардың не бәрі — 700 дей кісі еді. Олардың екі бөлегі атты, бір бөлегі жаяу. Бұларды бастаушы — солардың шады Ілтеріс (Гудулу). Бұған Тоньюкук те қосылады. Сөйтіп, Ілтеріс түркі тайпаларының қағаны болады. Бұл салада Тоньюкуктің атқарған ролі тексте айрықша баяндалған. Гудулу қаған мен білгіш Тоньюкук екеуі біріге отырып, көрші тайпаларға шабуыл жасап, өз жерін кеңейтуді мақсат еткен. Өтукен жеріне алдын ала адамдар жіберудің нәтижесінде қаған әскерлері Шантун жазығы мен «Теңіз*

өзендеріне» дейінгі жерлерді шауып, өзіне бағындырды. Бұл жорық жөнінде Кюль-Тегін ескерткішінің кіші жазуында да мәлімет берілген.

Ілтеріс, Мочжо, Білге Қаған көрші Табғач, Оноқ халықтарынан қауіптенетін. Сол кездегі олардың ең қауіпті жауы — күшті Қырқыз қағаны болды. Тоньюкуктің айтуына қарағанда, Табғач, Оноқ және Қырқыз үш ханы бірігіп, шабуыл жасамақшы болған. Түргеш қағаны да олармен бірікпекші болған.

Тоньюкуктің кеңесі бойынша алдымен Қырқыз жеріне жорық жасау жоспарланды. Бірақ Көгмен жолын қар басқандықтан, басқа жол іздестіреді. Аз даласының жершісі Аны өзені бойымен жүру жөнінде кеңес берді. Әскерлер Тоньюкуктің бастауымен Ақтермел (В. В. Радловтың жобалауы бойынша Хуа-Кем) өзенінен өтті. Жол жүру өте қиынға соғып, 10 күн дегенде тау шыңына жетеді. Сол жерде жол бастаушы жолдан адасқандықтан бауыздалды.

27. ...«Аны субуғ баралым. Ол суб коды бардымыз, санағалы түсүртіміз, атығ ықабайур ертіміз... Күн йеме, түн йеме йелү бардымыз. Қырқызығ уқа басдымыз. Аны суымен барамыз. Ол сумен төмен бардық, санауға кідірдік, атты ағашқа байладық. Күн демей, түн демей желумен бардық. Қырқызды ұйқыда бастық».

28. «Сүңүгін ачдымыз, қаны сүсі тірілміс. Сүңүсдіміз, қанын өлүртіміз. Қағанқа қырқыз будуны ічікді, йүкүңті, йантымыз. Көгмен йысығ берү келтіміз. Сүңгімен аштық, ханы, жасағы жиналды. Сүңгілесіп, шаныштық, ханын өлтірдік. Қағанға қырқыз халқы бағынды, жүгінді. Қайыттық. Көгмен тоғайымен бері келдік».

29. «Қырқызда йантымыз — Қырқыздан қайттық».

Ескерткіштің екінші жартысында Түргештерге қарсы күрес, Оноқ халқының бағындырылуы, Ертіс өзені арғы жағына жасалған жорық, Йенчү өзенінен өтіп, жауды Темір Қақпаға дейін қуғандығы т. б. жөнінде бірсыпыра мәліметтер берілген. Бұл оқиға туралы өз дәуірінде В. В. Бартольд көрсеткендей, Кюль-Тегін ескерткішінің 34—39 жолдарында айтылған оқиға қайталанары. Бұған қарағанда, екі ескерткіштегі оқиға бір, яғни 711 жылы Қырқыздарға қарсы жасалған жорық жөнінде екені анық.

Тоньюкук ескерткішінің жасалып, орнатылуы жөнінде күні бүгінге дейін тюркологтар арасында екі пікір бар: бірі — Мочжо кезінде, екіншісі — Могилян хандығы кезінде жасалды деген. Текстегі фактіге қарағанда, біз соңғы пікірді қуаттаймыз. Сондықтан Тоньюкук ескерткіші 716 жылдан кейінгі кезде ғана жасалып, орнатылған деп білеміз.

## ТОНЬЮКУК КҮРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

### Оқылуы

1. Білге Тоньюкук бен өзүм Табғач<sup>10</sup> ілісе қылың-тым. Түрк будун табғачқа көрүр ерті.

2. Түрк будун, қанын болмайын, Табғачда адырылты, қанлапты. Қанын кодып, Табғачқа пана ічікді. Теңрі анча теміс ерінч: қан бертім.

3. қаныңын кодып, ічік-дің. Ічікдүк үчүн теңрі өлүт-міс ерінч. Түрк будун өлті, алқыпты, йоқ болты. Түрк сір будун йерінте

4. бод қалмады. Ыда таш-да қалмысы кубрапып, йеті йүз болты. Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті. Йеті йүз кісіг

5. ұдызығма, улуғы, шад ерті. Йағыл, — тіді. Йағмысы бен ертім — білге Тоньюкук. Қаған му қысайын — тідім. Сақынтым: турук буқалы, семіз буқалы арқада

6. білсер, — семіз буқа, турук буқа, тийін, білмес ерміс, — тийін. Анча сақын-тым. Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн өзүм өк қаған қысдым. Білге Тоньюкук, бойла баға тарқан

7. бірле, Ілтеріс, қаған болайын, беріе Табғачығ, өнре Қытанығ, йырайа Оғузуг — үкүс өк өлүрті. Біліг

### Аудармасы

1. Білгіш Тоньюкук менің өзім Табғаш елінде тәрбиелендім. Түрік халқы табғашқа бағынатын еді.

2. Түрік халқы ханы болмай, Табғаштан ажырады, ханданды. Ханын қойып, Табғашқа және бағынды. Тәңрі дегендей хан берді.

3. Ханын қойып бағындың. Бағынғаның үшін тәңрі өлтірмес, бәлкі. Түрік халқы өлді, әлсіреді, жоқ болды. Түрік сір халқы жерінде

4. ештеңе қалмады. Үйде, тыста қалғаны жиналып, жеті жүз болды. Екі бөлегі атты, бір бөлегі жаяу еді. Жеті жүз кісіні

5. бастаушы үлкен шад еді. Жақында — деді. «Жақында дегені мен едім — Білгіш Тоньюкук. Қағанды ма қысайын — дедім. Ойландым: арық бұқалы, семіз бұқалы кейінде

6. білсе семіз бұқа-арық бұқа — дейін. Түсінетін болар. Сонша ойландым. Содан кейін тәңрі білік бергені үшін қағанды, өзім әбден қыстым. Білгіш Тоньюкук уәзірмен

7. бірге Ілтеріс қаған болайын. Ол оңтүстіктен Табғашты, шығыстан Қытанды, солтүстіктен Оғызды көп

<sup>10</sup> Табғач — қытайша «топо<так-пат» деген сөзден шыққан. Бұл сөз бертін келе қытай аталған. Ол біздің заманымыздағы 436—557 жылдардағы Солтүстік Вей әулиетіне қарасты бір рудың аты.

есі чаб есі бен көртүм. Чуғай  
кузын, Кара қумуғ олурур  
ертіміз.

8. Кейік йійү, табысған  
йійү, олурур ертіміз. Будун  
боғзы тоқ ерті, йағымыз  
тегіре учук тег ерті, біз шег  
ертіміз. Анча олурур еріккі,  
Оғуздантан көрүг келті.

9. Көрүг сабы антағ: То-  
куз огуз будун үзе қаған  
олурты, тір, Табғачғару  
Қуны сенүнүг ыдмыс, Қы-  
танғару Тоңра семіг ыдмыс  
саб анча ыдмыс: азкына  
түрк будун

10. йорыйур ерміс, қаға-  
ны али ерміс, айғучысы біл-  
ге ерміс. Ол екі кісі бар ер-  
сер, сіні Табғачығ өлүртечі,  
тірмен, өңре Қытанығ өлүр-  
течі, тірмен, біні Оғузығ

11. өлүртечі өк, тірмен.  
Табғач беріденйен тег! Қы-  
тан өңденйен тег! Бен йыр-  
дантайан тегейін! Түрк сір  
будун йерінте іді йорыма-  
зун! Усар, іді йокқысалым!

12. тірмен. Ол сабығ есі-  
діп, түн улысықым келмеді.  
Күнтүз олурсықым келмеді.  
Анта өтрү қағаныма өтүн-  
түм, анча өтүнтүм. Табғач,  
Оғуз, Қытан, бу үчегү қа-  
бысыр,

13. қалтачы біз өз іші-ты-  
сын тутмыс тег біз. Йуйқа  
еріккіг топлағалы учуз ер-  
міс, йнчге еріккіг үзгелі  
учуз, йуйқа қалын болсар,

өлтірді. Білік есі, сөз есі  
деп мені таныды. Шығай  
кузын, Қара құмды мекен-  
деуші едік.

8. Біз ол жерде киік етін  
жеп, қоян етін жеп отыру-  
шы едік. Халықтың тамағы  
тоқ еді, Төңірегіндегі  
жауымыз жыртқыш құстай  
еді. Біз шет едік. Сүйтіп  
отырғанымызда оғыздан ха-  
баршы келді.

9. Хабаршы сөзі мынадай:  
Тоғыз оғыз халқы қаған  
көтерді. Табғашқа Қуны  
сенүнді жіберді, Қытанға  
Тоңра семді жіберді, сөз  
сонша көп кетті: азғана тү-  
рік халқы

10. көшетін еді. Қағаны  
батыр еді, кеңесшісі білгіш  
еді. Ол екі кісі бар болса,  
сені, Табғачты өлтіреді, шы-  
ғыстағы Қытанды құрта-  
ды — дедім, мені — Оғызды

11. жояды, — дедім, —  
мен. Табғач оңтүстіктен тиін-  
дер! Қытан шығыстан тиін-  
дер! Мен солтүстіктен тией-  
ін. Түрік сір халқы жерінде  
ағалық етуші болмасын.  
Егер болатын болса, оны  
жоямын!—

12. дедім, — мен. Ол сөз-  
ді естіп, түн ұйқым келме-  
ді, күндіз отырғым келмеді.  
Бұдан кейін қағаннан өтін-  
дім. Сонша өтіндім. Табғаш,  
Оғыз, Қытан бұл үшеуі бі-  
рігер,

13. қалған біз іші-тысы-  
мызды сақтармыз. Жұқаны  
топтау оңай, жіңішкені үзу  
оңай, жұқа қалың болса,

топлагулук али ерміс ийич-ге

14. йоған болсар, үзлүгүк алп ерміс. Өнре Кытанда, беріе Табгачда, куруйа курданта йырайа Оғузда, екі-үч биң сүмүз. Келтечиіміз, бар му не? Анча өтүнтүм.

15. Кағаным, бен өзүм билге Тоньюкук өтүнтүк өтүнчүмін есидү берті. Көн-лүнче удыз, — тиді. Көк Өнүг йугуру Өтүкен йисфару удызтым. Ингек көлүкүн Тоғлада Оғуз келті.

16. Сүсі алты бың ерміс, биз екі бың ертіміз. Сүңүс-діміз, теңрі йарылкады... йандук йолта йеме өлті күк. Анта өтрү Оғуз копын келті.

17. Келүртім өк (?) Түрк будуныг Өтүкен йерке, бен өзүм билге Тоньюкук Өтүкен йеріг конмыс, тейин, есидіп, беріеки будун, қурый-акы, йырайақы, өнрекі будун келті.

18. Екі бың ертіміз, биз екі сү болты. Түрк будун олургалы, Түрк қаған олургалы, Сантун балыкка талуй үгүзке тегміс йоқ ерміс, қағаныма өтүнүп, сүлетдім.

19. Сантун балыкка, талуй үгүзке тегүртүм, үч отуз балык сыды. Усын бунтату йуртда йату қалур ерті. Табгач қаған йағымыз ерті, оноқ қағаны йағымыз ерті,

топтаған батыр болар, жінішке

14. жуан болса, үзуші батыр болады. Шығыстағы Табгашка, оңтүстіктегі Кытанға, батыстағы куртанға — түрікке, солтүстіктегі оғызға екі-үш мың әскермен келеміз. Бұл болмай не? Сонша өтіндім.

15. Кағаным менің өзім билгіш Тоньюкук өтінген өтінішімді ести берді. Өз бағытымен жүргіз, — деді. Мен әскерді көк Өң өзені, Өтүкен тоғайымен жүргіздім. Жүкті көлікпен Тоғлага оғыздар келді.

16. Әскері алты мың еді, биз екі-ақ мың едік. Кескілестік. Тәңрі жарылкады. Қнын жолда көп өлуі мүмкін еді. Бұдан кейін көптеген оғыздар келді.

17. Түрік халқын Өтүкен жеріне келтірдік. Сөйтіп, менің өзім билгіш Тоньюкук Өтүкен жеріне конуды ыңғайлады. Мұны естіп, бізге оңтүстік, батыс, солтүстік және шығыс халықтары келді.

18. Екі мың едік, ол екі отряд болды. Түрік халқы болгалы, түрік қағаны болгалы Шантун қаласы мен теңіз өзендеріне дейін жетпеген еді. Кағанымнан өтініш, әскерді жүргіздім.

19. Шандун қаласына, теңіз өзеніне жеттік. Жиырма үш қаласын қиратып, Усынбұнтаты жұртында қоныстануды ұйғардық. Табгач қағаны мен он оқ қағаны жауымыз болды.

20. артуқы кырқыз күч-  
ліг қаған йағымыз болты.  
Ол үч қаған өглесіп: Алтун  
йыс үзе қабысалым тіміс,  
анча өглесміс, өңре түрк  
қағанғару сүлелім, тіміс,  
аңару сүлемесер, кач нең,  
ерсер, ол бізні, —

21. қағаны алп ерміс, ай-  
ғучысы білге ерміс, кач нең  
ерсер, өлүртечі күк, үчегүн  
қабысып, сүлелім, аны йок-  
кысалым. — тіміс. Түргес  
қаған анча тіміс: бенің бу-  
дуным анта ерүр, тіміс.

22. Түрк будун йеме бул-  
ғанч (ол, — тіміс), Оғузы  
йеме тарқанч ол, — тіміс.  
Ол сабын есідіп, түн йеме  
удысықым келмез ерті,  
олурсықым келмез ерті, ан-  
та сақынтым...

23. ...сүлелім, — тідім.  
Көгмен йолы бір ерміс, ту-  
мүс, — тийін, есідіп, бу йо-  
лын йорысар, йарамачы, ті-  
дім... йерчі тіледім, чөлгі Аз  
ері бултым.

24. Өзүм Аз йірім, аны  
біл... ерміс, бір туруқы ер-  
міс, Анын бармыс, аңар  
йатып, бір атлығ бармыс, —  
тийін. Ол йолын йорысар,  
унч, — тідім, сақынтым, қа-  
ғаныма

25. өтүнтүм сү йорыт-  
дым, атлат, — тідім. Ақ тер-  
мел кече, оғраклатдым, ат  
үзе біштүре, карығ сөкдім,  
йокару ат йете, йадағын,  
ығач тутуну, ағтуртум өңре-  
кі ер

26. йуғуры тегүрүп, ы бар

20. артқы күшті кырғыз  
қағаны қауіпті жауымыз  
болды. Ол қаған келісіп, : ия  
біз шығыстағы түрік қаға-  
нына қарсы аттанамыз.  
Егер де біз оларға қарсы  
бармасақ, ол бізді

21. қағаны батыр, кеңес-  
шісі білгіш, мүмкін бізді  
жеңуі де. Үшеуіміз бірігіп,  
аттансақ, оны біз жеңе-  
міз, — деді. Түргеш қағаны:  
менің халқым онда болар, —  
деді.

22. Түрік халқы да, оғыз  
халқы да ыдырауда, — деді  
ол. Осы сөзді естіп, менің  
ұйқым келмеді, тыным тап-  
падым. Сонда ойландым...

23. Соғысамыз, — дедім.  
Көгменге барар жол бір,  
бірақ оның жабық екенін  
естіп, бұл жолмен жүруге  
болмайды, — дедім. Жер бі-  
летін кісі сұрадым. Ол шөл-  
дік Аз ері болды.

24. Өзімнің Аз жерім оны  
біл... Бір аялдама бар. Аны  
өзенімен жүріп кетсек, ко-  
наға дейін бір аттық жүріс.  
Ол жолмен жүруге мүм-  
кін, — дедім. Ойландым,  
қағанымнан

25. мен сұрадым. Әскерді  
жүргіздім. Аттан, — дедім.  
Ақ термел өзенін өте кіді-  
руді бұйырдым. Атқа міну-  
ге бұйырғаннан кейін қар-  
ды аршыдық. Атты жете-  
леп, жаяу ағаштан ұстап,  
жоғары көтерілдік. Алдын-  
ғы ерлер

26. кедергіні тазартып,

бас асдымыз, йобалы інтіміз, он түнкө йантыкы туғ берү бардымыз. Тірчи, йір йаңылып, богузланты, буңадып қаған: йелү көр, тіміс.

27. Аны субуғ баралым! Ол суб қоды бардымыз, санағалы түсүртіміз, атығ ықабайур ертіміз... Күн йеме, түн йеме йелү бардымыз, Қырқызыг ука басдымыз.

28. ...сүңүтін ачдымыз, қаны, сүсі тірілміс. Сүңүсдіміз, санчдымыз қанын өлүртіміз. Қағанка Қырқыз будуны ічікді, йүкүңті, йантымыз. Көгмен йысығ берү келтіміз.

29. Қырқызда йантымыз. Түргес қағанга көрүг келті, сабы антег, өңден қағанғару сү йорылым, тіміс, йорысар бізні: қағаны алп ерміс, айгүчысы білге ерміс, кач нең ерсер.

30. бізні өлүртечі күк, — тіміс. Түргес қағаны тасыкмыс, тіді, он оқ будуны қалысыз тасыкмыс, тір, Табғач сүсі бар ерміс. Ол сабығ есідіп, қағаным: бен ебгерү түсейін, — тіді.

31. Қатун йок болмыс ерті, аны йоғлатайын, — тіді, сү барың — тіді. Алтун йыста олурын, — тіді. Сү басы Инел қаған, Тардус сад барзун, — тіді. Білге Тоньюкүк баца айды:

32. бу сү елт, — тіді. Қыйынығ көңлүңче ай, бен саца не айтайын, — тіді. Ке-

басында бұтасы бар биіктен астық. Әбден қиналып, он күн дегенде, шынға бардық. Жол көрсетуші бағыттан жаңылып, бауыздалды, мұңайып қаған: жете көр, — деді.

27. Аны суымен барамыз. Ол сумен біз төмен бардық. Әскерлерді санағалы түстік. Атты бұтаға байладық. Күн демей, түн демей желіп бардық. Қырғызды ұйқыда бастық.

28. ...сүңгімен аштық, қаны, әскері жиналды. Кескілестік, шаныштық, ханын өлтірдік. Қағанға қырғыз халқы бағынды, жүгінді, қайыттық. Көгмен тоғаймен бері келдік.

29. Қырғыздан қайыттық. Түргеш қағанынан хабаршы келді. Сөзі мынадай: шығыстан қағанға әскер аттандырамыз, — деген. Аттанбасақ, бізді жеңеді, қағаны батыр, кеңесшісі білгіш, қалай болса да

30. бізді құртуы мүмкін, — деген. Түргеш қағаны жиналды, — деді, он оқ халқы қалмай жиналды, Табғач әскері бар, — деді. Ол хабарды естіп, қағаным: мен үйге қайтайын, — деді.

31. Қатын өлді, оны жөңелтейін, — деді. Әскерге барың, — деді, Алтын йыста кідірің, — деді. Әскер басы Инел қаған мен Тардуш шады барсын, — деді. Білгіш Тоньюкүк маған айтты:

32. Бұл әскерлерді жүргіз қиындықты көңліңше шеш, мен саған басқа не айтайын.



лір ерсер, кү ер үкүлүр,  
келмез ерсер, тылығ сабығ  
алы олур, — тиді. Алтун  
йысда олуртымыз

33. уч көрүг кісі келті, са-  
бы бір: қағаны сү тасықды,  
он оқ сүсі қалысыз тасық-  
ды, — тір. Йарыс йазыда ті-  
рілелім, — тіміс. Ол сабығ  
есідіп, қағанғару ол сабығ  
ыттым. Қантайын. Сабығ  
йана

34. келті: олурын, тийін ті-  
міс. Йелме, карағу едгүті ур-  
ғыл, басырма тіміс, бөгү (?),  
қаған баңару анча айыдымыс.  
Апа тарқанғару ічре саб ыд-  
мыс: білге Тоньюкук анығ  
ол, өз ол — аңлар

35. су йорылым... унаман!  
Ол сабығ есідіп, сү йорыт-  
дым. Алтун йысығ йолсузын  
асдым. Ертис үгүзүг кечіг-  
сізін кечдіміз, түн қатдымыз,  
Болчуқа таң үнтүрү тегді-  
міз.

36. Тылығ келүрті, сабы  
антағ: Йарыс йазыда он тү-  
мен сү тірілті, — тір. Ол са-  
бығ есідіп беглер қопан

37. йаналым! Арығ обуты  
йіг, — тиді. Бен анча тірмен:  
Бен білге Тоньюкук Алтун  
йысығ аса келтіміз, Ертис  
үгүзүг

38. кече келтіміз. Келмісі  
алп. — тиді. Туймады. Тенрі,  
Умай, ыдуқ Йер суб баса  
берті ерінч. Неке тезербіз,

39. үкүс тийін, неке қор-  
қыр біз, аз тийін. Не, басы-  
налым, тегелім, — тидім.

Келсе, ерлер көбейер, келме-  
се, тілді — сөзді жиа отыр, —  
деді. Біз Алтын йыста бол-  
дық.

33. үш хабаршы кісі кел-  
ді, сөзі бір: қаған әскері ат-  
танды, он оқ әскері қалмай  
аттанды, — дейді. Йарыс  
жазығында бірігеміз, — де-  
ген. Ол сөзді естіп, мұны қа-  
ғанға жеткіздім, Қайтейн.  
Сөз және

34. келді: отырың, — де-  
лінген. Жүруге асықпаң, кү-  
зетшіні мықтап қойың, бас-  
тырмаң, — дегенді Бөгі қа-  
ған маған сонша айытқан.  
Апа тарқанға хабар жібер-  
ді: білгіш Тоньюкук ку ол,  
өзі аңғарар

35. әскермен жүреміз де-  
се, келіспең, бұл сөзді естіп  
әскерді жорыққа аттандыр-  
дым. Алтын йыс жолсызы-  
нан асып, өткілсіз Ертис  
өзенінен өттік. Түн қаттық,  
Болчуқа таң ата жеттік.

36. Тілші келді, сөзі мы-  
надай: Йарыс жазығында  
он түмен (жүз мың) әскер  
жиналды, — деді. Бұл сөзді  
естіп бектердің көпшілігі

37. қайтайық! Таза ұят, —  
игі, — деді. Мен сонша ай-  
ыттым: білгіш Тоньюкук  
Алтын йысты аса келдік.  
Ертис өзенін

38. өте келдік. Келетіні  
батыр, — деді. Түсінбеді.  
Тәңрі, Умай, қасиетті Жер  
су жеңіс берді. Неге қаша-  
мыз,

39. көп деп, өзімізді аз  
деп неге қорқамыз, тиіссй-  
ік, — дедім. Тиістік, жауды

Тегдідіміз, Һайыдымыз.  
Екінші күн келті.

40. өртче кызып келті.  
Сүнүсүмиз бізінте екі учы  
сынарча артык ерті. Тенрі  
Һарыакадук үчүн үкүс тий-  
ин, биз

41. корыкмадымыз, сүнүс-  
дүмиз. Тардус сад ара ба-  
ды. Һайдымыз, каганын тут-  
дымыз, Һабгысын садын

42. анта өлтүрті, еліг че ер  
тутдымыз, ол оқ түн буду-  
нын сайу ытымыз. Ол сабыг  
есидіп, он оқ беглері будуну  
көп

43. келті, Һүкүнті. Келге-  
ме беглерін будуну итп.  
Һыгып азча будун тезме ер-  
ті, он оқ сүсін сүлетдім.

44. Биз Һеме сүледіміз,  
аны іртіміз. Һенчу үгүзүг  
кече, Тинесі оглы Һатыгма  
Бенлігек тагы...

45. Темір капыкка тегі ер-  
тіміз, анта Һантурдымыз,  
Һел кағанка... гка тезік,  
токрысын

46. анта Һерүкі (?) сук  
бастыг Согдак будун көп  
келті. Ол күнте тегі Түрк  
будун Темір капыкка

47. Тинесі оглы Һатыгма  
тагқа тегміс, ілі Һок ерміс.  
Ол Һерке бен, білге Тонью-  
кук, тегүртүк үчүн

48. сарыг алтын, өрүк кү-  
мүс кыз-кудыз, еррїтебі,  
агы бунсуз келүрті. Һтеріс  
каған біліг есін үчүн.

49. алпын үчүн Табгачка

кудык. Екінші күн жаулар  
келді,

40. өрттей кызып келді.  
Сүнгїлестік. Бізден екі жа-  
гы да жартыдай артык еді.  
Тенїрдїн жарылкаганы үшїн  
бїз

41. корыкпадык. Сүнгїлес-  
тік. Тардуш шады арасында  
болды. Кудык. Каганын ұс-  
тадык, Һабгысын, шадын

42. сонда өлтїрдїк. Елу-  
дей ер ұсталык. Сол күнї  
халык сайын хабар жїбер-  
дїк. Ол сөздї естїп, он оқ  
бектерї халкы көп

43. келді, жүгїндї. Келген  
бектер мен халыктарга қа-  
рағанда, олардын азшылы-  
гы кашқан. Он оқ әскерін  
жорыкка аттандырдым.

44. Бїз және кескїлестїк.  
Оны кудык Һенчу өзенїн  
өте, Тинесї ұлы тұрагы Бен-  
лігек тауын...

45. Темір какпаға дейін  
кудык. Одан қайтардык.  
Һел кағанка... гка тәжік,  
токрысын

46. сондагы жерге сук  
бастыкты Согды халкы көп  
келді. Сол күнї жетті түрїк  
халкы Темір какпаға

47. Тинесї ұлы тұратын  
тауға жетті. Бастаушысы  
жок еді. Мен бїлгїш Тонью-  
кук әскердї жеткїзгенї үшїн

48. сары алтын, ак кү-  
мїс, кыз-қыркын кымбатты  
асыл дүние қайгысыз келе-  
тїн. Һтерїс каған бїлік есї  
үшїн

49. батырлығы үшін Таб-

йеті йегірмі сүнүсді, Қытан-  
ка йеті сүнүсді, Оғузқа бес  
сүнүсді, анта айғушы.

50. йеме бен өк ертім, йа-  
ғычысы йеме бен ертім, Іл-  
теріс қағанка... Түрік бөгү  
қағанка Түрк білге к...

51. Қапаған қаған... түн  
ұдыматы.

52. күнтүз олурматы, кы-  
зыл каным төкті, кара терім  
нүгүрті, ісіг күчіг бертім өк,  
бен өзүм узун йелмег йеме  
ыттым ок.

53. Арқуї карағуғ ұлғарт-  
тым, басынығма йатығ ке-  
лдіріп ертім, қағанымын сү-  
летдіміз, теңрі йарылқазу!

54. Бу Түрк будунка йа-  
нықлығ йағығ келтүрмедім,  
төгүніліг атығ йүгүртмедім.  
Ілтеріс қаған қазғанмасар,

55. ұду бен өзүм қазған-  
масар, іл йеме, будун йеме  
йөк ертечі ерті, қазғантуқын  
сун ұдуғ өзүм қазғантуқым  
сун

56. іл йеме іл болты, будун  
йеме будун болты. Өзүм ка-  
ры болтым, ұлуғ болтым, нең  
жердегі қағанлығ будунка

57. бұктүгі бар ерсер, не  
мұны бар ертечі ерміс.

58. Түрк Білге қаған іліне  
Титдім бен білге Тоньюкүк.

59. Ілтеріс қаған қазған-  
масар, йөк ерті ерсер, бен  
өзүм, білге Тоньюкүк, қаз-  
ғанмасар, бен йөк ертім ер-  
сер.

ғашқа қарсы он жеті рет со-  
ғысты, Қытанға қарсы жеті,  
Оғыздарға қарсы бес рет со-  
ғысты, сондағы кеңесшісі де

50. мен едім, жетекшісі де  
мен едім, Ілтеріс қағанға...  
түрік батыр қағанға, түрік  
білгіш к...

51. Қапаған қаған... Түн  
ұйықтады.

52. күндіз отырмады, кы-  
зыл канымды төкті, кара те-  
рімді ағызды. Жігерімді, кү-  
шімді жұмсап, өзімді алыс  
шабуылға ұйғардым.

53. Орхон күзетін үлкейт-  
тім, басынған жауды келтір-  
дім. Жорықты қағаныммен  
бірге жүргіздім. Тәңрі жа-  
рылқалды.

54. Бұл түрік халқына жа-  
рақты жауды, қарулы атты-  
ны келтірмедім. Ілтеріс қа-  
ған мұны етпесе

55. ақыры мен өзім де  
осылай етпесем, ел тағы да,  
халық тағы да жоқ болған  
болар еді, менің мұны аң-  
ғарғаным үшін

56. ел енді ел болды, ха-  
лық енді халық болды. Өзім  
картайдым, үлкейдім. Қай  
жердегі енді қағандық ха-  
лыққа

57. қамқоршысы болса,  
халықтың не мұны бар бо-  
лар.

58. Түрік білгіш қағанның  
еліне ескерткіш орнатуды  
бұйырған мен білгіш Тонью-  
күк.

59. Ілтеріс қаған мұндай  
етпесе, осындай болмаған  
болар еді, сондай-ақ білгіш  
Тоньюкүк мен де бұлай  
болмаған болар едім.

60. Қапаған қаған Түрк сір будун йірінте бод йеме, будун йеме, кісі йеме іді йок ертечі ерті.

61. Ілтеріс қаған, білге Тоньюкук қазғантук үчүн Қапаған қаған Түрк сір будун йорыдуқы (бу...)

62. Түрік Білге қаған, Түрк сір будунуғ Оғуз будунуғ ігідү олтурур.

60. Қапаған қағанның түрік сір халқы жерінде мемлекет те, халық та оның йесі де болмаған болар еді.

61. Ілтеріс қаған мен білгіш Тоньюкук осылай еткендігі үшін Қапаған қағанның түрік сір халқы өмір сүрді.

62. Түрік Білгіш қаған түрік сір халқын, оғыз халқын жоғарылатты.

### ЕСКЕРТКІШТИҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖАҒЫ









1. Текетегі төрт дауысты дыбыс қазақ тіліндегі сегіз а, е, ы, і, о, ө, у, ү дауысты дыбыстардың орнына қолданылады. Сөздің жуан, не жіңішке келуі буын не тіркес келген дауыссыз дыбыстар арқылы ажыратылады.

Т — ат «лошадь», «нимя», «стрелять».

БР — бар «ходит», «есть».

БРЬ — бер «дай».

Текетегі дауыстылардың жігін төмендегідей таблицамен көрсетуге болады.

Ерін қатысына қарай	Тіл қатысына қарай		Йек қатысына қарай
	жуан	жіңішке	
Езулік дауыстылар	 — ы	 — и	қысаң
	 — а	 — е	ашық
Еріндік дауыстылар	 — у	 — ү	қысаң
	 — о	 — ө	ашық

2. Дауыссыз дыбыстар тексте үш топқа бөлінеді:

а) қос дауыссыздар. Олар жуан және жіңішке болып екіге бөлінеді:

Жуан дауыссыздар **Б** б, **Ғ** ғ, **Д** д, **Л** л, **С** с, **Т** т,

**Қ** қ, **Н** н, **Й** й,

Жіңішке дауыссыздар **БЬ** бь, **Ғ** ғ, **Х** х, **ДЬ** ды, **Ү** ү, **ЛЬ** лы, **І** і, **СЬ** сы,

**НЬ** нь, **Ғ** ғ, **В** в, **Қ** қ, **ЙЬ** йь, **НЬ** нь.

Жалаң дауыссыздар: **М** м, **П** п, **Ү** ү, **Л** л, **Ч** ч,

**Ү** ү, **Ш** ш, **Ү** ү, **З** з

Дыбыс тіркестері: **НТ** нт, **НЧ** нч, **ЛТ** лт.

3. Қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, тексте көзге түсетін ерекшеліктер — дыбыстардың алмасуы.

а) Дауыстылардың алмасуы  
а/о<sup>11</sup>

Мысалы: аны — оны «его».

ы/а

Мысалы: ығач — ағаш «деревно».

у/ү

Мысалы: куз — құз «степь».  
уч — үш «летать».

<sup>11</sup> Алдыңғысы ескерткіштегісі, соңғысы қазіргі қазақ тіліндегісі.

улуғ — ұлық «большой»,  
бу — бұ «это».

ү/і

Мысалы: үчүн — үшін «для»,  
өтүн — өтін «просить»,  
йүкүн — жүгін «кланяться»,  
күнтүз — күндіз «днем»,  
көртүм — көрдім «я видел»,  
күмүс — күміс «серебро».

і/е

Мысалы: іір — жер «земля»,  
іә — ел «народ, государство».

*б) Дауыссыз дыбыстардың алмасуы*

б/м

Текстегі б дыбысы арқылы келетін кейбір сөздер казак тілінде м дыбысы арқылы келеді. Мысалы:

беп — мен «я»,  
баңа — маған «мне»,  
бың — мың «тысяча»,  
буң — мұң «горе, печаль».

ч/ш

Тексте ш дыбысты тек екі сөзде (шег — шек «граница», шад — уәзір «титул») кездеседі. Казак тілінде ш кездесетін сөздерде текте ч қолданылады. Мысалы:

ач — аш «открыть»,  
үч -- үш «три»,  
өтүнч — өтініш «просьба»,  
ыгач — агаш «деревно»,  
чөл — шөл «степь».

й/ж

Текстегі сөз басындағы й дыбысы казак тілінде ж дыбысымен алмасады. Мысалы:

йол — жол «дорога»,  
йер//іір — жер «земля»,  
йоқ — жоқ «нет»,  
йағ — жау «враг»,  
йүз — жүз «сто».

## д/й

Текстегі кейбір д арқылы келетін сөздер қазақ тілінде й арқылы келеді. Мысалы:

кедгү — кигі — киім «одежда»,  
бод — бой «рост»,  
адырылты — айрылды «отделяться, умер»,  
код — кой «класть»,  
бунадуп — мұнайып «испытывая мучение».

## л/д

Кейбір сөздердегі үнді л дыбысы ұяң д мен алмасады. Мысалы:

аңлар — аңдар «будеть понимать»,  
боғузланты — бауыздалды «быть заколотым».

## з/с

Текстегі кейбір сөз аяғындағы з дыбысы қазақ тілінде с мен алмасады. Мысалы:

келмез — келмес «не будет приходить»,  
барзун — барсын «пусть идет».

## ғ/у

Текстегі ғ дыбысы, қазақ тілінде, көбінесе, сөз аяғында у дыбысымен алмасады. Мысалы:

тағ — тау «гора»,  
йағ — жау «враг».

## г/у

Мысалы: үчегү — үшеуі «трое»,  
еліг — елу «пятьдесят».

## б/у

Мысалы: суб — су «вода».

Үндестік заңы. Текстегі сөздер де қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздері сияқты не жуан, не жінішке айтылады. Қосымшалар түбірге үндестік заңы бойынша жалғанады. Мысалы: қапығ — қақпа, қапығқа — қақпаға «к воротам».

бег — бек «начальник», беглер — бектер «начальники».

Тексте ерін үндестігі ерекше орын алады. Мысалы:

оғуз — оғыз «огузы»,  
күнтүз — күндіз «днем»,  
өтүнч — өтініш «просьба»,  
тоқуз — тоғыз «девять»,  
өзүм — өзім «я сам».  
өтүнгүм — өтіндім «я просил»,  
үлүгі — үлессі, бөлегі «часть, доля»,  
үчегү — үшеуі «трое, втроем».

#### Ескерткіштің лексикалық жағы

Тексте кездесетін сөздердің басым көпшілігі қазіргі қазақ тіліндегі сияқты күнделікті өмірде кездесетін сан алуан заттар мен түрлі құбылыстардың аттарын білдіретін сөздер.

Оларды біз үш топқа бөліп қараймыз.

I. Тексте және қазақ тілінде ешбір өзгеріссіз сақталған сөздер:

II. Дыбысталуы жағынан өзгеше сөздер.

III. Қазақ тілінде кездеспейтін сөздер.

#### I. Тексте және қазақ тілінде ешбір өзгеріссіз сөздер

Тексттегі сөздердің көпшілігі өзінің мағына жағынан да, тұлға жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі сөздермен бірдей келеді. Ондай сөздердің қатарына төмендегі сөздер жатады:

**Аз** — аз «мало, немного». Азқуна түркі будун (тон. 9) — Азғана түрік халқы «тюркский народ в небольшом количестве».

**Алқын** — алқыну «ослабеть». Түрк будун алқынты (Тон. 3) — түрік халқы алқынды. «Тюркский народ ослабел».

**Алп** — алып «герой», «великан», «силач». Қағаны алп ерміс (Тон. 10). — қағаны алып еді. «Каган его был сильный».

**Алты** — алты «шесть». Сүсі алтын бың ерміс (Тон. 6) — әскері алты мың еді. «Войско их было шесть тысяч».

**Аң-аң** — «понимание». Ол өз аңлар (Тон. 34) — ол өзі түсінер (аңғарар). «Сам он понимающий».

**Ара** — ара «между». Тардус шад ара бады (Тон. 41) — Тардус шады арасына барды «Тардушский шад принял участие».

**Арка** — арқа «спина», «позади». Арқада (Тон. 6), Арқада (артта) «позади».

**Артық** — артық «лишний». Артық ерті (Тон. 40) — артық еді. «Был лишний».

**Ас** — асу «переходить». Біз асдымыз (Тон. 26) — Біз астық «Мы перевалили».



**Бар** — бар «есть». Екі кісі бар (Тон. 10) — екі кісі бар «Есть два человека».

**Бас** — бас «голова», «напасть». Қырғызығ уқа басдымыз (27) — Біз қырғызды ұйқыда бастық «На киргизов мы напали во время (их) сна».

**Бұқа** — бұқа «бык». Буқалы (Тон. 5) — бұқалы. «Имеющий быка».

**Бес||беш** — бес «пять». Оғызқа бес сүңүсді (Тон. 49). — Оғыздарға қарсы бес рет соғысты. «Против огузов сражался пять раз».

**Бер** — бер «дать». Есідү берті (Тон. 15) — есіте берді «выслушали».

**Бол** — болу «быть», «стать». Будун йеме будун болты (Тон. 56) — Халық енді халық болды. «Народ стал народом».

**Біліг** — білік «знание». Біліг бертүк үчүн (Тон. 6) — Білік бергені үшін. «За дарование знания».

**Біз** — біз «мы». Ол бізні (Тон. 20) — Ол бізді. «Они нас».

**Бір** — бір «один». Көгмен йолы бір (Тон. 23) — Көгмен жолы бір. «Когмэнская дорога одна».

**Екі** — екі два. Екі үлүгі атлығ ерті (Тон. 4) — Екі бөлегі (үлесі) атты еді. «Две части их были всадниками».

**Есі** — йесі «хозяин». Чаб есін бен көртүм (Тон. 7) — Сөз йесін мен көрдім «Я знал оратора».

**Қан** — кан «кровь». Қызыл қаным (Тон. 52) — қызыл қаным. «Моя красная кровь».

**Кел** — кел «приходить». Келме «не приходи». Түн удысықым келмез (Тон. 22) — Түн ұйқым келмеген еді. «Ночью сон мой не приходил».

**Киік** — киік «дикая коза» (Тон. 8).

**Кісі//кіші** — кісі «человек». Йеті йүз кісіг (4). — Жеті жүз кісіні «Семьсот людей».

**Көк** — көк «синий», «голубой». Көк Өң (Тон. 15) название местности.

**Күн** — күн «день». Күнтүз олурсықым келмеді (Тон. 12) — Күндіз отырғым келмеді «Днем я не имел покоя» (Тон. 25).

**Қар** — қар «снег». Қарығ сөкдім — қарды тазаладым «Отчистил снег».

**Қары** — қары «старый». Өзүм қары болтым (Тон. 56) Өзім қары болдым «Я сам состарился».

**Қара** — кара «черный». Қара тер (Тон. 52) — кара тер «Черный пот».

**Қон** — қон «ночевать» Өтүкен йеріг қонмыс (Тон. 16) — Өтүкен деген жерге қондым «Ночевал в Отыюкене».

**Қыз** — қыз «девушка». Қыз — кудуз (Тон. 48) — қыз-қырқын «девушка и девица (девка)».

**Қызыл** — қызыл «красный». Қызыл қаным төктім (Тон. 52) — Қызыл қанымды төктім «Проливал свою красную кровь».

**Қыс** — қыс «принуждать», «заставлять», «настаивать», «приставать» (Тон. 5).

**Не** — не «что». Не айтайын (Тон. 32) — не айтайын «что я скажу».

**Ол** — ол «он». Ол екі кісі бар ерсер (Тон. 10) - - Ол екі кісі бар болса «пока существуют эти два человека».

**Оғыз** — оғыз «огузы» (народ). Оғыздантан көрүг келті (Тон. 8) Оғыздан тыншы келді «От огузов пришел лазутчик».

**Он** - - он «десять». Оноқ каганы йағымыз ерті. Он оқ ханы біздің жауымыз еді «Каган (народа) «десять стрел» был нашим врагом».

**Оқ** — оқ «стрела» (Тон. 19).

**Өл** — өл «умереть». Түрк будун өлгі (Тон. 3). Түрік халқы өлді «Тюркский народ умер».

**Өрт** — өрт «пожар». Өртче (Тон. 40) — Өрттей «как пожар».

**Сан** сан «число» Санагалы (Тон. 27) - - Санагалы «чтобы считать».

**Семіз** — семіз «жирный», «тучный». Семіз букалы (Тон. 6). — Семіз букалы «имеющий жирного быка».

**Сөк** — сөк «распаривать». Қарығ сөкдім (Тон. 25) — Қарды тазаладым «отчистил снег».

**Сыңар** - - сыңар «одна нора» (Тон. 40).

**Сен|сін** — сен «ты». Сені, табгачыг өлүртөчі (Тон. 10) -- Сені, табгачты өлтірер. «Тебя, табгачей они убьют».

**Таң** — таң «утро, заря» (Тон. 35).

**Тас** — тас «камень» (Тон. 4).

**Темір** - темір «железо». Темір қапығ (Тон. 45) — Темір қақпа «Железные ворота».

**Тер** — тер «пот». Кара терім (Тон. 52) — кара терім «мой черный пот».

**Тоқ** — тоқ «сыто». Будун боғзы тоқ ерті (Тон. 8) — Халықтың тамағы тоқ еді. «Народ был сыт» (Букв. Горло народа было сыто).

**Топ** — топ «группа» (Тон. 13) Топлағалы — топтағалы «чтобы сложить».

**Түн** — түн «ночь». Түн улысыкым келмеді (Тон. 12) — Түн ұйкым келмеді «Ночью не хотел спать».

**Тірі** — тірі «живой» (Тон. 28).

**Іс** — іс «работа» (Тон. 52).

**Үз** — үз «порвать» (Тон. 13).

Бұл жоғарыда көрсетілген сөздер қазіргі қазақ тілінде ешқандай өзгеріссіз қолданылып жүр.

## II. Дыбысталуы жағынан өзгеше сөздер

Текстегі көптеген сөздердің мағынасы тіліміздің қазіргі кезіндегідей өзгеріссіз қалғанымен, олардың айтылуы мен ды-

бысталуы жағынан елеулі өзгеріске ұшырағандығы да байқалады. Мұндай сөздердің қатарына төмендегі сөздер жатады:

**Адырылты** — айрылды, өлді «отделился» (Тон. 1).

**Анта** — онда «там». Анта өлүрті (Тон. 42) — Онда өлді. «Там умер».

**Аны** — оны «его». Аны біл (Тон. 24) — Оны біл «знай его».

**Анын** — онымен «с ним». Анын бармыс (Тон. 24) — Онымен барған. «С ним ходил».

**Анча** — сонша — «столько». Анча сақынтым (Тон. 6) — Сонша ойландым. «Столько задумал».

**Бана** — маған «мне» (Тон. 31).

**Бен** — мен «я» (Тон. 11).

**Бені** — мені «меня» (Тон. 10).

**Бенің** — менің «мой». Бенің будуным (Тон. 20) — Менің халқым. «Мой народ».

**Боғаз** (Тон. 8) — тамақ «горло».

**Бод** (Тон. 4) — бой «рост».

**Бун** — мұң «печаль, горе». Не буны бар? Не мұңы бар? «Что за горе имел?».

**Бың** — мың «тысяча». Біз екі бың ертіміз (Тон. 16) — Біз екі мың едік «Нас было две тысячи».

**Білге** — білгіш «мудрый». Білге Тоньюкук бен өзүм (Тон. 1) — Білгіш Тоньюкук менің өзім. «Я сам мудрый Тоньюкук».

**Еб/эб** (Тон. 30) — үй. «Дом».

**Екінті** — екінші «второй». Екінті күн келті (Тон. 39) — Екінші күн келді. «На второй день они пришли».

**Еліг** — елу «пятьдесят». Елігче ер тутдымыз (Тон. 42). Елудей ер ұстадық. «Около пятидесяти человек мы пленили».

**Игірмі** (Тон. 49) — жиырма «двадцать».

**Иағ** — жау «враг» (Тон. 8).

**Иадағ** — жаяу «пеший». Бір үлүгі йадағ ерті (Тон. 4). Бір бөлегі жаяу еді. «Одна часть их была пехотой».

**Иаңыл** — жаңылу «ошибиться», «сбиться». Йірчі йір йаңылып, боғузланты (Тон. 26). — Жершіл жерден жаңылып, бауыздалды. «Путеводитель, сбившись с пути, был заколот».

**Иана** — және «снова» и «еще». Иана ічікді (Тон. 2) — Және бағынды «Снова подчинился».

**Иара** — жара «быть годным» (Тон. 23).

**Иат** — жат «лежать». Иату қалур ерті (Тон. 19) — Жатып қалар еді. «Осталось на жительство».

**Йер//йір** жер «земля» (Тон. 11).

**Йеті** (Тон. 49) — жеті «семь».

**Йоған** (Тон. 13) — жуан. «Толстый».

**Йол** — жол «дорога», «путь». Йолта өлті (Тон. 16) — Жолда өлді. «Умерли на дороге».

**Йолсыз** (Тон. 35) — жолсыз. «Без дороги».

**Йуйка** (Тон. 13) — жұқа «тонкий»,

**Йурд** (Тон. 19) — жұрт «страна»,  
**Йоқ** — жоқ «нет». **Йоқ болты** (Тон. 3). **Жоқ болды**. «Не стало».

**Йығ** (Тон. 43) — жи «собирать».

**Йінчге** (Тон. 13) жіңішке «тонкий», «слабый».

**Кеч** — өт, кеш, «переходить». **Ертіс үгүзүг кече келтіміз** (Тон. 37) — **Ертіс өзенін өте келдік**. «Мы пришли переправясь через реку Иртыш».

**Күч** — күш «сила». **Қырғыз күчлүг қаған йағымыз ерті** — (Тон. 20). **Қырғыз күшті қаған жауымыз еді**. «Нашим врагом был киргизский сильный каган».

**Қапығ** (Тон. 45) — қақпа «дверь, ворота».

**Қод** (Тон. 2) — кой «класть, встать».

**Олур** — отыр «сидеть». **Олурур ертіміз** (Тон. 8). **Отуратын едік** «Мы сидели».

**Сарығ** — сары «желтый». **Сарығ алтун** (Тон. 48) — **Сары алтын**. «Желтое золото».

**Тағ** (Тон. 47) — тау «гора».

**Үч** — үш «три». **Үч қаған** (Тон. 20) — **үш қаған** «Три кагана».

**Үчегү** — үшеуі «трос». **Бу үчегү** (Тон. 13) — **Бұл үшеуі**. «Эти трое».

**Үчүн** (Тон. 40) — үшін «для».

**Чөл** (Тон. 23) — шөл «степь».

**Іл** — ел «народ», «государство». **Іл йеме іл болты** (Тон. 56) — **Ел снді ел болды**. «Государство стало (настоящим) государством».

**Іліңе** — еліңе (Тон. 58) — **сенің еліңе** «твоему народу».

**Іт** (Тон. 43) — ет «делать».

**Іші** (Тон. 13) — іші «внутри» (внутренняя часть чего-либо).

**Ығач** (Тон. 25) — ағаш «дерево».

### III. Қазақ тілінде кездеспейтін сөздер

Тексте жоғарыда көрсетілген сөздермен қатар қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін сөздер бар. Ондай сөздердің қатарына төмендегі сөздер жатады:

**Анығ** — сұм «хитрый». **Білге Тоньюкук анығ ол** (Тон. 34) — **Білгіш Тоньюкук сұм ол**. «Мудрый Тоньюкук — он хитрый».

**Ағы** (Тон. 48) — қазына «сокровища».

**Айғучы** (Тон. 10) — кеңесші «советник».

**Арығ** — таза «чистый». **Арығ обуты йіг** (Тон. 37) — **таза ұят игі**. «Стыд чистых хорош».

**Біт** — жаз «писать». **Іліңе бітітім** (Тон. 58) — **Еліңе жазуды бұйырдым**. «Приказал написать для народа».

**Бөгү** (Тон. 50) — бөгі «богю» (?)

**Бүнтүг** (Тон. 57) — іссіз (жұмыссыз)? «бездельник»?

Егіртебі (Тон. 48) — қымбатты «драгоценное».

Ір — қуу «гнать». Аны іртіміз (Тон. 44) — оны қудық.  
«гнали их».

Чаб//саб (Тон. 7) — сөз «слово».

Оғрақла (Тон. 25) — бұйыру «приказать».

Өгле (Тон. 25) — талқылау «рассудить».

Сақын — ойлану «задуматься». Сақынтым (Тон. 5) — ой-  
ландым «я думал».

Сү — әскер «войско». Сүсі алты бың ерміс (Тон. 16) — Әс-  
кері алты мың еді. «Войска их было шесть тысяч».

Табғач — Қытай «Китай». Табғач іліңе қылынтым (Тон. 1)  
— Қытай елінде тәрбиелендім «Получил воспитание в китай-  
ском народе».

Тегіре — төңірек «вокруг», «кругом». Йағымыз тегіре ерті  
(Тон. 8) — Айнала жау еді. «Враги были кругом».

Төгүн — таңба «клеймо», «тамга». Төгүнлік ат (Тон. 54) —  
таңбалы ат «лошадь с клеймом (с тамгой)».

Тез — қашу «бежать». Неке тезербіз? (Тон. 38) — Неге біз  
қашамыз? «зачем нам бежать?».

Тумус — жабық «закрыто». Көгмен йолы тумус (Тон. 23) —  
Көгмен жолы жабық. «Когмэнская дорога закрыта».

Улғарт (Тон. 53) — үлкейт «возвышать».

Үгүз (Тон. 38) — өзен «река».

Умай (Тон. 38) — әйел құдайы «женское божество».

Унч (Тон. 24) — мүмкін «возможно».

Учуз (Тон. 13) — арзан «легкий», «дешевый».

Ігід (Тон. 60) — көтеру, тәрбиелеу — «возвышать», «воспи-  
тывать».

Іді (Тон. 11) — ие (әкім) «властитель».

Ыдық (Тон. 38) — қасиет «священный».

#### IV. Ескерткіштің морфологиялық жағы

##### Зат есім

##### *Зат есімнің жасалуы*

Ескерткіштегі зат есімдердің барлығы түбір сөз болып ке-  
ле бермейді. Зат есімдер жұрнақ арқылы бір-бірінен я басқа  
сөз таптарынан да жасалады.

Тексте жаңа зат есім тудыратын жұрнақтардың бастыла-  
ры мыналар:

-чы, -чі. Айғычы — кенесші «советник». Йерчі — жерші  
«путеводитель». Йағычы — қолбасшы «Предво-  
дитель войска против врагов».

-ынч, -інч, -енч. Булғанч — былғаныш «Загрязнение».  
Өтүнч — өтініш «Просьба».

-лығ, -ліг. **Қағанлығ** — қағандық «Каганство»,  
**Иарықлығ** — қарулық «Снаряжение».  
**Төгүнліг** — құралдық «Вооружение».

-ғыма. **Иатығма** — тұратын орын. «Местожителство».

**Зат есімнің көпше түрі.** Зат есім жекеше және көпше түрінде кездеседі. Зат есімнің көптік түрі текте «-лар, -лер» жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы:

Оноқ бектері — Оноқ бектері. Начальники народа «Десятистрел». Текте сан есімдер «көп» (много), үкүл — бүкіл (все) сияқты сөздермен тіркес келген зат есімдерге қазақ тіліндегідей көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы:

**Көп будун** — көп халық «много народов».

**Иеті йүз кісі** — жеті жүз кісі «семьсот людей».

**Зат есімнің тәуелді түрі.** Тектегі тәуелді жалғаулар қазіргі қазақ тіліндегідей көп ерекшеленбейді. Мысалы:

**Будуным** — менің халқым «мой народ».

**Иерім** — менің жерім «моя земля», «моя родина».

**Иолы** — оның жолы «его, их путь».

**Оғлы** — оның ұлы «его (их) сын».

**Інісі** — інісі «его брат».

**Септіктер.** Текте септік алты түрлі.

Әр септіктің өзіне тән формалары бар.

1. **Атау септіктің** ешқандай тұлғасы, жалғауы болмайды. Мысалы: **Түрк** — түрк «тюрки», **йер** — жер, «земля», **йол** — жол «дорога», **тағ** — тау «гора», **қыз** — қыз «девушка».

2. **Ілік септік.** Текте -ың, -ің жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы: қағаның — қағаның, беінің — менің т. б.

3. **Барыс септік.** Істің, қимылдың бағытын білдіріп, төмендегідей жалғаулар арқылы жасалады:

а) **-ғары, -гері.** Мысалы: **ебгеру** — үйге қарай «домой», **қағанғары** — Қағанға «Кагану», **Табғачғары** — Қытайға «к Китаю». Бұл жалғау «ға» және «ру» қосымшаларынан тұрады. **-Ғары, -гері** — жалғаулары тек ескі түркі жазу нұсқаларында ғана жиі қолданылған. Бірақ қазіргі қазақ, сондай-ақ басқа туыстас түркі тілдерінде тек ескі қалдық түрінде бірен-саран сөздерде кездеседі.

Мысалы: жоғары — «вверх», ілгері — «вперед», «вперед».

б) **-қа, -ке:** мысалы: **Қапығқа** — қақпаға «к воротам».

**Йерке** — жерге «к земле».

**Оғузқа** — оғызға «к огузам».

в) **а, е.** Мысалы: **қағаныма** — қағанымға «моему кагану».

**Іліңе** — сенің еліңе «твоему народу».

4. **Табыс септік.** Текте қимылдың объектісін білдіріп, төмендегі жалғаулар арқылы жасалады.

а) **ы, і, ны, ні.** Мысалы:

**Қағаны** — қағанымға «кагана».

**Бізни** — бізді «нас».

**Аны** — оны «его».

б) **ығ, іг.** Мысалы: **Оғузығ** — оғызды «огузов».

**Атығ** — атты «коня».

5. **Жатыс септік.** Жатыс септік мекенді, орынды білдіріп, та, те, да, де жалғаулары арқылы жасалады.

Мысалы: **Таста** — таста «в камнях».

**Йолта** — жолда «на дороге».

**Қағанда** — қағанда «в кагане».

**Оғузда** — оғызда «в огузах».

6. **Шығыс септік.** Шығыс септік басқа септіктерге қарағанда өте аз қолданылған, бірақ кейбір тюркологтар айтқандай тіпті жоқ та емес. Тексте шығыс септік қимылдың қайту, шығу орнын білдіріп, «тан-тен, дан-ден» қосымшалары арқылы жасалады.

Мысалы: **Оғуздандан** — оғыздан «от огузов».

**Өнден** — алдынан «спереди».

#### Сын есім

Сын есімдер де негізгі және туынды болып екіге бөлінеді.

Туынды сын есімдерді жасайтын жұрнақтардың бастылары мыналар: -қы, -кі, -ғы, гі.

-лы, -лі,

-лығ, -ліг,

-сыз, -сіз.

Мысалы: **Күчліг** — күшті «сильный».

**Атығ** — атты «имеющий лошадь», «конный».

**Чөлгі** — шөлдік «степной».

**Буқалы** — бұқалы «имеющий быка».

**Йолсыз** — жолсыз «бездорожный».

Етістікке «ге» жұрнағы жалғану арқылы туынды сын есімдер де жасалады. Мысалы: **біл** — біл «знать», **білге** — білгіш «мудрый».

#### Сан есім

Тексте сан есімдер мағынасына қарай төмендегідей топқа бөлінеді. Олар:

1 **Еселтік.** **Бір** — бір «один».

**Екі** — екі «два».

**Үч** — үш «три».

**Бес** — бес «пять».

**Алты** — алты «шесть».

**Иеті** — жеті «семь».

**Тоқуз** — тоғыз «девять».

**Он** — он «десять».

**Еліг** — елу «пятьдесят».

**Йүз** — жүз «сто».

**Бың** — мың «тысяча».

**Түмен** — түмен, он мың «десять тысяч».

2. **Реттік сан есім.** Тексте реттік сан есім «иті» жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы. **Екінті** — екінші «второй».
3. **Жинақтау сан есімі.** Тексте «егү» жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы. **Үчегү** — үшеуі «трое».
4. **Болжалды сан есім.** Тексте болжалды сан есім «ча, че» жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы. **Еліг-че елудей** «около пятидесяти».
5. **Аралас сан есім.** Мысалы. **Үч отуз** — жиырма үш. «Двадцать три». **Үсеті** игрмі — он жеті «семнадцать». В. В. Бартольд аралас сан есімдер XI ғасырдағы «Құдатғү білігтен» кейінгі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді деп тұжырымдаса<sup>12</sup>, С. Е. Малов сары ұйғырлар тілінде әлі де қолданатындығын атап көрсетті<sup>13</sup>.

#### Есімдік

Тексте есімдіктер төмендегідей топқа бөлінеді. Олар:

1. **Жіктеу есімдігі.** **Бен** — мен «я»,  
**Сін//сен** — сен «ты».  
**Ол** — ол «он».  
**Біз** — біз «мы»,  
**Сіз** — сіз «вы».

Жіктеу есімдіктері септеледі.

Атау: **бен** — мен «я».

Ілік: **бениң** — менің «меня».

Барыс: **баца** — маған «мне».

Табыс: **бени** — мені «меня».

2. **Сұрау есімдігі.** **Қач** — қанша «сколько».  
**Неке** — неге «к чему, для чего».  
**Не** — не «что».  
**Антег** — қандай «какой».
3. **Сілтеу есімдігі.** **Бу** - - бұ, бұл «это».  
**Ол** — сол «тот».
4. **Өздік есімдік.** **Өз-өз** «сам» өзүм-өзім «я сам».
5. **Болымсыздық есімдік.** **нең** — ештеңе «ничто».
6. **Жалпылау есімдігі.** **Үкүл** — бүкіл «все».

<sup>12</sup> В. В. Бартольд. Система счисления орхонских надписей в современном диалекте. СПб., 1907, стр. 3 (Отд. оттиск из «Записок Вост. отд. Русск. археол. общ.», 1906, стр. 0171--0173).

<sup>13</sup> С. Е. Малов. К изучению турецких (т. е. тюркских) числительных. В сб.: «Академия наук СССР — акад. Н. Я. Марру». Л., 1935, стр. 271--277.



## Етістік

Тексте етістіктер құрылысына қарай үшке бөлінеді.

1. Түбір етістік. Мысалы: **Кел** — кел «приходи».

**Йүр** — жүр «ходи».

**Түт** — ұста «держи».

2. Туынды етістік. Мысалы: **Йорт** — жүргіз «заставить ходить».

**Келтүр** — келтір «настаивать придать».

**Атлат** — аттан «сесть на лошадь».

**Сана** — сана «считать».

**Топла** — топта «сложи».

3. Күрделі етістік

Мысалы: **Келүр ерті** — келер еді.

**Барсар ерті** — барса еді.

**Олурур ерті** — отыратын еді.

Етістіктің болымсыз түрі «ма, ме» арқылы жасалады. **Йелме** — желме «не скачи». **Барма** — барма «не ходи», **келме** — келме «не приходи».

**Есімше.** Тексте есімшелер төмендегі жұрнақтар арқылы жасалады: 1. **Есімшенің өткен шағы:** а) «мыс, -міс» жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы. **Болмыс** — болған «ставший».

**Тасықымыс** — тараған «распространившийся».

**Қонмыс** — қонған — «ночевавший».

б) **-дук, -дүк, -тук, -түк** жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы:

**Ічідүк үчүн** — бағынғанымыз үшін «ради подчинения».

**Қазғантукум үчүн** — тапқаным үшін «ради моего приобретения».

2. **Есімшенің келер шағы**

**ур, үр, ар, ер, р** жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: **Келүр** — келер «будет придать».

**Қабысур** — бірігер «будет соединяться».

**Тезер** — қашар «будет бежать».

3. **Есімшенің осы шағы «чы, чі»** жұрнақтары арқылы жасалды.

Мысалы:

**Қалгачы** — қалушы «отстающий».

**Өлүртечү** — өлуші «умирающий».

## Көсемше

Көсемшелер тексте төмендегі жұрнақтар арқылы жасалады.

1. **ып, іп, п.** Мысалы: **Ятып** — жатып «лежав».

- Тутып — ұстап «держав».  
 Есідіп — естіп «слушав».  
 Өтүніп — өтініп «просив».  
 2. а, е. Мысалы: Аса — аса «переходя».  
 Тута — ұстай «держав».  
 Йете — жете «достигая».  
 3. ы, і, у, ү. Мысалы: Йіу — жей «кушая».  
 Йелү — желе «скакав».  
 4. ғалы, гелі. Мысалы: Санағалы — санағалы «чтобы считать».  
 Топлағалы — топлағалы «чтобы сложить в кучу».

С. Е. Малов текте кездесетін «йын, — йін (болмайын, тийін) және «ты» (удыматы, олурматы) қосымшаларын көсемшелердің жұрнағы қатарына жатқызады<sup>14</sup>.

Үстеу. Үстеу текте басқа сөз таптарына қарағанда көп емес. Олар өзінің құрылысына қарай негізгі үстеу және туынды үстеу болып екіге бөлінеді.

Негізгі үстеулер: Тег — ұқсас «похоже».

Өк — тек «лишь».

Өн — ерте «раньше». т. б.

Туынды үстеулер: Ебгерү — үйге қарай «домой».

Кунтүз — күндіз «днем».

Өртче — өрттей «как пожар».

Ічре — ішке «внутри».

Тектегі үстеулер де қазіргі қазақ тіліндегідей мағынасына қарай үшке бөлінеді. Олар:

1. Мекен үстеуі. Мысалы: Аркада — кейінде «взадн».

Коды — төмен «вниз».

Йокары — жоғары «вверх».

Тюкары — жоғары «вверх».

2. Мезгіл үстеуі. Мысалы: Кунтүз — күндіз «днем».

3. Амал үстеуі. Ебру — айнала «обойдя».

### Текстің синтаксистік жағы

Орхон-енісей жазу нұсқаларын оқып, оларды түркі тілдеріне аударып, талдау жасауға назарын аударған ғалымдардың көпшілігі дерлік ескерткіштердің әдеби, фонетика, лексика жақтарына көбірек мән берді де, олардың морфологиялық және синтаксистік жақтарына жете көңіл бөлмеді. Осыған орай орхон-енісей ескерткіштерінің, әсіресе, синтаксистік жақтары ғылыми тұрғыдан әлі зерттелмей келеді.

Сөздердің өзгеру ережелерін, сөйлем ішіндегі сөздердің бірімен-бірінің байланысу ережелерін айқындайтын сөйлем жүйелерін тарихи тұрғыдан қарастырудың мәні айрықша.

Біз бұл жерде Тоңюкук ескерткішіндегі қазіргі қазақ,

<sup>14</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, стр. 71.

сондай-ак баска туыстас тилдерде кездесетін сөйлөмдерге кыскаша кидіріп өтуді орынды көрдик.

Тоньюкук ескерткішінде 122 сөйлөм бар. Олар мағынасына, айтылу ерекшеліктеріне қарай: хабарлы, лепті және сұраулы болып жіктеледі.

### 1. Хабарлы сөйлөм.

*Қағанқа қырғыз будуны ічкді* — қағанға қырғыз халқы бағынды «Киргизский народ подчинился кагану».

*Түрк будун алқынты* — Түрік халқы әлсіреді. «Тюркский народ ослабел». *Артуқы Қырғыз күчліг қаған йағымыз болты* — Артқы күшті қырғыз қағаны жауымыз болды. «Больше всего был нашим врагом киргизский сильный каган». *Екінті күн келті* — екінші күн келді. «На второй день они пришли».

### 2. Сұраулы сөйлөм.

*Не буңы бар?* — Не мұны бар? «Что за горе имел?» *Неке тезербіз?* — Неге біз қашамыз? «Зачем нам бежать?» *Бен саңа не айайын?* Мен саған не айтайын? «Что я тебе скажу?»

### 3. Лепті сөйлөм.

*Көңлүңче удыз!* Өзінше жүргіз! «Следуй по своей воле! *Атлан!* — *Аттан!* «Садись на коней!» *Йаналым!* *Арығ обутың!* қайтайық! Таза ұят игі! «Вернемся! Стыд чистых хорош!»

## Сөйлөм мүшелері

### 1. Бастауыш.

а) Бастауыш болатын сөздер атау тұлғада тұрады. *Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты* — ел енді ел болды, халық енді халық болды. «Государство стало настоящим государством, а народ же стал настоящим народом». *Түрк сір будун йерінге бод қалмады* — Түрік сір халқы жерінде мемлекет қалмады. «На земле народа тюрков — сиров не осталось государства».

б) Атау тұлғадағы тәуелдік жалғаулы сөздер бастауыш болады. *Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті* — Екі бөлегі атты, бір бөлегі жаяу еді. «Две части из них были всадниками, а одна часть из них была пехотой».

в) Есімдіктер де сөйлөмде бастауыш қызметін атқарады. *Білге Тоньюкук бен өзүм Табғач іліңе қылынтым.* Білгіш Тоньюкук менің өзім Табғаш елінде тәрбиелендім. «Я, сам мудрый Тоньюкук получил воспитание под влиянием культуры народа Табгач».

г) Сөз таптарының басқалары да зат есім есебінде септік және жіктік жалғаусыз айтылса, сөйлөмде бастауыш болады.

*Бу үчегү қабысыр* — бұл үшеуі қабысар (бірігер). «Эти трое соединяются».

## 2. Баяндауыш.

Сөйлемде баяндауыш болып келетін, негізінде, етістіктер болса да, ол сондай-ақ басқа сөз таптарынан да болады.

*Чуғай құзын, қара құмығ олуур ертіміз* — Шығай құзы мен Қара құмды мекендеуші едік. «Нашим местожителством были Куз Чугая и Кара кумы». *Біз йеме сүледіміз, аны іртіміз.* Біз тағы да соғыстық, оны қудық. «Мы еще воевали и гнали их». *Түн ұдыматы, күнтүз олурматы.* Түн ұйықтамады, күндіз тыным таппады. «По ночам не спал и не имел покоя днем».

*Улуғы шад ерті* — Үлекі шад еді «Старший из них был шад».

*Көгмен йолы бір* — Көмен жолы бір. «Дорога на Когмен одна».

*Сү басы — Інел қаған — Әскер басы — Інел қаған.* «Начальник войска Инэль қаған».

3. Анықтауыш. Сөйлемде анықтауыш сөз таптарының қай-қайсынан да бола береді.

*Қызыл қаным төкті, қара терім йүгүрті.* Қызыл қанымды төгіп, қара терімді ағызды. «Проливая красную свою кровь, заставлял течь свой черный пот». *Семіз бұқа, тұруқ бұқа.* Семіз бұқа, арық бұқа. «Жирный бык и тощий бык».

*Йеті йүз кісі* — Жеті жүз кісі. «Семьсот людей».

*Бу үчегу қабысыр* — Бұл үшеуі бірігер. «Эти трое соединяются».

## 4. Толықтауыш.

Толықтауыш та қазіргі қазақ тіліндегідей зат есім және есімдіктермен айтылып, іліктен басқа септіктерде тұрады.

*Ертіс үгүзүг кечігскізін кендіміз.* Ертіс өзенін өткілсіз өттік. «Мы переправились без брода через реку Иртыш».

*Аны-іртіміз* — Біз оны қудық «мы их гнали».

*Ол екі кісі бар ерсер, сіні Табғанығ өлүртечі, — тірмен.* Ол екі кісі бар болса, сені, табғашты өлтіреді — дедім. «Пока существуют эти два человека, то вас, Табгачей, они убьют, — говорил я». *Темір қанығқа тегі іртіміз* — Темір қақпаға дейін қудық. «Мы прогнали до Темира капыг».

5. Пысықтауыш. Тексте пысықтауыш, көбінесе, үстеулерден болады.

### а) Мезгіл пысықтауыш.

*Күнтүз олурматы* — күндіз отырмады. «Днем не отдыхал».

*Түн ұдысықым келмеді* — Түн ұйқым келмеді. «Ночью не хотел спать».

*Болчуқа таң үнтүрү тегдіміз.* Болчуққа таң ата жеттік. «Рано утром достигли Болчу».

б) Мекен пысықтауыш. *Бен обгерү түсейін.* — Мен үйге

қарай қайтайын. «Я отправляюсь домой». Біз қоды бардымыз. — Біз төмен бардық. «Мы шли вниз». Біз беру келтіміз — Біз бері келдік. «Мы шли сюда».

в) қимыл-сын пысықтауыш.

*Күн йеме, түн йеме йелу бардымыз.* Күн демей, түн демей желіп бардық. «И ночью, и днем мы быстро скакали».

г) Себеп пысықтауыш.

*Апта өтру қағанымә өтүнтүм.* Сондықтан қағанымнан өтіндім. «После этого я обратился с просьбой к кагану».

е) Мақсат пысықтауыш.

*Санағалы түсіртіміз — Санағалы кідірдік.* «Остановись чтобы пересчитать».

### Сөйлемдегі сөздердің өзара байланысы

Сөйлемде сөздер өзара бірімен-бірі үйлесіп, байланысып келеді.

Олар қазіргі қазақ тіліндегі сияқты салаласа және сабақтаса байланысады.

а) тексте сөздер біріне бірі бағынбай да байланысып келеді.

*Табғач, Оғуз, Қытан бу үчегу қабысыр.* Табғаш, оғыз, қытан бұл үшеуі бірігер. «Табгачи, огузы, киданы, эти трое объединяются».

*Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болды.* Түрік халқы өлді, әлсіреді, жоқ болды. «Тюркский народ ослаб, обессилел, его не стало».

б) Ескерткіштегі сабақтаса байланысқан сөздердің синтаксистік байланысы төмендегідей болып келеді.

1. Қиысу.

*Біз сүңүсдіміз.* Біз кескілестік. «Мы воевали».

*Ол туймады — ол түсінбеді.* «Он не понял».

*Он түмен сү тірілті — Жүз мың әскер жиналды.* «Собралось десять туменов войска». *Қапаған қаған түн іудыматы.* Қапаған қаған түн ұйықтамады. «Қапаган каган не спал по ночам».

2. Меңгеру.

*Қаған қа Қырқыз будуны ічікді.* Қағанға қырғыз халқы бағынды. «Киргизский народ подчинился кагану». «*Қанын өлүртіміз — қанын өлтірдік.* «Их хана мы умертвили».

*Түрк будун қанын қодып, Табғачқа йана ічікді.* Түрік халқы қанын қойып, қайта Табғачқа бағынады. «Тюркский народ оставив своего хана, снова подчинился государству Табгач».

#### 4. Қабысу.

*Қағаны аял ерміс, айгучысы білге* — Қағаны батыр, кенесшісі білгіш. «Қаған еге — герой, а советник у него — мудрый».

*Семіз буқа, туруқ буқа* — Семіз бұқа, арық бұқа. «Жирный бык и тощий бык».

*Сарығ алтын, өрүң күміс, қыз-қудуз, буңсыз келурті.* Сары алтын, ақ күміс, қыз-қырқын қайғысыз келетін. «Без печали принес желтое золото, белое серебро, женщин и девиц». *Бу үчегу қабысыр* — бұл үшеуі бірігер. «Эти трое объединяются». *Екінті күн келті* — Екінші күн келді. «На второй день они пришли». *Он оқ бектері, будуны көп келті.* Он оқ бектері, халқы көп келді. «Начальники и народ десяти стрел пришли».

#### 5. Жанасу.

Текете жанаса байланыста келетін сөздер, көбінесе пысықтауыш болатын сөздер.

*Түн ұдысықым келмеді, күнтүз омурсықым келмеді.* Түн ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді. «Ночью не хотел спать, а днем не имел покоя».

### Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлемдегі әр сөздің өзіне лайықты орны болады, олар қалай болса, солай келе бермейді. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі қазіргі қазақ сондай-ақ басқа туыстас түркі тілдеріндегіден көп ерекшеленбейді. Дегенмен ескерткіште дағдылы орын тәртібі бұзылып келетін бірен-саран сөйлем мүшелері де бар.

*«Сақынтым: туруқ буқалы, семіз буқалы арқада* — Ойландым: арық бұқалы, семіз бұқалы кейінде» деген сөйлемде «ойландым» деген баяндауыш басқа тұрлаусыз мүшелерден орын тәртібі ауысып, бұрын келіп тұр.

### Кұрмалас сөйлемдер

Кұрмалас сөйлемдер текете өзара грамматикалық байланысу тәсілдеріне қарай салалас және сабақтас болып екі топқа бөлінеді.

#### 1. Салалас құрмалас сөйлемдер

*Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті* — Екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді. *Будун боғзы тоқ ерті, йағымыз тегіре учуқ тег ерті, біз шег ертіміз.* — Халықтың тамағы тоқ еді, жауымыз төңіректе жыртқын құстай еді, біз шет едік. *Түн ұдысықым келмеді, күнтүз омурсықым келмеді.* — Түн ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді.

## 2. Сабақтас құрмалас сөйлемдер

*Ол сабығ есідін, он оқ беглері, будуны көп келті. Ол сөзді естіп, он оқ бектері, халқы көп келді. Қанын қодып, табғачқа йана ічіді. Қанын қойып, табғашқа және бағынды. Қалмысы қубранып, жеті йүз болты. Қалғаны жиналып, жеті жүз болды. Түрк қаған олуғалы, түрк будун олуғалы, Сантуң балықа талуй үгүзке тегміс йоқ ерміс. Түрік қаған болғалы, түрік халық болғалы Шандун қаласына, теңіз өзендеріне жетпеген еді. Йенчү үгүзүг кече, Тінесі оғлы йатығма беңлігек тағығ... Йенчү өзенінен өте, Тінесі ұлы Беңлігек тауын... Йірчі йір йаңылып, боғузланты. Жол бастаушы бағыттан жаңылып, бауыздалды. Ол сабығ есідін, түн удысықым келмеді. Ол сөзді естіп, түн ұйқым келмеді.*

*Кейік йійү, табысған йійү, олуруп ертіміз, Киік етімен қоректеніп, қоян етімен қоректеніп отырушы едік. Қаныңын қодып, ічідің. Ханыңды қойып, бағындың. Ол екі кісі бар ерсер, сіні. Табғачығ өлүртечі. Ол екі кісі бар болса, сені, табғашты өлтіреді. Бу йолын йорысар, йарамачы, Бұл жолмен жүрсе, жарамайды.*

### СӨЗДІК

*ескерткіште*

*қазақ тілінде*

*орыс тілінде*

#### А

<i>ескерткіште</i>	<i>қазақ тілінде</i>	<i>орыс тілінде</i>
Аз	Аз	название местности (23)
аз	аз	мало (73)
азғуна	азғана	немного (9)
айгүчы	кеңесші	советник (29)
ай	айт	говорить (34)
айайын	айтайын	да скажу (32)
алтын йыс	алтын жыс	Алтунская чернь (20)
алп	алып (батыр)	герой, силач (10)
алқунты	алқынды, әлсіреді	ослаб (3)
алы	ала (әр түрлі)	различные (32)
анта	онда ( анда)	тогда (22)
анча	сонша (анша)	столько (20)

аңа (анар)	оған	ему (20)
аң	ақ	понимание (34)
анлар	андар, түсінер	будет понимать (34)
антағ, антег	сондай	такой (9, 29)
Арқуй	Орхон өзені	река Орхон (53)
ара	ара	между (41)
арқа	арқа	спина (5)
арқада	арқада	сзади (5)
ач	аш	открыть (28)
ат	ат	лошадь, конь (25)
атлығ	атты	конный, всадник (4)
атлат	аттан	приказать садиться на лошадей (25)
атығ	атты	коня, конницу (25)
ак	ақ	белый (25)
ақтермел	ақтермел	ак-термель (25)
адырылты	айрылды, өлді	отделяться, разли- чаться (2)
ағтур	аудар	подниматься (25)
ағтурдым	көтердім	я поднимал (25)
ас	ас (өт)	переходить (26)
асдум	астым	я переходил (37)
аса	аса	переходя (37)
алтун	алтын	золото (48)
анығ	сұм	хитрый (34)
артук	артық	излишний (40)
арығ	таза	чистый (37)
алты	алты	шесть (16)
апа	ата	название старшего в роде (34)
аны	оны	его (24)
ачдымыз	аштық	мы открывали (28)

## Е

еб (эб)	үй	дом (30)
ебгерү	үйге (карай)	домой (30)
ебірү	айнала	обойдя (28)
елт	жүргіз	тянуть, уводить (32)
егід	көтер	возвышать, воспи- тывать (62)
егрітебі	қымбатты (асыл)	драгоценный (48)
елігче	елудей	около пятидесяти (42)



еліг	елу	пятьдесят (42)
екі	екі	два (4)
ер	ер	муж, мужчина (22)
ерінч	бәлкі, мүмкін	пожалуй, возможно (12)
ес	ес (жолдас, дос)	товарищ, друг (40)
есід	есіт	слышать (12)
Ертіс	Ертіс	Иртыш (35)
ерсер	егер	если (21)

## Б

ба	байла	привязать (27)
балық	қала	город (19)
баңа	маған	мне (31)
баңару	маған қарай	ко мне (34)
бар	бар	наличие, есть
бар	бар	ходи (27)
барын	барыңыз	вы ехали (31)
бардымық	бардық	мы ехали (27)
барзун	барсын	пусть едет (4)
бас	бас	давить (27)
басдымыз	бастық	мы напали (27)
бас	бас	голова (31)
басы	басы	начало, начальник (31)
басын	бағын	подчинить, обижать (39)
басыт	бағындыр	заставить подчиняться (3)
баслығ	басты, бастық	имеющий голову (46)
біл	біл	знать (1)
білге	білгіш	мудрый (1)
білмес	білмес	не знающий (6)
біліг	білік	знание (6)
білсер	білсе	если знает (6)
бірле	бірге	вместе, заодно (7)
беру	бері	сюда (26)
бітіг	жаз	приказать, написать (58)
біз	біз	мы (8)
бізні	бізді	нас (30)
бін (бен)	мен	я (10)
біні (бени)	мені	меня (10)
бір	бір	один (33)

бол	бол	быть (7)
болсар	болса	если будет (14)
болайын	болайын	да буду (7)
бод	бой	рост (4)
боғуз	тамак (богаз)	горло (8)
боғзы	тамағы	его горло (8)
боғузлапты	бауыздалды	был заколотым (26)
болмус	болған	ставший (31)
Болчу	Болчу	название местности (15)
бу	бұл	это (12)
будун	халык	народ (19)
будунығ	халықты	народа (19)
Бунтату	Бундаты	название местности (19)
бун	қайғы, мұн	печаль, горе (48)
бунсыз	мұнсыз (қайғысыз)	без печали (48)
буқа	буқа	бык (5)
буқалы	буқалы	имеющий быка (5)
бың	мың	тысяча (18)
бер	бер	дать (15)
берті	берді	они дали (15)
бертүк	бердік	мы дали (6)
бег	бек	князь (начальник) (42)
беглер	бектер	князи (начальники) (42)
беглері	бектері	их князи, начальники
бізін те	бізбен	с нами (40)
чаб (саб)	сөз	слово, речь
чөл	шөл	степь (23)
чөлгі	шөлдік	степной (23)
Чуғай қуз	Шығай құз	название местности 7

## I

іді	иесі (кожасы)	господин, хозяин (11)
іч	іш	внутренняя часть чего-либо (18)
ічре	ішке	внутри (34)
ічік	бағын	подчиняться (2)
ічікді	бағынды	он подчинился (2)
ігід	көтер	возвышать, подни- мать (62)
іл (эл)	ел	народ, государство (56)

іліңе	еліңе	твоему государству (1)
Ілтеріс	Ілтеріс	Элтериш (имя ка- гана) (56)
ін	төменге түсу	спускаться (26)
Інелқаған	Інелқаған	Инэл каган (31)
інгек	сиыр	корова (15)
ір	куу	гнать, преследовать (44)
іт	ет	делать (43)
іс	іс	работа, труд (52)
ісіг	істі	работу (52)

## И

йадағ	жаяу	пеший (4)
йағ	жау	враг (5)
йағымыз	жауымыз	наши враги (8)
йағұт	жақындату	приближать, при- ближаю
йағычы	қолбасшы	командующий
йай	куу	прогонять (39)
йан	қайт	возвращаться (29)
йантымыз	қайттық	мы вернулись (29)
йантур	қайтар	вернуть, возвратить (45)
йантық	құлау	склон (горы) (26)
йең	жең	побеждать (16, 41)
йара	жара	быть годным (28)
йарамачы	жарамайтын	негодный (23)
йарылқа	жарылқа	смилостивиться, со- изволить (16)
йат	жат	лежать (19)
йата	жата	лежа (44)
йана	және	снова (44)
Йарус	Жарус	Иарус (название ме- стности) (33)
йел	жел	скакать (26)
йелме	желме	не скакать (34)
йелтүр	желдір	направить (54)
йеме	тағыда	еще, также (16)
йете	жетеле	на поводе (25)
йі	же	кушать (18)
йіг	игі	хорошо (37)

игрмі	жиырма	двадцать (49)
йінчге	жіңішке	слабый, нежный (13)
Йенчу	Жаңа су	Йенчу (название местности) (44)
йір (йер)	жер	земля (24)
йерчі	жершіл	путеводитель, знаток местности (23)
йобал	зобалаң	испытывать мучения, мучиться (28)
йоған	жуан	толстый (14)
йол	жол	дорога (16)
йогла	жокта	оплакивать (31)
йоқ	жок	нет (18)
йоқару	жоғары	вверх (25)
йокқыс	жоғалт	уничтожить (11)
йоры	жүр	ходить (10)
йорысар	жүрсе (көшсе)	если кочует (10)
йорт	жүргіз	заставить идти (35)
йугур	тапта	утаптывать (26)
йүйқа	жұқа	тонкий (13)
йурт	жұрт	страна, родина (19)
йүкүн	жүгін	кланяться (28)
йығ	жи	собирать (43)
йығып	жиып	собирая (43)
йырайа	солға (солтүстікке)	налево (7)
йырдаңдайан	солтүстіктен	с севера (11)
йырайақы	солтүстік	северный (12)
йыс	жыс	лес (20)
йүз	жүз	сто (4)

## К

кнiк	кейiк	олснь, дикая коза (8)
кел	кел	приходить (8)
келтi	келдi	пришел (16)
келүр	келер	будет приходить (16)
келмедi	келмедi	не пришел (12)
келтечiмiз	келетiнiмiз	приходящие (14)
келмес	келмес	не приходит (32)
келтiмiз	келдiк	мы пришли (приехали) (28)
келмiсi	келерi	их приходящие (38)
келiгме	келетiнi	приходящие (43)
келтүрмедiм	келтiрмедiм	не допустили (54)
кеч	кеш (өт)	переходить (38)

кече	кеше (өте)	переходя (38)
кечдіміз	кештік (өттік)	мы переходили (35)
кечігсізін	өткілсізін	без брода (35)
кечіг	өткел	переход (39)
кісре	сон (кейін)	после, затем (6)
кісі	кісі	человек (4)
кісіг	кісіні	человека (10)
Көгмен	Көгмен	название местности (28)
көк	көк	синий, голубой (15)
көлүк	көлік	вьючное животное (15)
көңүл	көңіл	сердце (15)
көңлүнче	көңіліңше	по сердцу (по свое- му) (15)
көр	көр (байқа)	видеть, смотреть, ис- пытывать
көрүг	тыншы	соглядатай, шпион (8, 29)
көртүм	көрдім	я смотрел (7)
көрүр ерті	бағынатын еді	был в подчинении (1)
кү	дыбыс	слух (32)
күч	күш	сила (52)
күчліг	күшті	сильный (0)
күмүс	күміс	серебро (48)
күн	күн	день (12)
күнтүз	күндіз	днем (52)

## Н

не	не	что (39)
неке	неге	к чему, для чего (38)
нен	ештене, нәрсе	ничто, вещь (20, 29)

## О

обут	ұят	стыд (32)
оғрақлат	кідіру (тоқтау)	приказать остано- виться (26)
оғуз	оғыз	огузы (народ) (19)
оғузығ	оғызды	огузов (2)
оғузқа	оғызқа	к огузам (49)
оғуздантан	оғыздан	от огузов (8)
оғузда	оғыздан (оғыз- да)	у огузов (29)
оғузығ	оғызды	его (их) огуза (15)

өл	ол	он, этот, тот (10)
он	он	десять (19)
онок	онок	десятистрел (народ) (19, 30)
оқ	оқ	стрела (19)
отуз	отыз	тридцать (14)
олур	отыр	сидеть (7)
олурур	отыратын (ме- кендейін)	сидящий (7)
олурматы	отырмады	не сидел (52)
олургалы	отырғалы	чтобы сидеть (18)
олуртымыз	отырдық	мы сидели (32)
олурсықым	отырғым	хотел сидеть (12)
оғул	ұл	сын (44)
оғлы	ұлы	его сын (47)

### Ө

өглес	талқылау, акыл- дасу	обсуждать, рассуж- дать
өк	дәл, тек	именно, лишь, толь- ко (6)
өл	өл	умирать (7)
өлүр	өлер	убивать (7)
өлүтміс	өлтірер	может убивать (3)
өлүт	өлтіру	убивать (3)
өн	алды (шығыс)	перед, восток
өңре	алға	вперед (на восток) (7)
өңрекі	алдағы (шығыс- тағы)	передний (восточ- ный) (3)
өңденйен	алдынан	спереди (с востока) (1)
өрт	өрт	пожар (40)
өртче	өрттей	как пожар (40)
өрүн	ақ (түсті)	бслый, светлый (48)
Өтукен	Өтукен	название местности по китайским ис- точникам Ту. Кин- гора, где теперь Хангайский хре- бет (15)
өтүн	өтін	просить (12)
өтүнчү	өтініші	доклад, просьба (15)
өз	өз	сам (34)
өзүм	өзім	я сам (6)
өзі	өзі	он сам (13)

## К

қабыс	қағыс	воевать (12)
қабысар	қағысар	будет воевать (12)
қан	қан	кровь (52)
қаным	қаным	моя кровь (52)
қан	хан	правитель (хан) (2)
қанлан	хандан	быть ханом (2)
қантайын	қайтейн	как, каким образом (33)
қаған	қаған	каган (9)
қағаны	қағаны	его (их) каган (10)
қағаным	қағаным	мой каган (15)
қағанғару	қағанға қарай	к кагану (29)
қағанлығ	қағандық	каганство (56)
қағанымын	қағанымды	моего кагана (53)
қач	қанша	сколько (20)
қач	қаш	убежать (29)
қал	қал	остаться (13)
қалтачы	қалғаны	оставшийся (13)
қалмысы	қалғаны	оставшийся (4)
қалмады	қалмады	не осталось (4)
қалур	қалар	он остается (19)
қалын	қалың	толстый, грубый (13)
қалысыз	қалмай (түгел)	без остатка (30)
Қапаған	Қапаған	имя қағана (Моч-жо)
қапығ	қақпа	ворота (дверь) (45)
қар	қар	снег (25)
қара	қара	черный (7)
қарағу	қарауыл (күзетші)	караул (34, 53)
қары	қары	старый (56)
қат	қат	твердеть (65)
қатдымыз	қаттық (түн)	не имел покоя (35)
қатун	қатын	дама, женщина (31)
қаз	қаз	копать (54)
қазған	табу (өндіру)	приобретать, добывать (54)
қод	қой	класть, составлять (2)
қоды	төмен	вниз (27)
қодуп	қойып	оставив (2)
қон	қон	ночевать, жить, обитать (17)

қолмыс  
 қорк  
 қорқур  
 қоп  
 кубран  
 құм  
 Қуны Сенун  
 қурданта  
 қуруйа  
 қурыйақы  
 қуз  
 қыйын  
 қыл  
 қылын  
 қыркыз  
 қыс  
 қысайын  
 қытан  
 қыз  
 қыз-қудыз  
 қызыл

қолуға  
 қорық  
 қорқар  
 көп  
 бірік  
 құм  
 Құны Сенун  
 батысқа  
 батыста  
 батыстық  
 құз  
 қиын  
 қыл  
 қылынды  
 қырғыз  
 қыс  
 қысайын  
 құтандар  
 қыз  
 қыз-қырқын  
 қызыл

на ночлег (17)  
 бояться (39)  
 будет бояться (39)  
 весь, все, много (16)  
 объединяться (4)  
 песок (7)  
 имя военачальника  
 к западу (14)  
 на западе (14)  
 западный (17)  
 степь (7)  
 мучение, тягота (32)  
 делать (1)  
 делаться (1)  
 киргизы (19)  
 принуждать (5)  
 буду принуждать (6)  
 кидани (народ) (7)  
 девушка (48)  
 девушка-девица (48)  
 красный (52)

## С

саб (чаб)  
 сабы  
 сабығ  
 сад  
 сан  
 сана  
 санағалы  
 санч

санчдымыз  
 Сантүн

сайу  
 саңа  
 сақын  
 сақынтым

сарығ  
 сем Тоңра  
 семіз  
 сін||сен

сөз (сөз саптау)  
 сөзі  
 сөзді  
 уәзір  
 сан  
 сана  
 санағалы  
 шаныш

шаныштық  
 Шантүн

сайын  
 саған  
 сағын (ойлау)  
 сағындым (ойла-  
 дым)

сары  
 Сем тоңра  
 семіз  
 сен

слово (9)  
 его слово (9)  
 их слова (12)  
 титул (31)  
 число (27)  
 считать (27)  
 чтобы стать (27)  
 прокалывать копьем  
 (28)  
 мы прокололи (28)  
 Шаньдунь (провин-  
 ция в Китае) (19)  
 по различным  
 тебе (32)  
 думать, грустить (5)  
 я задумал (22)  
 желтый (48)  
 имя посла (9)  
 жирный, тучный (5)  
 ты (10)



сір түрк  
соғдақ

Сук

сү  
сүле  
сүнуг  
сүнус  
сы  
сыңар

сыр түркі  
соғды

Сук

шерік  
соғысу  
сүңгі  
сүңгіле, сұла  
сындыру  
сыңар

Сирские тюрки (3)  
согдийцы (народ)  
(46)

начальник согдий-  
цев  
войско (14)  
воевать (20)  
копье (28)  
сражаться  
ломать, разрушать  
половина (один из  
пары) (40)

### Ш

шад  
шег

уәзір, шад  
шек (шекара)

высший титул (31)  
граница (18)

### Т

Табғач  
табусған  
талуй  
тан  
тардус  
тарқан  
тарқанч  
тасы

тасык

тас (таш)  
тег  
тег

тегі  
тегіре  
тегүр

темір  
теңрі  
тер  
тезік  
тез  
ті  
тіле

Тінесі

Қытай  
қоян  
теңіз  
таң  
тардуш  
уәзір  
таркау  
тысы

тасу, жайылу

тас  
дай, дей  
жетті, тиді

дейін, шейін  
айнала  
жетер

темір  
тәңрі  
тер  
тәжік  
қашу  
де  
тіле

Тінесі

Қитай  
заяц (8)  
море (18)  
заря (35)  
тардуш (народ)  
титул (34)  
рассеяние (22)  
внешняя часть чего-  
либо (13)  
распространять-  
ся (30)  
камень (4)  
как, подобно (8)  
касаться, доходить  
(11)  
до (8)  
вокруг (8)  
доводить, проводить  
(19)  
железо (48)  
небо, божество (18)  
пот (52)  
таджики (45)  
бежать (38)  
говорить (39)  
простить (жалеть)  
(23)  
имя человека (44)

Тоғла Тонукук	Тоғла Тонукук	Тоғла (назв. реки) (15) Тоньюкук (имя пра- вителя при трех тюркских ханах) (1)
тонра топ топла	тонра топ топта	племя (9) группа (13) складывать в кучку (13)
топлағалы ток токры	топтағалы тоқ токар	чтобы сложить (13) сытый (8) токарец (народ) (45)
токуз төгүн төк түмүс	тоғыз таңба (ен) төк тұйық (жабык)	девять (9) клеймо (54) проливать (52) закрытый, завален- ный (о дороге) (23)
түй туғ турук турук тут	түй (түсін) жар арық- (тұрык) тұрақ (мекен, орын) тұт (ұста)	понимать (38) завал (горный) (26) тощий (5) стоянка (24) держатъ, схватить (13)
тутун түмен тургес түн түрк түс	тұтын он мың, түмен түргеш түн түрк түс	держаться (25) десять тысяч (36) тюргеши (30) ночь (12) тюрки (1) падать, слезать с ло- шадей (30)

## У

уч	ұш	летать, крылья, фланг (40)
учук учуз удуғ	жырткыш күс жеңіл (арзан) жол жүру, бағыну	хищная птица (8) дешевое, легкий (13) следование, подчи- нение (55)
уқы уды удысыкым удыз	ұйқы ұйықтау ұйқым жүргіз	сон (27) спать (51) мой сон (12) вести, заставить сле- довать (15, 15)

улғарт	көтеру	возвышать (53)
улуғ	үлкен, ұлық	большой (56)
умай	умай	женское божество
уна	ұнау	нравиться (35)
унч	мүмкіндік	возможность (24)
ур	ұр	бить (34)
усун Бунтату	Ұсын Бунтаты	название местности (19)
ұзун	ұзын	длинный (52)

## Ү

үч	үш	три (33)
үчөгү	үшеуі	трое, втроем (12)
үчүн	үшін	для, ради, вследствие (9)
үгүз	өзен	река (16)
үкүл	бүкіл	все (32)
укус	көп (бүкіл)	много (7)
үз	үз	рвать, прервать (13)
үзе	негізінде (шын- дығында)	на основании (9)

## Ы

ы	өсімдік (бұта)	растение, кустарник (26)
ыл	жіберу	посылать (9)
ыдук	қасиетті	священный (38)
ығач	ағаш	дерево (25)
ыт	жіт (зыт)	не стать, уничто- жить (33)
ытымыз	біз жібердік	мы послали (42)

Қазақ сондай-ақ басқа туыстас түркі халықтарының өткен замандарындағы көне жазу нұсқаларын зерттеп танудың, әсіресе, қазіргі түркі тілдерінің тарихы үшін үлкен мәні бар, шұғыл қолға алатын мәселелердің бірі. Біз жоғарыда орхон ескерткіштеріне жататын Тоньюқуққа арналған ескерткіштің тіліне біркелкі шолу жасадық. Осыған байланысты Тоньюқуқ ескерткішінің тек қазақ тілі материалы тұрғысынан қарауға болмайды. Мұндай ескерткіштер бүкіл түркі тілдеріне ортақ мұра. Бұл салада істелетін жұмыстар алда сан алуан.

Көне түрк орхон-енисей жазу нұсқаларының тілдік ерекшеліктерін жете тексермейінше, қазақ және басқа туыстас түркі тілдердің тарихы, олардың өзалдына тіл болып қалып-

тасу заңдылықтары шын мәнінде ғылыми тұрғыдан зерттелуі де мүмкін емес. Сондықтан көне түркі жазу нұсқаларын халқымыздың өскелең талабына сай зерттеу — тіл тарихымен шұғылданушы мамандардың алдағы кездегі кезек күтпейтін міндеттері.

— А а, Е е,	— Н н
— Ы ы, І і.	— Нь нь
— У у, О о	— н
— Ү ү, Ө ө	— НТ нт
— Б б	— НЧ нч
— Бь, бь	— П п
— Г г	— Р р
— Гг	— Рь рь
— Д д	— С с
— Дь, дь	— Сь сь
— З з	— Т т
— И, й.	— Ть, ть
— Иь, йь	— Ч ч
— К к,	— Ш ш
— К, к	— ЛТ лт
— Л л	— ?
— Ль, ль	— Бөлу белгісі
— М м	



---

**А. МАХМУТОВ**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ БАСҚА ЛЕКСИКАЛЫҚ ТОПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

Қазақ тіліндегі көнерген сөздер көне дәуірге тән құбылыс болғандықтан, қазіргі замандағы қоғам мүшелерінің бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Сөз мәнінің көмескі болуы басқа лексикалық топтарға да тән қасиет. Көнерген сөздер өзінің осындай күңгірттігі жағынан диалектизмге, кәсіптік лексикаға, қарапайым сөздер (разговорная речь) мен дөрекі сөздерге (просторечие), жаргондар мен арготизмге ұқсас болып келеді. Бұлардың ара-жігін ашып, бір-бірінен өзгешелігін көрсету үшін көнерген сөздердің басты-басты қасиеттеріне тоқталдық. Сөз арасында жоғарыда көрсетілген басқа лексикалық топтармен салыстыра кетуді мақсат еттік.

1. Көнерген сөздердің басқа лексикалық топтардан негізгі басты айырмашылығы — олар ертеде сөздік қордан тұрақты орын теуіп, халықтың күнделікті тіршілік өмірінен елеулі маңыз алған, жалпыға ортақ, кең көлемді қамтыған қатынас құралы. Академик І. Қ. Кеңесбаев: «Арғы көне тарихымен ұласқан халықтық тіл, бертін келе ұлттық тіл категориясынан әдеби тілдің жігін, шегін бөле қараған теріс болмайды. Бөле қарауды бөліп тастау деп түсінбеу керек. Неге десекіз, ешбір әдеби тіл (біз халықтық қасиеті бар әдеби тілді айтып отырмыз) белгілі бір халықтың ауызекі тілінен, ауыз әдебиетінен, лексика, грамматика, фонетика жағынан мүлде оқшаулануы мүмкін емес<sup>1</sup>», — екендігін айтады.

Көнерген сөздер әдетте халықтық жазба әдеби тілдің туындысы болып есептеледі. Өйткені жазу-сызу болмаған кезде, бүкіл сөз атаулы ешбір жерде белгіленбеді, сондықтан ол дәу-

---

<sup>1</sup> І. Қ. Кеңесбаев. Қазақтың әдеби тілі туралы (жарыс сөз). — Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961, 280 бет.

ірдегі көнерген сөздер де із-түзсіз құрып кетіп отырды<sup>2</sup>. Бұл туралы филология ғылымдарының кандидаты Ф. П. Филин: «Ең алдымен көнерген сөздер мен тілдің сөздік құрамынан шығып қалған сөздерді дұрыс байқай білген жөн. Көнерген сөздер дегенде, ертеде, кәдімгі, әдеби тілде болып (немесе оның көп көрінісінің біріне жатқан), қазіргі уақытта пайдаланудан калып, көпшілік жағдайда (бірақ ылғи емес) синонимдермен алмасқан сөздерді ұғу керек»<sup>3</sup>, — деп көрсетті (аударма біздікі). Қазақ тіліндегі көнерген сөздерді талдау процесінде де жоғарғы айтылған пікірлерге сүйену өте орынды болады. Бұдан шығатын қорытынды көнерген сөздерді негізінен әдеби тілден, жазба мұралардан, халықтық ауыз әдебиет үлгілерінен іздестіру керек. Ертеде жазу-сызудың жоқ кезінде ауызша жырланып, ауызша толғанған дастандар мен ертегілер, өмір тәжірибесінен туған мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер тағы басқа сол сияқтылар жалпы халықтық сипатқа ие болған. Көнерген сөздер көбінесе осындай мұраларда жиі кездесіп отырады.

Қазіргі қазақ тіліндегі «ұлық болсаң кішік бол!» деген мақалдағы ұлық, кішік сөздері XI ғасырдың материалы болып есептелетін Махмуд Қашқаридың атақты түркі сөздер луғатында («Девону луғатиат турк») кездеседі:

الغ لوقع بلسا سن اذكو قلين بلعيل كشيک بکلار قتن  
يخش اولان.

Транскрипциясы:

Улуғ луқуға болса сен езгу қылын  
Болғыл кішіг Белдер катын йахшы улан<sup>4</sup>.

Мұны қазақ тіліне: «ұлық мәртебен болса, сен езгілік қыл, кішік бол (кішіпейіл бол) бектер қасында жақсы ұлан» деп аударуға болады<sup>5</sup>.

Әуелгі кезде *улуғ*, *кішіг* түрінде әрі айтылып, әрі жазылып келген сөздер ұлттық тілдің грамматикалық формаларының қалыптасуына байланысты у дыбысы ұ-ға, *г* дыбысы қ-ға, *г*- дыбысы к-ге, бертін келе екінші буындағы ұ дыбысы *ы*-ға алмасып, фонетикалық өзгеріске түскеннен кейін (улуғ > ұлуқ > ұлық > ұлы; кішіг > кішік > кіші) ұлық, кішік тұл-

<sup>2</sup> М. Галкина-Федорук. Современный русский язык. Лексика, М., 1954, 126 бет.

<sup>3</sup> Ф. П. Филин. Заметки по лексикологии и лексикографии. — «Лексикографический сборник», вып. I, М., 1957, стр. 39.

<sup>4</sup> Махмуд Қашқарий. Девону луғотиат турк, I том, Ташкент, 1960, 95 бет.

<sup>5</sup> Бұл сөйлемді қазақшаға аударуға Ғ. Мұсабаев көмектесті.

галары пайда болған. Бертін келе *кішік* сөзінің соңғы *к* дыбысы түсіп қалып, *кіші* тұлғасына ие болып отыр. Бірақ *кішік* (*кіші*) сөзінің ең алғашқы түбірі *кішіг* болмай, *кіш* болғандығын лобнор-ұйғыр тілдерінен кездестіреміз.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» бірінші томында *алқау* (колдау, демеу) деген сөз кездеседі. «Қарғағанын жер қылмақ, Алқағанын зор қылмақ» (Абай). Осы сөйлемдегі *алқау* Махмуд Қашқаридың сөздігінде *القشدي* — алқышды алғыс берді (ол мәнін бірла алқыш алқышды — ол менімен бірге мақталды, алғыс алды) деген мағынада қолданылып тұр. Абай осы *алқау* деген сөзді екінші мағынада да қолданған тәрізді. «Ор қазып байқайды, туа жау емеске. Антасын алқайды, Сен тентек демеске. Кім антын шайқайды, Амал жоқ демеске» (Абай). Бұл сөйлемдегі *алқау* жоғарғы көрсетілген түркі сөздерінің сөздігінде *القشتي* алқышты — жоқ қылысты (буі іккі біла алқышты — екі тайпа бірін-бірі жоқ қылды). Әр нәрсені жоқ қылуға бағышталғанда да бұл сөз қолданылады делінген<sup>6</sup>.

Татар, башқұрт, өзбек, карақалпақ т. б. түркі тілдерінде *байрақ* — ту, жалау мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде де осы мәнде. «Қараман шықты қаладан, Кернейлері бақылдап, *Байрақтай* тулар көтерген. Алтыннан қалқан жарқылдап» («Қамбар батыр»). Желбіреп қызыл *байрақ* желпінген күн, Қуаныш еңбекші елге келтірген күн (Кәрібаев, ТС., I т., 1959, 88). Қазіргі қазақ тілінде *ту* орысша знамя, *жалау* — флаг деген мағынаға сайма-сай келіп, *байрақ* әдеби тілден ығыстырыла бастады. Бұл сөздің қолданылу өрісі тарыла түсті. Кейбір аудан, облыс болмаса, жалпы қауымға түсініксіз болып барады. *Байрақ* та көне сөз, мұның да өзіне тән дүниеге келу тарихы бар. Ертеде халық ұшына ерекше жібек ілінген ағашты *بترق* *батрақ* деп атаған. Батрақ әскердің ұрыста алып жүретін айбынды белгісі болған<sup>7</sup>. Осы белгі арқылы әскердің қай елдікі екені аңғарылған. Кейінгі кезде *т* дыбысының *й*-ға алмасуы арқылы *батрақ* — *байрақ* болып өзгерген. Түркі тілдерінде *д* дыбысының орнына *й* келетін фактілер бұрыннан белгілі. Мысалы: көне түрік тілінде *адақ* — аяқ (нога) дегенді білдіреді<sup>8</sup>. Егер *я* әрпінің қосар *йа* екенін ескерсек, *д/й* дыбыстарының ілік-шатыстығы анық байқалады. Сол сияқты *д* мен *т* дыбыстарының бір сөздің өзінде параллель, қатар қолданыла беретінін сары ұйғырлар тілінен

<sup>6</sup> Махмуд Қашқарий. Девону луғотит түрк. I том, Ташкент, 1960, 240 бет.

<sup>7</sup> Бұл да сонда, 432 бет.

<sup>8</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М. — Л., 1959, стр. 89.

*айд/айт*<sup>9</sup>, қазақ тілінен *дүз/түз*<sup>10</sup>, *дұзақ/тұзақ*<sup>11</sup> байқауға болады. Бұдан шығатын қорытынды: т мен й дыбыстарының алмасуы түркі тілдеріне жат құбылыс емес.

2. Көнерген сөздер ерте кездегі бір-біріне тегі жақын туыстас көне түркі әдеби тілінде қалыптасқан норма болғандықтан, еш уақытта құрып кетпейді, тарихи не болмаса этимологиялық сөздіктерде өмір сүреді. Активті сөздік қордан пассивті сөздік қорға ауысады, егер бар болса, қазіргі әдеби тілдегі сыңарларының әлде синонимдерінің қандай жолдармен құбылғанын көрсететін бірден-бір тарихи шындық болады. Э. Н. Наджин XIV ғасырдағы шығыс халықтарының әдеби мұрасына жататын «Мұхаббат-наме» дастанындағы көнерген сөздерге талдау жасай келіп: «Приведенные выше слова *әсрү* (*әсіресе*) — очень (автордың қазақ тілінде салыстырып өткен *әсіресе*, немесе, *жалған*, *өткінші* деген мағынаны білдіретін *әсіре* (*әсіре* қызыл тіл) сөзіне тура келеді); *егу* (игі) — добрый, хороший; *байық* (байып) — ясно, достоверно, действительно и т. д. или совсем не сохранились в языках тех современных тюркоязычных народов, которые 600 лет назад могли принимать участие в создании литературного языка Золотой Орды, или сохранились в отдельных языках в сильно измененном виде»<sup>12</sup>, — деп өте орынды көрсеткен.

Қазіргі қазақ тіліндегі *көзілдірік*, *өмілдірік*, *сағалдырық* деген сөздердің этимологиясын әркім әр түрлі түсіндіріп жүр. Г. Жәркешева: «*Көзілдірік* деген сөзде тек негізгі түбірден кейінгі «ге» буыны (*көзге*) ғана түсіп қалып (?) басқа буындар түгел сақталған. *Сағалдырық* сөзінің әуелгі тұлғасы *сағаққа ілдіру* болса, бұның бірінші компонентінің соңғы үш (кка) дыбысы бірдей түсіп қалып (?) «іл» етістігі тікелей *саға* сөзіне жалғас айтылатын болған. Бірінші сыңардың соңғы дыбысы мен екінші сөздің басқы дыбысы екеуі бірдей дауысты болып келгендіктен, бұлардың бірі, атап айтқанда, «і» дыбысы түсіп қалған. *Тұмылдырық*, *өмілдірік* деген сөздердегі алғашқы компоненттер — *тұмсыққа*, *омырауға*. Бірақ бұлар да қысқару барысында өзгеріске ұшырап, небары *тұм* буындары ғана қалған. Кейінгі ықпалдың әсерінен *ом* буыны айтылуда *өм-іл* болып жіңішкерген... *Табалдырық* деген сөз грамматикалық формасы жағынан жоғарыда біз талдап өткен сөздерге ұқсасып тұр. Соған қарап бұны да «табанға ілдірік» деген сөздерден кіріккен деп түсіндірсек, ол қате болып шығар еді. Шынында, бұл *табан тұр-ық* деген сөздерден бірігіп ба-

<sup>9</sup> С. Е. Малов. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1959, стр. 13.

<sup>10</sup> Орфографиялық сөздік. Алматы, 1960, 181 бет.

<sup>11</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-шығуы, Алматы, 1960, 92 бет.

<sup>12</sup> Э. Н. Наджин. Мұхаббат-наме, М., 1961, 137 бет.



рып, кейбір дыбыс алмасуларын басынан өткізіп, кірігіп кеткен. Бірінші сыңардағы *табан* сөзінің соңғы «н» дыбысы «л» болып өзгеріп кеткен»<sup>13</sup>, — дейді.

Бұл баяндаулардың бәрі де тарихи деректерге сай емес, әрі ешқандай *табан* тірер фактісіз айтылған болжаулар ғана. Сөздердің этимологиялық жайын бұлай топшылау логикалық шындыққа да сыйыспақ емес. Оған дәлел, көзілдірік көзбен байланысты сөз болса да, көзге ілінбейді, құлаққа ілінеді. Алғашқы кезде бұл зат тіпті құлаққа да ілінбеген көзге тұтылу үшін баулық арқылы басқа байланған болу керек. Табалдырық *табанға* ілінетін зат па? Немесе *табан тұрық* дегенде нені түсіруге болады? *Өмілдірік* дегендегі «өм»-нің омыраудан, сағалдырықтағы «сағал»-дың сағактан, табалдырықтағы «табал» -дың *табан* болып кетуі тіпті ақылға қонбайды. Егер «омыраудаға ілдіру», «сағакқа ілдіру», «табанға ілдіру» болса бұл тіркестерден біріккен сөздердің жасала қоюы онайлықпен ықшамдалмайды. Жоғарғы дәлелдемек болған әрекеттер қысқара келе «ом» одан «өм» тағы басқа сол сияқтыларды шықты деу — тек форма қуалаушылық. Рас, *омырау* сөзінің түбірі *ом* болуы мүмкін (І. Кенесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі, А., 1962, 21). Бірақ *өмілдірік* сөзі осы омыраудан шықты ма? Мұндай сөздердің этимологиясын ашу үшін тарихқа көз жіберіп, көне материалдарға сүйену қажет. Жоғарыда атап өткен Махмуд Қашкаридың сөздігінде: *كۆز لدرک* *көзүл дүрүк-ат* құйрығының қылынан тоқылған, көз ауырғанда, не қарыққанда (шағылысқанда) көзге тұтылатын нәрсе; *كاملدرک* *көмүлдүрүк* — жүк арқаға кетпесін деп аттың иық жағынан ерге байланған нәрсе; *سقالدرق* *сақалдаруқ* — қалпақ түсіп кетпес үшін оған байланып, иек астынан өткізіліп қойылатын жіңішке жіп (баулық) жібектен тоқылады»<sup>14</sup> делінген.

Көне ескерткіштерде *көз* — *үлдүрүк*, *сақалдуруқ* сияқты сөздердің екінші сыңарлары (*улдуруқ*, *дурқ*) жайында да деректер бар. Профессор С. Аманжолов «отыр» мен «тұр» етістіктерінің тарихы туралы талдай келіп, «олдұр» (олтұр) түбірі негізінде *отыр* мәнінде екеніне ешбір күмән жоқ; сонымен қатар *отыр* етістігінің тұйық рай түрі *олдурғу* болып (қазіргі қазақ тіліндегі *отыру* орнына), есімшенің *олтұрғ* (*отыратын* орнына) түрінде болғанын көреміз»,<sup>15</sup> — деп түсің-

<sup>13</sup> Г. Жәркешова. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960, 10, 11 беттер.

<sup>14</sup> Махмуд Қошғарий. Девону луғотит түрк, I том, Ташкент, 1960, 482 бет.

<sup>15</sup> С. Аманжолов. «Отыр мен «тұр» етістіктерінің тарихы туралы этюд. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, I-шығуы, Алматы, 1958, 21 бет.

дірген еді. Бұған қосымша *ترغ* *туруғ* — таулардағы қамал, ішкі бекініс, бекінген қала, тұрақ, мекен<sup>16</sup>, — деген мәндерімен белгілі сөз. Осы айтылған деректерге қарап, жоғарғы көрсетілген сөздердің қай-қайсының болса да этимологиясын дұрыс талғауға болады. *Көзілдірік* сөзінің бірінші компоненті көз, екіншісі — *ілдірік*, көне тұлғасы «үлдүрүк»; мағынасы: *заттың тұратын орны, мекені*. Ал, сөздің соңғы буындарындағы ү дыбысының і-ге, ұ-ның ы-ға алмасуы, жалпы қазіргі қазақ тіліне тән құбылыс. *Сағалдырық* сөзінің бірінші сыңары — *сақал*. Екі ықпалды дауысты дыбыстың арасындағы қатаң -қ дыбысы *дырық* келіп қосылғанда ұяндана келіп *ғ*-ға айналуы мүмкін. Мағынасы әуелгі кезде *заттың тұратын орны сақал* дегенді аңғартқан. Сөздің екінші сыңарындағы *дырық*-тың *дүрүктан* қалай өзгергендігін бұл арада талдамасақ та алдыңғы айтылғандардан түсінікті тәрізді. *Өмілдірік* сөзінің бірінші компонентіндегі өм омыраудың ом буынынан келіп шықпаған, көм сөзіндегі к дыбысының жоғалуынан қалған қалдық. Бұл сөздің мағынасы — *аттың арқасын көміп, жауып тұратын баулық (нәрсе) дегенді білдірген*. *Табалдырық* сөзінің бірінші компоненті *табан* емес, *тапал*, екіншісі — *дырық*. Алғашқы кезде *тапалдүрүк (тапалтұрық)* түрінде айтылып, *тапал, аласа тұрық (тапал зат)* деген мағынаны білдірген. Кейінгі кезде дауысты дыбыстармен соңғы қосымшаның («дырық») әсерінен қатаң п дыбысы ұянданып *б*-ға айналған болуы керек. *Тұмылдырық* сөзінің бірінші компоненті — *тұм*, екіншісі *-ылдырық*. Жоғарыда сөз болған үлдүрүк-тің жуан түрі *үлдүрүктан* келіп шыққан. Түркі тілдеріне жататын лобнор — ұйғыр тілінде *туму*<sup>17</sup> (кішісіна *туму учук-тушмук* — клов итшы) — тұмсық деген мағынаны білдіреді. Олай болса *туму* — *тұмсық*-тың көне формасы, бұған *үлдурук* (кейін *ылдырық* болып өзгерген) қосылған, қатар келген екі у дыбысының бір ғана әуенде айтылатынына, я болмаса екеуінің жымдасып бір дыбыс болып келетіндігіне ешқандай күмән болмаса керек. Бұлардан шығатын қорытынды: қазіргі қазақ тіліндегі зат есім тудыратын *-ылдырық, -ілдірік* және осылар тәрізді *-тұрық, -тырық* (мойынтұрық, бастырық) жұрнақтарының түпкі негізі *үлдуруғ (үлдүрүг), туруғ (туруг)* сияқты бір-біріне жақын мағыналас (ол тұр, орын, мекен, тұрақ, тұрық; бір нәрсенің тұрқы) мәнді сөздер болған.

3. Көнерген сөздердің кейбіреулері ертеде сөздік қордан тұрақты орын теуіп, өз заманында белсенді қызмет атқарған байырғы сөздерден жасалған жаңа ұғымдар болып келеді.

<sup>16</sup> Махмуд Қошгарий. Девону луготит түрк. I том, Ташкент, 1960, 354 бет.

<sup>17</sup> С. Е. Малов. Лобнорский язык. Фрунзе, 1956, стр. 176, 177.

Мұндай сөздер жаңа туындылардың түлеп түскен сыртқы қабығы сияқты. Сол қабықты сарапқа салып зерттей берсек, тіл құбылысындағы фактілердің тарихи деректермен келіп ұштасатындығы байқалады. Бұл тілдің ішкі даму заңдылығында үнемі болып тұратын табиғи құбылыс. Тілдің жаңа сөздермен толығып баюы қоғам өмірімен тығыз байланысты делініп қаралады. Профессор А. С. Чикобава: «Дамып келе жатқан қоғамға қызмет атқара отырып, тілдің дамымай қалуы мүмкін емес. Әрине, тас дәуіріндегі тілдің қазіргі қоғамға қызмет істеуге шамасы жетпейтіндігі түсінікті. Тілдің даму шартын қоғамның дамуы белгілейді. Қоғамның тарихын, бұл тілде сөйлейтін халықтың тарихын білмей тұрып, тілдің даму тарихын түсіну мүмкін емес»,<sup>18</sup> — деп көрсетті (аударма біздікі). Сондықтан көнерген сөздер халықтың тарихымен салыстырыла зерттелуі қажет. Қазақ тілінің тарихынан дерек беретін кейбір материалдар (жеке сөздер) Қазақстан территориясын мекендеген ру-тайпалардың өмір тіршілігімен тығыз байланысты болып келеді.

Көне заманның мұрасы болып есептелетін садақ пен оның оғын адам баласы өте ерте кезде ойлап тапқан. «Жаңа тас» дәуірі (неолит) садақ пен жебені ойлап табудан басталады. Сол дәуір үшін бұл аса бір маңызды құрал болды. «Садақ, оның кермесі мен оғы, — деп жазды Ф. Энгельс, — сол кездің өзінде ең күрделі қару болып алды, бұл қаруды ойлап шығару ұзақ уақыт жиналған тәжірибенің, өткір ақыл-ой күшінің болғанын көрсетеді, олай болса, жұрттың сонымен қатар толып жатқан басқа да өнерлерді білгенін көрсетеді»<sup>19</sup>. Алғашқы атыс құралы садақ пен оның оғын ойлап табу жабайы аңдарды аулау ісін бұрынғыға қарағанда едәуір жақсарта түседі. Әрине, алғашқы кездегі, садақ та, оның оқтары да өте дөрекі болған. Жебе (оқ) ұштарының әуелгі кезде шақпақ тастардан істелгендігін археологиялық материалдар көрсетіп отыр. Бірақ адам баласы өз құралдарын жетілдіре берді. Төзімді шақпақ тастарды сұрыптай отырып, алғашқы металл қоланы, алтынды, кейін темір сияқты басқа да кендерді тапқаны белгілі. Мұндай жағдайлардың өмірге қажетті құрал-жабдық сапасын жақсарта түсетіндігі даусыз. Өмір қажеттілігінің жемісі болып табылатын зат өнімі айырбасты туғызады. Тіпті ерте кездің өзінде-ақ адам баласының өндірген ең қарапайым бұйымдары айырбасқа түскен. «Неолит заманында жеке рулар арасында айырбас пайда болды, бірақ ол әрі көлемі шағын, кездейсоқ сипатта еді. Неолиттік жұрттарда көп реттерде бұл арада жоқ, неше жүздеген километр жерлерде кездесетін тастардан істелген құралдар көп кезде-

<sup>18</sup> А. С. Чикобава. Введение в языкознание. Ч. I, М., 1952, стр. 78.

<sup>19</sup> Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957, 20 бет.

седі»<sup>20</sup>. Бұл факт айырбасқа түсетін заттардың белгілі бір жобамен, бір-біріне шамалас нарықпен жүргізілетіндігін еріксіз еске түсіреді. Заттардың айырбасында бір зат барлық заттарға ортақ өлшем бола алады. Мысалы: қолдан істелген соғыс балтасының құны 5 садақ оғы, қола балға шот 3 садақ оғына бағалануы мүмкін. Сөйтіп садақ оғы басқа да сатылатын заттардың ортақ өлшемі ретінде зат айырбасында қалыптасады. Заттардың айырбасы кезінде алмастырушылар бір-бірінен олардың құны «неше оқ?» деп сұрайтын дәрежеге жетеді. Зат айырбасы дами келе ақша шықты, ақша айналысы пайда болды. Дәл осы кезде алғашқы ақшаның құны немен белгіленді? — деген сұрақ туады. Бұған берілер жауап: алғашқы ақшаның құны айырбас процесінде қалыптасқан нарықтан тіпті де қашық кетпейді деген пікір болмақ.

Түркештер заманында жасалған бақыр ақшалар бұл айтқан пікірімізді толық дәлелдей түседі. Қазақ ССР тарихының I томы (69-бет) бұл ақшаларды өзінің сыртқы көрінісі жағынан сол замандағы қытай ақшаларына ұқсас еді деп көрсетуі де өте орынды тарихи шындықтың нәтижесі. «VI—VII ғасырларда Қазақстан территориясынан Орталық Қазақстан және Алтай арқылы оңтүстік-батыс Сибирьге керуен жолдары жүріп жатты, бұл жол Сырдарияның оң жақ жағалауымен, Арал жанымен жүріп отырып, Оңтүстік Уралға кетіп жатты. Орта Азиядан Қытайға жүретін, «Ұлы жібек жолы» деп аталған керуен жолы Қазақстанның оңтүстік аудандарымен жүрді»<sup>21</sup>. Қытай мемлекетінің мәдениеті басқа елге карағанда ол кезде әлдеқайда жоғары болды. Қазақстан территориясын мекендеген түркі тілдес халықтар өздерімен қарым-қатынас жасасып отырған мәдениеті жоғары бұл елге еліктемей тұра алмады. Түркештердің бақыр монеттерінің сыртқы түрі жағынан қытай ақшаларына ұқсас кетуі осы еліктеудің әсері екендігіне назар аудару керек. Осы ақшалар жөніндегі деректерді қарастырайық.

А. Н. Бернштам «Түргештік монеттердің жаңа типі»<sup>22</sup> деген мақаласын 1939 жылы Шахристан территориясындағы көне Сарығ қаласының орнын қазу кезінде табылған төрт бақыр монетке арнаған. Бұл монеттің екі жағында да баяғы заманның ескі жазуы болған. Бір бетіндегі жазудың транскрипциясы: *turgas qaγan Baγ Baγa* (Түргаш қаған Бай Ба-


ға). Екінші жағында: *Sutym*  *on°q t° tγa* (сутум он оқ


<sup>20</sup> Бұл да сонда, 25 бет.

<sup>21</sup> Бұл да сонда, 65 бет.

<sup>22</sup> А. Н. Бернштам. Новый тип тюркешских монет. Тюркологический сборник, I, М. — Л., 1951, стр. 68—72.

тамға) А. Н. Бернштам Махмуд Кашкаридың сөздігіне басқа еңбек арқылы (С. Brocelmann. Mitteltürkischer Wortschatz, Budapest — Leipzig, 1928, стр. 190) сілтеме жасай отырып, «Sut» түріктердің Хотан говорындағы шығу тегі (происхождение) деген сөз, «ум» бірінші жак, жекеше түр-

дегі жұрнақ дегенді айтады. Мына таңба  кытай ие-

роглифі «ди»  «император» сөзін еске түсіреді. Сонда

жазудың бірінші бөлігінің мәні: менің шығу тегім императордан (происхождение мое императорское) деп топшылайды. Екінші бөлік оңай оқылады. Он оқ — түргештер жаулап алғанға дейінгі Жетісуды мекендеген ру аты. *tatya* — печать, белгі (клеймо) деген сөз екенін ескерте келіп, бұл он оқ тамғасы (онокская: тамға), түргештерден бұрынғы Жетісудағы он оқ руыныкі («десятистрельных» племен) екенін мәлімдейді.






Бұл айтылған деректерге түркі тілдерінің материалдарына сүйеніп талдау жасалса, басқаша қорытындыға келуге болады. Sut (сут) «шығу тегі» дегеннен гөрі өзбек тіліндегі *сот*, қазақ, ұйғыр, түрікмен т. б. тілдердегі *сат* деген сөзге дәлме-дәл келеді. Жоғарыда сөз болған монеттің екі жағындағы жазуды басқа жақтан ешқандай дәлел іздемей-ақ түсінуге болады. Монеттің екі бетіндегі жазу бір ойды білдіретін екі жолдан құралған өлең шумағына ұқсайды. Ойды өлеңмен айту түркі халықтарының бәріне тән шындық екенін ауыз әдебиеті мен көне жазу ескерткіштерінен айқын байқауға болады. Бұл өлең жолдарындағы тек бір ғана *сутум* сөзінің бірінші буынындағы *у* дыбысын *а*, екінші буынындағы *у*-ды *ы* ғып өзгертіп, қазіргі қазақ тілінің орфографиялық заңына үйлестіріп жазсақ:

Түргеш қаған бай баға  
Сатым он оқ тамға, —

болар еді де, жоғарғы аталған халықтардың бәрі сөйлем мәнін түсіне алар еді. Егер өлең жолдарындағы сөздерді орын-орнынан қозғамай қара сөзге айналдырсақ, текст бұрынғыдан да айқындалып, жақсара түседі. Сонда жазу былай болып шығады: «Түргеш қағанның бай бағасы, сатымы он оқ тамға». С. Е. Малов: Қаған — басқарушы, билеуші (правитель), каган (хан) деп көрсетеді<sup>23</sup>. Бұл сөз мәнінің солай екендігін көптеген түркі тілдерінің материалдары дәлдеп отыр. Тамға деген сөздің «печать (мөр) белгі» деген мағынасынан басқа ақша

<sup>23</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М. — Л., 1959, стр. 97.

деген де мәні бар тәрізді<sup>24</sup>. Талданып отырған *сутум* мен түркі тілдеріндегі *сатым* орыс тілінде проща деген мағынаны білдіретін бір ғана сөз, басқаша айтқанда, сатылуға тиісті заттың баға-парқын, шама-шарқын, мөлшерін көрсетеді. Түркі тілдерінде *y(o)a* дыбыстарының алмасуы жиі кездесіп отырады. Мысалы: түрік тілінде *суал*, қазақ тілінде *сауал*, бұл арада *y* дыбысының дифтонг *yу/үу* екенін ескертеміз, қырғыз тілінде *сүпа*<sup>25</sup> (таң сүпасы білінгенде), қазақ тілінде *сапа* (таң сапасы білінгенде). Тіпті тіліміздегі судырлау-саудырлау, кудырлау-қаудырлау сияқты сөздердің алғашқы буынындағы дауысты дыбыстарының алмасуының өзі-ақ *y* дыбысының орнына *a* дыбысы ауыса алатынын толық дәлелдейді. Дауысты ерін фонемаларының (*o, ө, ұ, ү*) қазіргі қазақ тілінде тек сөздің басқы буынында кездесіп, қалған буындарда олардың орнына жуан буынды болса *ы*, жіңішке буынды болса *і* жазылатынын ескерсек<sup>26</sup> — *сутум* сөзінің *сатым* болып форма жағынан өзгеретініне ешқандай күдік келтіруге болмайды. Қазіргі қазақ тілінде зат есім тудыратын *ым, ім, м* жұрнақтарының көмегімен жасалған *тыным, білім, жем* сияқты сөздер көп-ақ<sup>27</sup>. *Бір асым ет, бір атым оқ* деген сөйлемдердегі «бір» сан есімі «асым», «атым» сөздерімен тұрақты тіркес құрап, заттың шама мөлшерін білдіріп тұр. *Асым* мен *атым* форма жағынан және сөйлемдегі қызметі мен нәрсенің мөлшерін көрсету мағынасы жағынан *сутум* (*сатым*) -нан айнымайды.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды садақ оғы ерте кезде айырбасталатын заттардың ортақ өлшемі болған, кейін үйренген дағды бойынша ақшаның құнын, бағасын белгілеген. Ал монеттегі мына белгі  садақ оғы дегенді аңғартады. Имек доға  садақ бейнесі, ортасындағы тік түскен бір түзу сызық  садақ оғы дегені, доғаның үстіндегі жағындағы горизонталь тартылған екі сызық  алғашқы кезде оқтың жалғыз еместігін көрсеткен, кейін бұл белгінің дәрі  қосылып, *монет бағасы оң садақ оғы* деген шартты таңбаға айналған болу керек.

<sup>24</sup> Вл. Гордлевский. Государство Сельджукидов Малой Азии. М., 1941, стр. 41.

<sup>25</sup> Көрсетілген тілдердің сөздіктерін қараныз.

<sup>26</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 110 бет.

<sup>27</sup> Бұл да сонда, 238 бет.

Ақша құнын басқа затпен белгілеу фактілерінің қазақ даласында тіпті бертінге дейін жарысып қалмағанын мына бір мысал айқын көрсетеді. «Айырбас саудада екі сомдық күміске бағаланатын екі жасар қой жалпыға бірдей ортақ өлшем болатын<sup>28</sup>».

VIII ғасырдың 40 жылдарында Жетісудағы өкімет билігі түркеш тайпасының әскери феодал шонжарларының қолына көшті. Қағандықта феодалдық қатынас дами берді, қалалар өсіп сауда өркендеді. Шығыс елдерімен керуен саудасын жүргізуде Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың маңызды роль атқарғаны белгілі. Түргеш қағандығында мал шаруашылығымен қатар егіншілік те тамырын кең жая түсті. Алайда шаруашылық өнімдерінің нашар дамыған қоғамның феодалдық құрылысы кезінде жауынгершіліктің де кәсіп болғанын, күшті мемлекеттердің әлсіз мемлекеттерді ылғи жаулап алып, отырғанын ескеру керек. Сондықтан халық соғыс құрал-жабдығын өте қадірлеген. Оны дұрыс меңгере білген қайратты, ержүрек, батыр адамдар да ерекше бағаланған. «Оқ деген ертректе жайдын, садақтың оғы деген тіркеспен қатар, жерді қауым мүшелеріне бөлу үшін пайдаланатын құрал ретінде қолданылған»<sup>29</sup>. Бөлінетін жерге келіп, кезекпен әр адам оқ атады. Әркімнің оғының түскен жері өзіне үлес болып беріледі. Осыларға назар аудара отырып, *садақ* сияқты құралдың зат алмасуымен (айырбас) байланысты байырғы сөздік кордың негізінде пайда болған жаңа атау екенін, керісінше, бұл сөзден де сауда-саттықты білдіретін жаңа ұғымдар пайда болғанын байқауға болатын тәрізді. Сары ұйғырлардың тілінде *садығ* (сатығ) сауда, төлем баға<sup>30</sup> дегенді білдіреді. Бұған қарағанда ертеде соғыс құралдары зат алмасатын базардың атына ие болған тәрізді. Жоғарыда көрсетілген «*сатымы он оқ тамға*» сауда өлшемі ақшаны білдіргендіктен, саудаланатын товар, басқаша түсіндіргенде, атуға керекті соғыс құралы — оқты сатып алу үшін қолданылатын «*сат оқ*» (продай стрелу) деген екі сөз бірігіп, алғашқы кезде *сатоқ*, кейін кейбір түркі тілдерінде садақ болып қалыптасқан болар деп жорамалдаймыз. Бұл жаңа сөздің бастапқы кезде арнаулы аты болмаған, кейін оқ салып ататын иілген ағаш доғаның атына ауысып, *садақ* болып аталып кеткен. *Садақ* та айырбасқа түсті. Ертеде садақ сатылатын жерді «*садақ*

<sup>28</sup> М. Елеусізов. Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы. Алматы, 1959, 13 бет.

<sup>29</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 372; Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің лексикасы. Алматы, 1960, 179 бет (Филология ғылымының докторлық атағын алу үшін жазылған диссертация, қолжазба).

<sup>30</sup> С. Е. Малов. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957, стр. 98—101.

базары» деп атауы да мүмкін. Сары ұйғырлар тіліндегі бір мағынаны білдіретін (садығ, сатығ) сөздің екі түрлі құбылып, сауданы аңғартуы, «сат оқ» деген сөздердің бірігуінен екенін айқындай түседі. Базарды сатылатын заттың атымен атау қазірде кездеседі. Осы күнгі «мал базар», «көк базар» т. б. дейтіндеріміз бұған дәлел бола алады.

Садақ сөзі түркі тілдерінің бәрінің сөздік құрамына бірдей енбеген. Түрік, түрікмен, татар, азербайжан, сары ұйғыр тілдеріндегі сөздіктерден бұл сөз табылмайды. Түрік тілінде садақты — *кеман* дейді, мәні — *доға* деген сөз; түрікмен тілінде *яй, кеман* (жай, доға), татар тілінде *-ук* (оқ), азербайжан тілінде *-каман* (доға), сары ұйғыр тілінде *оқ*. С. Е. Малов: *оқ* — *лук*; так теперь в сознании уйгуров, хотя по текстом прошлого времени более подходит обыкновенное значение «стрела»<sup>31</sup>, — деп ескертеді. Ал сөздік құрамына енген түркі тілдерінде бұл сөздің мағынасы әр түрлі. Қазақ тілінде *садақ* — керме баулық арқылы ағаштан иілген, доғаға ұқсас көне атыс құралының бір түрі. Өзбек тілінде *садақ* — оқ пен садақ салуға арналған *қапшық, оқиантай*; қырғыз тілінде екі мағынасы бар: бірі — өзбек тіліндегідей, екіншісі — *садақ пен садаққа керекті барлық құрал-жабдықтардың жиынтығы*. Бұл сөздің алуан түрлі болып құбылу себебі «сат-оқ» сөзінің әр елде әр түрлі болып қалыптасқанын көрсетеді.

4. Қоғамдық формациялардың ауысуына байланысты бір-қатар сөздердің көнергендігі байқалады. Мұндай көнеру ескінің құрып, жаңаның пайда болуы негізінде болатын сапалық өзгерістің нәтижесі. Мұндай жағдайда ескі атаулар өмір сүруін тоқтатып, жаңаға жол береді. Жаңа атаулар өзінің сапасы жағынан ескіге сай синоним бола алмайды. Сондықтан көнерген сөздердің бұл тобы жаңа атаулармен жарысып қатар қолданылатын дәрежеге жетпей, активті сөздік құрамнан бірден шығып кетеді. Мысалы: Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін қазақ даласында *хан, сұлтан, би, қазы, болыс, молда, бақсы, балгер, жалшы* сияқты тағы басқа да сөздердің болғандығы айқын.

VI ғасырдың 552 жылдарында Орта Азияда ерте феодалдық мемлекет түріндегі көшпелі жаңа түрік империясы құрылады. Мемлекетті билеуші кісі *қаған* деген титулға (атаққа) ие болды. В. В. Бартольд: «*Қаған* сөзінің қысқара айтылуынан келіп *хан* сөзі жасалған. Орыс летописерінде кездесетін бұл сөзді орхон жазулары дәлелдеп отыр, мұсылман авторлары мұны *хақан* түрінде жазған<sup>32</sup>», — деп көрсетеді. П. Катанов: *хан* خان парсы сөзі — феодалдық құрылыс-

<sup>31</sup> Бұл да сонда, 81 бет.

<sup>32</sup> В. В. Бартольд. Очерк истории Семиречья. Фрунзе, 1943, стр. 17.



тағы мемлекетті тежеусіз билейтін басшы<sup>33</sup> дегенді айтады. Әуелгі кезде қағандарды тайпа шонжарлары: бектер (тайпа басшылары) мен дархандар (ру басшылары) сайлайтын болған. Ал кейінірек мұндай сайлаудың тек формальды сипаты ғана қалды. Кімде байлық зор болса, сол қаған (хан) болатын дәрежеге жетеді. Келе-келе хандар өкімет билігін атадан балаға мұра қылып қалдыруды дәстүрге айналдырды. Ертеде хан сөзі қазақ халқының әдеби тілінде кең көлемде қолданылған. *Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп, Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп. Сол күнде қошеметші айтады екен: «Ханның ханы, патшаның патшасы» деп (Абай).* Қазақ тілінде ханға байланысты: *хандық, ханзада, ханум (ханым), хан сүйекті, «хан сыртынан жұдырық соқпа!»* сияқты сөздермен тұрақты тіркестер де жасалған.

Араб тілінде *сұлтатун* *سلطة* билік, өкімет (господство, власть) деген мағынада қолданылады. Н. Қатанов, С. Е. Малов т. б. көрнекті ғалымдар *сұлтан* басқарушы (правитель) деген мағынаны білдіретін араб сөзі дегенді айтады. Осы талданып отырған феодалдық қоғамға тән *хан, сұлтан* сөздерінің қазіргі социалистік дәуіріміздегі ел басқарушы адамдарға не олардың *председатель, секретары* деп аталатын атақтарына сай келмейтіндігі былай тұрсын, тіпті қарама-қарсы. Сондай-ақ ертедегі *би, қазы* — *қазіргі сот ұғымына, болыс* — *атқару комитетіне, молда* — *мұғалімге, бақсы-балгер* — *дәрігерге, жалшы* — *жұмысшыға* еш уақытта сапалық жағынан сай келмейді, әрі бұл сөздер бір-біріне синоним бола алмайды. Көнерген сөздердің мұндай тобы историзмге айналады.

5. Кейбір сөздердің активті сөздік құрамынан кетуі басқаша сипатта болады. Мысалы: *ақпан, қаңтар* сияқты ескі ай аттары, сүт өнімін сақтауға арналған *шанаш, мес, торсық, саба* тәрізді ыдыстар мен *сабан, батқы, бәрбі, талқы* түрінде кездесетін көне құралдардың орнын басқан жаңа сөздер ескі атауларды бірден қуып шыққан жоқ. Біраз уақыт бұлар жарысып қатар қолданылып жүрді. Ақырында жаңа ұғымдардың мағынасы тұрақты орын теуіп, кең қолданылатын дәрежеге жетті.

*Сабан* *سبن* Махмуд Қашқаридың сөздігінде *қос, өгіз, шойын түренді ағаш соқа, мойынтұрық* делінген. Қазақ тілінде де ерте кездегі жер жыртатын ағаш соқаны *сабан* деп атаған. *Күз бен көктемде бұл жерлерде трактордың дарылды үні ұласып, өткір түренді сабандармен жер қыртысын қопарып тастады* (Б. Кербабаев). Осы сөзбен байланысты кейбір елде (қарақалпақ, татар т. б.). «*Сабан той*» түрінде айтылатын

<sup>33</sup> Известия об-ва археологии, истории и этнографии, т. XIV, вып. 6, 1898, стр. 675.

тұрақты тіркестер де қалыптасқан. Бұл той әдетте егінді сеуіп болғаннан кейінгі қуаныш дәстүрді білдірген. Сабан ескіріп қалса да, осы көне затпен байланысты «сабан той» мейрамын өткізу әлі күнге дейін сақталып келеді. Елімізде қыруар тың жерлер көтеріліп, егіншіліктің етек алуы бұл көне дәстүрге жаңа мағына берді. Егін науқаны біткеннен кейін диқаншылардың халықтық мазмұны бар мейрам өткізуі қазір жалпы әдетке айналып отыр... Егіннің кезінде ойдағыдай сеуіп, малдарын ойдағыдай төлдеткен «Азат колхозы сабан тойын жасауға ұйғарған екен» (С. Мұқанов).

Ақпан — февраль, қаңтар — январь, сабан — соқа сөздері бір-біріне толық синоним болып, әуелгі кезде қатар қолданылып жүрді де, кейін февраль — ақпанды, январь — қаңтарды, соқа — сабанды сөздік құрамнан біртіндеп ығыстыра бастады. Олардың өрісі тарыла келіп ақыры жаңа сөздерге мүлде жол беруге мәжбүр болды.

Бәрбі — шойын, шыны ыдыстарын тесетін құрал, асыл алмас (Т. С., I т., А., 1959, 103); батқы — нүкте орнаментті ою түсіретін құрал не осы құрал арқылы жасалған ою, әшекей. Бұл сөздің түбірі — бат; -қы — етістіктен есім тудыратын жұрнақ. *Өкінесін көкпен ойған қызыл кебіс, Орнатып қима тақа батқы салған* (И. Байзақов). Қырғыз тілінде бұл сөздің (батқы) екі түрлі мәні бар; бірі *шұқылған, ойылған*; екіншісі — *ағашқа не металға нүкте түрінде түскен орнамент*. *Талқы* кепкен көн сияқты нәрсені созып-керуге, илектен бүктеуге, басу арқылы жұмсартуға арналған ағаштан істелген көне құрал. *Сарттар сұр басады талқыменен, Ерге жабдық жарасар нарқыменен* («Қозы Көрпеш — Баян сұлу»). Мұндағы *сұр* — иленген тері, қайыс; сырт пішінінің ұқсастығынан иленген қайыс — сұр түске балауға да сол себепті сұр сөзі заттанып кеткен. Махмуд Қашқаридың сөздігінде *талқу* — бүгілген, оралған нәрсе. Кейінгі кезде нәрсені бүгіп, орайтын құрал жасалып, ол осы талқу (талқы) деген атқа не болған. Қазіргі кезде *талқы* сөзі: талдау, анализ жасау, тергеу сияқты ауыспалы мағынаға не болып отыр. *Манадан бері талқыға араласпай, енжар тыңдап отырған Сапар да сөздің ішінде өз пікірін айтып салды* (М. Иманжанов). *Бұрын үлкенді-кішілі жіберілген кемшіліктер талқыға не түспеген* (Қ. Оразалин). Жоғарыда талдауға *бәрбі* — тескіш станоктарға, *батқы* түрлі өрнек салатын аппараттарға, *талқы* — тері өңдейтін машиналарға, ертедегі сүт өнімін сақтайтын тері ыдыстар (*шанаш, мес, торсақ, саба*) қазіргі заманға сай металдан не ағаштан істелген басқа ыдыстарға алмасты. Әрине бұлар да *заттық-сапалық* өзгеріске түсті, техникалық прогресс болғандықтан заттардың атқаратын қызметі күрделенді, бірақ жаңа құбылыс пайда болған жоқ; өмірге керекті мақсатты істесу, ою, өңдеу, сақтау әлі сол-

қалпында қалып отыр. Көнерген сөздерді архаизм деген топқа жатқызатын басты қасиеттердің бірі осы болып табылады.

6. Көнерген сөздердің көлемді тобы ертедегі мәжуелік (шаманизм) діні мен феодалдық әдет-ғұрыптарда кездесетін түрлі ырымдар мен ескі нанымдарға байланысты пайда болып отырады.

VI—VIII ғасырларда Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың діни түсініктері әр түрлі болған. Мал баққан көшпелілер арасында төтемдік түсініктер мен ата-баба аруақтарына табынушылық күшті болды. Әрбір ру өзінің мифтік ру атасына сиынып, оның атына құрбан-шалып отырған. Ол кезде адам баласы табиғат күштерінен қорқатын, әлі сыры ашыла қоймаған табиғат құбылыстарын көзге көрінбейтін керемет бір «рухтың» әсері деп сезінген. Ескі түсінік бойынша ағыл-тегіл молшылық пен мал басының аман болуы көкке ғана байланысты делінген. Сондықтан олар малға жайлы қоныс бере гөр деп ылғи көкке жалбарынатын.

Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың алғашқы кездегі көне діні — мәжуелік дін делінді. «Мәжуелік діннің барлық тайпаларға ортақ негізгі формасы көкке табыну тәңірі болып табылады, мұның негізі — табиғат күштеріне рух беруде болады. ... Түрік қағандығының халқы аспандағы жарық денелерге сиынып, күнге, айға жұлдыздарға табынды. Көктің (тәңірінің) күші найзағайда, отта деп біледі; күн күркірегенде ерекше бір ырымдар жасады; жасыл түскен жерге құрбан шалып, оны от жағып, қымыз құйып тазалады<sup>34</sup>. Діннің ертедегі осындай машықтарымен байланысты қалыптасып, көне әдет-ғұрыптарды білдіретін жеке сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тілінің сөздік қорынан кездестіруге болады. «Тәңірі иеге күпірлік келтіргендіктен филь қауымына қарсы, ғажайып күстар келіп, әр адамның басына тәңірінің қанар тастарын тастап өлтіргені кәні! — дейді ғой құранда» (М. Әуезов). «Жалғанда табынатын тәңірім табым, Табы жоқта «тәңірі» жоқ күні жарым, Табым десем бұлақтай таудан аққан Өн бойымды шымырлап билейді ағын» (С. Мұқанов). «Ұлы мәртебелі генерал-губернатор, тәңірі рәуішті құрметтім, шақыруыңыз бойынша келдім, не бұйырасыз құлдық!» (М. Ақынжанов). Бірінші сөйлемде тәңір тура өз мағынасында, құдіретті күшінде тұр; екінші сөйлемде тәңір құдірет, күш деген ұғымға баланған; үшінші сөйлемде тәңірдің шарапатты қасиеті ұлыққа көшіріліп, ұлықты тәңірге жақындатқан. Тәңір сөзі ауыспалы мағынада қожа деген ұғымды білдіреді. Екі кісі бір кісі-

<sup>34</sup> Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957, 113 бет.

нің тәңірісі (мақал). *Тәңір* алғыр! (Тәңір атсын! Тәйірі атсын) құдай ұрсын! деген мағынада қалыптасқан кею мен әзіл-қалжыңды білдіретін тұрақты фразеологиялық тіркестер де бар. *Тәңір* сөзінің қатысы бар кейбір тұрақты тіркестер тілек, арманмен байланысты қалыптасқан. *Тәңіріне зар етті/тәңіріне мұңын шақты* — үлкен арманда болды; зар илеп жалбарынды; торықты. *Тәңірі пана болсын!* — құдай жәрдем берсін, аман-сау бол!

*Тәңір* көне түркі-орхон жазуларында көк (аспан) және құдай деген ұғымдарды білдіреді. С. Е. Малов: «*Қан тәңір* — по рассказам уйгуров главное высшее шаманское божество «*қан тәңір*» (или *кан — деңір*) т. е. небесное божество (букв.) царь небо, — деп көрсетеді»<sup>35</sup>. *Тәңірді* аспан құдайы деп түсіну ертеде қазақ ұғымында да болған. Егер, «оның (көшпелінің — ред.) басына бір жаман іс түсетін болса, ол басын көкке көтеріп», бір тәңри деп зарлайды, мұнысы түрікше «бір құдай» деген сөзі, — дейді Ибн-Фадлан (Қазақ ССР тарихы, 114 бет). «Айды мүмкін тәңірі деп түсінген болар. Қырғыз халқы ай жаңасын көргенде қара жерге маңдайын тигізіп бас неді. Жаз болса, сол маңдайын тигізген жердің шөбін алып үйіне әкеліп, отқа тастайды», — деп жазды Шокан Уәлиханов. Ертеде қазақтардың жаңа туган айды көргенде, мал мен бастың амандығын тілеп, «жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке деп» бата істейтін ырымдары да болған.

Отқа табыну әдеттері де көне діннің қалдықтарына жатады. Адамның тіршілік өмірінде оттың алатын орны зор. Ертеде от тамақ пісіруге, үй жылтуға, қараңғы түнде жарық істегуге пайдаланылды. От қуаты арқылы металл қорытылып өмірге қажетті қару-жарақтар соғылды. Сондықтан халық отты өте жоғары бағалады. Оны қасиетті, шарапатты әулие деп ұқты. Алғаш күн күркіреп, найзағай ойнағанда, «сүт көп, көмір аз» деп үйді айнала жүріп ожаумен ұру ырымы да оттың күдіретті күшіне жалбарынудан шыққан болу керек. И. П. Дыренкова: «В культе алтайцев и телеут особенно ярко выражено благоговейное отношение к огню вообще и огню очага в особенности, выявляющееся в почитании хозяина огня «от азі» как чистого благодетельного духа. Пламя огня, которое варит им пищу, освещает юрты и согревает их, вполне естественно рисуется в представлении алтайцев и телеут как живое, покровительствующее им вещество. Огонь для них — самый чистый и почтительный дух»,<sup>36</sup> — деп көрсетеді. Махмуд Кашкаридың сөздігінде *ازی* (эзі) құдай, кожа деген

<sup>35</sup> С. Е. Малов. Остатки шаманства у желтых уйгуров. — «Живая старина», год — XXI, СПб., 1912, стр. 62.

<sup>36</sup> И. П. Дыренкова. Культ огня у алтайцев и телеут. Сборник музея антропологии и этнографии. Т. VI, 1926, стр. 63.

ұғымды білдіреді. Сонда «от әзі» — от құдайы деген сөз. Бұл елдерде *от әзі* деп аталатын рухпен қатар *от ана* (матери огня) дейтін де әулие бар. Некелесу (үйлену) кезінде алтайлықтар мен телеуіттер «от ана»-мен қатар «оймок-ару» деген әулиеге де құлшылық етеді. Оттың құдіретті иесі бар деген ұғым ертеде қазақтарда да болған тәрізді. Қалыңдық күйеудің үйіне алғаш келгенде, отқа май құю арқылы істелетін ырым, «от ана, май ана, жарылқа!» дейтін тілек бұған толық дәлел бола алады. «Келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып «от ана, май ана, жарылқа! дегізіп, бас ұрғызған секілді» (Абай). Алтай тілінде *май-эне* (май ана) немесе *ума* (богиня — покровительница детей) балалардың қамқоршысы — ана құдай деген діни ұғымды білдіреді<sup>37</sup>. Бұған қарағанда, қазақтардың да майды әулие деп танығандығы байқалады.

Келін жаңа түскенде, жоғарыдағыдай ырым істеліп, — *от ана, май ана жарылқа!* деген тілек орнына «от әулие, май әулие» деп айтушылық та қазақ өмірінде болған екен. «Келіншек табалдырықтан аттаған бойдан, ошаққа жеткенше, тізесін бүгіп үш рет сәлем етеді, содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды (бұл майды қатындардың бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке бере қояды). Лапылдап жанған майдың жалынына кемпірлер қолдарын тосып: «от — әулие, май — әулие!» — деп беттерін сипайды (Ы. Алтынсарин). Алтайлықтарда қызға құда түсіп, қалың мал туралы сөйлескенде, егер екі жақ келісетін болса, күйеуге арақ (сүттен істелген ішімдік) құйылған ыдыс беріледі. Құда не басқа біреу игілікті неке болғай деп, от анаға жалбарынып дұға оқиды, айналаға арақ шашылады. Қалың мал әкелгенде, алтайлықтар дәстүрінде күйеу қайын атасының ошағына ет тастап, май құйған, тағы да от әулиелеріне арналып дұға оқылған. Қайын жұртына барғанда, күйеудің отқа май құю ырымы ертеде қазақтарда да болған. Оны «отқа құяр» деп атайды. Кейінгі кезде күйеу бұл ырымды өтеу үшін мал апарған. «Жырынды жігіт еді құқыл Оспан, Жүйрік тіл, өткір сөздің алдын тосқан. Өңгертіп отқа құяр берді Оспанға Сол болды күйеу қосшы оған қосқан (С. Керімбеков). Күйеу келіп табылдырықтан аттай бергенде, оған үш рет тәжім еткізеді де, үй ортасында жанып тұрған отқа әкеліп, қолына сұйық май құйылған темір бақыраш береді (Ы. Алтынсарин).

Отпен байланысты қазақ тілінде бұдан басқа да ұғымдар мен бірнеше тұрақты фразеологиялық тіркестер бар.

От аға ертеде жоғарыдағыдай қасиетті сөз болғанға ұқсайды. Кейінгі кезде бұл екі сөз бірігіп, «отағасы» болып қалып-

<sup>37</sup> Н. А. Баскаков. Ойротско-русский словарь, М., 1947, стр. 108.

тасқан да, кожа, үй несі, семья басы деген мағынаға ауысқан тәрізді. — *Бұл кімнің суреті? — деп сұрасаң: — Бұл Бекберген отағасының суреті ғой, — дейді Қали (Б. Майлин). От басы — бала-шаға, үй-іші дегенді аңғартады. «Тіпті Телмағанбет амандасудың жеке басқа, от басына... арналған сөздерінен шаруашылық жағына көшуге асығып-ақ отыр» (С. Төлешев).*

*Отыма оттық сал — бала туғанда, шешек шыққанда айтылатын ырым. Шашу шашып барайын, Отыңа оттық салайын (С. Керімбеков).*

*Оты өре жанбады — бақыты ашылмады, жолы болмады дегенді білдіреді.*

*Отының басынан, ошағының қасынан бер! — алыстан тілендірме, біреуге жалындырма деген мағынада айтылатын тілек. Ертеде халық отпен қатынасы бар ошақты да, оттың күлін де қатты қадірлеген. Бұларда да кие шарапат бар деп сезінген. Сондықтан ошақ сөзінің қатынасымен де жақсы ниетті білдіретін ұғымдар қалыптасқан. Мысалы, «Ошақтың үш бұтынан сұраймын — үй ішінің, бала-шағаның амандығын тілеймін, қамын жеймін деген мағынаны білдіреді. «Құтты болсын келіндер, құтты болсын, Бақыт орнап басыңа ырыс қонсын. Ошағының үш бұты күміс босғын, Әбдіре мен кебежене алтын толсын (К. Аманжолов).*

Бұлардан басқа *абыз, бақсы* т. т. сияқты сөздер де мәжүелік (шаманизм, зороастризм) дініне тән ұғымдар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: *абыз* сөзінің екі мағынасын көрсетеді. Бірі — *хафиз* (Будагов), *абид* (Малов) дей келіп, ескі оқымысты, білгіш көреген деген мағынаны білдіретінін айтады. *Сырты абыз бар, желғабыз бар (Абай). Жәнібек батыр бала кезінде ақыл-білім үйрену үшін Қара Керей Соқыр абыз дегенді іздеп келген екен (Ы. Алыңсарин).* Екіншісі — сәуегей, бәлгер. *Ей, абыз, қобызыңды тарт, балыңды аш, Не келсе де балаңа жасырмай айт («Еңлік — Кебек»).* Жоғары көрсетілген *хафиз, абид* түрік тілінің сөздігінде араб тілінен ауысқан сөздер делініп есептеледі.

*hafiz* — барлық құранды жатқа білетін адам. *Abit* — құдайдың құлы, құл; құдайға құлшылық етуші, құдайшыл, әділдік жолын ұстаушы<sup>38</sup>. Якут тілінде *абыс, ап* сөздері мағына жағынан бір-біріне өте жақын, ортақ түбірлі (*ап*) сөздер. Мұндағы *абыс, ап* сөздерінің мағынасы: ү; сиқырлық, көз байлағыштық, еліктірушілік<sup>39</sup>.

Монғолдар мен қырғыздардың көне түркі жазу ескерткіштерінде бұл сөз (*ап*) анды алдау жолымен ұстау, тор құру де-

<sup>38</sup> Турецко-русский словарь. М., 1945, стр. 11, 225.

<sup>39</sup> Э. К. Пекарский. Словарь якутского языка. Т. I, М., 1959, стр. 1, 12, 122.

генді білдіреді<sup>40</sup>. Бұл фактілер *абыз* сөзінің алғашқы түбірі *ал* болғандығын дәлелдегендей; *-ыз (-із)* зат есім тудыратын көне жұрнақ. *Ал* сөзіне *-ыз* жұрнағы қосылғанда, кейінгі дауысты ықпалдың әсерінен *л*-ның *б*-ға айналып кетуі түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән құбылыс. Ал ертеде есімге жалғанып, жаңа есім тудыратын *-ыз, -із* жұрнағының болғандығына ешқандай күмән жоқ. Біздің бұл айтқан пікірімізді қазіргі қазақ тіліндегі *жауыз* сөзі толық дәлелдей алады. *Жау* сөзіне *-ыз* жұрнағы жалғану арқылы *жауыз* деген ұғым жасалды десек, ойға қонатын тәрізді.

Ертеде шаман дініндегі халықтар молда, сопы бақсы-бәлгер сияқты адамдарын абыз депті. «Абыз», демек, әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен», — деп мұны өз заманында Абай да айтып кетіпті. Арам, құбылмалы мінезді адамға ауызекі тілде «абызсынып отырғанын көрдің бе?» — деп те айта береді.

Қазақ тіліндегі «*абжылан*» деген сөзді су жылан, *аб* парсы сөзі, *су* деген мағынаны білдіреді деп келдік<sup>41</sup>. Парсы тілінде *افعی* (афи) эфә деген де сөз бар. Мағынасы (ядовитая змея) улы жылан (Персид.-рс., М., 1960, 33 б.). Ал якут тілі мен қазақ тіліне ортақ көптеген сөздердің бар екенін және қазақ тіліндегі *абжылан* сөзінің логикалық мағынасын (у; жәдігөй, сиқыр, сұм-сұрқия, жексұрын) ескерсек, *абжылан* сөзі «су жылан» дегеннен гөрі, «сиқырлы, улы, сұм жылан» дегенге әлдеқайда жақын келеді. Тағы бір ескеретін жай *су жылан* улы жылан емес, сондықтан жұрт одан көп қауіптенбейді. Олай болса, нағыз жағымсыз ұғымды *су жыланнан* пайда болды деуге де дәлел жеткіліксіз.

Шаман дінінің сенімі бойынша бақсының білмейтіні жоқ. Бүкіл дүние соның еркінде деп есептеген. «Шаман дінін уағыздаушы бақсы, — деп жазды Ш. Уәлиханов, — білмейтіні жоқ, сиқыры бар, артықша жаралған адамды айтады. Ол әрі ақын, әрі музыкант, әрі дәрігер»<sup>42</sup>. Сондықтан ел арасындағы түрлі әдет-ғұрыптарға *бақсы* ылғи араласып отыратын болды. *Бақсы* «тәңрі» мен адамның арасын байланыстыратын сәуегей ретінде танылды. Бақсының «*жыны*», «*перісі*», «*көріп келі*» болады-мыс деген діни наным таралды. Сол «керемет күштері» арқылы дүниеде не болғанын біліп отырды.

VIII ғасырда Қазақстан жеріне ислам діні ене бастады. Араб жаулаушылары өзінің дінін қару күшімен енгізді, ол дінге кірмегендерді қатаң жазалады. X ғасырда ислам дінінің

<sup>40</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М. — Л., 1959, стр. 89.

<sup>41</sup> Гүлсім Жәркешева. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960, 27 бет.

<sup>42</sup> Ч. Ч. В а л и х а н о в. Избр. произведения, Алма-Ата, 1958, стр. 150.

Жетісуға, одан кейін Орталық Қазақстанға таралғандығы тарих деректемелерінен белгілі. Ислам діні ескі мәжуелік дінге табынушылықпен (тәңірі) және үлкен байлыққа, халық арасында үлкен беделге не абыздармен күресе отырып тарады.

Көбінесе қазақ даласына ислам дінін таратушылар сауда жасай келген молдалар болған. Бұл молдалардың көпшілігі татарлар еді. Ш. Ибрагимов: «Шынында кейбір тентіреп жүрген қожалар болмаса, қазақ арасынан татарлардан басқа молдаларды сирек кездестіруге болады»<sup>43</sup>, — деп көрсетті. Ислам дінінің таралуына патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясаты да себепкер болған. «Қазақтарды христиан дініне зорлап енгізудің өмірлік қисыны жоқ екенін түсінген патша үкіметі ислам дінін өзі белгілеген дозамен жаюдың мақсатын көздеп, шығыс діншілерінің фанатизмінен сескеніп, дін таратуда «ішкі» мүмкіншіліктерді пайдалануға тырысты. Ол мүмкіндік «ішкі Россия» татарлары болатын»<sup>44</sup>.

Татар молдалары қазақ тілі бұзылған тіл деп кінәлап қазақ сөзін тіпті татар тілінің ықпалында ғана емес, осман не шағатай тілдерінің заңдылықтарына бағындырып жазатын еді. «Қасиетті» араб, парсы сөздерін тықпалап, ислам дінін таратып бақты, қазақтың «кедей» тілін байытуға тырысты<sup>45</sup>.

Осындай молдалардың кесірінен қазақ сөздері көп уақытқа дейін теріс жазылып, «кітаби тілдің» қойыртпағына ұшырады, тіпті кейбір қарапайым сөздердің тұлғасы өзгеріп кеткендіктен халықтың көпшілігі оны дұрыс түсінбеді. Мысалы, оғда, уағда — уәде, тоғры — тура, т. б. «Кітаби тіл» белгілі бір дәуірде қалыптасты, әрі сол кездегі татар, башқұрт, қазақ, қырғыз сияқты елдердің оқыған қауымының модаға айналған ортақ тілі болды.

Р. Сыздықова өзінің бұл саладағы зерттеулерінде «Қазақ мәдениетінде қолданылған «кітаби тіл» деген нәрсе, негізінен қоспа тіл болды. Оның ұзын арқауы Орта азиялық әдеби түркі тілінің элементтерінен тұрса, қалған процентін басқа түркі тілдері (айталық, қазақ, татар, азербайжан, түрік т. б.) мен араб-парсы тілдері (сөздік жағынан) құрады<sup>46</sup>, — деп өте

---

<sup>43</sup> Ш. Ибрагимов. О муллах в киргизской степи. — Материалы для статистики Туркестанского края, Ежегодник, вып. III, СПб., 1874, стр. 353.

<sup>44</sup> К. Бейсембиев. Из истории общественной мысли Казахстана во второй половине XIX в. Алма-Ата, 1957, стр. 130; Р. Сыздықова. Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер. Филология ғылымының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертация, Алматы, 1959, 27 бет.

<sup>45</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I, фонетика и этимология, СПб., 1894, стр. 4.

<sup>46</sup> Р. Сыздықова. Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер. — Филология ғылымының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертация, Алматы, 1959, 26 бет.



орынды пікір айтты. «Кітаби тіл», «аз да болса, сол замандағы қазақтың қарапайым сөйлеу тілін, оның ерекшеліктерін хатқа түсіріп, тасқа басты. Ел арасына жазу таратып, кітап әкелді. Халық тілін алуан түрлі сөздермен байытып отырды. Әсіресе қоғамның мәдени, рухани өмірі мен діни ұғымдарға қатысты толып жатқан сөздер әкелді»<sup>47</sup>. Бірақ «кітаби тіл» элементтері де діни сөздердей халықтың күнделікті өмір тіршілігінен аулағырақ тұрды. «Өлі тіл»<sup>48</sup> латын тілі тәрізді жазу қатынастарында ғана қолданылады. Сондықтан «кітаби тіл» элементі де бүгінгі күні қазақ тілі үшін көне құбылысқа айналып отыр.

Н. М. Шанский «Целиком к книжной лексике относятся устаревшие слова и номинативно стилистические неологизмы»<sup>49</sup>, — деп көрсетеді. Бұған қарағанда «кітаби тіл» ұғымының күрделі екендігін байқау қиын емес. Бір кезде арнаулы документтер мен әр түрлі іс қағаздары, сондай-ақ тіпті арадағы жазысқан хаттар да «кітаби тіл» арқылы қалыптасты.

Ислам дінінің таралуы қазақ даласына көптеген араб-парсы сөздерін әкелді. Дінмен байланысты мұндай көнерген сөздер құдайға құлшылық ету мен діни әдет-ғұрыптарда кездесіп отырады.

Дін уағыздары дүниені құдай жаратты, адамның тағдыры құдайдың еркінде, адамның өмірі бұл дүниелік емес, мәңгілік өмірдің, «о дүниелік» өмірдің табалдырығы ғана дейді<sup>50</sup>. «Құдайсыз қурай сынбайды» дейтін жалған наным адамдарды құдайдың құлы деп есептеп, оларды құдайға жалбарынуға, құлшылық етуге міндеттеді. Үстем тап өкілдері халықты сүліктей сорып, қанауға дінді құрал етті. Бұл дүниеде жақсылық көрмегендер «о дүниеде» жарылқанады, — деп адамдардың сана-сын улады, дін арқылы қанаушылық саясатын бүркемеледі. Сана-сезімі әлі толық жетіле қоймаған қауымды алдау үшін ислам дінінде жазылған заңдарды бұлжытпай орындауға, ақиқат жолын қууға міндеттейтін шариғат дегенді ойлап шығарды. *Шариғат* — (араб сөзі *شرع* религиозный, церковный закон) ислам дініндегі заңдардың жинағы<sup>51</sup>.

Құдайға құлшылық етумен байланысты көнерген сөздердің өзін бірнеше топқа бөлуге болады.

<sup>47</sup> Ә. Құрышжанов. «Кітаби тіл» материалдарынан. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2 шығуы, Алматы, 1960, 47 бет.

<sup>48</sup> В. А. Звегинцев. История языкознания XIX и XX веков. Ч. I, М., 1960, стр. 20.

<sup>49</sup> Н. М. Шанский. Лексика и фразеология современного русского языка. М., 1957, стр. 89.

<sup>50</sup> Марксистік философияның негіздері. Алматы, 1959, 10 бет.

<sup>51</sup> Арабско-русский словарь, М., 1958, стр. 503; В. В. Бартольд. Ислам, 1918, стр. 63.

1. *Ғабиғаттан тыс. керемет, құдіретті күш ретінде есептелеін келген: алла, құдай, періште, пайғамбар, дию, пері сияқты т. б. діни сөздер.* Араб тілінде *алла* الله (бог, аллах) бүкіл дүниені жаратушы, жасаған деген мәнді білдіретін жалған діни түсінік. Бұл сөз қазақ тіліне ауысып бұрынғы табынатын *тәңірі* сөзімен қатар қолданылады. Жасағанға, сиынумен байланысты «*алла*» сөздік құрамнан орын теуіп, «*алла тізгін оңдаса*», «*алла бағымды ашса*», «*алладан пәрмен тілейі*» тәрізді көптеген тұрақты тіркестердің жасалуына себепкер болды.

*Пайғамбар* — پیغمبر (пророк) болжагыш әулие<sup>52</sup> деген мәнді білдіретін парсы тіліндегі діни сөз. Парсы тілінде құдай خدا (бог, господь) тәңірі, алла деген мағынада жұмсалады. Қазақ тілінде де осы мәндес, әлемді жаратушы, билеуші құдіретті күш түрінде сезілетін діни ұғым. Бұл сөз аллаға қарағанда көбірек тараған тәрізді. Қолда бар материалдар мұны дәлелдей түседі. Бұл сөзден де «*құдай атқан*», «*құдай қарғады*», «*құдай ұрды*», «*құдайға жазды*» тәрізді толып жатқан тұрақты сөз тіркестері жасалған.

*Періште* діни түсінік бойынша құдайдың бұйрық-жарлығын орындап отыратын адал жәрдемшісі түрінде сезілетін فرشته (ангел) парсы сөзі. *Періштелер түсінде аян беріпті. Қосыларын баянға білді дейді* («Қозы Көрпеш — Баян сұлу»). Қазақ тілінде бұл сөздің күнәсыз, таза, асқан сұлу деген ауыспалы мағынасы да бар. *Ақша қар үлгілдеген, қалқып ұштың. Жер үшін шатты жайдан көктен түстің. Қайғысыз мәңгі саби періштелер, Мәңгілік жайды тастап жерді құштың* (С. Сейфуллин). *Төлеген періште сипатты, хор құлықты болып туды* («Қыз Жібек»). *Ақын-жазушылар періште сөзін стильдік мақсатта да қолдана береді. Жүйрік қол періштенің қанатындай. Жай көзің ұстай алмай қалатындай* (Х. Ергалиев).

*Дию* сөзінің парсы тіліндегідей دیو (див, демон, дьявол, злой дух; исполн, великан) қазақ тілінде де екі мағынасы бар. Бірі — жып, пері, кесенатты күш; екіншісі — бұрынғы ертегілерде айтылатын адам таң қаларлық денесі бар үлкен бір алып күшті княздағы бейне. *Сен бе едің Жамбыл ақын соның бірі. Домбыра қолыңдағы дию-пері* (Жамбыл, айтыстары). *Лермонтов, Пушкин айтқан ол күндегі Диюлар енді басқа қонар емес* (І. Жансүгіров). *Дәумен найза салысқан, диюменен жарысқан* (Жамбыл).

Халықтың ескі діни ұғымындағы *пері* сөзі де парсы тіліндегідей پری (фея, перн, красавица) сиқырлы күш, пері,

<sup>52</sup> Персидско-русский словарь, М., 1953, стр. 99, 102.

деген мағынада қолданылады. *Аспанның мұхит-теңіздерінен асып, талай қиындықтардан өтіп [Хасен] перінің патшасының шәһәріне келеді* (С. Сейфуллин). Бұл сөзден *перізат*, *перизат* деген жана ұғымдар жасалып, *асқан сұлу қыз* дегенді білдіреді. *Қара жорға мінгені, Қара торқа кигені, Екі көзі сүрмелі, Бұл сияқты перізат, Қыз іздеген Төлеген, Жоқ еді сірә көргені* («Қыз Жібек»). *Тіл — буынсыз, бой — таза гүл, Ақылы артық, ары зор. Ол перізат ойды өзің біл, Не болады болса қор* (Абай). *Пері қызы* деген тұрақты тіркес те қыздың сұлулығын көрсетеді. *Көш алдына қараса, Бір қыз кетіп барады: Шытырма көйлек етінде, Нұр сәулесі бетінде, Бұралып кетіп барады Перінің қызы секілді* («Қыз Жібек»). Сары ұйғырлардың тілінде *пері* — қасқыр, бөрі деген де мағынаны білдірген<sup>53</sup>. Мықты батырлар екінің бірінде арыстан, жолбарыс, қасқыр сияқты азулы аңдарға баланады, аңдардың күшті, өжег қасиеттері адамдарға көшіріліп дәріптеледі. Мұндай тәсілді казактан ауыз әдебиет үлгілерінен де байқауға болады. «Қамбар батыр» жырында кездесетін *пері* — қасқыр, бөрі, күшті дегенді аңғартады. *Асырап жатқан тобырды, Ол да туған пері еді-ау, Ғалидан соңғы ер еді, Қалмаққа қиған Лазымды Қамбарға қисақ болмай ма?* («Қамбар батыр»). Ауызекі тілде *перісі басты* деген де тіркес бар. Мәні — сұсы басты, пысы (мысы) басты, ықтырды, иіріп әкетті дегенді білдіреді.

2. *Дін мекемелері мен дін жолын қуушыларға тән атаулар: мешіт, хазірет, имам, қалпе, мүрид, пір* т. б. Құдайға құлшылық ететін арнаулы орын, ғибадатхана парсы тілінде (масджед) деп аталады. Араб тілінде *шаһд* дін деген сөз. Ал *шаһид* — дін жолында азапқа түскен, құрбан болған деген мағынаны білдіреді. *Мешһад* дін жолында өлгендердің зираты деген ұғым.

— *Мешед* деген сөздің мәнін естіген шығарсыз?

— *Естідім. «Шаһед» яки «дін» деген араб сөзі («Қ. Ә.»).*

*Имам* امام (имамун) мұсылмандардың дін жолын берік ұстаған басшысы; *қалпе* خلیفه (хилафәтун) — дін басшылардың орынбасарлық атағы; *хазрет* حضرت (һазратун) — дін жолындағы мырза дегенді білдіретін араб сөздері. Парсы тілінде *мүрид* مرید (мурид) дін басшыларының жолын қуушы; *пір* پیر (пир) сөзінің бірнеше мағынасы бар: а) кәрі (адамдар мен қайуандарға айтылады); ә) дін қауымының басы, т. б. *Имам, хазіреттерді күтіп алатын, өздерінше дағдылы, тәрбиелі отырыс, кішілік отырысы. Ишан, пірдің алдындағы мүридтер бейнесінде... көпшілігі қыр киімін киген ел адамдары. Бірақ сонымен қатар, қаланың*

<sup>53</sup> С. Е. Малов. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957, стр. 91.

саудагер, шәкірттері, қалп е-хазіреттер сияқты қонақтар да көп (М. Әуезов). Башқұрт тілінің сөздігінде дін қауымының басы ишан деп көрсетілген<sup>54</sup>.

3. Қазақ тілінде бірқатар көнерген сөздер дін уағыздарымен тікелей байланысты. Мұндай сөздерге күшіне бес рет оқылатын намаз түрлері: *намдат, бесін, екінді, ақшам, құтна және азан, ораза, ақирет* т. б. сияқтылар жатады.

Намаз белгілі бір уақытта оқылатын болғандықтан, намаз аттары тәуліктің бес түрлі мерзімін көрсететін дәрежеге ауысқан. Бұл ауыс мағыналарды ауызекі тілде халық әлі ұмыта қойған жоқ. *Бесін* түскі уақытты, *екінді* түс қайтып, күн батуға тақалған мезгілді, *ақшам* күн батып, қас қарайған кезді, *құтна* түннің одан кейінгі бір бөлігін көрсетеді. *Азан* сөзінің араб тілінде бірнеше мағынасы бар. Соның бірі қазақ тіліндегі *азан* сөзіне негіз болған *أذان* (призыв на молитву) елді намазға шақырғанда, жаңа туған балаға ат қойғанда жар сала айтылатын намаздың кіріспе діни дұғасы. Ақын-жазушылар стильдік мақсатта *дабыл, ұран* деген сөздің орнына да *азан-ды* пайдалана береді. *Бұл гудогы сол гудок Жерді еңбекке бөлеген, Дауылдатқан ұлы еңбек, Пролетариат азаны* (Ж. Сыздықов). *Ораза* сөзі парсының *روزا* (день); *پرهیز* (день поста) ауыз бекітетін күн деген сөзінен келіп шыққан. *Ораза, намаз* дегенің бұл кісіден (қара кісіден) аулақ (Б. Майлин). *Ақирет* арабтың *آخرة* (конец, окончание, загробная жизнь) бұл өмір бітті, таусылды, ол дүние басталды дегенін білдіретін діни ұғым. *Дүниеге дос, ақиретке бірдей болмас, Екеуі тап бірдей боп орныға алмас* (Абай).

### Діни әдет-ғұрыптарда кездесетін сөздер

а) Діни алым-салықтарды білдіретін: *садақа, зекет, підия, пітір, ұшыр* сияқты сөздер. Парсы тілінде *садақа* *صدقه* (милостыня, пожертвование с религиозной целью) дін үшін молдаға берілетін әр түрлі (ақша, мал бұйым т. б.) нәрселер. В. В. Бартольд «болжағыш әулиеге ерікті түрде әкелінетін діни салық-садақа»<sup>55</sup>, — деп көрсетеді. Жапазасын оқып көмгеннен кейін, өліктің көйлек-көншектері және де басқа киім-кешектері кедейлерге беріледі, содан кейін молдаларға *садақа* үлестіріледі (Ы. Алтынсарин). Ислам діні бойынша, жыл аяғында не жазғытұрым кожа, молда, ишандардың халықтан алатын мал салығы *зекет* делінді. Бұл салықтың жалпы мөлшері малдың жиырмадан бір бөлігіне тең болған. Парсы тілінде *зей* *زی* (жизнь, существование; пропитание) өмір, тіршілік,

<sup>54</sup> Башкирско-русский словарь, М., 1958, стр. 220.

<sup>55</sup> В. В. Бартольд. Ислам, 1918, стр. 32.

азық дегенді білдіреді. Зекет осы зей сөзімен байланысты шыққан. Дін басындағылар зекет бермеген адамның үй-іші мен мал-жаны алланың кәріне жолығып, қырсыққа ұшырайды деп халықты алдап қорқытып келген. *Зекет мал өсіруші аудандардағы қазақ шаруашылықтары малының жиырмадан бір бөлегі мөлшерінде төленіп отырған* (М. Елеусізов). «*Зекет алса молдалар ұрмаққа жұртты жолдайды* (Жамбыл). Осы сөзден зекетің кетейін — садағаң кетейін деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес жасалған. *Енді өлсем арманым жоқ! Бауырым, сәулем, Ботам! Көзіңнен айналайын, жылаған жасыңнан зекеті кетейін деді өксігін басып Балғабай* (С. Мұқанов). *Пидия* فاد (рел. искупитель) ақтаушы, тазартушы, күнәны сатып алушы деген діни мағынадағы араб сөзі. Өлген адамның өтелмеген (қаза болған) бес уақыт намазының күнәсы үшін молдаға берілетін шығынды қазақтар *пидия* деп атаған. Өлік жерленгеннен кейін молда *пидияны* алып, оның күнәсын кешетін дұға оқыған. *Кейіміз сәлде шапан кием дедік, сүзіліп басты төмен ием дедік, Ақпейіл адалсыған сопы жан боп, Сүйтіп-ақ, пидия, зекет жиям дедік* (С. Торайғыров). *Пидияны* кейбір жерде *ысқат* деп те атайды. Мысалы: *Ысқат* — қазақтардың түсінігі бойынша, молдаларға, шарифат заңы арқылы белгіленген төлеммен, өлген адамның күнәсын сату деген сөз (Ы. Алтынсарин).

Қырманнан алынатын салық ұшыр делінген. Бұл түсімнің оннан біріне тең болды. *Ал егіншілер болса, жинап алған астығының оннан бірін ұшыр ретінде төлеген* (М. Елеусізов). Жан басынан алынатын молда салығы *пітір* деп аталды. Араб тілінде *фитрин* (прекращение поста) оразаның бітуі. Парсы тілінде *фтоух* (божья милость) құдайға бағышталған садақа. *Бұрын пітірдің мәні зекет пен ұшырдан төмен болғандықтан жан басына 5 қадақ бидай алынады екен* (Ә. Қоңыратбаев).

ә) *Ертедегі әлеуметтік тұрмысқа байланысты діни жөн-жоралғылар*. Халықтың күнделікті өмірінен орын тепкен, тұрақты тіркес түрінде кездесетін *иман айту, дұға оқу, тұмар тағу, құран оқу, жарамазан айту, неке қию* сияқтылар көне дәуірге тән жайттарды білдіреді. Араб тілінде *аман* (вера в бога) *иман* құдайға құлшылық ету туралы дұға, сенім дегенді білдіреді. Ескі түсінік бойынша, сауап, адалдық, ізгілік, ұждан тәрізді ұғымдарды да *иман* деген сөзбен алмастырып айта берген. Адамның өлер алдында шарифат заңы бойынша оларға арнаулы дұға оқылатын болған, осы тәртіпті *иман айту* дейді. Діндар адамдар өлер шағында өз *иманын өздері* айтуды сауап деп есептеген. *Көз жұмғанша дүниеден Иманын айтып кеткені-ай. «Бейсенбі ме бүгін» деп Жұмаға қарсы өт-*

кені-ай (Абай). Араб тілінде құранның қысқа аяттары, сүрелері (тараулары) *دعوة* (дұға) делінеді. Дұға сөзінің ол тілдегі мәні *шақыру, үндеу, аллаға сиыну* дегенді білдіретін құранға жазылған «қасиетті» сөздер. *Жатқан сайын ұйқыға, Дұға оқушы ем, шошынып. Ұнатып мені құлқында, Жүруші соң қосылып* (Абай). Дұға сөзі стильдік мақсатта да қолданылады. Мысалы: *Өмірде ойға түсіп кем кетігің, Тулаған мінезің бар жүрек сенің. Сонда сенің отыңды басатұғын, Осы өлең оқитұғын дұғам менің* (Абай).

Араб, парсы тілдеріне *قرآن* (құран) мұсылман дінін дәріштейтін мифологиялық аңыз әңгімелер жазылған кітап. Ерте кезде құдайға сыйғанда, адам өлгенде, діни мейрамдарда құранның «шарапатты» аяттарын оқитын әдет болған. «Құранның» үзіндісі, бастан-аяқ арабша аят, *дұға, насихат* өлең болып келетін «эффекті» жаттап алған соң балалар «құранның» өзіне түсетін (Б. Кенжебаев). Намаз артынан Кәрім мысыр макамына салып құран оқыды (Б. Майлин). Тұмар да арабтың *طومار* (свиток: формат, размер бумаги; род почерка), дұға жазылған үш бұрышталып бүктелген қағаз деген сөзі. Ауырған адамдар мұны қастерлеп, шүберекке орап мойнына тағып, не киімнің бір жеріне тігіп қоятын әдет болған. Мұндай тұмарды — бой тұмар деп те атайды. Ескі діни наным бойынша, тұмар ауруға шипа болады деп сенген. Қысылған жерде қолдан дем береді, пәлекет қас күштерді жолатпайды деген сенімде тұмарды жүйрік аттарға да таққан. *Неке қию* *نكح* (вступать в брак, жениться, выходить замуж, совокупляться) әйел алу, күйеуге тию деген мәнді білдіретін араб сөзінен шыққан. Қазақ ұғымында *неке қию* діни жолмен қыз бен жігітті үйлендіру деген сөз. Ертеде қазақ даласында әйел теңдігі болмады. Ислам діні әйелдің қалың малға сатылуын дұрыс деп таныды. Әйел малға сатылатын болғандықтан сүйгеніне қосыла алмады. Әйелдің правосыз болғандығы сонша, *әмеңгерлік* дәстүр бойынша күйеуі өлсе, жесір әйел оның туған інісіне, не ағасына тиді, ал егер аға-інісі болмаса, онда оның туыскандарының біріне күйеуге шығуға мәжбүр болды. Сол кездегі *неке қиюдың* әділетсіздігін көрсете келіп, Шоқан Уәлиханов: «Қазақтардың өз қыздарын жасы толмай тұрмысқа бермеуін, қыздары мен ұлдарының өзара келіспей некелесуін қатаң бақылауды аға сұлтандар мен билердің жүзеге асыруын қорқыта отырып міндеттеу керек»<sup>56</sup>, — деген еді. *Неке қию* мәселесі күйеу мен қалыңдықтың келісіміне назар аударып жатпады. Қалың мал төленіп біткеннен кейін неке еріксіз қиы-

<sup>56</sup> М. Елеусізов. Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы. Алматы, 1959, 65 бет.

лып, қыз ұзатылуға (жөнелтілуге) тиіс болды. «Некелесушілер көбінесе үндемейді, олардың үндемегені риза болғаны деп, молда *неке* киюға кіріседі. *Неке қиылған* күннің ертеңіне қыз жағы күйеудің жолдастарын шақырып, оларға жасауға берілетін бұйымдарды көрсетеді» (Ы. Алтынсарин).

Мұсылмандардың оразасын мадақтап, діни өлеңдермен жан-жаққа жар салып, садақа жинау әдеті *жарамазан айту* делінді. Бұл ұғым да араб, парсы тілдеріндегі *جار* (клич, крик разносчика; приказ объявленный через главшатаев; *رمضان* (рамадан) 9-й месяц лунного календаря, месяц поста) *жар* және *рамазан* (ораза айын жариялау) деген екі сөзден құралған. Әдетте *жарамазан* өлеңдерін жаттыққан жаттанды *жарамазаншылар* орындады. Кейде өлеңге үйір ауыл арасындағы ақындар да *жарамазан* айтуды кәсіп етті. «Тіленшілікпен күн көріп, қайыр сұрап жүрген *жарамазаншылар* үлкен сый-садақа алу үшін байларды мақтап, өлең айтатын болған» («Қазақ әдебиетінің тарихы»). Қазақ тіліндегі *м/п* дыбыстарының алмасуы нәтижесінде *жарамазан* кейде *жарапазан* болып та айтыла береді.

б) *Діни мейрамдар мен түрлі ырымдар: құрбан айт, ораза айт, наурыз, тасаттық* т. б. Ораза өткен соң, 70 күннен кейін мейрамдалатын құрбан айтының шығу тегі ертедегі арабстан діндерімен байланысып жатыр. Бұл мейрам ислам діні шықпастан көп бұрын араб тайпаларының ғұрыпында пайда болған.

Бұрын Мекенің көп құдайға табынатын ру басшылары мен саудагер басшыларының мүдделеріне сай болып келген құрбан айттың мәні — енді ислам дінінде феодалдардың таптық тілектерін қорғауға икемделеді, ал кейінірек тіпті буржуазияның мүдделерін қорғайтын болды.

Мұндай діни мейрам, құдайға арнап құрбан шалу әдеттері көп уақытқа дейін қазақ даласында да болып келді. Мысалы: «*Ертең айт, кім шалады құрбанды? Құрбан шалып, құлдық қылар кім қалды? Жастар біткен тақылдайды қарсы боп, Шығын қылма, қойыңдар, — деп — құр малды!*» (Б. Майлин).

Жоғарыда талданған отыз күнгі оразадан кейін, мұсылмандардың ораза айт деп аталатын діни мейрамы болған. Айт — *عيد* (праздник) арабтың мейрам, мереке деген сөзі. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін бұл мейрам қазақ даласынан да орын тепкен. «Отыз күн оразаның бір айты бар, Әр қылған жақсылықтың бір қайты бар» деген халық мақалы мұны толық дәлелдейді. Жылына екі рет болатын «*Ораза айты*», «*Құрбан айты*» деп аталатын, діни мейрам («ТС», I том).

Иран халқының 21 мартта болатын жаңа жыл күні (день Иранского нового года) *наурыз*<sup>57</sup> деп аталады. Діни наным бойынша, *наурыз* басталған түні *қызыр әулие* дүниені кезіп жүреді-міс. Сол түні ұйықтамаған адамға әулие кездесіп (қызыр дарып), бақытты болады-мыс деген аңыз бар.

Ертеде қазақтар да *наурызды* жаңа жылдың басы деп есептеген. Қаһарлы қыстың ызғары қайтып, жер аяғының кеңеюі, көктем келіп, жайылымның молаюы мал баққан көшпелі қазақтарға да үлкен мейрам болды. Наурызды «ұлыстың ұлы күні» (монғол, куман тілдерінде: ұлыс — мемлекет; ел, халық) деп ойын-сауық, қызықты той-думанға айналдырды. Ол күнде *наурыз* деген бір жазғытұрым мейрам болып, *наурыздама* қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күні «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен (Абай).

Аллаға жалбарынып, жақсылық күту салтының бір түрі — *тасаттық* деп аталады. *Тасаттық* мал басының аман, жайылымының жақсы болуына арналады. Жауын болмаған жылдары халық құдайға арнап ақбоз мал шалып, оның ішінен шыққан «жай тасына» су құйып, көктен жауын тілеген. Келе-келе бұл ырым жылда қайталанып отыратын дәстүрге айналады. «Сұрастырса, тауда көшіп жүретіндердің малдың отына жаңбыр тілеп, тасаттық бергені расталады (С. Мұқанов). Бүгін Исабай ауылы «Көк моланың» басына жиналып, «тасаттық» берген білем» (Б. Майлин).

\* \* \*

Қазақ тіліндегі диалектизмдердің көнерген сөздерден негізгі басты айырмашылығы — олар жалпы халықтың әдеби тілінен ерекшеленіп, белгілі бір аймақта ғана жұмсалады. Диалектизмдердің таралған шегі изоглосы болады. Мысалы: *жұда* (өте) — Оңтүстікке, *сым* (шалбар) Жетісуға тән ерекшелікті байқатады. Ал көнерген сөздер болса, олар әдеби тілге жат құбылыс емес. Кезі келген жерде көнерген сөздерді әдеби тілдің материалы ретінде пайдалануға толық мүмкіндік бар. Көнерген сөздердің қазіргі әдеби тілде ауыспалы мағыналары, тұрақты сөз тіркестері болуы мүмкін. Мысалы: *жебе* (көне сөз) — садақ оғы; *жебе* (осыгүнгі әдеби тілде бар) жас жігіттің мұрты; *талыс* (көне сөз) өгіз терісінен істелген қап; *талыстай жігіт* (осыгүнгі әдеби тілде бар) — еңгезердей мықты жігіт. Диалектизмдер белгілі бір аймақтағы халықтың күнделікті өмір тіршілігіне ауызекі тіл арқылы тікелей қатысатын болса, көнерген сөздер пассивті сөздік қорда тұрады. Кейбір сөздердің таралу шегі (изоглосы) болғандықтан әрі диалектизмге, әрі ру-тайпа тілдерінің қалдықтары болғандықтан көнерген сөздердің қатарына жатуы мүмкін.

<sup>57</sup> Персидско-русский словарь, М., 1960, стр. 573.



Қазақ тіліндегі жиыналған говорлық материалдарды бірнеше салаға бөлуге болады. Олардың бастылары: 1) *Ру-тайпа тілдерінің қалдықтары* (бұларды архаизмдік говор деп те атауға болады): *ақа* (аға), *адақ* (аяқ), *азар* (реніш), *гіл* (ылғи) т. б. 2) *Басқа тілдерден келген ауыспалы говор* (кірме сөздер). Мұның екі түрі бар: а) туыстық тегі жөнінен қашықтау тілдерден ауысқан сөздер: *құнт* — орыс сөзі (кнут) — шыбыртқы, камшы: *зақи* — араб-парсы тілдерінде таза, адал, айыпсыз деген сөз: *борми* — қытай тілінде жүгері дегенді білдіреді: ә) шекаралас жатқан туысқан республикалар тілінен кейінгі кезде (ұлт тілі қалыптасқаннан кейінгі дәуірде) ауысқан сөздер: *жұда* (өте, тым), *кәтте* (үлкен), өзбектен: *ауа* (иә), *гүде* (мая, үйілген шөп) — карақалпақтан: *шеребе* (сорпадан істелген тұздық), *шақа* (бұтақ) — түрікменнен келген. 3) Кәсіптік лексика бұған балықшылардың, аңшылардың, малшылардың, жер кәсібіндегілердің тағы басқа мамандықтарға байланысты қолданылатын сөздер жатады. Мысалы: *жылым* (теңізде балық аулайтын үлкен ау), *бояқ* (қалқы), *собық* (жүгерінің басы), *шит* (мақтаның тұқымы), *атыз* (егістікті біркелкі суару мақсатында жан-жағын әдейі суға тоқсауыл боларлықтай етіп, бөлектеп қоршаған шағын участок), *салма* (ені 1—2 метр шамасындағы су жүретін арық): *кебе* (ерте туған қозы, марка) т. б. Мұндай сөздер көпшілікке бірдей түсінікті болмаса да әдеби тілді байытуға көмектесетінін өмір көрсетіп отыр. Бір кезде жергілікті ерекшелікке жатқан *дақыл*, *масақ*, *аула* сияқты сөздердің қазір әдеби тілге сіңісіп кетуі бұған толық дәлел бола алады. 4) Қарапайым сөздер де (просторечие) говорлардың қатарында есептеліп жүр. Шын мәнісінде бұларды бір-бірінен ажырату да қиын. Бұл жөнінде Ш. Ш. Сарыбаевтың «Трудности возникали и в связи с тем, что пока у нас еще не установлен круг основных диалектных различий казахского языка. Большую сложность представляет вопрос о границах между диалектизмами и просторечными словами. Границы между ними не всегда могут быть точно установлены, особенно если еще не выяснены границы территориального распространения их»<sup>58</sup> — деген пікірі әбден дұрыс. Мысалы: *мөшке* (бөшке), *сіпірткі* (сібірткі), *машқара* (масқара), *кәуірт* (күкірт) сияқты толып жатқан сөздер Қазақстанның бірталай жерінде қосарланып айтылады. Бұл белгілі бір жерге тән ерекшелік емес. Көпшілік халық әдеби тілдің нормасында қалыптасқан *бөшке*, *сібірткі*, *масқара*, *күкірт* дегендерді қолданады да, азшылық осы сөздерді бұзып сөйлейді. 5) *Сөйлеу тілде*

<sup>58</sup> Ш. Ш. Сарыбаев. Некоторые вопросы составления диалектных словарей казахского языка. — Вопросы диалектологии тюркских языков, Казань, 1960, стр. 76.

де әдеби тілде де синонимдес сөздер бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мысалы, *аша — айыр, әтеш — қораз, ән — әуен*, т. б. Немесе заттардың атқаратын қызметіне қарап, бірінің орнына бірін қолдану да сжелден белгілі тәсіл. *Аяғына салғаны Оқтығы таза күдерді, Көрген жан қайран қалады Тиегі күміс шідерді* («Қамбар батыр»). Жұмсақ иленген бұғы терісінен жасалған былғары, ертеде күдері делінген. Осы саналы былғарыдан шаңраққа, шідерге т. б. заттарға сәндік үшін әдемі шашақтар жасалған; бұлар да заттың атымен күдері аталыпты. *Оқтық — шідердің ұзына бойы, желісі*. Осы сөйлемдегі *тиек* те түйменің қызметін атқарып тұр. Бірақ түйме емес, әдеби тілде түрліше қолданылатын бірнеше ауыс мағынасы бар жеке сөз. Тартатын асбаптардың шегін келіп тұратын ағаштан істелген кішкене тұрық — *тиек* делінеді. *Аршадан кертін жонын тиек салдым, Бізаны тарқатуға домбыра алдым* (С. Сейфуллин). Киіз үйдің т. б. заттардың есігін ашын-жабуға қажетті жылжымалы бақалақты да *тиек* дейді. *Айша кішкене киіз үйдің ағаш есігінің тиегін ағытып үйге кіргенде, үйдің бір жағындағы шымалдық ішінде жатқан жас әйел оянып: — Бү кім ей?... — деді* (С. Сейфуллин). *Тиек* сөзінің *тетік, тірек, негіз* деген де мағыналары бар. *Бүгінгі бастық — тек күзетші қарт қана, Жалғыз отыр жұрты сенген вахтада. Жайлап бұран қабылдағыш тиегін, «Біздің Роза!» — деп қояды мақтана* (Ә. Ахметов). *Алтын орден алғаным, Терең жырдың тиегі, Көрікті Отан алдына, Ақын жырын үйеді* (Жамбыл). Мұнымен қатар ол ертегіде сөз болып, бірімен-бірі ұштасып дамып отыратын әңгімелердің шығуына себепкер, соларға *тиек* ретінде алынады (М. Ғабдуллин).

Міне осындай сөздерді де (*айыр, әуен, тиек*) жергілікті ерекшелікке жатқызушылық тенденциясы бар<sup>59</sup>. Қайсыбір *жау жұмыр* тәрізді шөп атаулары да «жабайы картоп» мағынасында түсіндіріліп, говор қатарына еніп кеткен. Бұларды келешекте сұрыптап, диалектизмдерден ажыратқан жақсы болар.

Жергілікті ерекшеліктерге ұқсас, тар көлемді қамтитын бұлардан басқа да сөздер болады. Мұндай сөздер жалпы тіл білімінде *жаргон* (француз сөзі — *jargon* — бұзылған тіл), *арго* (французша — *argot* ұры тілі) деп аталады.

«Жаргондар көбінесе дворяндық аристократия мен буржуазиялық үстем топтардың, дін адамдарының және чинов-

<sup>59</sup> Мысалдар С. А. Аманжолов («Вопросы диалектологии и истории казахского языка», Алма-Ата, 1959) пен Ж. Досқараевтың («Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері», II бөлім, Алматы, 1955) еңбектерінен және «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері» деген жинақтардағы материалдардан алынды.

никтердің арасында қолданылған»<sup>60</sup>. Қазақ тіліндегі кейбір зерттеулерде (Ж. Досқараев пен Ғ. Қалиевтің еңбектері) кітаби тіл элементтері жаргон ретінде қаралған. Шынында кітаби тіл жаргондарға ұқсас бола тұрса да, оларға сайма-сай келмейді. Оның жаргоннан негізгі айырмасы «кітаби тіл» Орта Азия мен Қазақстандағы оқығандардың революцияға дейінгі дәстүрге айналған әдеби тілі болды. Бұл тілде мемлекеттік (елдік) маңызы бар іс қағаздары жазылды. Қысқасы, «кітаби тіл» діннің туын көтеріп, оның жаршысы болғанмен, халық тілінің өсу, өрбу жолына кесе тұрып, кедергі жасаса да, елдің мәдени өміріне азды-көпті пайдасы тиді. Халық тілін қоғамның мәдени өміріндегі әр түрлі сөздермен байытуға жәрдемдескендігін ұмытуға болмайды. Бұл жөнінде Ә. Құрышжанов «кітаби тіл» материалдарынан» деген мақаласында (Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2 шығуы, Алматы, 1960, 72—90 беттер) әдеби тілдің даму жұмысына «кітаби тілдің» де елеулі үлес болып қосылатындығын дәлелдеп берді. Қазіргі әдеби тіліміздегі *адал, арам, ақиқат*, сияқты толып жатқан сөздердің «кітаби тіл» арқылы келгендігіне жан-жақты талдау жасады. Таза қазақ тілінде жазылды деп жүрген Абай шығармаларының қолжазбалаларынан да (әдепті, һәм, ғаделет, иуз т. б.) осындай жазу дәстүрінің кездесетіндігіне мысалдар келтірді.

*Жаргон* үстем таптың жоғарғы топтарының тіл ерекшелігі болса, *арго* — әлеуметтік төменгі топтарға тән ерекшелік. *Арго* жасырын әрекетті, құпия сырды сөйлескенде басқаға білдірмеу мақсатынан келіп туған. Аргода халыққа түсінікті сөздер негізгі мағынадан ауытқып, азғана топтың шартты белгісіне айналды. Арго элементтері қазақ тілінен де кездесіп отырады. Мысалы: *апсар-жапсар* (нәрсе жапсарда тұр): ылдым-жылдым (нәрсені тез ал) т. б.

Ал дөрекі сөздерге келсек, олардың да өздеріне тән сипаты бар. Сирек айтылатындығына қарап, бұларды көнерген сөздермен шатастыруға болмайды. Дөрекі сөз әдеби тілдің де, ауызекі тілдің де сыпайыгерлік нормасынан тыс тұрады. Мұнда қайуандарда болатын ұнамсыз қылықтар мен тұрпайы бейне-пішін адамдарға телінеді. Белгілі бір нәрсені былапыт сөздермен қорлау, кеміту, кекету, жақтырмау, аяқ асты етушілікке жол беріледі. Мысалы: *су мұрын, оттау, доңыз* т. б.

Жағымсыз образдарды жасау үшін ақын-жазушылар дөрекі сөздерді көркем шығармаларда қолдануға мәжбүр болады. Өйткені жақсы мен жаманды салыстыру әдебиетке тән тәсілдің бірі екендігі даусыз.

---

<sup>60</sup> Ғ. Қалиев. Қазақ диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 8 бет.

Бұл мақалада көнерген сөздердің негізгі басты-басты қасиеттеріне қысқаша шолу жасалды. Кейбір көнерген сөздердің этимологиялық тұрғыдан құбылатындығы талданды. Жоғарыда көрсетілген басқа лексикалық топтар мен көнерген сөздердің қарым-қатынасы сарқа баяндалды деу қиын. Бірақ оларға тән белгілі ерекшеліктер реті келген жерде сөз болды.

**Ж. ДОСҚАРАЕВ**

## **КЕЙБІР ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР ЖАЙЫНДА**

Халық говорларының әр алуан диалектілік ерекшеліктері бар. Ол әр алуан ерекшеліктердің бір бөлегі сөйлеу тілінің лексика саласында, сөз тұлғалары мен мағыналарында айқын сезілсе, енді бір бөлегі тілдің фонетикалық құбылысы арқылы білінеді.

Сөз еткелі отырған кейбір фонетикалық құбылыстар сөзбен, сөйлеммен, тілдің тарихи даму процесімен байланыстырылып зерттеледі. Олардың сыр-сыпаты, ерекшелігі халық говорларының қарым-қатыстық қызметі, бір-бірінен айырмашылығы арқылы айқындалады.

Қазақ тілінде д/л дыбыстарының алмасуы, говорлар тобының біреуінде л (маңлай т. б.), енді біреуінде д (мандай т. б.) дыбысының қолданылуы, кейбіреулердің айтқанындай, карапайым сөз, кездейсоқ құбылыс емес, қазақ говорларының екі ірі топқа бөлінетіндігін анықтайтын белгілердің бірі. Бұл — даусыз факт. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, говорлар тобының біреуінде д орнына л, енді біреуінде л орнына д дыбыстарының қолданылуы системалы, жүйелі құбылыс. Екіншіден, ол дыбыстар қолданылуы жағынан кең көлемде, бірнеше облыстарда кездесетін территориялық шегі бар құбылыс. Өйткені д орнына л дыбысының қолданылуы Зайсан, Тарбағатай аудандарынан басталып, Қазақстанның шығыс, оңтүстік облыстарына таралып, Қармақшы, Қазалы ауданына дейінгі жерді қамтиды. Ол үшін кейбір мысалдар келтірейік: 1) Октябрь революциясынан кейін біз сияқты кедейлер теңлік алды. Түтүн булақтап жатыр (Күршім, Тарбағатай экспедициясының материалынан). 2) Алыстағы жауыңнан аңлып жүрген дос жаман. Аңламай сөйлеген ауырмай өледі<sup>1</sup> (Шу, Іле экспедициясының материалынан). 3) Сиырдың таңламасын Жуалының базарынан алу керек.

<sup>1</sup> «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», филология мен өнер тану сериясы, 3 шығуы, 1961, 52 бет.

Тамның маңлайшасы аласа, пайқап жүріңіз (Арыс экспедициясының материалынан).

Сонымен қатар әдеби тілде д келетін кейбір қосымшаларда да, сондай-ақ кейбір сөздердегі көнерген қосымшаларда да л дыбысы қолданылады: *жаманлық* (жамандық), *мұңлас* (мұндас), *саңлақ* (саңдақ), *таңлақ* (тандақ) т. б. Таң ақ таңлақ боп атып келе йатыр (эксп.).

Семей облысының оңтүстік-батыс аудандарында да (Аксуат, Көкпекті т. б.) д||л дыбыстары алмасады. Мысалы, *алаал* — адал, *ұрлап* — *ұрдап*, *әулие* — *әудие* (Ж. Болатовтың материалынан). Көрсетілген аудандарда *адал* деудің орнына *алаал* деу сыпатты құбылыс емес. Араб тілінің *халал* деген сөзіндегі л дыбысының өзгертілмей айтылуы қазақ тілінің кейбір говорларында да, халықтың ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бұл сөздегі л дыбысы Абай шығармаларында кейде д-ға ауысып, кейде ауыспай айтыла береді.

Қазақ тілінің шығыс говорының бір ерекшелігі — әдеби тілде л келетін кейбір сөздерде д дыбысы айтылады: *балалар* (балалар), *зордық* (зорлық), *сырды аяқ* (сырлы аяқ) т. б. Мұндай сөздерде л орнына д дыбысының қолданылуы қырғыз тілінде де бар: *зордук*, *кадырдуу*, *урданып*<sup>2</sup> т. б.

Сонымен қатар Зайсан, Тарбағатай аудандары тұрғындарының тілінде кейбір сөздерде н орнына д дыбысы қолданылады. Мысалы, *жазғытұрым өзеннің ардасы суға молаяды*<sup>3</sup> т. б. Көрсетілген сөздерде л, н орнына д дыбысының қолданылуы шығыс говорының ерте кезде қырғыз, алтай тілдерімен қарым қатынасына байланысты болса керек.

Өйткені белгілі тарихшы Рашид-эддиннің берген мәліметіне қарағанда монғолдар Орта Азияны, Қазақстан жерін жаулап алмастан бұрын шығыстағы керей, наймандардың бір бөлегі Алтай маңайын, оның тұсындағы Күршім өзенінің бойын мекендеген. Қызылабашы деген жерге дейін көшіп қонып жүрген<sup>4</sup>. Осындай тарихи жағдайға байланысты қазақ тілінің шығыс говорында алтай, қырғыз, қалмақ тілдерінің материалымен ұқсас құбылыстар бар. Ол құбылыстар жан-жақты зерттеуді керек етеді.

Қызылорда облысының көншілігінде д||л дыбыстары алмасады. Бұл облыстың кейбір аудандарында (Тереңөзек, Сырдария т. б.) д, л дыбыстары қатарынан жарыса қолданы-

<sup>2</sup> Киргизско-русский словарь, М., 1940.

<sup>3</sup> Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 73 бет.

<sup>4</sup> Сборник летописи. История монголов (сочинение Рашид-эдина, русский перевод И. Н. Березина, стр. 111—112).

лады. Мысалы: таңдай — таңлай, шаңдақ — шаңлақ (сиыр-дың түнегі), таңдау — таңлау т. б.

Жергілікті халықтың тілінде бұл дыбыстардың алмасуы кейбір колхоз аттарында да («Теңлік» т. б.) ұшырайды. Кейбір сөздерге д орнына л дыбысының қолданылуы оңтүстік облыстарынан шыққан ақын, жазушылардың шығармаларында да бар: Рас... аяулы адам бір, — деді Степан Аркадьич аңлата сөйлеп...<sup>5</sup>

*Тыңлаған сөзімізді өткізелі,  
Көңілден жаманлықты кеткізелі (Жақсыбай  
ақын).*

Кейбір сөздерде д орнына л дыбысының келуі Жамбылдың шығармаларында да ұшырайды<sup>6</sup>.

Қазақстанның солтүстік, батыс облыстарында, оңтүстіктің кейбір аудандарында д||л дыбыстары алмаспайды. л орнына д дыбысының қолданылуы Семей облысының солтүстік-батыс аудандарынан (Абай, Шұбартау т. б.) басталып, орталық-солтүстік, батыс облыстарына таралып, Волга өзеніне дейінгі жерді қамтиды. Бұл айтқанды жергілікті халықтың сөйлеу тілінің материалы да, әдебиет шығармаларының материалы да айқындайды. Мысалы:

*Ханания үйіне келген соң таңдап тұрып бір қой сойыпты* (жоғарыда көрсетілген еңбек, 97 бет).

*Маңдайынан күн өтіп,  
Жауырынан жел өтіп,*

*Таңдап мінген тұлпарлар,  
Иесін кайда жаяу салмаған*

*(Махамбет).*

*Теңдік іздеп келейге  
Жауызға көнбей тулалық.  
Залымдардың жасаған  
Аранына уладық*

*(С. Сейфуллин).*

Кейбір мәліметтерге карағанда солтүстік-батыстың оңтүстікке, Жетісуға жақын аудандарында да (Абай, Ырғыз т. б.). Кейбір сөздерде д||л дыбыстары алмасады. Бірақ бұл солтүстік-батыс тұрғындарының тіліне тән емес. Оңтүстікке жақын аудандарда д||л дыбыстарының алмасуы оңтүстік-шығыс говорларының тигізген әсеріне байланысты болу керек.

<sup>5</sup> Л. Н. Толстой. Анна Каренина (қазақ тілінде), Алматы, 1953, 69 бет (аударған Ғ. Орманов).

<sup>6</sup> Жамбыл Жабаев шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946, 59 бет.

Қазақ тілінде *д, л*, кейбір дыбыстармен (*н, ң, з*) т. б. жасып, тіркесіп айтылады. Бірақ халық говорларында *д* мен *л*-дың *н* дыбысынан гөрі *ң* дыбысымен тіркесуі басымырақ.

Солтүстік-батыста  
мұңды, аңбы, іздеу

Оңтүстік-шығыста  
мұңлы, аңлы, ізлеу

Солтүстік-батыс тұрғындарының тілінде кейбір сөздерде *н, д* дыбыстарының тіркесі оңтүстік-шығыста *ңл*-ға айналады.

Ол күнде дала түнде түндік жапқан, і  
Мойнына қараңғылық қамыт таққан  
(К. Жұмалиев).

*Тұңлықті жауып, есікті түріп қойшы. Абайға күн түспегін — деп, ақырын ғана айтты (М. Әуезов).*

Кейбіреулер көрнекті ақын, жазушылардың шығармаларындағы диалектизмдерді әдеби норма деп ойлайды. Сондықтан олардың шығармаларында кездесетін кейбір диалектизмдер қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне де, кейбір газет, журналдарда да ұшырайды. Мысалы, *тұңлық* (түндік), *дүз* (тұз *дүзу*<sup>7</sup> (тұзу, жүзу) т. б.

Қазақ тіліндегі говорлардың бір-бірінен айырмашылығына байланысты мынадай сөздерде дауысты дыбыстан кейбірде *д*, бірде *л* дыбыстары қолданылады. *Дуадақ — дуала ақшадай — ақшалай, тірідей — тірілей* т. б. Ілуде біреуі бо, маса, лашыңға алдырмайтын құс-дуадақ болып шықт (С. Мұқанов). Алыстағы жайылымда *дуалақтар* бар (эксп. Мен істеген жұмысыма ақыны *ақшадай алдым* (Ш. Сарыбаевтың материалынан).

Бұл мысалда көрсетілген *дуадақ* сөзі екі элементте (*дуа-дақ*) құралған. Ол сөздің негізгі түбірі, көне элемент түр-түрпаты, мағынасы жағынан түркі тілдерінде түрлі фонетикалық вариантта айтылатын *түйе* сөзімен байланысты сияқты. Мысалы: өзбекше — *туя*, түркм. — *дүе*, азерб. — *дәв*, татар. — *доя*, башкир. — *дойә*, ұйғ. — *тоғә*, қыр. — *тоо*, қақарақал. — *түйе*. Ал *дуадақ* сөзінің екінші элементі (*дақ — дәк, дек*) кейбір түркі тілдерінде (ұйғыр т. д.) соғдай, соған ұқсас деген мағынаны білдіреді<sup>8</sup>. Бұған қарағанда *дақ, дәк, дек* тіліміздегі *-дай, -дей* қосымшасының көн түрі екені аңғарылады. Мұндай көне формалар жергілікті халық тілінде де (ондақ-мұндақ — ондай-мұндай т. б.), есі жазу нұсқаларында да (ондағ т. б.) кездеседі. Бұл форм кейбір түркі тілдерінде әр түрлі айтылады: Қаз. — ондай

<sup>7</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, I том, Алматы, 1959, 174—175 бетер; II том, Алматы, 1961, 384 бет.

<sup>8</sup> С. Е. Малов. Уйгурский язык, М. — Л., 1954, стр. 147.



қырғ. — андай, әзер. — ұндай, ундок, ұйғ. — ундақ т. б. Сөйтіп тілдің ішкі заңына сәйкес сөз етіліп отырған ұғымның аты бір заттың екінші бір затқа ұқсастығына қарай аталған болу керек: *тувдок* — тувалақ (өзб.), *довдағ* (азер.), *дудәк* (тат.), *тоодақ* (қырғ.), *туалақ* (қарақал.), *дуадақ* (қаз.), *тоодог*<sup>9</sup> (монғол.).

Сөз етіліп отырған фонетикалық ерекшеліктер говорлар тобының бір-бірінен айырмашылығын, оның территориялық шегін анықтаумен қатар, тілдің, говорлардың тарихын зерттеу үшін қызмет етеді. Бірақ тіл тарихын зерттеу үшін қызмет ететін материал халық говорларының, жазу ескерткіштерінің көрсетулерін, әр алуан фактілерін бір-бірімен байланыстырып зерттеу арқылы құралады. Шынында тілдің, говорлардың тарихын сол құралған материалға негіздей отырып сөз етуге болады. Бұл жөнінде профессор В. В. Решетовтың: «Сочетание показаний говорков и данных письменных памятников в сумме дадут тот материал, который судить о действительной истории языка»<sup>10</sup> — деген пікіріне назар аудару жөн.

Қазақ тілі XV ғасырда, оның өкілдерінің халық болып құралған дәуірінде ғана пайда болған емес. Одан бұрын қазақ халқының негізін құраған тайпалардың тілдері, диалектілері болған. Сондықтан ертедегі тайпа тілдерінің бірқатар ерекшеліктері жалпы халық тілінің жергілікті говорларында сақталып қалған. Мысалы: кейбір говорларда *ш/ч* дыбыстарының алмасуы, *сағаттану* (сауығу), *баралы* деген сөз формаларының қолданылуы т. б.

Мұндай көне құбылыстар қазақ халқының құрамына енген ескі тайпалардың (үйсін, қаңлылардың) мекен еткен жерлерінде ғана ұшырайды.

Тайпа тілдерінің халық тіліне қарай даму процесінде ертеде қолданылған кейбір құбылыстар, формалар тайпалық тілдің шеңберінен шығып, жалпы халық тілінің территориялық, диалектілік ерекшеліктеріне айналған. Мысалы: жоғарыда айтқанымыздай, оңтүстік-шығыс говорларында *д||л* дыбыстарының алмасуы, *сағы сыну* дегендегі *сағы* сөзінің тарихи мағынасының (жүзімнің бас жағының иілген жері) кейбір говорларда сақталуы және *ғын* (барғын) формасының қолданылуы және жоғарыда көрсетілген диалектілік факті-

<sup>9</sup> Узбекско-русский словарь, М., 1959; Русско-азербайджанский словарь, Баку, 1951; Русско-татарский словарь, Казань, 1940; Русско-киргизский словарь, М., 1957; Русско-каракалпакский словарь, М., 1947; Монгольско-русский словарь, М., 1957.

<sup>10</sup> Вопросы методов изучения истории тюркских языков. Ашхабад, 1961, стр. 182.

лер т. б. тілдің, говорлардың тарихын зерттеуде пайдаланылатын материалға жатады.

Сөйтіп, халық тілінің кейбір говорларында *д* орнына *л*, *ш* орнына *ч* дыбыстарының қолданылуы біздің жыл санауымыздың арғы, бергі кездеріндегі үйсін, қаңлы тайпалары одағының тарихымен байланысты. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, тілдің тарихы халықтың тарихымен, оның (тілдің) көне құбылыстарының тарихы көбінесе ескі тайпалардың тарихымен байланысады. Екіншіден, ондай көне құбылыстар орхон-енисей жазуларында да ұшырайды. Мысалы:

Орхон-енисей  
жазуларында:  
тыңла, аңла, чиг (чет),  
бұнча<sup>11</sup>

Оңтүстік-шығыс  
говорларында:  
тыңла, аңла, чет, бұнча||мұнча

Мұндай фонетикалық құбылыстар, сөздер XI ғасырдың материалы М. Қашқаридың «Диван луғат-ит түрк» атты кітабында да бар. Мысалы: онланді (өңденді), аңладі<sup>12</sup> т. б.

Үшіншіден, білетін кейбір қарттардың (С. Сабыралиев, М. Бәзилов т. б.) айтуынша, үйсін, қаңлылардың ата-бабаларының тарихында Төбейдің 4 баласы деген атау бар: Майқы, Қоғам, Құйылдыр, Матрайыл. Майқы, Қоғамнан — үйсін, қаңлылар тарайды. Құйылдыр, Матрайылдан — қырық, жүз деп аталатын тайпалар шығады. Бұл соңғы тайпалар (қырық, жүз) Өзбекстанда тұрады. Бірқатар сөздерде *д* орнына *л*, *ш* орнына *ч*, *й* орнында *дж* дыбыстарының қолданылуы тәрізді ұқсас құбылыстар өзбек тілінің қырық говорында да ұшырайды. Мысалы: манглай, чыбын, джер, жоқ<sup>13</sup> т. б.

Қазақтың әдеби тілінде *д*, *ш* қолданылатын сөздерде *л*, *ч* дыбыстарының келуі бірталай түркі тілдерінде де бар:

өзбекше — тыңла, аңла, соч, чочь (шаш), чора (шара)  
ұйғырша — тыңла, аңла, чач, чәрә,  
түркменше — динле, аңла, сач, чәрә,  
татарша — тыңла, аңла, чәч, чара.

Көне түркі тілдеріндегі фонетикалық ерекшеліктердің бірі — сөз ішінде, сөз соңында тіл арты *ғ* және тіл ортасы *г* дыбыстарының айтылуы. Мысалы: Орхон-енисей жазуында — сағ, уруғ, сугар, тигрмен, жгирме. Оңтүстік-шығыс говорла-

<sup>11</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, стр. 27, 30; И. А. Батманов. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, стр. 38, 186.

<sup>12</sup> М. Қошғарий. Девону луғатит түркі, I том, Ташкент, 1960, 285 бет.

<sup>13</sup> Мирсагатов. Кырыкский говор узбекского языка. Автореферат дисс... кандидата филологических наук. Ташкент, 1954, стр. 8, 9.

рында — сағ-аю/сақ-аю, уруғ, суғар, тігірмен<sup>14</sup> — тиірмен// диірмен. Бұл көрсетілген фактілердің өзі жоғарыда айтылғандай, оңтүстік-шығыс говорларында (бұл арада шымкент — талас, жетісу говорлары еске алынады) көне ерекшеліктердің болуын, ескінің ізін толық аңғартады.

Қазақ әдеби тілінде — сау, ру (ұру), суар, тиірмен//диірмен. Әдеби тілде кейбір сөздерде (тиірмен — диірмен т. б.) т//д дыбыстарының алмасуы оңтүстік, батыс говорларының тигізген әсеріне байланысты. Өйткені әдеби тіл говорларға қатты әсерін тигізеді. Олардың бірте-бірте бір ыңғайлануына себепші болады. Керісінше, кейбір говорлардың әдеби тілге белгілі дәрежеде әсері тимей қалмайды. Мұны жоғарыда көрсетілген тіл фактілерінен (түндік — түңлік, түзу — дүзу т. б.) анық байқауға болады.

Халық говорларында және орхон-енисей жазуында кездесетін ұқсастық көрсетілген сөздердегі фонетикалық құбылыстарда ғана емес, бұдан басқа да олардың ара қатысын анықтайтын диалектілік ерекшеліктер бар. Ол ерекшеліктерге тоқталу бұл мақаланың міндетіне жатпайды.

Солтүстік-батыста және оңтүстіктің кейбір аудандарында л-дың д-ға ауысуы, алмасуы қазақ халқының құрамына енген туыстас тайпалардың бөлектенуіне, екі жаққа бөлінуіне байланысты болған сияқты. Өйткені монғолдың қазақ жерін жаулауының кезінде Қазақстан территориясы екіге бөлініп, Жошы, Шағатай ұлыстарының құрамына енді. Бұл ұлыстарға енген тайпалар 2—3 ғасыр бөлектеніп өмір сүрді. Ол екі жаққа бөлінген тайпалардың бір бөлегі д орнына л, ш орнына ч, енді бір бөлегі л орнына д, ч орнына ш дыбыстары қолданылатын говорларда, бір тілде сөйледі. Бұл айтылған пікір осы көрсетілген дыбыстардың т. б. тараған территориялық шегі болуы арқылы айқындалады. Бұдан басқа да диалектілік ерекшелігі, тараған шегі бар құбылыстардың бір бөлегі (Ғ — у т. б.) осы мақалада айтылды.

Қазақ ССР тарихында: «Монғол шапқыншыларынан бұрын біздің заманымыздың VI—VII ғасырларының өзінде-ақ Қазақстан территориясындағы халықтың көбі бір-біріне ұқсас әр түрлі диалектілерде болғанымен, бір тілде сөйледі»<sup>15</sup>, — деген пікір айтылған-ды.

Бұл күнге дейін қазақ халқының құрамына енген ескі тайпалардың тарихы толық зерттелмеді. Көбінесе солтүстік-батысты мекендеген тайпалардың (алшын т. б.) ертеде қай жерде, қай жақта болғаны, Қазақстан жерінде болған тайпалар одағы, олардың құрамы т. б. бұл күнге дейін анықталмай

<sup>14</sup> Құрома говорында — тігірмен.

<sup>15</sup> Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957, 147 бет.

келеді. Бұл айтылған мәселелерді зерттеуде халық говорларының кейбір сыпатты, дәстүрлі ерскшеліктерінің септігі тиетіні сөзсіз.

Қазақ тілінде *л*-дың *д*-ға ауысу процесі монғол империясы жасалуынан бұрын басталған болу керек. Өйткені М. Қашкаридың «Дивонында», «Кодекс Куманикуста» кейбір сөздерде *л* орнына *д* дыбысы ұшырайды, мысалы: андыды, андымақ<sup>16</sup>; тандәш (тендес), издәрмән<sup>17</sup> т. б.

Қазіргі қазақ тілінде — *аңдыды, аңдымақ, теңдес, издермін*. Қырғыз тілінде — *анды(ды), тендеш, ізде, іздену*<sup>18</sup>. Ойрат тілінде де кейбір сөздерде *л* орнына *д* дыбысы қолданылады: *маңгдай, тундук, унду, онгдо*<sup>19</sup> (анда). Түркі тілдерінің фонетикалық құрылымы дамуының аса ұзақ тарихы бар. Бұл айтқанды ертедегі жазу ескерткіштері, халық говорларының кейбір құбылыстары анықтайды. Тарихи жағынан алғанда түркі тілдерінің фонетикалық құрылымының дамуы біркелкі, бірыңғай емес, олардың әрқайсысының өзіне тән даму жолдары бар.

Жоғарыда көрсеткеніміздей орхон-ениссей ескерткіштерінің тілінде кейбір сөздерде *д* орнына келетін *л* дыбысы бірқатар түркі тілдерінде (ұйғыр, өзбек т. б.) сақталып, жалпы құбылыс ретінде қолданылады. Ол тілдерде *л* дыбысының алғашқы калпында сақталуы өздеріне тән ескі жазу ескерткіштерінің (Кудатғу билік т. б.) болуымен, оның дәстүрлі құбылыстарының аталған тілдерде нормалануымен байланысты болу керек.

Ал қазақ тілінің тарихи даму жолы ондай емес. Оның белгілі дәрежеде үлгісі боларлықтай өзіне тән жазу ескерткіштері жоқтың қасы. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда көрсетілген сөздерде *д* мен *л*-дың т. б. фонемалық жағынан дамуы тілдің, говорлар тобының (немесе диалектілердің) даму жолының өзгешелігіне (тайпа тілдерінің, диалектілердің шоғырлануы, бірігуі арқылы жасалуы т. б.), оның бірігу, бөлектену процесіне байланысты болуға лайық деген қорытындыға келуге болады.

Қазақ тілінің тарихи дамуы екі негізгі дәуірге бөлінеді. Тарихи дәуір (XV ғ. бері), оған дейінгі дәуір. Бұл айтылған дәуірлерде *л, д* дыбыстары алмасып, ауысып дамып отырады. Мысалы:

1. Тілдің тарихи дәуіріне дейінгі кезде кейбір ескі тайпалардың (үйсін, дулат, қаңлы т. б.) тілінде *д* орнына *л* дыбысы

<sup>16</sup> М. Қашкари. Көрсетілген еңбек, 302 бет.

<sup>17</sup> В. В. Радлов. О языке куманов по поводу издания Куманского словаря. СПб., 1884, стр. 37, 47.

<sup>18</sup> Киргизско-русский словарь, М., 1940.

<sup>19</sup> П. П. Дыренкова. Грамматика ойротского языка. М., 1940, стр. 46, 47.

қолданылған *-ды: таңлай, ізлеу, тыңлау* т. б. Қазіргі уақытта да аталған тайпалардың сөйлеу тілінде, көрсетілген сөздерде *д* орнына *л* дыбысының қолданылуы және орхон-енисей жазуларының материалы айтылған пікірдің айғағы бола алады.

Тілдің тайпа тілінен халықтық тілге қарай даму процесінде оңтүстік-шығыс говорларында *д/л* дыбыстарының алмасу процесі басталмады ма екен деген жорамал туады. Бұл айтылған пікірді халықтың ауыз әдебиетінің, оңтүстік говорларының материалы арқылы толықтыра түсуге болады. Мысалы: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры ерте уақыттан бері халыққа кең тарағаны мәлім. Осы жырдың ертедегі бір вариантында кейбір сөздерде *д/л* дыбыстары алмасып айтылады:

Ерте кеткен Баянды *іздеймін* деп  
Тентек Қодар қоймасын басыңды алып.

Ерте кеткен Баянды *ізлеймін* деп  
Қикы еді Қодар құл өлтірмесін<sup>20</sup>.

В. В. Радлов жинап бастырған ауыз әдебиетінің үлгілерінде де *д/л* дыбыстары алмасады:

Өзүң сараң болмаңыз:  
*Сираңлық* атак алмаңыз.

Балағы жүрер салбаңдап,  
*Маңдай* шашы бұрқырап<sup>21</sup>.

Бірақ Радлов жинап бастырған жинақта бірқатар сөздерде *л* орнына *д* айтылады. Бұл көрсетілген фактілерден ХІХ ғасырда халықтың ауыз әдеби тілінде *л*-дың *д*-ға ауысу, нормалану процесі әлі аяқталмағандығы байқалады.

2. Казактың қазіргі әдеби тілінде *л* орнына *д* дыбысы қолданылады. Оның *л* орнына қолданылу тарихы жазба әдеби тілде ХІХ ғасырдың екінші жарымынан Ыбырай, Абай шығармаларының тілінен басталады. Мысалы: *Ол күннің сәулесімен қалғиды, бірақ маңдайына, бетіне шыбын қонып шыдатпады* (Ы. Алтынсарин).

Кемпір, шал шуақ *іздеп*, бала шулар,  
Мал мазатсып, қуанып аунап, қунар  
(Абай).

Осы мысалда көрсетілген сөздерде (*маңдай, іздеп* т. б.) *л* орнына *д* дыбысының қолданылуы жазба әдеби тіл жаса-

<sup>20</sup> И. Березин. Турецкая хрестоматия. Том III, Казань, 1876, стр. 97.

<sup>21</sup> Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной и в джунгарской степи. Собраны В. В. Радловым. Ч. III, СПб., 1870, стр. 15, 16.

лынбастан бұрын жалпы халыққа ортақ емес, территориялық жағынан бірнеше облыстарда тұратын халықтың тіліне тән құбылыс. Бұл айтқанды жоғарыда көрсетілген тіл фактілері айқындайды.

Жазба әдеби тілдің жасалу, даму процесінде оңтүстік-шығыс говорларында және ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерінде *л* келетін сөздерде *д* дыбысы қолданылып, қалыптасып, әдеби тілдің фонетикалық нормасына айналған.

Жоғарыда көрсетілгендей, сөз етіліп отырған дыбыстар, көбіне, тіл арты *ң*, тіл үші *н* дыбыстарымен тіркесіп айтылады. Тарихи тұрғыдан қарастырғанда *ң*, *л* дыбыстарының тіркесі *ңд* тіркесінен көрі бұрын пайда болған сияқты. Өйткені қазақ тіліне ең жақын делінетін құман (қыпшақ) тілінің жазу ескерткішінде дыбыстардың *ңд* тіркесі өте аз сөздерде ұшырайды.

Бұл айтылған дыбыс тіркестерінің мәні шамалы. Дегенмен бұл дыбыстар, тіркестер фонетиканың белгілі бір жүйелі, аса сыйпатты құбылыстары деуге болады. Өйткені лексикалық элемент те, грамматикалық элемент те дыбыстардың белгілі бір жүйелі тіркесі арқылы жасалады<sup>22</sup>.

Осындай жүйелі, сыйпатты құбылыстарға негіздей отырып, тіл тарихы мен диалектологияның кейбір мәселелері жайында пікірлер айтылды. Ол айтылған пікірлердің толысуы да, толастауы да сөз етілген мәселелерді әлі де кеңірек зерттей түсуге байланысты болмақ.

---

<sup>22</sup> Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1954 (Проф. Кеңесбаев жазған «фонетика» атты тарауының 95 бетін қараңыз).

---

**Ә. ҚҰРЫШЖАНОВ**

## **ҚАРАҚАЛПАҚ АССР-ында ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу мақсатымен ұйымдастырылған диалектологиялық экспедиция Қарақалпақ АССР-ына екі рет барып қайтты. Оның бірінші тобы 1947 жылы доцент Ж. Аралбаевтың басқаруымен Тақта-Көпір, Қоңырат аудандарын аралап қайтты да, Тақта-Көпір (К. Маркс, В. Ленин, Москва атындағы совхоздар) және Мойнақ (Үрге, Үшсай ауылдары) аудандарында болып қайтқан екінші топтың құрамында осы мақаланың авторы да болды (1960 жылы июль — август айларында). Соңғы топтағы зерттеушілер (әдебиетші Б. Ысқақов, тіл маманы А. Махмудов) экспедиция жұмысын Тақта-Көпір ауданында Өзбек ССР Ғылым академиясының Қарақалпақ филиалы тіл, әдебиет және тарих институты ұйымдастырған дәл осындай ғылыми экспедиция мүшелерімен бір жүріп, бірге атқарысты.

Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтар Тақта-Көпір ауданында мақта плантациясында істесе, Мойнақ ауданында балық шаруашылығымен айналысады. Бұл аудандардың қай-қайсысында болса да, олар мал шаруашылығымен де шұғылданады. Тұрғын халықтардың жалпы саны жағынан қазақтар Тақтакөпір ауданында көбірек болса, Мойнақ ауданында тіпті мол. Олардың біразы негізгі тұрғындар да, көпшілігі Қазақстан өлкесінен, әсіресе оның батыс аймақтарынан (Қызылорда облысының батыс жағы мен Ақтөбе, Гурьев облыстарынан) ертелі-кеш көшіп келгендер. Этникалық тобы жағынан олар, негізінде, әлім, табын және адай сияқты Кіші жүз руларына жатады.

Бұл аудандарды мекендейтін халықтардың басым көпшілігі — осы қазақтар мен қарақалпақтар. Қазақ жастары мен қарақалпақ оқушылары көбінесе бір мектепте оқиды. Сабақ-

тар олардың ана тілінде жүргізіледі. Тұрғын қазақтар қарақалпақ тілінде шығатын баспасөз бен сол тілде жазылған кітаптарды мол пайдаланады. Сонымен бірге олар Қазақстанда шығатын барлық газет-журналдарды түгелдей дерлік жаздырып алып тұрады. Қазақ тілінде басылған кітаптар да солай. Бұл өңірде тұратын қарақалпақтар туралы да осыны айтуға болады: олар қазақ тілінде жазылған кітаптарды зор ықыласпен таратады. Республикалық комитеттің радиолық хабарымен бірге жергілікті халықтар Алматы радио станциясында жиі тыңдап отырады. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу мәселесінде мұндай мәдени-шаруашылық факторлардың өзіндік маңызы бар екендігі, әрине, түсінікті болса керек.

Мақала 1947, 1960 жылғы экспедициялар жинаған материалдар негізінде жазылды. Дегенмен, бірсыпыра себептерге байланысты көптеген материалдар бұл мақалада пайдаланылмай қалды. Біз мұнда қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтар тіліндегі диалектизмдердің басты-басты ерекшеліктері мен олардың жалпылық қасиеті туралы ғана әңгіме етпекшіміз.

\* \* \*

Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың ауызекі сөйлесу тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы әңгімемен байланысты мынадай бір жағдайды да ескерте кеткеніміз жөн. Осы күнгі қазақ тіліндегі кейбір диалектизмдер семастикалық ерекшелігі жағынан қарақалпақ тіліндегі элементтермен астасып келеді. Мәселен, үй құрылысына байланысты кейбір сөздер: *айуан, дәліз, әулі, жай (жәй), там, төле, дуал*; үй-іші жиһаздарының аттары: *бақыраш, бойра, елгезер, кәсек, тұқке, леген, шаппа, шиша, шыпта, шырпы*; әртүрлі тамақ атаулары: *ауқат, бөкпен, быламық, жармыш, зағара, зуала, нарын, пәтір, секер, ұумаш, үзбен, үзбентай, ұстаган*; адамның әр алуан қасиеттерін білдіретін сөздер: *әбжіл, бәңгі, кәзәп, кеңе, жанапайшы, жөгі, кісәпір, қасқа, мәрт, мәтіби, нұқта, саудырақ, сотанақ, қопал, тырық, ыржақай, жөгілік, мәрттік, ашна*; адамның әрқалай сипаттарын білдіретін сөздер: *нұштанай, шауқар, жарадар, ауан*; кісінің кәсіби ерекшелігін білдіретін сөздер: *бойрашы, шайыр*; уақыт мерзімін білдіретін сөздер: *азан, бәрһа, пәс, пітегене*; әртүрлі мағынадағы зат есімдер: *арза, марапат, мәйек, мәмле, мән, мәрте, мәртебе, мәсуек, мор, мүғдар, мүш, набыт, нам, напақа, нәубет, пада, палаң, кәтшілік, ләтте, пәтпелек, пәттек, нұрсат, нұшайман, рәсуә, тәкібай, теміртек, теңге (20 тиын), туасы, ұтыры, үрдіс, ұшыр, ауқал, шайыр (желім), шер (арыстан),*



гәп, деккі, дәуіт (сия сауыт), деңгене, жемелек, зәк, кәлле, келтек (егіннің басы); сың есімдер: әбес, әбестік, найсап, наяты, пәкене, қосымталы, пәс, шерменде, жеккі, жүдә, ілекер, кәтте етістіктер: марапаттау, омалу, пайлау, пашақтау, қосымталау, қышау, сөту, шулығыу, ықылау, жанапайлау, жаурау, зыңқию, күсу, аршу; одағайлар: ых (ыхы), ләббәй, піш-піш (пиш-пиш), төте-төте; бір топ сөздердің привитив тұлғасында қолданылуы: нәдұрыс, найылаж, нәмақұл, нәмәрт, нәтуры; біркілы сөздердің фонетикалық жағынан өзгеріп келуі, дауысты дыбыстарға байланысты: жеркену, жуап, індемеу, сорау, туры, құдағай; дауыссыз дыбыстарға байланысты: аңлы, бөтеке, ешек, жұмырық, кеуіл, маңлай, нас, пүткіл, уалау, айнанайын, басқалдақ, түпірік, бұяқ, қаяқ, біротала; кейбір сөздердің жіңішке вариантта айтылуы: кәдір, кәйт, кәпелімде; метатезалық құбылысқа ұшыраған сөздер: айлан, кәпкір, түпкір, шопқыт; кәсіби сөздер, қауын шаруашылығына байланысты: күләбі, жамбылша, қауынқақ, қауынқұрт, қауыншы, майшопақ, пәлек, түйнек, шопақ; мақтамен байланысты: қоза, қозапая, пая, қауаша, қауашақ; әртүрлі дақыл атаулары: айғабағар, пісте, ләблеме, мәш; жеміс аттарына байланысты: дәнек, шарбақ; егінге байланысты: қодырең, мөлдек, отақ, отақтау, отау, салы, собық, сүдігер; жер шаруашылығына байланысты: айдау, жап, қарық, құлақ, құлақтас, мала, малалау, оман ағаш, шартақ, шертек т. б. сөздер. Бұл қазақ тілінің оңтүстік говорымен сәйкес келсе, енді бір алуан сөздер оның батыс говорымен ұқсастық табады. Мысалы, атау, атауыз, ашқыш, әтешкір, байрақ, белбуар, қаяз, қалбыр, қызалақ, манат, мұқам, нашар (бала), нән, нәһән, сайғақ, сүрен, топ (зенбірек және оның оғы) т. т.

Қарақалпақ тілі мен қазақ тілінің арасындағы осылар тәрізді кейбір сөздердің жарыса қолданушылығы, олардың табиғи тамырластығын әңгіме етпегеннің өзінде, басты-басты үш түрлі себептерге байланысты қалыптасқан болар деп ойлаймыз. Бірінші себеп — орта ғасыр заманындағы Орта Азия мәдениетінің сан салалы жемісіне осы халықтардың еншілес болуы. Қазақ пен қарақалпақ — көне дәуірді былай қойғанда, кешегі «ғалымдар атасы» атанған Әбу Әли ибн Сина, аты шулы ұламалар Әбу Райхан, Аль-Бируни, Ұлықбек, әйгілі шайыр Низамадин Мір Әлішер Навои, қыпшақтан шыққан кеменгер Мухаммед Әбунәсірұлы Аль-Фараби, Түркстан түбінде туған Хожа Ахмед Ясауи, дулаттан шыққан тарихшы Хайдар Дулати сияқты дүние жүзілік мәдениеттің қарыштап өсуіне үлкен үлес қосқан қаламгерлермен отандас болған халықтар. Сол кезде Бұқара мен Үргеніш, Хорезм мен Самарқанд, Түркстан мен Отрар, Сығнақ пен Сауран өлкесінде мидай араласып жатқан бауырлас халықтардың тілінде жалпы-

лама қолданылған кейбір сөздердің әлдебір диалектілерде (мысалы, қазіргі қазақ тілінің оңтүстік говорында) күні бүгінге дейін сақталып келуі ғажап емес сияқты. Мәселенің бұл жағын тарихи тұрғыдан қарап зерттегеніміз жөн.

Екінші себеп — республикамыздың оңтүстік аймағында тұратын қазақтар да, өз елінде тұратын қарақалпақтар да өзектес өзбек халқымен үздіксіз араласып, «әуліме-әулі» отырады. Осыған орай, әдетте бола беретін «көршілік ақы» яғни күнделікті «ауыс-түйіс» бұл өңірде тұратын қазақтар мен қарақалпақтардың тілінен өзіндік өріс тауып, орнығып алса керек.

Үшінші себеп — Сыр бойы мен Қазақстанның батыс өлкесін мекендейтін қазақтар Қарақалпақ АССР-ымен құрдай қатынасып тұрады. Жоғарыда келтірілген мысалдардың көпшілігі өзбек тілінде де айтылады. Демек, олардың үш тілде (қарақалпақ, өзбек, қазақ) бірдей жарыса қолданылуына қарағанда, бұл айтылған себептердің алғашқы екеуі соңғысынан гөрі басымдау роль атқаратын сияқты.

\* \* \*

*Фонетикалық ерекшеліктерге байланысты мынадай жәйттерді атап өту керек. Кейбір сөздердің құрамында келетін ұ дыбысы ы-мен алмасып айтылады: бықтыру (бұқтыру), былаңбау (бұлаңдау), мынада (мұнда), былақ (бұлақ — құлақ ауруының бір түрі) т. б. Дегенмен, мұндай ерекшеліктер ұ дыбысымен айтылатын сөздердің бәрін түгел қамтымайды. Мәселен, шұбар (шыбар емес), бұзылу (бызылу емес) сияқты сөздерде ұ мен ы өзара алмасып келмей-ақ айтыла береді. Жоғарыда келтірілген сөздер қарақалпақ тілінде ұ (жазылуда у) дыбысымен айтылады: бұлаңла<sup>1</sup>. Қазақстанның оңтүстік аудандарында мұндай сөздер ы дыбысымен де айтыла береді.*

Бірсыпыра сөздердің құрамындағы ұ мен о дыбыстарының алмасып келуінде де бірізділік жоқ. Мысалы, бірде құртынды (қортынды) болып айтылса, енді бірде қолдану (құлдану емес) деп айтылады. Қарақалпақ тілінде қорытынды, қолланыу тұлғасында келетін болса, Батыс Қазақстан облысында бұл сөздер ұ дыбысымен айтылады. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтар бөгелек, сорақ, сора, түспал деп қолданса, Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір жерлерінде бугелек, сорау, тоспал деп те айтылады.

Бірен-саран сөздердің құрамындағы ғ, г дыбыстары кейде

---

<sup>1</sup> Қарақалпақ тілінен келтірілетін мысалдар «Қарақалпақско-русский словарь» (редакциясын басқарған Н. А. Баскаков, ГИИС, М., 1958) деген еңбектен алынды.

түсіріліп айтылса, кейде, керісінше, түсірілмей-ақ айтыла береді: *жығын* (жиын), *егер* (ер), *шігін* (шиін), *бүлгіншілік* (бүліншілік), сонымен бірге: *киіз* (кигіз емес), *мирап* (миғрап емес), *құман* (құмған емес), *суару* (суғару емес), *жалаңаш* (жалаңғаш емес), *біз* (бігіз емес), *табиат* (табиғат емес), *үріп* (ғұрып емес), *алым* (ғалым емес) т. т. Қызылорда облысының оңтүстік аудандарында *кигіз//киіз*, *құмған//құман*, *суғару//суару*, *еге//ие*, *шылғи//шыли* деп қатар айтқанмен, *егер*, *жалаңғаш*, *бігіз*, *жігірма*, *мүгіз*, *шаңғырақ* деп айтпайды. Бұл сөздер қарақалпақ тілінде де ала-құла айтылады: *жығын//жиын*, *шигін*, *ер*, *бүлгіншілік//бүліншілік*, *кийіз*, *құмған//құман*, *суғару*, *жалаңаш*, *биз*, *ийе* т. т. *Ғ* мен *г* дыбыстарының қолданылуы, Ф. Қорш айтқан әйгілі заңдылықты әңгіме етпегеннің өзінде, түркі тілдерін таптастырудағы негізгі ерекшеліктердің бірі болып жүргені мәлім. Қазақ тілі мен қарақалпақ тілі *ғ* мен *г* дыбыстарынсыз (*й*-мен не «*ноль*»-мен) айтылатын тілдердің тобына жататын болса, о да белгілі нәрсе. Бұл тілдердің тарихи өсу тағдыры туралы, яғни олардың жаңа тіл екендігі жөнінде С. Е. Маловтың пікір айтуына бірден-бір негіз болған да осы ерекшелік. Түркі тілдерінде *ғ*, *г* дыбысын қолданылатын тілдер: орхон-енисей, көне ұйғыр, көне қыпшақ, шағатай, өзбек (*иеғын*), түрік, түрікпен, алтай (*иығын*), ұйғыр тілінің тараншы диалектісі (*иығым*), шор тілі (*чығын*); *ғ*, *г* дыбыстарын қолданбайтын тілдер: куман, қойбал диалектісі, қачын диалектісі (*иын*), балқар (*зыйын*), қарайым (*иыйын*, *ыйын*), қырғыз (*жуйын*), татар (*жәйән*, *жыын*), тобол диалектісі (*иыын*), телеуіт диалектісі (*дуун*), сағай диалектісі (*чуун*), алтай тілі (*иуун*)<sup>2</sup>. Демек, біз біріншіден, көне түркі тілдерінің барлығында да *ғ*, *г* дыбыстарының үздіксіз қолданылғандығын, екіншіден, *ғ*, *г* дыбыстарымен сөйлейтін қазіргі кейбір түркі тілдерін, бұл жерде, мысалы, өзбек тілін, еске алсақ, қазақ тілінің кейбір говорларында кездесетін *ғ*, *г* дыбыстарының өзіндік тегін осындай екі түрлі жағдаймен байланыстыра отырып зерттеу қажет екендігіне күмән келтіре алмаймыз: бұл дыбыстар не көне түркі тілдерінен қалған рудименттік элемент, не көрші тілдерден енген ерекшелік. Екі жолдың екеуі бірдей әсер етіп отыруы да мүмкін. Мысалы, *ғ*, *г*-мен айтылатын бір сөз сонау атам заманнан қалған мирас болса, екінші бір сөз күні кеше ғана ауысқан кірме болуы мүмкін. Жоғарыда келтірілген сөздердің бірі олай (*ғ*-мен), бірі бұлай (*ғ*-сыз) айтылуы олардың жасалу

<sup>2</sup> Түркі тілдерінен салыстырмалы түрде келтірілген мысалдар М. Рясеннің «Материалы по исторической фонетике тюркских языков» (неміс тілінен аударған А. А. Юлдашев. ГИЛ, М., 1955) деген еңбегінен алынды.

(қалыптасу) жолының осындай әр ізділігімен байланысты болса керек.

К мен ғ дыбыстары да арагидік алмасып отырады: *гүләбі* (күләбі), *гіжіну* (кіжіну), *гіналау* (кіналау), алайда: *бөтеке* (*бөтеге* емес), *кіл* (*гіл* емес), *көң* (*гөң* емес), *шәңке* (*шәңге* емес), *күмән* (*гүмән* емес), сонымен бірге *күр//гүр*. Қазақстанның оңтүстік аудандарында да бұл дыбыстардың қолданылу үлгісі ала-құла. Мысалы, онда *күләбі*, *кіжіну*, *бөтеке* деп те, *шөңге*, *гүмән* деп те айтыла береді. Қарақалпақ тілінде бұл сөздердің кейбірі *к*, кейбірі *ғ* дыбыстарымен айтылады: *гүләби*, *бөтеке*, *гине*, *гүман*, *көң*, *килем//гилем*, *гилең//килең* т. б.

К дыбысы, негізінен алғанда, қыпшақ тілдеріне тән болса, ғ — оғуз (түрік, түрікпен, азербайжан) тілдеріне тән дыбыс. Сонымен бірге ғ құмық, балқар, қарақалпақ тілдері мен өзбек тілінің түрікпен тілінің әсеріне ұшыраған кейбір диалектілерінде де кездеседі. Мысалы, көне түркі, ұйғыр, куман, шағатай, құмық, қарашай, балқар, қырғыз, қарақалпақ, алтай, якут тілдері мен телеуіт, лебеді, сағай, қойбал, қачин диалектілерінде *көр*, татар, башқыр тілдерінде *күр*, чуваш тілінде *қор*, *кур*, түрікпен тілінде *гөр*. Дегенмен бұлардың өзінде де белгілі бір тұрақтылық жоқ. Мәселен, түрікше *гөк*, *гөлге*, азербайжанша *көлге*, түрікпенше *көлеге* (казакша *көк*, *көлеңке*) т. т. Түркі тілдеріндегі *к* мен *ғ* дыбыстарының қолдануындағы позициялық ерекшеліктерді зерттей отырып М. Рясянен Шацкаяның «известно, что по этому вопросу в турецких диалектах (в тюркских языках — А. К.) нет никакого единства» деп жазған пікірін келтіреді де, *к*-ның орнына *ғ*-нің айтылуы, Ю. Немет айтқандай, оның өзінше бір ұзын сонар тарихы бар дербес дыбыс болғандығынан емес, *к*-ның сандхи жолымен түрленіп келуі арқылы жасалған болу керек деп жобалайды: *бергеел* (*бері кел*), *бүгін* (*бү күн*) т. б. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тілінде қолданылатын кейбір сөздердің кейде *к*, кейде *ғ* дыбысымен айтылуы сайып келгенде бұл дыбыстардың жалпы түркі тілдерінде қолданылатын осындай ерекшеліктерімен тамырлас тәрізді.

Бірсыпыра сөздердің құрамындағы *қ*, *х* дыбыстары да осындай тұрақсыз келеді: *үр* (хор: хордың қызы), *үрмет* (күрмет), *райласу* (рақайласу), *ақтан* (хақтан), *пәтия* (пәтиха), *нәсият* (насихат), *өжіре* (хижра), дегенмен: *қайран* (*айран* емес). Оңтүстік аудандарда *айран* (айран қалдым), *әл* (әл-ақуал) деп те айта береді. Қарақалпақ тілінде *хүр*, *хүрмет*, *хақ*, *хайран* болып, *х* дыбысы түсірілмей айтылады. Өзбек тілінде де осылай: *хайрон*, *хақ*, *хурмат*, *хур*. Бөгде тілдерден (араб, парсы) алынған сөздердің құрамындағы *х* ды-

бысы қазақ тілінде көбінесе-ақ айтылмай түсіп қалады.  
Мысалы:

арабша қазақша

حرف	әріп
حرکة	әрекет
حرم	арам
حرمة	құрмет (үрмет)
حقیقة	ақиқат
حق	хақы (ақы)
حکم	үкім

арабша қазақша

حاکم	әкім
حلال	адал (алал)
حلقه	алқа
حلوا	алуа
حاجة	қажет (әжет)
حافة	апат
حيوان	хайуан (айуан)
حال	хал (әл)
حیران	қайран (айран) <sup>3</sup> .

Шығыс тілдерінен енген х дыбысын қолдануда қазіргі қазақ тілінің өзіндік заңдылығы мынадай сияқты: біріншіден, ол х дыбысын өзгертпей қолданады (*хат, хабар, халық*), екіншіден, оны қ дыбысымен алмастырып айтады (*қажы, қисап, қасірет, қабір, қына, мұқтаж, қауыз*), үшіншіден, оны мүлдем айтпастан ізсіз қалдырады. Жоғарыда келтірілген мысалдар осы үшінші түрлі заңдылыққа тура келеді. Ал, бірінші топтағы сөздер, біздің ойымызша, тарихи жазу принципі бойынша (бір кездегі Орта Азия халықтарына жаппай ортақ болған жазу негізінде, кітаби тіл арқылы) алынған да, соңғы екеуі халық тілінің өзіндік әсерімен барып қалыптасқан. Мұндағы бір ескерте кететін жағдай мынау: *рақайласу* сөзінің жасалу табиғаты араб-парсы тілдерінен енген элементтерден гөрі басқалау болуы мүмкін. Сол сияқты *ақ* (ақтан ақ күйесін бе?) деген сөзді де он екі саққа жүгіртуге болатын тәрізді: бірі «адал, таза, күнәсіз, пәк» деген мағынада жұмсалатын қолтума сөз де, енді бірі «шындық, әділеттік, дұрыстық» деген ұғым беретін араб сөзі *хақ* (хаққұн). Егер оның төркіні бөгде тіл болатын болса, онда ол жоғарыда көрсетілген үш жолдың үшіншісі арқылы жасалған деп есептеуге тиістіміз.

Сөз болып отырған говорда б дыбысының орнына п қолдану басқа түрлі дыбыстардың алмасып келуінен гөрі, әлдеқайда жиірек кездеседі: *тапа* (таба), *пейіл* (бейіл), *пұта* (бұта), *піту* (біту), *пітік* (бітік), *полат* (болат) т. б. Осыған керісінше *жабан* (жапан) деп те айтыла береді. Қазақ тілінің оңтүстік говорынан да біз осыны кездестіреміз: *пейнет* (бейнет), *пал* (бал), *питеу* (бітеу), *пұқа* (бұқа), *палуан* (балуан)

<sup>3</sup> Араб тілінен алынған мысалдар «Арабско-русский словарь» (құрастырған Х. К. Баранов, ГИИС, М., 1958) деген еңбек бойынша келтірілді.

т. т. Сол сияқты қарақалпақ тілінде де *п* дыбысы *б*-дан гөрі жиірек қолданылады: *пұта, пейил, пал, полат, питир, питик*, бірақ: *таба және жабан*. Демек, *б* дыбысының орнына *п* қолдану сөз болып отырған говор мен қазақ тілінің оңтүстік говоруна және қарақалпақ тіліне бірдей ортақ құбылыс болып табылады. Оның басқа түркі тілдеріндегі тап осындай ерекшелікпен астасып келетіндігін мынадай мысалдан айқын көру қиын емес: чуваш, алтай, телеүіт, лебеді, шор тілдерінде *п* (*пер, пар*), көне түркі, ұйғыр, куман, шағатай, қараим, қырғыз, қазақ, түрікпен, татар, башқұрт, якут тілдерінде *б* (*бер, бир, биер*).

Некен-саяқ сөздердің құрамындағы *б* дыбысының *у*-мен алмасып айтылатындығын да осы тұста ескерте кеткеніміз жөн: *кеуіш* (кебіс), *даруаза* (дарбаза). Оңтүстік говорда бұл сөз *дарбаза* болып айтылады да, өзбек тілінде *дарвоза* түрінде қолданылады. Төркіні парсының *دروازا* (*дәрвазе* — қақпа, үлкен есік) деген сөзіне барып саятын болса керек. Халықтың қарапайым сөйлеу тілінде бөгде жұрттан ауысқан *в* не қолтума *б*, не тыңғылықты *у* дыбыстарымен алмасып келеді: *пәруәна* (парсыша *پروانه* *пәрване* — көбелек), *пәруәрдегер* (парсыша *پروردگار* *пәрвәрдегар* — жаратқан), *перуай раз* (орысша *первый раз*), парсы тіліндегі белгілі бір қасиет несін көрсететін аффикс *وار* — *вар* қазақ тілінде *-уар* болып айтылады: *сөзуар* т. б.

Кейбір түркі тілдерінде *б* дыбысының тек *в*-мен ғана емес, *у*-мен де алмаса беретіндігі мәлім. Мәселен, жоғарыда келтірілген *бар* деген сөз қырым татарларының тілінде *вар*, түрік, азербайжан тілдерінде *уар* болып айтылады. Алайда, *даруаза* деген сөздегі *б*-ның орнына *у* қолдану халық тілінің өзіндік ерекшелігіне жататын факті ретінде танылғаны мақұл.

Өзара алмасып айтылатын дыбыстардың бірі — *б* мен *м*. Әдетте қатар айтылатын есімдіктерді (*бұны//мұны, бұнша//мұнша*) былай қойғанда, мұнда *мейнет* (бейнет), *мауыздау* (бауыздау) сияқты мысалдар кездеседі. Солай бола тұрса да, *батыру* (*матыру* емес) және оған керісінше, *мана* (*бана* емес) деген формалар кездеседі. Қазақ тілінің батыс говорында осыған орай *мана, мауыздау, мәйіт* (бейіт) деген сөздер байқалады. Оңтүстік говорда да бұған *мөшке* (бөшке), *мекем* (бекем) тәрізді бірлі-жарым мысалдар бар сияқты. Қарақалпақ тілінде *бунда, бундай, бунша, буншама, бұныңдай, бұнысы//мұндай, мұннан, мұнша, мұншалық* және *бауызлау, батырыу* тұлғасында қолданылады. Демек, қазақ тіліндегі *б* дыбысының орнына *м* қолдану осы тілдің, яғни қарақалпақ тілінің, әсерінен гөрі басқашалау жағдайға байланысты болса керек.

*М* мен *б* дыбыстарының түркі тілдерінде өзара алмаса беретіндігі — ертеден бері келе жатқан ескі құбылыс. Бұл салада зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар қай дыбыстың тарихы ұзағырақ екенін анықтау былай тұрсын, тіпті екеуінің алмасып келу заңдылығының өзі неде жатыр деген сұраққа жауап бере алмай келеді. Мәселен, көне түркі тілдерінде *бәңгү* болса, ұйғыр тілінде *мәңгү*, якут тілінде *біле//міле* (қазақша *білеу*, *қайрау*), *мүс//бус* (қазақша *мүз*), татарша *мічке* (қазақша *бөшке*) т. б. Бір сөзбен айтқанда, қазақ тілінің кейбір говорларындағы азын-аулақ сөздерде *б* дыбысының орнына *м* қолдану жалпы түркі тілдеріне тән құбылыстың белгілі бір жаңғырығы болса керек.

*М* дыбысының *п*-мен алмасып келетіндігіне де бірлі-жарым мысалдар кездеседі: *паңай* (манай), *мейіл* (пейіл), бірақ: *пақта//мақта* және *пеш* (*меш* емес). Мұндай мысалдар оңтүстік говорында да қайталанатын: *паңай*, *пақта*, бірақ: *меш*. Батыс говорында да *меш* тұлғасы бар. Қарақалпақ тілінде *пеш*, өзбек тілінде *пахта*. Бұл екі дыбыстың арақатынасы да түркі тілдеріндегі белгілі жәйт: түрікпенше *пелте*, татарша *пілте*, құмықша *мелте*, тоболь диалектісінде *мілте*, телеут диалектісінде *мылта*, түрікше *фитил*, орысша *фитиль*, қазақша *білте*. Сөздің түбірі — парсыша болса керек, онда *фитилә*.

Сөз болып отырған говорда алмасу заңдылығы жүйелірек болып есептелетін дыбыстардың бірі — *д* мен *т*. Бұлардың біріншісі көбінесе екіншісінің орнына қолданылып отырады: *дізгін* (тізгін), *дизе* (тізе), *дүз* (түз), *дүздау* (түздау), *дизелеу* (тізелеу), *дийрмен* (тиірмен), *дүз* (түз), *дүңке* (түңке) т. б. Осыған қарамай *теңіз* (*деңіз* емес), *оңтайлы* (*оңдайлы* емес) деп те айтыла береді. Қазақ тілінің оңтүстік говорында *т*-ның орнына *д* қолдану әлдеқайда басым. Қарақалпақ тілінде көбінесе *д* айтылады: *дизгін*, *дизе*, *дизеле*, *дүз*, *дүзлау*, *дийирман*, *дүз*, *дүңке* т. т. Оның үстіне *д* мен *т* дыбыстарының бүкіл түркі тілдерінде қолданылатын ара салмағына көз жүгірткіміз келсе, мынадай бір мысалға жүгінгеніміз жөн: түрікше *дөрт*, *дүз*, қырым татарларының тілінде *дүз*, азербайжанша *дүз*, түрікпенше *дүөрт*, құмықша *деңгіз*, балқарша *дағыда*, қарашайша *дағы*, шағатай тілінде *давул*, татар мен башқұртша *дүрт*, қарақалпақша *дозақ*, *душшы*, қазақша *төрт*, *түз*, *теңіз*, *тағы*, *тұщы*, *тозақ*, бірақ: *дауыл*. Былайша айтқанда, түркі тілдерінің оңтүстік-батыс тобына жататын тілдер мен қарақалпақ тілінде *д* басқа тілдердегіден гөрі жиірек қолданылады. Қазақ тілінің оңтүстік говоры мен қарақалпақ говорында *т*-ның орнына *д*-ның айтылуы не көне тілдердің, не осындай тілдердің көршілес отырып тигізген әсерінен болар ма деп ойлаймыз.

*Л* мен *д* дыбыстарының қолданылуына байланысты, бірінші жағынан, *маңлай*, *маңлайша*, *түңлік*, *екіншілей*, *ақшалай*

деп айтылса, екінші жағынан, *өңдеу, теңдік, дуадақ, тыңдау* деп айтылады. Тіпті *бірді-жарым* деп те, *бірлі-жарым* деп те жарыса қолданылады. Қазақ тілінің оңтүстік говорында *л*-мен айтылатын варианттардың көп қолданылатындығы сондай, олар жергілікті (аудандық, облыстық) баспасөз беттерінде қалай болса солай жазыла береді. Қарақалпақ тілінде бұл *л*-мен айтылады: *маңлай, маңлайша, тұңлик, екіншиллей, ақшалай, теңлик, тыңлау*. Қазақ тілінде *t//d//l* болып айтылатын сөздердегі қосымшаның басында *л* қолдану — көне түркі тілдері мен осы күнгі көптеген түркі тілдеріне ортақ құбылыс. Соған қарағанда *ақшадай* деген формада гөрі *ақшалай* деген вариант осы сөздің көнедеу тұлғасын көрсетсе керек. Бұл ыңғайға көнбейтін сөз болса, ол *дуадақ* (оңтүстік говорда *дуалақ*) деген сөз. Ең әуелі бұл сөздің өзіндік құрамын ашып алу қажет: ол өзі негізгі сөз бе, туынды сөз бе? Оның бер жағында мынадай бір жағдайды да еске алған жөн: *Балқар* тілінде *дуадақ*, қарақалпақ тілінде *дуадақ* болып келетін бұл сөз, М. Рясненнің айтуына қарағанда, қазақ тілінде *дуадақ//дуалақ* болып екі түрлі вариантта айтылып, *тоғдақ* деген көне формаға барып саятын секіледі. Сонда *л*-мен айтылған варианттан гөрі *д*-мен айтылатын түрі көнедеу болып шығады да, ол қазақ тілінің *л*-мен сөйлейтін говорының негізінде пайда болған бол есептелінеді.

*Ш* мен *с* дыбыстарының алмасып келуі де сөз болып отырған говорда ала-құла. Мысалы, онда *тышқары* (тысқары), *шамал* (самал), *мышық* (мысық), *беш* (бес), *кеуіш* (кебіс), *бешатар* (бесатар), *ұқшату* (ұқсату) сөздерімен қатар осыған карама-қарсы *мұрса* (мұрша) деп айтылады да, *қыштау* (қыстау), *үйқаш* (үйқас), *масқара* (масқара), *тұрмыш* (тұрмыс) деп қолданылмайды. Қазақстанның оңтүстік аудандарында *мышық* деп айтылғанмен, *ұқшату* не *беш* деген сөзді есіте қою қиын-ақ. Қарақалпақ тілінде де көбінесе *с* мен *ш* қатар қолданылады: *тысқары, бесатар, ұқсатый, қыстау, үйқас, масқара, тұрмыс*, бірақ: *шамал, пышық*. Бұған қарағанда сөз болып отырған говордағы *ш*-ның қолданылуы қарақалпақ тілінің ықпалынан гөрі басқалау болуы мүмкін. Түркі тілдерін алып қарасақ, олардың бірінде *с*, бірінде *ш*, енді бірінде *ч* қолданылады. Қазақ тілінің кейбір говорларындағы *ш*-мен айтылатын сөздердің төркіні жалпы түркі тілдерімен, олардың ішінде *ш*-мен сөйлейтін тілдермен сабақтас тәрізді. Мысалы, *сас* (*сес*), *сач* (көне түркі, ұйғыр, шағатай, түрік, қырым татарлары, түрікпен, башқұрт, тоболь, барабин, кюэр, карайым, қойбал, сағай тілдерінде) *чач, чеч* (тараншы, қырғыз, алтай, телеуіт, лебеді, тоболь, карайым, татар тілдерінде), *шаш* (қазақ, шор тілдерінде).

Және бір мысал: *баш, паш* (көне түркі, ұйғыр, куман, ша-



ғатай, өзбек, түрік, азербайжан, қырым татарлары, түрікпен, қырғыз, татар, башқұр, тоболь, кюэр, алтай, телеуіт, шор, качы), *нас, бас, нос* (қойбал, сағай, қарайым, қазақ, қарақалпақ, якут, чуваш). Демек, көпшілік түркі тілдеріне ортақ сөздерде *с*-дан гөрі *ш*-ның қолданылу өрісі молырақ, оның үстіне ертерек жасаған тілдерде *с*-ның орнына көбінесе *ш* кездеседі. Бұл екі дыбыстың жарыса қолданылуы түркі тілдерінің әртүрлі классификациясына байланысты да өзінше сөз болып жүргені мәлім. Сонымен, біз әңгіме болып отырған говордағы *с*-ның орнына *ш* жұмсалудың *ш*-мен сөйлейтін тілдердің элементі болар деп жорамалдаймыз. Оны, әрине, көне тілдерден (олар да *ш* группасына жатады) қалған мұра деп тану үшін осы салада бірсыпыра зерттеу жұмыстарын жүргізу кажет сияқты.

Әңгіме болып отырған говордағы кейбір дыбыстардың өзара алмасып келуі белгілі бір фонетикалық заңдылықтан гөрі әлдеқалай себептерге байланысты ауытқушылықтан туған тәрізді. Оның үстіне мұндай ауытқушылықтар бір топ сөздерді түгел қамтымай, некен-саяқ сөздердің құрамында ғана кездеседі. Сондықтан біз оны белгілі бір дыбыстардың жүйелі түрде алмасу заңдылығы дегеннен гөрі *фонетикалық ауытқушылық* деп атауды жөн көріп, оған бірен-саран мысалдар келтіріп өтуді орынды деп санадық: *аңдақ-мұндақ* (андай-мұндай), *атқанда* (жатқанда), *әдәуір* (едәуір), *әлекпе* (алаөкпе), *әнейі* (әдейі), *бақит* (бақыт), *дайра* (дария), *бөрен* (бөрене), *мүкі* (мүкіс), *қарын-қашақ* (қарын-кәшек), *битап* (бейтап), *ғары, ғарры* (қары), *ғауға* (қауға), *ғәррі, гәрі* (кәрі), *дастық* (жастық), *дәрру* (дереу), *дәрт* (дерт), *есап* (есеп), *ерік* (өрік), *жамалдату* (жамандату), *жаңғыз* (жалғыз), *жуап* (жауап), *жұмалау* (домалау), *жұмырық* (жұдырық), *инану* (илану), *іrete, рете* (рет), *іспет, сипет* (сипат), *көрпіш* (кірпіш), *кеуіл* (көңіл), *кірей* (кіре), *қазина* (казына), *құдағай* (құдағи), *миман* (мейман), *мінтаздай* (мұнтаздай), *мүңкін* (мүмкін), *несібе* (несібе), *пыда* (пида), *салқам* (сылқым), *лампаси* (мәмпәси, мәнпәси), *кән* (кен), *қамек* (кәмек), *қалем* (калам), *перне* (перде), *еңкі* (ең алғаш), *белбау* (белбеу) т. б.

Қазақстанның оңтүстік өлкесінде тұратын қазақтар *атқанда, едәуір, битап, жамалдату, жаңғыз, жұмалау, жұмырық, іспет, кеуіл, құдағай, миман, мінтаздай, мүңкін* деп айта береді. Сонымен бірге бұлар Қазақстанның басқа аудандарынан да кездесетін болу керек (мысалы, батыста *жұмалау*, шығыста *аңдақ-мұндақ* т. б.). Демек, осы топқа жататын сөздердің көпшілігі жалпы халықтың ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді көрсететін шығар деп ойлауға болады. Ендігі бір топ сөздер басқа тілдердің әсерімен айтылуы да мүмкін. Мысалы,

қарақалпақ тілінде *құдағай, кейил, жумырық, ерік, дастық, ғарры, бийтап, көне, кирей, ғауға*, көне қыпшақ тілдерінде *ынан, қазина*, ескі шағатай тілінде *несибе* деп айтылады. Осындай әр тілдің өзіндік элементтері тоғысқан жерде араласа келе, айтыла жүре бір-біріне әсер етуі ықтимал ғой.

Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тілінде кейбір сөздер көбінесе жіңішкеріп айтылады: *дәстен* (дастан), *жайлі* (жайлы), *маусім* (маусым), *нәсиәт* (насихат), *пәтиә* (бата, патиха), *табиәт* (табиғат), *үр* (хор), *үріп* (ғұрып), *әмел* (амал), *бәрше* (барша), *сәмсіреу* (сансырау), *мәнет* (манат) т. б.

Қазақстанның оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтардың тілінде де кейбір сөздер реті келгенше жіңішке қолданылады: *мазмұн* (мазмұн), *әсіл* (асыл), *қартаю* (қартаю), *жаутеңдеу* (жаутандау), *ұрмет* (құрмет) т. т. Әдеби тіліміздегі кейбір сөздердің жуанды-жіңішкелі болып екі түрлі вариантта айтылып жүруі де осыған байланысты болу керек: *кәрі//қары, кәрия//қария, әзірет//қазірет, кәзір//қазір, дөңгелек//доңғалақ* т. б. Дәл осындай құбылыс қарақалпақ тілінен де байқалатын сияқты: *дәстан, маусим, нәсийхат, пәтия, табият, хұр, хұрмет, әмел*, сонымен бірге: *жайлы, мазмун, қартайыу* т. т. Қазақ тілінің әңгіме болып отырған говорларындағы кейбір сөздердің жіңішкеріп айтылу себебін тап басып, дәл көрсетіп бермегенмен де, мұндай құбылыстардың жалпы түркі тілдеріне тән ерекшелік екендігін ескерте кеткеніміз жөн. Мысалы, көпшілік тілдерде жуан айтылатын *жаз, жас* сөздері татар тілінде *жәй, жәш*, барабин, тюмень диалектілері мен башқұр тілінде *йәш; айт*, аз сөздері, татарша *әйт, әз; қанат* сөзі азербайжанша *гәнәт; бауыр* сөзі чувашша *пәуер* болып жіңішке айтылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда, мынадай бір қысқаша тоқтамға келуге болатын сияқты:



1) Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың сөйлеу тіліндегі кейбір дыбыстардың алмасуы бір ізді емес, әрқилы, онда белгілі бір тұрақтылық, жүйелілік жоқ.

2) Азды-көпті дыбыстар өзара алмасып келетін болса, олардың біразы, біріншіден, қарақалпақ тіліндегі осындай дыбыстардың алмасып келу заңдылығымен сай келеді, екіншіден, қазақ тілінің оңтүстік (бірлі-жарым мысалдарға байланысты *батыс*) *говорында* да жиі кездеседі, үшіншіден, көптеген түркі тілдерінде бола беретін құбылыс.

\* \* \*

Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктерді шартты түрде болса да өзара жіктен беруді жөн көрдік: 1) қазақ тілінің оңтүстік *говоруы-*

мен байланысты сөздер, 2) қазақ тілінің батыс говорымен байланысты сөздер, 3) қарақалпақ тілімен байланысты сөздер, 4) қарақалпақ тілімен де, қазақ тілінің әртүрлі говорымен де өзара ұқсастық таппайтын (демек өз алдына оқшау тұрған) сөздер, 5) кәсіби сөздер. Келесі беттерде әңгіме болатын материалдарға қарағанда былайша топтастыру, шынында, сөздердің қалыптасу табиғаты мен өзгеру тарихына әрдайым сайма-сай келе бермейтін тәрізді. Мәселен, тек бірінші топқа жататын сөздер ғана емес, басқа топқа (екінші, үшінші және бесінші) жататын сөздердің де бірталайы-ақ қарақалпақ тілінде қолданылатын бірсыпыра сөздермен өзектес сияқты. Айырмашылық тек мынада: бірінші мен төртінші топтағы сөздер қазақ тілінің әртүрлі говорларында қолданылмайды. Сонда бұл аталған топтардың өзара қатынасын мынадай схема арқылы да көрсетуге болады<sup>4</sup>.



Әрине, бұл айтылғандарға байланысты төменде талданып отырған сөздердің басқа тілдерге (мысалы, өзбек, түрікпен т. б.) ешқандай қатынасы жоқ екен деген ұғым тумасқа керек. Кейбір сөздердің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты олардың басқа тілдермен (өзбек, араб, парсы т. б.) ортақ қасиетін жол-жөнекей көрсетіп отырғанмен, біз оны түбегейлі мақсатымыздың бір тарауы ретінде қарағанымыз жоқ. Оның үстіне біздің бұл мақаламызда лексикалық ерекшеліктер деп аталатын сөздердің кейбір үлгілерін ғана атап өту қажеттігі көзделіп отыр. Демек, төменде тізімі берілетін сөздерге біз қысқаша ғана тоқталып, олардың қалыптасу жолдарына нақты түрде тарихи-этимологиялық шолу жасамаймыз. Бұл өзі әдейілеп жазылатын монографиялық жеке еңбектердің міндеті болса керек.

Әңгіме болып отырған говордағы лексикалық ерекшеліктердің басым көпшілігі Қазақстан өлкесінің оңтүстік аймақтарын мекендейтін қазақтардың тіліндегі ерекшеліктермен сәйкес келеді. Төменде біз осы екі говорға (қазақ тілінің

<sup>4</sup> г — зерттеліп отырған говор, ог — қазақ тілінің оңтүстік говоры, бг — қазақ тілінің батыс говоры, кк — қарақалпақ тілі, өг — өз алдына оқшау тұрған (басқа говорлар мен әңгіме болып отырған тілдерге қатынасы жоқ) сөздердің тобы, ж — басқа тілдерде (мыс.: қарақалпақ тілінде) баламасы жоқ жеке сөздер, п — профессионалдык сөздер.

қарақалпақ *говори мен оңтүстік говоруна*) ортақ сөздердің тізімін береміз.<sup>5</sup>

**А з а н** — таң ертеңгі уақыт. Мыс.: *біз қалаға азанда жүріп кетеміз.* Қарақалпақ тілінде де бұл сөз осы мағынада жұмсалады.

**А з б а р** — төбесі ашық салтыған мал қора. Мыс.: *азбарға қойды көбінесе жазда ұстаймыз.* Бұл сөз Қызылорда облысында да осылай айтылады.

**А й б а ғ а р** — күнбағыс. Мыс.: *біздің ауыл айбағар егуді осы күні азайтып келеді.* Бұл сөздің *айғабағар, айқабак* деген түрлері де айтыла береді. Қарақалпақ тілінде *айғабағар, күнгебағар.*

**А й у а н** — үй алдындағы веранда. Мыс.: *тамның іші қанырық, айуанға шығып отыралық.* Бұл сөз қарақалпақ тілінде де бар.

**А р з а** — арыз. Мыс.: *біз ізгеріде өз қолымызбен арза жазуды да білмейтін едік.* Кейде бұл сөз *арзу* болып та айтыла береді. Гурьев облысында «ынтығу, арман ету» дегенді *арзу* болу деп атаса, «ынтық» дегенді *арзы* дейді. Қарақалпақ тіліндегі *арза, арзы* сөзі де осы мағынада жұмсалады. Оңтүстік аудандарда тұратын кісілер *арзы* деп айтады да, көбінесе *арза* деп жазады.

**А р ш у** — арықты тазалау, оны қыршып, шөп-шаламнан тазарту. Мыс.: *аршу жұмысын біз әдетте ерте көктемнен бастаймыз.* Қарақалпақ тілінде де осылай.

**А у ы ш** — ақыл-есі кемістеу, аумалы-төкпелі кісі. Мыс.: *сен өзің ауыш емеспісің, жөн сөйлемейсің ғой?* Кейде бұл сөз *ауан, аума* болып та қолданылады. Қостанай облысында осы мағынада *ауышқан* деген форма бар. Қарақалпақ тілінде де дәл осы сөздер қолданылады.

**А ш ы н а** — көңілде, сырлас, пікірлес. Мыс.: *ауыл-үй отырып ашына болу таңқаларлық жәй емес, қой.* «Қамбар батыр» жырында да осы сөз кездеседі:

Қыз Назым шықты бұрандап  
Ой сегіз толған жасына.  
Кәмшат бөрік келісін,  
Бриллиант қойған басына.  
Қара мен төре қайғырды  
Болса деп бізбен ашына.

<sup>5</sup> Қазақ тілінің әр түрлі говортарына (осы жерде, мысалы, оңтүстік говортарға) байланысты материалдар Ж. Досқараевтың «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері», (II бөлім, лексика, 1955), С. Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (I бөлім, 1959) деген кітаптарынан алынды. Бұл еңбектерде кездеспейтін бірлі-жарым мысалдар болса, олар автордың өз қолындағы материалдардың негізінде берілді.

Бұл сөз қарақалпақ тілінде де бар.

**Аяқтану** — үйлену. Мыс.: *осы күзге кіші балам аяқтанып кетсе жақсы болар еді деп отырғаным.*

**Әулі** — үйдің сыртынан жасалған қора. Мыс.: *осы ауылда қырық-елу әулі бармыз.* Қарақалпақ тілінде бұл сөз *хәули* болып айтылады.

**Базкешу** — күдер үзіп, түңіліп кету. Мыс.: *күндердің күнінде баз кешіп жүріп тапқанымыз осы бала болды деді ағайыным.*

**Барһа** — ылғи, барлық уақытта, әрдайым, өне бойы. Мыс.: *менің балам мектептен барһа қалмайды, барып жүреді.* Қарақалпақ тілінде де бұл сөз *барха* қалпында айтылады.

**Бастырық** — самауырдың кампоркасы. Мыс.: *бастырығын салып қоймаса, самауырыннан түтін шығып кетеді.* Қарақалпақтар *бастырық* деп аттың жабуын айтады.

**Бәс** — баға, құн. Мыс.: *мына кітаптың бәсі қанша?* Бұл сөз түбіріндегі *һ* дыбысының түсіп қалуы арқылы жасалған болу керек. Қарақалпақ тілінде сөздің негізі бұзылмай айтылады *баха*.

**Биабрай** — абройсыз. Мыс.: *жалқау адамға биабрай болайын десе лезде ғой.*

**Дәліз** — ауыз үй, үйге кіре берістегі бірінші бөлме. Мыс.: *дәлізге шығып қарасам, жауындатқан боран соғып тұр екен.* Бұл сөздің *дәлез* деп айтылатын варианты да бар. Қарақалпақ тілінде бұл *дәлиз* делінеді.

**Жора** — жолдас, дос. Мыс.: *менің жорам қалаға кетті.* Әдеттегі *жора-жолдас* деген жұп сөздерден мұның айырмасы, қарақалпақ тіліндегідей, *жора* сөзі жеке тұрып та қолданыла береді.

**Жүдә** — өте, тым, тіпті, әсіресе. Мыс.: *күн жүдә ысып кетіпті ғой.* Бұл сөз қарақалпақ тілінде де *жүддә* деп айтылады.

**Зағара** — жүгерінің ұнынан пісірген нан. Мыс.: *Біз зағара жемегелі нелер заман өтті.* Тары не жүгерінің ұнынан пісірілген нанды қарақалпақ тілінде де *зағара* дейді. Кейбір оңтүстік аудандарда *зағара* деп жүгерінің ірі тартылған ұнын не сондай ұннан пісірілген нанды айтады.

**Зәңгі** — баспалдақ, баскыш, саты. Мыс.: *біз ілгеріде тамның басына зәңгісіз-ақ шыға беретінбіз, өйткені ол кезде тамдарымыз барынша аласа болатын.* Бұл сөз қарақалпақша да *зәңги* делінеді.

**Зуала** — етке салынатын қамыр бірнеше бөлікке бөлініп, әр бөлік өз алдына жайылады. Соны (әр бөлік қамырды) *зуала* дейді. Асылатын еттің (ет жейтін кісілер санының) мөлшері осы зуаланың санына қарай айқындалады. Мыс.:

үш-төрт зуалалық кісілер бар ғой үйде, илей берсейші қамырыңды. Қарақалпақ тілінде де бұл сөз зууала.

**Ықпана** — жел жақтан қалқалай соғылған қой қораның жартысы. Оны ықтырма, қалқа деп те атайды. Мыс.: *біздер ықпананы асығыс жұмыс кездерінде ғана саламыз да, қойларды уақытша ғана ықтата тұрамыз. Қарақалпақтар мұны ықтырма дейді.*

**Ыстық** — қышыма ауруына не кейбір ыстық-суық ауруларға байланысты денеге бөртіп шығатын қызыл бүршіктер. Мыс.: *ыстық бойыңа түгел қаптап шыққанша жылы киініп жүр.*

**Кәтте** — үлкен, ересек, дәу. Мыс.: *кәтте кісілерді сыйлау керек. Қарақалпақша да бұл сөз кәтте деп айтылады.*

**Кескір** — ыңғуыр. Мыс.: *кескірмен ағаш ұсталары қасық, шөміш шапқанда ішін алады.*

**Кетек** — қам кесектен істелген күрке, уақытша салынған кепе. Мыс.: *тауық қонақтайтын тамды біздер тауық кетек дейміз.*

**Күйек асты** — мезгілсіз туған қозы. Мыс.: *кейбір қойшылар күйек асты туған қозыны есепке қоспайтын көрінеді.*

**Күн аратпа** — күн ара. Мыс.: *ол өзі күн аратпа базарға барып тұрады. Қарақалпақ тілінде қазіргі казак тіліндегідей күн ара деген сөз қолданылады.*

**Күре** — есектің қолығы. Мыс.: *күре бір жасқа толған соң біз оны тайқар дейміз. Қарақалпақтар мұны гүрре дейді.*

**Күрін** — әңгіме. Осы сөзге байланысты *күріңдесу* деп те айтылады. Мыс.: *кел, қосшым, күріңдесіп отырайық! Қарақалпақтар әдетте гүрриң, гүрриңлесіу дейді. Күрің-күрің (гүрің-гүрің) әңгіме деп айтыла беретін казак тіліндегі қос сөз осы түбірге келіп саятын болу керек.*

**Күстаналау** — кіналау, айыптау. Мыс.: *не болса, соған көрші-қолаңды күстаналап керегі не?*

**Қама**: **қама бөрік** — қамшат не құндыз бөрік, әйелдер (қыздар) киетін бөріктің бір түрі. Мыс.: *бөрік кесең, қама ки, қасиеті бөлек қой. Қама (қамшат) мен оның терісін қарақалпақша да қама дейді.*

**Қапы** — есік. Мыс.: *қапыны ашып қойшы, үйге самал кірсін. Бұл сөз көне түрік тілдері мен осы күнгі оғуз, қарақалпақ тілдерінде қолданылады.*

**Қардар** — зәру, қажет, ділгер нәрсе. Мыс.: *Кәзір біз қантқа қардар емеспіз. Халық эпосында қыз Назым Қамбар батырға былай дейді:*

Бүгінше бізге мейман бол,  
Әрқашан өтіп жүресің —  
Ауылдың үсті ұлы жол.  
Қатарлап салып төсекті

Қасына жақын жатайын,  
Таң атқанша ұстап қол.  
Алпыс үйлі Арғынға  
Асықпасаң барарсың,  
Қардар емес бізден ол.

Осындағы *қардар* — «құрметті, қадірлі» деген мағынада қолданылып тұрған сөз деген анықтама берілген. Шынында бұл сөз «алпыс үйлі Арғын саған бізден гөрі ділгер болып отырған жоқ» деген ұғымда айтылып тұр. *Қардар* сөзі қарақалпақ тілінде де дәл осы мақсатта жұмсалады.

*Қодірең* — өткен жылғы аңызға өз бетімен шыққан дақыл (бидай, арпа, сұлы, жүгері т. б.). Мыс.: «*Қара қырқаның*» жонына шыққан қодірең еккен бидайыңнан да жақсы боп өсіп келеді екен. Қарақалпақ тілінде жабайы шыққан нәрсенің бәрін де *қодирең* деп атайды.

*Құмшекер* — шекер, қанттың ұсағы, майдасы. Мыс.: *құмшекерді әйелдер қайнатып алады*. Қарақалпақша да осылай: *қум шекер*.

*Ләблебі* — қант қызылшасы. Мыс.: *біздің жақта ләблебі егілмей жүр*. Қарақалпақша да *ләблеби*.

*Майып*: *майып болу* — жаралы, мүгедек болу. Мыс.: *Менің кіші інім аттан құлап майып боп қалды*. Жаралы не инвалид адамды қарақалпақша *майып* дейді.

*Майдан*: *бір майдан* — біраз уақыт, бір шама мезгіл. Мыс.: *Бір майдан біздің ауылға да келіп кетсең не қылады?* Қарақалпақтар да осылай сөйлейді: *бир майдан*.

*Марапаттау* — мақтау, мадақтау, көтермелеу. Мыс.: *жас баланы марапаттап керегі жоқ, есіріп кетеді*. Бұл сөз зат есім күйінде де айтыла береді. Қарақалпақша *марапат*, *марапатлау* деген сөздер бар.

*Мәрт* — бірбет, қайсар адам, өжет кісі. Мыс.: *Сағидолла мәрт еді, дауылға да қарамай теңізге түсіп жүріп кетті*. Белгілі эпоста Ер Тарғын былай деп сөйлейді:

Аш арыстан жүректі,  
Балуан жолбарыс білекті  
Жігіттің мәрті мен едім

Қарақалпақ тілінде *мәрт* деп батыр, ер жүрек кісіні айтады.

*Мейманас* — дәулет, байлық, молшылық. Мыс.: *төңкеріс жылдары мейманасы тасып жүрген небір дәулер өмірем қаптады ма?* Сөздің негізгі құрылысы *мейман* және *ас* болу керек. Қазақ арасындағы адамның дәулеті қаншалық мейман (қонақ)<sup>6</sup> шақыруға шамасы келетінімен өлшенетін болғанын

<sup>6</sup> Әңгіме болып отырған говорларда (қарақалпақ говоруы мен оңтүстік говоруында) *мейман* деген сөз әлдеқайда көп қолданылады: *мейманхана* (қонақ үйі), *мейманшыл*, *меймандос* (қонақжай), *мейманға барамыз*, *мейман келді* т. т.

еске алсақ, бұл сөздердің мағынасын түсіну оншалықты қиынға соқпаса керек. Сонымен бірге бірқыдыру мейманды күтіп алуға шамасы келетін кісілерде такаббарлық пен тонмойындық қатар табылатын да болғанға ұқсайды. Сондықтан олар ел ішінде, көбінесе, байлық пен асқындаушылықтың нышаны ретінде танылады. Әйгілі Жамбыл бір толғағанда былай дейді:

Қатын бәсеу болғанда,  
Мейманасы толғанда,  
Байдың көнбей еркіне  
Қатын қашар төркінге.

Махамбет жырларында да бұл сөз *сендей мейманасы тасқанға* деп келеді.

**М о р ж а** — пештің трубасы, кернейі, түтін өтетін мойыны. Мыс.: *моржа жарылса, екiнiң бiрiнде-ақ өрт кетедi*. Қарақалпақтар да мұны *моржа* дейді.

**М ө л д е к** — өз алдына бөлек егілген кішкене егістік жер. Мыс.: *Сарыадырдың бeлiнен бивыл балаға мөлдек салып берейiн деп едiм*. Хива хандығының кезінде жерсіз шаруаға бөлініп берілген алақандай жерді не сол жерге салынған егінді және ол егінің түсімін қарақалпақтар *мөлдек* деп атаған.

**М ұ ғ д а р** — шама, дәреже. Мыс.: *өз мұғдарында тамақта жеткілікті болмапты*. Бір нәрсенің мөлшері не саны дегенді қарақалпақтар *мудары* дейді.

**Н а й с а п** — оңбаған, жексұрын. Ол өзі бір *найсап* адам. Қарақалпақша да осылай айтылады. Сөздің түбірі *на-инсап* болса керек.

**Н а у б а й** — нан пісіретін жер. Оны кейде *наубайхана* деп те атайды. Нан пісіретін кісіні *наубайшы* дейді. Мыс.: *бiздiң әйелдiң iнiсi наубайда iстейдi*. Оның *наубайшы* болғанына *екi жыл толды*.

**Н ә м** — а т, есім. Мыс.: *бұл бала менің нәмімде тұрады*. Қарақалпақтар бұл сөзді *нам* дейді.

**Н ә т у р ы** — тура емес, дұрыс емес. Мыс.: *нәтуры сөйлемe, шырағым, мен оны естiп, бiлiп келiп отырмын ғой*. Қарақалпақша да осылай: *натуұры*.

**Н ә у б е т** — кезек. Мыс.: *сөзге нәубет берсейші!* Қарақалпақша да осылай: *нәубет*.

**О с п а д а р с ы з** — жағымсыз; ешнәрсеге елтігі жоқ, қолапайсыз адам. Мыс.: *осының өзі бiр оспадарсыз болып келеме деймін*. Бұл сөз егістік күйінде де қолданыла береді: *оспадарсыздану*.



П а р: б і р п а р а — бір бөлек, кейбір. Мыс.: *бір пара кісілер канал қазуға кетіп барады.* Бұл сөз «Ер Тарғын» жырында да кездеседі:

Бауырым қалды дейтұғын  
Ағам менен інім жоқ,  
Белімнен басқа жарам жоқ,  
Ауызға жерге парам жоқ.

Абайда: *адамның бір парасы*, Б. Кенжебаевта: *құранның он үш парасы* т. б. Қарақалпақ тілінде *пара* сөзі бір нәрсенің бөлігі, бөлімі деген мағынада жұмсалады.

П ә т і р — ашытпаған қамырдан қазанға қатырып пісірген жұқа нан, қарыма. Мыс.: *пәтірді ыстықтай жесе дәмді болады.* Бұл сөздің *бәтір* деген варианты да ұшырасады. Қарақалпақтар *пәтир нан* деп қолданады.

П ә с — аласа, төмен. Мыс.: *жаптың бойы пәс болса, су асып, жапты орып кетеді.* Қарақалпақ тіліндегі *пәс* сөзі де осы мағынада жұмсалады.

П е й і л д е н у — көңілдену, жадырау, пейлі кену. Мыс.: *бүгін ағам қаладан бір түрлі пейілденіп қайтты.* Қарақалпақ тілінде бұл сөз *пейиллен*, *мейиллен* деп те айтыла береді. Сол сияқты онда *пейил ашылды* деген де сөз бар.

П ұ л — ақша, ақшалай қаражат. Бұл сөздің басты ерекшелігі басқа түрлі мағыналас сөздерге (сом, ақша т. б.) қарағанда өте жиі қолданылатындығында. Мыс.: *осы күні еңбекті біз пұлдай алатын болдық.* Бақыр ақшаларды мұнда *қара пұл* дейді:

Айт дегеннен айтайын сендей құлға,  
Ақ теңгесін кім берер қара пұлға...  
(Халық аузынан)

Қарақалпақ тілінде де *пұл* деген сөз жиі қолданылады.

П ұ қ т а — пысық, іскер, еті тірі. Мыс.: *Есенгелді балағының биті бар пұқта жігіт еді.* Қарақалпақтар *тәртіпті*, *сақ*, *тәжірибелі*, *пысық* кісіні *пұхта* дейді. Шімкент облысында жазылған бір хабарда былай делінген:

Жабай Бабаны сырттаған,  
Жаралы қойын құрттаған,  
Көк естекті паналап,  
Жұмырдан айран ұрттаған,  
Айқыекендей бар ма еді  
Бұл дүниеде пұқта адам?

(«Қазақ әдебиеті»).

**Пұшайман** — қорлық, зәбір (жәбір), қысым. Мыс.: *ел ауып пұшайманда жүргенімде осы жерге келіп едім. Көбінесе бұл сөз пұшайман жеу, пұшайман көру деп айтылады. Оның пұшман деген варианты да болу керек. Мыс., Батырлар жырының бірінде Алпамыс әкесіне былай дейді:*

Атқа салдым терлікті,  
Дұшпанға қылдым ерлікті.  
Мен кеткесін, ата жан,  
Көрерсін құлдан қорлықты.  
Атқа салдым пыстанды,  
Мен кеткесін, ата жан,  
Ақыры жерсін пұшманды  
Әке, сенің артыңнан  
Бес байталдық бедірек құл  
Анлып жүрген дұшпан-ды.

Бірақ қарақалпақтар *пұшайман* түрінде қолданады.

**Пұштанай** — пұшық сөзінің ауыспалы мағынада қолданылуы (мұрны кішілеу келген кісіге айтылады), тәмпіш мұрын. Мыс.: *Есқараның пұштанай баласы жүр еді жаңа осында. Кейбір оңтүстік аудандарда осы сөзге байланысты мынадай жаргон (әзіл) қолданылады:*

Город Қостанай,  
Кирпичный сарай,  
Получить Тәңкі мұрын Пұштанай.

**Рабайда** — оқта-текте, кейде, ілуде. Мыс.: *рабайда болмаса бұрада жаңбыр жаумайды. Қарақалпақ тілінде рабай деп белгілі бір жағдайды айтады.*

**Рай** — әдеттегі қалып, белгілі бір шама. Мыс.: *қауын бұрын қымбат еді, енді райға келіп тұр ғой.*

**Сақы** — мырза, жомарт. Мыс.: *Бақтыбай — ешнәрсе аямайтын сақы жігіт. Бұл сөз сақи болып та айтыла береді. Қарақалпақтың сақый деген сөзі де осы мағынада жұмсалады.*

**Самтық** — шөптің мал жегеннен кейінгі қалған қалдығы. Мыс.: *пішен түгіл самтық та бермеймін. Қызылорда облысының кейбір оңтүстік аудандарында мұны көбінесе самылтыр деп атайды.*

**Сансырау** — әлсіреу, шаршап-шалдығу. Мыс.: *Бейсен сансырап келеді, шәйіңді қуза. Сәмсіреу деген сөз де кездеседі.*

**Сейіс** — атпаз, атпегі, атсайыс. Мыс.: *ат шаппайды, бап шабады, аттың бабын сейіс табады.*

**Сыпа** — қабір, мола. Мыс.: *мына сыпада Айымбет ишан жатыр. Оңтүстікте сына деп балшықтан істелген, биіктігі әр түрлі (жарты метрден 20—30 см-ге дейін) текшені айтады.*

Ол есіктің алдына жазда ұйықтау үшін жасалады. Кейбір қабірдің үстіне де осындай *сыпа* орнатады. Орысша «зава-линка» деген сөзді қарақалпақтар *сыпа* дейді. Қазақ тілінде *іргелік* (үйдің іргесін көмген топырақ) деп аударылып жүрген осы сөз, шынында, *сыпа* болу керек.

**Т а м** — үй. Мыс.: *біздің ел жазда да тамда отыра береді.* Қабірдің басына салынған үйді де *там* дейді. Қарақалпақ тілінде де *там* үй мағынасында жұмсалады.

**Т а п** — күй, жай-жағдай. Мыс.: *менің жорамның бүгін табы болмай тұр.* Денсаулығы болмай тұрған кісіні қарақалпақтар *табы жоқ* дейді.

**Т е к** — терезенің алдындағы текше. Мыс.: *кітапты текке қой.* Әдетте айтыла беретін *текше* сөзінің түбірі осыған барып саятын болу керек. *Текше* деп қарақалпақ тілінде «полканы» айтады.

**Т е ң г е** — жиырма тиындық күміс ақша. Мыс.: *бес теңге біздің есебіміз бойынша бір манат болады.* Қарақалпақ тілінде де осылай.

*Төте-төте!* тауықты шақырғанда айтылатын одағай сөз. Ол қарақалпақ тілінде де бар.

**Т ү ң к е** — май құю үшін жасалған қалайы ыдыс. Мыс.: *түңкесіз базада май сақтау мүмкін емес.* Онша үлкен емес бидонды қарақалпақта да *түңке* деп атайды.

**Ұ т ы р л ы** — қолайлы, ыңғайлы, дер кезінде. Мыс.: *балықты ұтырлы кезінде ауламаса болмайды.* Қарақалпақ тілінде бұл сөз *утыр* күйінде қолданылады. Қазақ тілінің өзіндік заңы бойынша бұл *ұтырды* болса керек еді (салыстырыңыз: *Есемберді — Есемберлин*). Сірә, бұл Н. А. Ильминский осыдан жүз жыл бұрын атап көрсеткен заңдылық арқасында жасалып, сол бойы қалыптасып кеткен тәрізді.

**Ү з б е н** — кеспе (көже). Мыс.: — *«үзілмей тұрып үзбен ішіп алайық» деді Ахметжан.* Кейде бұл сөз *үзбентай* болып та айтылады. Қарақалпақ тілінде де бар осы сөз.

**Ү р д і с** — әдет. Мыс.: *бұрыннан біз бие сауып үрдіс қылмаған елміз ғой.* *Үрдіс* деп қарақалпақтар да айтады.

**Ш а й л а** — егіннің басына уақытша ғана тігілетін күрке. Мыс.: *кішкене бір шайла салып алсам, қауынның басында ұйықтар едім.* Оңтүстік аудандарда мұны *шәйла* деп те айтады.

**Ш а й ы р** — ақын, суырып салма ақын. Мыс.: *Жамбыл үлкен шайыр еді-ау, ә!* Қарақалпақтарда да осылай деп айтады.

**Ш а қ т ы** — жағдай, шама-шарық. Мыс.: *менің оған кәзір шақтым жоқ, кейін көрерміз.*

**Ш а п п а** — қалтаға салып жүретін кішкене пышак. Ол ашпалы-жаппалы болады. Мыс.: *Шаппасыз жүру қолайсыз,*

шыбық кесіп алсаң да оның пайдасы тимей қалмайды. Қарақалпақтар мұны *шаппа* дейді. Шаппаның тілдерін жапқанда, олар сарт егіп шабады. Оның *шаппа* аталу себебі осында жатса керек. Әдетте біз айта беретін «бәкіні» олар «ұстара» есебінде пайдаланады.

*Ш и ш а* — шөлмек, бөтелке. Мыс.: *бір шиша арақ болса қойдың аяғын жуатын.* Әйгілі «Алпамыс» жырында былай деп келеді:

Қырық қыздан ішіп қырық шиша  
Бала әбден тояды.

Кейбір оңтүстік аудандарда мұны *шыны* (*шыныша*) деп те айтатын көрінеді. Қарақалпақтар *шийше* дейді.

*Ш ы м қ у* — малдың шөп басын шалып оттауы. Мұны кейде *шымқау* деп те айтады. Мыс.: *жабыла оттап, шымқап келе жатқан жылқылар кәннен қаперсіз еді.*

*Ш ы п т а* — қоғадан тоқылған зат. Мыс.: *қара үйдің сыртынан айналдыра орайтын шиді бұл жақта қоғадан тоқиды. Оны шыпта дейді.* Оңтүстік аудандарда шиден (кейде, мүмкін, камыстан да!) тоқылған затты *ши* дейді де, соның кішілеу етіп құрт жаюға арналған түрін *шыпта* дейді. Қарақалпақ тіліндегі *шыпта* алғашқы мағынада жұмсалады.

*Ш ы р п ы* — сексеуілдің жас талшықтары. Мыс.: *Қозыбағар таудан бір мәшине шырпы тиіп әкелді.* Сіріңкенің талшықтары да (демек, сіріңкенің түгелдей өзін де) кейде *шырпы*, кейде *оттық* дейді. Қарақалпақтарда оның екеуі де *шырпы* деп атала береді.

*Һ ә з*: *Һ ә з болу* — мәз болу, рақаттану, айызы қану. Мыс.: *оқудағы балам келіп һәз болып қалғаным.* Кейде бұл сөз *әз* болып та айтылады. Оңтүстік аудандарда көбінесе *әз* тұлғасы қолданылады. Қарақалпақ тілінде бақыт, рақат дегенді *һәз* дейді.

\* \* \*

Қазақ тілінің *батыс* говорында қолданылатын кейбір сөздермен сәйкес келетін ерекшеліктер деп төмендегі сөздерді көрсетуге болады.

*А л а м а н* — көпшілік, халайық, тобыр, жиын, қара тобыр. Мыс.: *базардағы аламандардың ішіне барып мен де қойып кеттім.* Кейбір жерлердегі халық тілінде *аламан топыр* деп айта беретін сияқты. «Қобыланды батыр» жырында:

Қара қасқа ат мінген,  
Құйрық жалын шарт түйген,  
Алдына дабыл өңсерген,

Артына сауыт бөктерген,  
Аламанға дем берген,  
Азды көпке теңгерген...

деп келсе, Махамбет шығармаларында да осындай жолдар қайталанып отырады:

Аламанға дем бердік,  
Аса жұртты меңгердік,  
Қара қазақ баласын  
Хан ұлына теңгердік...

Қазақ тілінің ең алғаш жазылған грамматикасында Н. И. Ильминский *аламан* сөзін «салт аттылардың тобы», «жиын-топ» деп көрсетеді. Талан-таражбен айналысатын адамдардың тобын ұйғыр тілінде *алиман* десе, қарақалпақ тілінде *аламан* «жиын» деген мағынада жұмсалады.

*Ашқыш* — кілт. Мыс.: *сандықтың ашқышын қайда қойдым екем мен ә!* Бұл сөз қарақалпақ тілінде *ашқыш*, *ашар* деп қолданылса, көне қыпшақ тілдерінде *ачқыч* болып айтылған. XIII ғасырда жазылған «Кодекс Куманикус» тілінде *кілт* парсы сөзі, *ачқыч* куман сөзі деп көрсетілген.

*Атауыз* — үлкен қысқаш, ұстаның қызған темірді қысып ұстайтын құралы. Мыс.: *әрбір ұста дүкенінде атауыз қолдан жасала береді.* Қарақалпақша да осылай: *атауыз.*

*Әжептәуір* — жаман, нашар, ерсі, әдеттен тыс нәрсе; жарамсыз зат. Мыс.: *жап-жақсы жігітке барды деп жүрген қарындасымыз әжептәуір біреуге кеткен екен ғой!* Бұл сөздің әдеби тілімізде жағымды мағынада қолданылатыны белгілі, өйткені оның түбірі *ғажап* (арап сөзі) пен *тәуір* (түркі сөзі) ғой! Қазақ тілінің батыс говорында, осыған керісінше, бұл жағымсыз ұғым беру үшін жұмсалады (осы сөздің мыс., Семей облысында айтылатын мағынасын салыстырып көріңіз). Қарақалпақ тілінде *әжеп-тәуір* сөзі бірде «таңғажайып» (*ғажап* > *әжеп*) деген мағына берсе, енді, бірде «ерсі» деген ұғым береді.

*Әтешкір* — от көсеу үшін темірден жасалған қысқаш. Оны кейде *оттемір*, *отқысқаш* деп те атайды. Мыс.: *Бұрын ұста дүкені болған жерде әтешкір болмай қалмаушы еді.* Бұл сөздің қалыптасу ерекшелігі жөнінде оқытушы Е. Әкішев жолдас мынадай түсініктеме береді. *Оттемір не отқысқашты кейде қайда қойғанын білмей ұмытып қалған кісі ашуы келгенде «әлгі аты өшкір қайда қалды!» дейді екен. Осыдан барып оны әтешкір деп атап кетсе керек?* Бұл сөз қарақалпақ тілінде де *әтешкир* болып айтылады.

<sup>7</sup> «Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау бойынша сұраулықты» (1959 ж.) өз еркімен өте орынды толтырып, жазып жіберген Тактакөпір ауданындағы Ленин совхозының мұғалімі Ерқара Әкішев жолдасқа үлкен рахмет айтамыз.

**Б е л** — күрек. Мыс.: *арықты біз белмен қазамыз.* Әдеби тілімізде жиі айтылатын *белкүрек* деген сөзіміз «күрек» деген ұғым беретін екі сөздің қоспасы болу керек. Қарақалпақша да күректі *бел* дейді.

**Б ұ л г і н** — бүлінген, бұзылған. Мыс.: *Берікпай бүлгін адам еді, кетіп қалып жақсы болды.* С. Аманжолов бұл сөзді Н. Наушабаев шығармаларында кездесетін диалектизм деп көрсетеді. Махамбет өлеңдерінде ұшырасатын *бұлген* сөзі де осымен түбірлес сияқты:

Он сан байтақ бұлген күн,  
Аса шапқан құлаша ат  
Зымырандай болған күн.

Шернияз шығармасында:

Аржақта Арғынғазы дүмбірлеген,  
Бай-еке, елің бар ма бүлдірмеген,  
Қоректен төбеде төбет қалып  
Туып тұр ел басына бұл күн деген.

Осындағы бізге керекті сөз *бұл күн* емес *бүлгін* (*бүлгүн*) болу керек (*بولگون*).

**Д ы р қ а м ш ы** — үлкен, жуан қамшы. Мыс.: *дыр қамшымен бастан тартып кеп жібергенде қақ айырып түсті.* Мұны кейде *дойыр*, *бұзау тіс*, *сегіз өрме* деп те атай береді. Кейбір батыс аудандарда қолданылатын *дырау* сөзі де осы түбірден өрбіген болу керек.

**Д ү м ш е** — құманның бір түрі. Мыс.: *дәрет алатын дүмшемді мен бөлек сақтаймын.* Су қайнатуға арналып мыстан жасалған құмыраны (кувшинді) қарақалпақша *дүмше* дейді. Сөздің түбірі парсының *دوم* (*дом*) «құйрық» дегені болса керек, өйткені *дүмше* деп түбі жұп-жуан, мойыны қылдырықтай құманды айтады, оның құман болып көзге түсер жерінің өзі де (құманды құман етіп тұрған нәрсенің өзі де) осы түп жағы.<sup>8</sup>

**Ж а р ы н**: *ж а р ы н ж ы л ы* — келесі жылы. Мыс.: *жарын жылы біз Ақтөбеге барып қайтамыз ба деп отырмыз.* Қарақалпақ тілінде *жарын* осы мағынада қолданылса, көне ұйғыр тілінің ескерткіштерінде, мысалы, «Кудатку биликте», *жарын* «ертең» деген мағынада жұмсалады.

**К ү р т і к** — етке салатын нан; қамыр. Мыс.: *Күртіңді илей бер, бәйбіше, қонақтар дем алып болды білем.*

<sup>8</sup> Парсы тілінен келтірілген мысалдар Б. В. Миллердің «Персидско-русский словарь» (ГИИС, М., 1953) деген еңбегі мен А. А. Фархадяның «Карманный персидско-русский словарь» (ГИИС, М., 1959) деген кітапшасынан алынды.

К ө п е к — төбет ит. Мыс.: *Былтыр біздің дәу бір көпегіміз болған еді, шіркін, несін айтасын, ол тұрғанда қой соңында жүрудің де керегі жоқ еді ғой.* Қарақалпақша кішкене итті көпек дейді. Бірсыпыра түркі тілдерін былай қойғанда, белгілі көне қыпшақ тілдерінің кейбір ескерткіштерінде мысалы, 1245 ж. құрастырылған белгілі «Түркіше-арапша сөздікте», бұл сөз *كوبك ات* (арапша аудармасы *الكلب الزویری*) деп жазылған. Орыс тіліндегі *собака* сөзінің этимологиясын зерттеуші ғалым О. Н. Трубачев мынадай бір жаңа пікір айтады: «Вопрос о вероятности происхождения слова *собака* еще не решен [...]. В связи с этим представляет интерес название собаки, известное в ряде тюркских языков и диалектов огузской и кыпчакской групп: тур. *кōрāk*, сюда же имя собственное *Кобяк*, половецкий хан («Слово о полку Игореве»), из *кōвāk* (собака). В большинстве тюркских языков распространено другое название собаки — *it, yt*. Слово *кōвāk* (собака) признается как будто изолированным в тюркских языках, но его древность не вызывает сомнений, и оно употреблялось, по-видимому, в языке тюркских племен, с давних пор соприкасавшихся со славянами на востоке [...]. Мы позволим себе высказать предварительную гипотезу, что слово *собака* проникло в восточнославянские и некоторые западнославянские диалекты из тюрк. *кōвāk* (собака). Общий фонетический облик тюркского слова и сейчас чрезвычайно напоминает слав. *собака* [...]»<sup>9</sup>. Әңгіме болып отырған *көпек* сөзінің көне қыпшақ тілдеріне тән екендігін Қ. Менгестің өз еңбегінде атап өтетіндігін автор осы жерде дәлелге келтіреді. Біздің ойымызша, ертеден бері ескіліктің көзінде сақталып келе жатқан *көпек* сөзінің *собака* деген сөздің жасалуына септігі тисе тиген де шығар, кім біледі.

Қ ы з а л а қ — қыз, қыз бала, жас қыз (13—14 жасқа дейінгі). Мыс.: *бір-екі қызалақтың бетіне қарап отырған жағдайымыз бар, қосшым.* Қызалақ қарақалпақ тілінде де осы мағынада қолданылады.

М ә н е т — ақша, сом. Мыс.: *Мойнақтан Үргіге дейін пароходтың билеті 10 мәнет тұрады.* Басқа тілдерде бұл сөз, қарақалпақ тіліндегідей, жуан айтылады: *манат*.

М а с а т е м і р — темірден істелген көсеу. Мыс.: *Масате-мірдің ең бір жақсы жері — таба нан жапқанда ғой, шіркін!*

Н а ш а р — әйел, әйел адам. Мыс.: *осы күні нашарлар соғыс кезіндегідей қол жұмысын істемейтін болды.* Қызалақ дегеннің орнына кейде *нашар бала* деп те айтыла береді.

<sup>9</sup> О. Н. Т р у б а ч е в. Происхождение названий домашних животных в славянских языках. М., 1960, стр. 32—34.

Әдеттегі *нашар* сөзі қарақалпақ тілінде ауыспалы мағынада қолданылғанда осы мағынада жұмсалады.

*Нәп* — үзкен, дәу. Мыс.: *былтырлары біздің колхозда бір нәп өгіз бар еді*. Қарақалпақтар мұны *нәп* деп те, *нәхән* деп те айта береді.

*Суындау* — бірнеше бау бидайдың басын түйістіріп ую. Мыс.: *баулаған бидайды суындап жинаса, көп шашылып төгілмейді*. Үймектеп жинаған пәрсені (мыс., шөпті) қарақалпақ тілінде *сууынлау* дейді.

*Шарқат* — әйелдер тартатын орамал, жаулықтың бір түрі. Кейде мойын орағыштың базбір түрлерін де *шарқат* деп атай береді. Мыс.: *базарға шарқат түспепті, бәйбішеме біреуін ала келің деп едім*. Кашня мен жібек шәліні қарақалпақтар да *шарқат* дейді.

*Шебік* — әлсіз, нашар. Мыс.: *қайдағы шебік шыбықтарды жинап келіңсің, неге жарайды олар?* Бұл сөз осы мағынада Орал облысы мен Ақтөбеде де кездеседі.

\* \* \*

Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тілінде қолданылатын ерекшеліктердің жалпы түрі, әрине, мұнымен шектелмейді. Бірақ осы жолғы мақаланың өзіндік көлемі көтермей отырғандықтан, оның жалғасы, яғни жоғарыда 3, 4 және 5 пункттерде көрсетілген сөздердің тобы баспаға дайындалған күйінде келесі бір заметканың материалы есебінде үзіліп қалып отыр. Іні келгенде оқушы жолдастар онымен де таныса жататын болса керек.

Экспедициялық зерттеулер жұмысын қанжығалас қатар жүріп, бір атқарған жолдастарға — қарақалпақ экспедициясының мүшелеріне: кадрмен жораларымыз Тұрғанбай Бекжановқа, Дүйсенбай Сандовке, Қалдыбай Мәмбетназаровқа олардың бауырлас жүрегі мен туысқандық көмегі үшін үлкен алғыс айтамыз. Экспедиция жұмысының ойдағыдай іске асуына зор көмегін тигізіп, барынша қолайлы жағдай туғызған Өзбек ССР Ғылым академиясы Қарақалпақ филиалының председателі М. Нұрмұхамедов, Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Я. М. Досымов, осы институттың ғылыми қатшысы С. Тәжібаев, филология ғылымдарының кандидаттары: Ә. Нұрмақанова, С. Т. Сағитов, Қ. Ұбайдуллаев. Мойнақтағы аудандық қазақ орта мектебінің мұғалімі А. Сырымов жолдастарға үлкен ризалық білдіріп, шын жүректен рахмет айтамыз.



**Ж. БОЛАТОВ**

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
БОЛЬШЕНАРЫМ СЕЛОЛЫҚ АУДАНЫНДА ТҰРАТЫН  
ҚАЗАҚТАР ТІЛІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР  
ТУРАЛЫ**

**ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

Бұрынғы Катонқарағай ауданы Шыңғыстай болысы болып та аталған. 1928 жылдан бастап Шыңғыстай ауданы, 1930—1962 жылдары Катонқарағай ауданы деп аталды. Тарихи мәліметке қарағанда, 1897 жылы бұл болыс құрамында тоғыз ауыл болған. Онда 1664 үй, 4112 ер, 3081 әйел тұрған<sup>1</sup>. Халқы, негізінен алғанда, қазақ болған. Жоғарыда көрсетілген 7193 адамның бесеуі ғана басқа ұлт өкілі екен<sup>2</sup>. Ауылды бұрынғы тәртіп бойынша номерлеп атау әдеті күні бүгінге дейін байқалады: бірінші ауыл — Аршаты, екінші ауыл — Үріл, үшінші ауыл — Енбек, төртінші ауыл — Шыңғыстай, бесінші ауыл — Жаңа үлгі т. б.

Шыңғыстай болысында 1898 жылғы мәлімет бойынша 10 ауыл, 1786 үй, 4394 ер, 3326 әйел болған, басқа ұлт өкілдері жоқ<sup>3</sup>.

Сөз болып отырған аудан жері бұрын Жоңғар хандығына қараған. Жоңғарлар, басқаша айтқанда қалмақтар, бұл аймаққа XIII ғасырда келген. XVII ғасырдан XVIII ғасырдың басына дейін бұл хандық аса күшейіп, өркендеудің жоғарғы шегіне жеткен. Осы кезде Жоңғарияның территориясы Арал теңізінен қазіргі Монғолиядағы Қобда өзеніне дейін созылған<sup>4</sup>.

Ертістің оң (шығыс) жағына қазақтар XVIII ғасырдың аяғында өте бастады. Бұл кезде Ертіс өзенінің арғы жағы

<sup>1</sup> Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г., Семипалатинск, 1897, стр. 127.

<sup>2</sup> Сонда, 127 бет.

<sup>3</sup> Сонда, 89 бет.

<sup>4</sup> Н. М. Ядринцев. Сибирские инородцы, их быт и современное положение. СПб., 1891, стр. 136.

мемлекетке еш пайда келтірмей, бос жатқан еді. Бір жағынан, қазақтардың да бос жатқан шұрайлы жерді иемденгісі келді. Сонымен 1788 жылы патша үкіметіне «шын берілген» қазақтарға Ертіс өзенінің арғы жағына өтуге рұқсат етілді<sup>5</sup>. Осыдан он шақты жыл өткен соң орта жүз қазақтары Ертістің оң жағына көшуге рұқсат сұрап патшаға арыз жазады. 1798 жылы 23 шольде оларға Павел I Ертістің арғы жағына жаппай көшуге тағы да рұқсат береді.<sup>6</sup> Сонымен аз уақыттың ішінде Ертістің шығыс жағына 15 мың түтін қазақ көшіп шықты<sup>7</sup>. Қазақтың осы маңайда көшіп-қонып жүруіне 1762 жылы Қытай императоры Цян-Лун да рұқсат еткен. Оны біз Абылай атына жазылған грамотадан көреміз<sup>8</sup>.

Көрнекті ғалым А. Левшин де орта жүз қазақтарының жонғарлардан босаған жерге иемденіп, қытаймен қарым-қатынасын жақсартуға түскенін көрсеткен<sup>9</sup>.

Ел аузындағы мәліметтерге қарағанда, қазіргі Катонқарағай ауданын мекен еткен қазақтарды Ертістің сол жағынан Толыбай деген батыр бастап барған. Толыбай ел билемеген (би, болыс болмаған), тек қол бастаған кісі. Толыбай бастаған топ бірден, тоқтаусыз бұрынғы Катонқарағай ауданының жеріне бармаған. Батыстан шығысқа қарай бірте-бірте жылжып отырған. Бұлардың алғашқы тоқтаған жері қазіргі Большенарым ауданындағы Жұлдыз селосының жаны. Бұл жер қазір Толыбай сайы деп аталады. Бұрынғы Катонқарағай ауданында Толыбай сазы деген жер бар. Ел аузындағы мәліметке қарағанда, бұл топтың осы жерде де біраз отырғандығы байқалады. Сондықтан да ол Толыбай сазы деп аталып кеткен. Толыбай батыр бастаған бұл топ Үкектің арғы жағына өтіп те мекендеген. Ол жер қазір Толыбай деп аталады.

Шәкеннің атасы — Байкісі. Байкісінің Архат, Бұрхат, Алжан, Қылжан деген төрт ұлы болады. Бұлардың алғашқы үшеуі Ертістің батыс жағындағы Архат, Бұрхат, Алжан таулары маңында туғандықтан, осы аттар қойылды ма екен деген

---

<sup>5</sup> Краткий исторический очерк Семипалатинского края (до 1917 г.). Отдельный оттиск № 1, (14) из «Нашего хозяйства», стр. 7.

<sup>6</sup> Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г., Семипалатинск, 1897, стр. 165, 182.

<sup>7</sup> Краткий ист. очерк Сем-го края (до 1917 г.). Отдельный оттиск № 1, (14) из «Нашего хозяйства», стр. 7.

<sup>8</sup> Чокан Валиханов. Полное собрание сочинений. — Записки ИРГО по отделению этнографии, СПб., 1904, стр. 311.

<sup>9</sup> А. Левшин. Описание киргиз-кайсакских или киргиз-казачьих орд и степей. СПб., 1832, стр. 223.

ой келеді<sup>10</sup>. Кейбір кісілердің пікіріне карағанда, Ертістің арғы жағынан бері өткен жылы Мәметек туады. Мәметек Есболдың баласы, Есбол Құратай ұлы Шар өзенінің бойында қаза болған, қабыры күні бүгінге дейін бар. Ал, Мәметек бұрынғы Катонқарағай ауданында жерленген. Мәметек 1863 жылы 55 жасында қаза болады. Ол қаза болғалы 97 жыл (1860 ж), болды деседі. Олай болса, олар 1808 жылы бұрынғы Катонқарағай ауданының жеріне өткен. Бұл келген қазақтардың кейінгі топтарының бірі болуы керек.

Қазақтардың айтуына карағанда, Жоңғар қалмақтары ығысқаннан кейін бұл жерлер 100 жылдай бос болған. Содан кейін қазақ келіп иемденген. Қазақтар қоныстанғалы бері 150—160 жылдай шамасы болған. Бұл мәлімет тарихи шындыққа жанасады. Бірақ бұл территорияның бос тұрғаны 100 жылдай емес, 1756—1798 жылдар арасы, яғни 42 жыл. 1746 жылы Жоңғар ханы Қалдан-Церен өледі, 1756 жылы Жоңғарияның күл-талқаны шығып, Қытай үкіметіне бағынышты болып қалады<sup>11</sup>.

Қанапия Мусин ақсақалдың айтуына карағанда, Ордың Қара Ағашынан (Семей) бастап шығыстағы көп жер қытайға караған. Оның белгісі де жоқ емес. Кездесетін тас, оба, сын тас, тас қорған қытайлар қалдырған ескерткіш есебінде. Алтай тауындағы әрбір асуда Қытай обасы бар.

---

<sup>10</sup> Бұл өңірде Алжан деген де Таудың барлығы байқалады (А. Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, ч. I, СПб, 1832, стр. 65; Архат тауы және сол маңайда тұрған халық туралы Шоқан Уәлихановтың мына пікірі назар аударарлық: «Эта солонцеватая местность постепенно к Аягузу возвышается и образует возвышенный пик (сопка) Аркат... Живописные зубчатые синевы аркатские виднеются довольно далеко и разнообразят скучную и пустую дорогу. Горы аркатские славятся кормом и потому в них сосредоточены зимовки найманских и уваковских волостей Аягузского округа. Здесь кочевали, и кочевали в мой проезд до ста и более юрт сартов. Они, как говорят сами, кочуют тут более семидесяти лет. Сначала их вызвала к бродяжничеству необходимость: торгуя через Семипалатинск азиатскими произведениями, для отправления караванов они должны были иметь своих лошадей и своих верблюдов — надо было их пасти, к тому же они любили кумыс — вот и наняли в аренду земли у киргиз (кайсаков) и переселились несколькими семействами в юрты. Кочевая, вольная жизнь, свойственная всей Азии, понравилась им, и в короткое время они увеличились пришельцами до 150 кибиток. Генерал-губернатор, подозревая их в укрывательстве беглых и по контрабандной части, приказал (им) оставить Аркат. Они должны (были) или записаться в мешане с вступлением в российское подданство, или же отправляться восвояси. Они, кажется, решились на последнее» (Ч. В а л и х а н о в. Избр. произведения, Алма-Ата, 1958, стр. 236—237).

<sup>11</sup> Бұл жағдай туралы В. П. Никитин «Исторический очерк Семипалатинской области» деген мақаласында былай дейді: «В то время, когда мало-помалу на правом берегу Иртыша зарождалась русская колонизация, на левом берегу этой реки разыгралась ужасная драма, кончившаяся совершенным уничтожением джунгарского царства.

## Топонимикалық атаулар жайында

Бұл мандағы топонимикалық атаулар да ерекше назар аударарлық. Алтай тауларын бұрын монғол, калмак, ойрат, қытай, кейін орыс, казак т. б. халықтар мекендегені тарихтан белгілі. Сондықтан географиялық атауларда монғол, қытай, түрік, славян тілдерінің элементтері жиі кездеседі.

Бұл өңірді мекендеген халық негізінен алғанда, мал шаруашылығымен шұғылданды, аң аулаумен айналысты. Осы аймақ ру мен ру, халық пен халық арасындағы кескілескен сансыз көп соғыстар мен шайқастардың сахнасына да айналған. Осындай жағдай оларды тұрған жерімен, айналадағы тау-тас, адыр-жоталармен барынша жақсы таныстырып тастаған. Сондықтан мұндағы кіші-гірім сай-сала мен тоғайлардың да, асқар биік таулар мен төбелердің де аты бар. Қысқасы, бұл жақтан аты жоқ, географиялық айдар тағылмаған жерді кездестіру өте қиын.

Казакша Арасан, орысша Рахмановские ключи деп аталатын жер бар. Бұл — Арасан курорты. Арасан туралы көрнекті ғалымдардың еңбектерінде де бай материал бар. Осындай ғалымдардың бірі 1895 жылғы августың бесінен жетісіне дейін Арасанда болған Томск университетінің профессоры, белгілі географ В. В. Сапожников еді. Ол кісі былай деп жазды: «Представляя медикам судить относительно лечебного значения Рахмановских источников, не могу не отметить громадной популярности их среди Алтайского населения, не

---

В 1746 г. умирает джунгарский хан Галдан-Цырен, при котором джунгары достигли апогея своего могущества, сильно стеснив киргиз-кайсацкие орды, а в 1756 г. Джунгария была уже совершенно стерта с лица земли и от бывшего могущественного государства осталось одно лишь название.

Причиной такого быстрого перехода джунгар от могущества к полному истреблению были междоусобия отдельных джунгарских владетелей. Эти последние, оставшись после смерти Галдан-Цырена, никем не сдерживаемые и каждый стремясь захватить власть повелителя над всей страной, сами подготовили финал политического существования Джунгар. Главнейшим виновником этого был Амурсана. Поссорившись с соперником своим Давацнем, он в 1754 г. признал себя подданным Китая и просил у императора Цянь-Луня себе помощи против Давацня. Император принял в число своих подданных Амурсана и отправил с ним сильное войско, но не для борьбы с Давацнем, а для того, чтобы окончательно покорить джунгар, так долго беспокоивших Китай своими набегами.

Желание Богдахана было в точности исполнено, и уже в 1756 г. Джунгарии не существовало. Когда Амурсана понял, как жестоко он ошибся, надеясь на китайцев, то выступил защитником Джунгарии и повел борьбу с китайцами, но был ими разбит и скрылся в Сибири, а в следующем году умер в Тобольске от оспы. Другой же, Тайша Шеренг, с 10000 кибиток бежал на Волгу, что и послужило поводом к прекращению всех сношений Китая с Россией до 1771 г., когда эти кибитки переселились в Китай («Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г.», Семипалатинск, 1897, стр. 154—156).

только инородческого, но и русского. Сюда приезжают калмыки и киргизы за сотни верст из далеких Алтайских долин с всевозможными болезнями; в этом отношении от них не отстают и русские. Слава ключей вовсе не нова; так, по данным Геблера и Воронина, еще в 1763 году, когда ключи были открыты крестьянином Рахмановым, там находилась буддийская кумирня с чашами, наполненными водой источников, — факт, свидетельствующий о почтении, с которым относились к этому месту»<sup>12</sup>.

Арасанды ерте заманда қытайлар да пайдаланған. Жергілікті халық та оны өте ертеден білген. Ол орыс жұртшылығына 1763 жылы белгілі болды. Сол жылы Арасанды Берель селосында тұратын Рахманов деген аңшы кездейсоқ тауып алған. Сондықтан ол Рахмановские ключи деп аталады. Ел аузында бұл туралы мынандай әңгіме бар: Рахманов бір күні жаралы маралды қуып отырады. Бір сайда оның буы бұрқыраған суда тұрғанын көреді де, соңынан қалмай жүріп атып алады. Маралды қараса, жарасының аузы жазыла бастаған екен. Рахманов таң-тамаша қалып суға келеді. Ол ревматизммен ауырады екен, суға енді өзі түсіп емделе бастайды. Ауруы күн сайын жазыла береді. Екі жетіде ол мүлде сауығып кетеді. Осыдан бастап Арасанның даңқы шар тарапқа тарайды. Рахманов оны қасиетті су, барлық ауруға шипа деп хабарлайды.

Бұқтарма өзенін жергілікті халық Бұқтырма деп атайды. Бұл атаудың мағынасын олар өздерінше былай түсіндіреді: ағысы қатты, асау, тау өзені болғандықтан, түсіп кеткен нәрсені, мейлі ол мал болсын, мейлі адам болсын, қайта тұруға шамасын келтірмей, бас көтертпей тастан-тасқа соғып бұқтырып әкетеді. Бұқтырма өзені жағасында суға кетудің салдарынан адам, мал шығыны жиі болады. Бұрын жылына 20—30 адам өліп тұратын. Сондықтан халық оны Бұқтырма деп атайды. Бұл өзен аудан жерін шығыстан батысқа қарай аралап өтеді. Оған жол-жөнекей тау-тастан шыққан мыңдаған бұлақ келіп құяды. Сондықтан ол бірте-бірте молайып отырады. Осылай болғандықтан да, ел аузында «Бұқтырма қайдан шығады, бұлақтан шығады, өзінен-өзі шықпайды» деген нақыл айтылады.

Бұл маңайда Үріл деген де жер бар. Онда Үріл атындағы совхоз орналасқан. Үріл де ертеден келе жатқан село. Мұнда бұрын жыл сайын 21 ноябрьден 3 декабрьге дейін жәрмеңке болып тұратын<sup>13</sup>. Бұл біздің ойымызша, монғолдың қос ерін<sup>14</sup>

<sup>12</sup> В. В. Сапожников. По Алтаю. Дневник путешествия 1895 года, Томск, 1897, стр. 108.

<sup>13</sup> Памятная книжка Семипалатинской области на 1898 г., Семипалатинск, 1897, стр. 61.

<sup>14</sup> Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 462.

мағынасындағы *уруул* сөзінен алынған болуы керек. Өйткені Үріл де қос ерінің арасы сияқты таумен қоршалған ұзынша келген ойпат.

Иосиф деген кісі жағасында көп жыл мекен еткендіктен, ол суды тұрғын халық Ойсып деп атайды. Ойсып суы да Бұқтырмаға құяды. Қолда бар мәліметке қарағанда, Иосиф сөзін Алтай халқы да ойсып деп айтатыны байқалады.

Бұл жақта *дара* сөзінің тіркесе келуі арқылы жасалған біраз топонимикалық атаулар кездеседі. Дара біраз түрк тілді елдерде (Өзбекстан, Азербайжан, Түркменстан, Түрция т. б.) сонымен бірге Тәжікстан, Армения, Иранда шатқал, кезең, асу мағынасында жер-су аттарының құрамында ұшырайды<sup>15</sup>. Сөз болып отырған ауданда Макила дарасы, Шәңген<sup>16</sup> дарасы, Бапа дарасы, Шолак дарасы деген жерлер бар. Бұл өңірде дара сөзі қорған сияқты мал қамайтын бекініс мағынасында да қолданылады. Кейде жергілікті халық тау арасын да дара дейді. Мысалы, Бапа дарасының (шатқалының) жан-жағы қорым, ортасы жазық. Жергілікті тұрғындардың дара сөзіне үйренгені, неменіп бауыр басқаны сонша оны қазақ сөзі деп дауласады.

Біз Үкөк жазығында болдық. Оны проф. В. В. Саложников өзінің біраз еңбектерінде жан-жақты, егжей-тегжейлі сыпаттап берген болатын.<sup>17</sup> Үкөк монғол тіліндегі *ухэг* сөзінен алынған, оның бастапқы мағынасы қорап, ящик, келтірінді мағынасы жанжағын тау қоршаған жазық, кеңістік. Үкөк аталатын жер Алтайдан басқа Тянь-Шань тауында (Қырғызстан территориясында), Жоңғар Алатауында да бар<sup>18</sup>.

Осы аудандағы Еңбек селосынан 2—3 км жерде Уан деген жер бар, оны қазақтар кейде Ақдала деп атайды. Уан сөзі (ван) монғол, қытай тілдерінде князь, патша деген мағынаны білдіреді<sup>19</sup>. Мүмкін, мұнда бұрын қытайдың, немесе монғолдың князі, патшасы уақытша болса да тұрған болар<sup>20</sup>.

Өскемен қаласының маңында Аблакетка деген елді пункт бар. Ол Аблакетка өзенінің бойына орналасқандықтан, осы-

<sup>15</sup> Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, стр. 70.

<sup>16</sup> Шәңген қытай сөзі болуы керек деп түсіндіреді олар.

<sup>17</sup> В. В. Саложников. Катунь и ее истоки. Томск, 1901, стр. 26—28; Егоче. Пути по русскому Алтаю. Новосибирск, 1926, стр. 144—148.

<sup>18</sup> Э. және В. Мурзаевтар. Аталған еңбек, 234—235 беттер.

<sup>19</sup> Орос-монғол толь, Уланбатар, 1942, стр. 127; Русско-китайский словарь, М., 1952, стр. 887.

<sup>20</sup> Қазақстан топонимикасын зерттеушілердің берген мәліметіне қарағанда, монғол, қалмақ тілдерінен енген топонимдер, әсіресе, Шығыс-Қазақстан облысында жиі ұшырайды. Қазақстанның басқа жерлерінде бұдан аз (А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары, Алматы, 1959, 127 бет). Бұл Шығыс Қазақстан облысына монғол, қалмақтардың дүркін-дүркін жиі келуіне байланысты.

лай аталған. Жергілікті халық бұл өзенге Аблай деген кісі кеткен, ол ағып кетіп бара жатқанда, жұрт Аблай кетті, Аблай кетті деп айғайласқан, осыдан (Аблай кетті) ол өзен Аблакатка деп аталған деседі. Бұл мәліметті Шоқанның мына пікірі растай түсетін тәрізді: «... Один из них (ламайских китов. Б. Ж.) так наз. Аблай, на реке (Аблай — китке) в 70 вер от Усть-Каменогорская, построенный в XVII столетний»<sup>21</sup>.

Шығыс Қазақстан облысында Ұлан деп аталатын жер бар. Осы маңда Ұлан тауы да бар. Осы таудың аты аудан атына да айналып кеткен. Ұлан монғолдың қызыл деген сөзі<sup>22</sup>. Жергілікті тұрғындар ұлан монғол, қалмақ сөзі деген пікірде. Бұл топонимикалық атау басында *улан ула* (қызыл тау) түрінде қолданылуы да мүмкін. Өйткені тау мағынасындағы ула сөзі (көптеген географиялық атауларда кездеседі) Богдо — Ула, Мечин — Ула, Мунх — Хайрхан — Ула, Баян — Ула, Хан — Хухэй — Ула т. б.<sup>23</sup>

Тұрғын халықтың айтуына қарағанда, Катонқарағай монғолдың «топ қарағай» деген сөз тіркесі. Село маңында бір топ қарағай (самырсын) әлі бар. Бұл *Қотанқарағай* атауының «топ қарағай» деген мағынаны білдіретінін дәлелдейтін бірінші себеп болса, екіншіден, осыған ұқсас, осы үлгімен жасалған топонимдер де аз кездеспейді. Топқайың, Бесқарағай, Шоқтал — осы аудандағы жер аттары, Шоққарағай<sup>24</sup> — Шоқан туған жердегі географиялық атау т. б.

Бұрын Катонқарағайда үлкен жәрменке болатын<sup>25</sup>. Оған Монғолия, Қытай елдерінен, Зайсан, Самар, Қошағаш, Өскемен, Семей т. б. көптеген жерлерден халық жиылатын. Монғолияны мекен еткен қазақтардың ұраны Байтайлақ еді дейді Нүкіш Жемсебаев ақсақал. Осы жәрменкеге келгенде олар бір оқыс жағдай болса, Байтайлақ, Байтайлақ деп айғай салатын болған. Бұл ұранға қалғандары лезде жиылады екен.

Бұрынғы Катонқарағай ауданы мен көршілес *Большенарым* ауданы болды. Оның орталығы — *Большенарым* селосы. Осы жерден Нарым өзені өтеді. Ол Нарым тауынан басталады. Бұл өзен бұрын Нарынқол (монғолша *нарийнгол*, *гол* — өзен) болып аталған. Осы атаулардағы *нарын* сөзі монғолдың *нарийн* (жіңішке, тұрқы тар) сөзінен алынған. Жоғарғы то-

<sup>21</sup> Ч. Ч. В а л и х а н о в. Полное собрание сочинений. — Записки ИРГО по отделению этнографии. Т. XXIX, СПб., 1904, стр. 298.

<sup>22</sup> Орос-монгол толь, Уланбатар, 1942, стр. 137.

<sup>23</sup> Э. и В. М у р з а е в ы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, стр. 235.

<sup>24</sup> Таулы-Алтай автономиялы облысындағы Қошағаш ауданында да Шоқ қарағай деген географиялық атау бар.

<sup>25</sup> Бұл жәрменке жыл сайын декабрьдің алтысынан он тоғызына дейін болып тұрды (Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г. Семипалатинск, 1897, стр. 100).

понимдерге негіз болған *Нарым* тауы Алтайдың басқа салаларымен салыстырғанда жіңішке.

Орысша Черновая аталатын жер бар. Ол жер қазақша Шу деп аталады. Бұл қытайдың аудан, жер, территория мағынасындағы цой<sup>26</sup> сөзінің фонетикалық жағынан өзгеріске түскен түрі болуы керек. Өйткені Қытай тілін білмейтін қазақтардың өзі де осы пікірді айтады. Олардың бұл пікірін Қытай тілінің материалы растай, қуаттай түседі.

Әйгілі Тарбағатай тауынан басқа осы аудан территориясында Тарбағатай деген жота да бар. Бұл атаулардың екеуінде жергілікті тұрғындар Тарбығатай деп атайды. Бұл атаудың да арғы төркіні монғол тіліне барып тіреледі. *Тарваға* монғолдың *суыр*, тайга<sup>27</sup> орманды тау деген мағынадағы сөздері. Бұлар алтай тілінде де осы мағынада қолданылады. Бұл өлкенің қырлы-сырлы жағын жетік білетін Сахариев Мұхтардың айтуына қарағанда, Тарбағатай тауы мен жотасында суыр күні бүгінге дейін өте көп, жыртылып айырылады дерлік.

Қайшы деп аталатын бұлақ бар. Бұл топонимнің этимологиясы, Қанапия Мусин ақсақалдың айтуынша, монғолдың ұры мәніндегі *құлақайшы* сөзіне келіп тіреледі. Ол кісі бұл пікірін дәлелдеу үшін, Қайшы бұлағының айналасы ұры жасырынуына лайықты қалың ағаш, нұ орман деген еді. Бұл пікірдің дұрыстығына монғол тілінің сөздіктерін аударыстырғанда көзіміз жетті. Онда *хулгайч* ұры, жыртқыш, бандит мағынасын білдіретін сөз деп түсіндірілген<sup>28</sup>.

Шаған даба деген кезең, асу бар. Бұл монғолдың ақ (цаган), кезең (дава)<sup>29</sup> сөздерінен жасалған топоним.

Большенарым селосынан он бес шақырымдай жерде Қоңқай баз деген жер бар. Оның жапында Қоңқай тауы мен өзені<sup>30</sup> жатыр. Оны кейбір документтер Қоңқай баш<sup>31</sup> деп көрсетеді. Бұл топонимдегі екінші компонент (баш) түрк тілінің элементі болуы мүмкін. Ал, Қоңқай сөзі монғол тіліндегі *гон*

<sup>26</sup> Русско-китайский словарь, М., 1952, стр. 416, 681.

<sup>27</sup> Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 285, 392; Орос-монгол толь, Улан-батыр, 1942, стр. 366, 369.

<sup>28</sup> Орос-монгол толь, Уланбатыр, 1942, стр. 40; Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 562—563.

<sup>29</sup> Орос-монгол толь, Уланбатыр, 1942, стр. 19, 247; Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 137, 600.

<sup>30</sup> Бұл Күлмес өзеніне құяды, ол Бұктармага құяды (Материалы по обследованию хозяйства землепользования киргиз Семипалатинской области, т. II. Усть-Каменогорский уезд, вып. II, С116., 1913, стр. 184).

<sup>31</sup> Обзор Семипалатинской области за 1911 г., Семипалатинск, 1913, стр. 2.



(бір, жалғыз мәнінде), *хай* (ауыл мәнінде)<sup>32</sup> сөздер болуы ықтимал. Сонымен қорыта келгенде, *Қоңқай* бір, жалғыз ауыл, ен жатқан жеке ел деген мағынадан алынды ма деп ойлауға болады. Бұл географиялық термин — тау мен өзен аты. Осы өзен бойында, немесе тау бөктерінде бір ғана ауыл отыруы да мүмкін<sup>33</sup>.

Қазақтар сары нохай атайтын асу бар. Бұл да өз шешімін монғол тілінен табатын географиялық термин: *Сариц* — қисық, немесе соқыр<sup>34</sup>, *нохой* — ит<sup>35</sup>. Сонымен бұл монғол тіліндегі қисық ит, не соқыр ит деген мағынадағы сөз тіркесі.

Сөз болып отырған аудан бұрын Шыңғыстай болысы, Шыңғыстай ауданы болып аталғаны жоғарыда әңгіме етілді. Қазір де мұнда Шыңғыстай селосы, Шыңғыстай атындағы мектеп бар. Ол — 1907 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, Қазақстанда ашылған бірінші мектептердің бірі. Қазақстанның көрнекті ғалымы проф. Сәрсен Аманжолов пен қоғам қайраткері Қиса Тойғанбаев осы мектепте оқып білім алған болатын. Сұлтанмахмұт Торайғыров 1914—1915 оқу жылында Шыңғыстай мектебінің оқытушысы болып қызмет істеген. Ел аузындағы мәліметке қарағанда, ол осында жүріп «Қамар сұлу» романын жазады.<sup>36</sup>

Ал, енді Шыңғыстай сөзінің этимологиясына келейік. Ол бұрын Шәңістай деп аталатын. Бұл жерде Шәңіс деген түбінен басына дейін буын-буын болып келетін ағаш көп өседі. Шәңістен таяқ жасалады. Жергілікті халық шәңіс монғол сөзі дейді. Шынында монғол тілінде цангис<sup>37</sup>, цэнгис жимс<sup>38</sup> — деп қышқыл дәмді, қызыл жидекті ағаш тұқымдас өсімдікті (клюква) айтады. Ал, тай сөзінің таулы орман деген мағынадағы тайгадан алынғандығы жоғарыда айтылды.

<sup>32</sup> Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 121, 272.

<sup>33</sup> Бұл сөздің этимологиясы туралы Н. И. Баяндин былай дейді: «По народным преданиям, название горы Конхай связано с именем легендарного калмыцкого богатыря Конхай, выдержавшего натиск казахов. Наконец, он был взят в плен казахскими батырами, а гору стали называть его именем в знак упорства героя» (Н. И. Б а я н д и н. О некоторых казахских географических названиях Восточного и Центрального Казахстана. — Вестник АН КазССР, 1949, № 4 (49), стр. 89). Біз де бұл әңгімені Шығыс Қазақстанда болғанда халық аузынан естіген едік. Бірақ бұл ғылыми этимологиядан гөрі халықтық этимологияға жақын.

<sup>34</sup> Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 121, 572.

<sup>35</sup> Орос-монгол толь, Уланбатар, 1942, стр. 348.

<sup>36</sup> С. Торайғыровты көрген, онымен бірге болған қарттар былай дейді: Сұлтанмахмұт Ережелов Әбдікерім деген кісінің қызына (аты Бағыла) ғашық болады. Әкесі кедей деп Бағыланы Сұлтанмахмұтқа бергісі келмейді. Қыз да Сұлтанмахмұтты ұнатады. Ақыры, Әбдікерім Бағыланы қазіргі Қошағаш ауданындағы Айсұлтан деген бай, дәулетті кісіге беріп жібереді. «Қамар сұлу» романы, біздіңше осы сюжетке құрылған.

<sup>37</sup> Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 604.

<sup>38</sup> Орос-монгол толь, Уланбатар, 1942, стр. 126.

Шыңғыстай селосының айналасы жайқалған таулы орман, ол ағаштардың ішінде шәніс те жиі кездеседі. Бір сөзбен айтқанда, осы маңайдың көз тартарлық әдемі табиғаты біз жасаған этимологиялық талдауды дәлелдей түсетін тәрізді.

Қазіргі Солдатовой селосы бұрын Поляк аталған. Бұл ат осында тұрушыларға байланысты қойылса керек. Мұның себебін төменде келтірілген үзіндіден байқауға болады:

«Между тем, все с тою же целью развития местной колонизации, разрешено было на пограничных линиях селиться крестьянам особыми деревнями и форштатами при казачьих форпостах, а также неоднократно обращались и к мерам принудительного расселения. Так, в 1770 г. были зачислены в пограничное казачество 138 запорожцев, захваченных из партии Железняка и Жвачки, производивших беспорядки и самовольства в Польше, кроме того, в разное время были зачислены в казаки маловажные преступники и пленные из польских конфедератов...»<sup>39</sup>

Ноқай залың — тау аты. Біздіңше, ноқай монғолдың нохой (ит), залың алтайдың дьалаң (дала, жазық, шатқал, ашық жер)<sup>40</sup> сөздерінен алынған. Қазақша ит жазығы, ит шатқалы деген мағынаны білдіреді.

Бұл аудан территориясында Аршаты, Тараты деген жер аттары бар, монғолша *тарис* астық, егіс<sup>41</sup> мәніндегі сөз. Сонда Тараты астықты, егісті жер деген сөз. Аршаты — аршалы деген мағынадағы атау. Аршатыда шынында да күні бүгінге дейін арша көп. Таратыда бұрын монғол, қалмақтар егін салған да болу керек.

Біздіңше, *-ты* — монғол тілінің қосымшасы. Сондықтан кейбір топонимикалық атаулардың түбірі тюрк сөзі болып келеді де, оған жалғанған *-ты* қосымшасы үндестік заңына бағынбай өзгеріссіз қалады: Алма-ты, Бұғы-ты, Торғай-ты, Дара-ты, Әңгір-ті, Далай-ты, Ноғай-ты, Бұлан-ты, Мойын-ты, Өлең-ті, Арша-ты, Тара-ты<sup>42</sup> т. б.

Катонқарағай селосының оңтүстігін жанап Сарымсақты өзені өтеді. Ол Сарымсақты тауынан шығады. Сарымсақ деп жергілікті халық жуа мен пиязды айтады. Бұл өзен осы атқа өз арнасын Сарымсақты тауынан алатын болғандықтан ие

---

<sup>39</sup> В. П. Никитин. Исторический очерк Семипалатинской области. — Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г., Семипалатинск, 1897, стр. 159.

<sup>40</sup> Ойротско-русский словарь, М., 1947, стр. 44.

<sup>41</sup> Орос-монгол толь, Уланбатар, 1942, стр. 105; Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 392.

<sup>42</sup> Қазақстан территориясында Өлеңтіқорық топонимі де кездеседі (А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары, Алматы, 1959, 156 бет). — Ты қосымшасы мұнда сөздің ортасында қалса да өзгеріске ұшырамай, бастапқы тұлғасын сақтап қалған.

болған. Ал, тау бөктерінде сарымсақ (пияз, жуа) көп өсетіндіктен, осылай аталған. Бір қызығы сол — сарымсақ монғол тілінде де *саримсаг* тұлғасында айтылады<sup>43</sup>. Сондықтан мұны да монғол тілінен алынған топонимикалық термин деуімізге әбден болады.

Қазіргі Большенарым ауданында мекен еткен қазақтардың ата-бабалары Шар, Қызылсу өзендері бойында өмір сүрген. Қазір Семей облысының территориясында Шар ауданы да бар. Бұлар Шар өзенінен алынған топонимдер. Ал енді осы *шар* сөзінің этимологиясына келейік. Бұл — монғолдық *сары* деген сөзі<sup>44</sup>.

Біздің бұл пікіріміз, біріншіден, осы территорияда бұрын монғолдардың болуымен дәлелденсе, екіншіден, осындай үлгімен жасалған топонимикалық атаудың көп тілде жиі ұшырайтынымен (мысалы, Сарысу, Сарыөзек, Сарыкөл, Сарытеңіз<sup>45</sup> т. б.) дәлелденеді.

Шыңғыстай маңында Мұхыр деген жер бар. Бұл тюрк, монғол<sup>46</sup> тілдерінде тұйық мағынасында жұмсалатын сын есім. Бұл сөз еліміздегі көптеген жер-су аттарында кездеседі (Мұхор-Кондуй, Мухор-Шибирь, Мухор-нұр т. б.).

Бұл аудан территориясында Қарагем деген көл бар. Мұндағы *қара*, біздіңше, тюрк сөзі де, оның екінші компоненті *хәм*<sup>47</sup> шек, шекара мағынасындағы монғол сөзі.

Хамир деп аталатын Бұқтарма өзенінің сағасы бар. Бұл ол баста *хамар* болуы керек. Бурят, қалмақ, монғол тілдерінде *хамар* сөзінің тура мағынасы мұрын, келтірінді мағынасы тұмсық, жартас, өзен суын екі жаққа бөлетін жар, таудың сілемі<sup>48</sup>. *Хамир* өзені бойында осында айтылған нәрсенің (тұмсық, жартас, тау сілемі т. б.) бәрі де бар. Сондықтан, біз *хамар* сөзінің түп төркіні, бастапқы мағынасы *хамарға* келіп тіреле ме деп жорамалдаймыз. Өйткені *хамар* сөзімен келген топонимикалық атаулар Отанымыздың көптеген аудандарында жиі ұшырайды.

---

<sup>43</sup> Орос-монғол толь, Уланбатар, 1942, стр. 416; Монғол-орос толь, М., 1957, стр. 351.

<sup>44</sup> Орос-монғол толь, Уланбатар, 1942, стр. 82; Монғол-орос толь, М., 1957, стр. 645.

<sup>45</sup> Таулы-Алтай автономиялы облысының өзінде ғана Сап-сары, Саразан, Саракты, Саратан, Сартамыр, Сары-қобы, Сары-көкши, Сары-шет, Сары Очек деген жер-су аттары бар (Ойратско-русский словарь, М., 1947, стр. 203).

<sup>46</sup> Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, стр. 151; Орос-монғол толь, Уланбатар, 1942, стр. 381; Монғол-орос толь, М., 1957, стр. 250.

<sup>47</sup> Монғол-орос толь, М., 1957, стр. 588.

<sup>48</sup> Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, стр. 242; Орос-монғол толь, Уланбатар, 1942, стр. 205; Монғол-орос толь, М., 1957, стр. 507.

Берельден үш шақырым жерде Белдеу деген жер бар. Ол, шынында да, белдеу десе, белдеу дегендей, жотаны көлденеңнен орай қазған ор. Жергілікті халық *белдеу* монғол сөзі дейді. Біз оған қосылмаймыз, бұл — түрк сөзі. Мұны кейбір адамдар әскер окоп ретінде қазған деседі. Ол дұрыс емес, өйткені таулы жерде онсыз да жасырынатын, не жасырына жүріп атысатын пана көп. Мұны бұрынғы кезде анды қамап аулау үшін қазған болу керек. Олай дейтін себебіміз — ордың бір шеті таудың биік жарына, екінші шеті құлама суға тіреледі, бұған түскен аңның шығу-шықпауы екіталай. Ордың қай кезде қазылғаны белгісіз.

Шыңғыстай селосы тұсында Марқакөлге асып кететін жол бар. Ол Ирек аталады. Жолдың аты оның өзіндік өзгешелігіне байланысты қойылған, ирек-ирек етіліп, тауды айнала, жоталарды көлбей салынған. Иректің ұзындығы жүз километр шамасындай. Оны 1915—1916 жылдары Австрия тұтқындары салған<sup>49</sup>. Шапшыма дейтін өзен бар. Ол өте биікте, ат қиналып, шапшып шығатын жерде. Сондықтан да оған Шапшыма деген ат қойылған.

Сонымен бірге бұл аймақта орыс тілінен алынған географиялық атаулар да жиі кездеседі. Мысалы, бұрын Белқарағай аталатын жер қазір Медведка делініп жүр.

Бұл аудан тұрғындары шекараны *кран* дейді. Бұл — орысша *граница* сөзінің қысқарып, ықшамдалған түрі. Осыдан алынған болуы керек, Қытай Халық Республикасының қазақтар тұратын жерінде Кран деген өзен бар. Ол да шекараға жақын жерде. Мүмкін, ол бір кезде табиғи шекара қызметін де атқарған болу керек.

Бұл жерде Жонғария құлағаннан кейінде Қытай қарауылдары болған. Мұндай қарауылдар басқа біраз жерлерде Жонғария үстемдік еткен кезде де болған. Осы қарауылдарға байланысты атаулар күні бүгінге дейін қолданылуда. Бұрын қазіргі Мало-Нарым селосының орнында Қытайдың Бас қарауылы, Большенарымда Орта Қарауылы, Усть-Нарымда Аяқ Қарауылы болған. Осы жерлерді жергілікті халық қазіргі кезде де Бас Қарауыл, Орта Қарауыл, Аяқ Қарауыл деп ара-тұра айтып қалады. Қытай қарауылдары Семей мен Шығыс Қазақстан облысының басқа жерлерінде де болған. Ондағы күзетшілер бір жылда бір рет ауыстырылып

---

<sup>49</sup> Бұл аймақта соғыс тұтқындарының күшін пайдалану патша әкімдерінің ежелден келе жатқан әдеті еді. Мысалы, 1715 жылы Бухгольц Тобольскіден Ертісті өрлей шығады. Ондағы мақсаты — Ертіс өзенінің бойын қаратып алып, онда бекіністер салу. Бухгольц ерткен көп қолдың ішінде инженерлік мамандығы бар шведтің тұтқын офицерлері де аз болмайды. (В. П. Пшкитин. Исторический очерк Семипалатинской области. — Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г., Семипалатинск, 1897, стр. 147—148).

тұратын болған. Осындай Қарауылдар туралы көрнекті тарихшы Г. Е. Грум-Гржимайло былай дейді:

«Чем руководствовались китайцы, устанавливая такую пограничную линию, неизвестно, но как наследники по праву победителей джунгар они могли претендовать на значительно большую территорию, ибо джунгары в XVIII веке несомненно владели всей степью до р. Чар-Гурбан, восточной оконечности гор Чингиз-Тау, нижнего Баканаса и северного оз. Балхаш. На эту былую джунгарскую границу указывают и сохранившиеся еще здесь названия: Баш-Қараул в вершине Чар-Гурбана, Урта-Қараул и Аяк-Қараул на Семипалатинско-Сергиопольском тракте близ бывшего Ащи-Кульского пикета... Но и эта китайская пограничная линия не представляла чего-либо твердо закрепленного, на что указывает одновременное существование двух пикетных линий: так называемой линии постоянных караулов (чан-чжу-карунь) и внешних (цзянь-цзе)»<sup>50</sup>. Сонымен бірге шекарадағы Қарауылдар ретсіз, тәртіпсіз қойылатын да болған. Олардың бірінің арасы екіншісінен тым қашық және бұрыс, не тым жақын, тұстас болатын. Кейде олар тиісті территориядан не ішке кіріп, не сыртқа шығып кетіп отырған. Кейде олардың арасында жол жоқ болатын<sup>51</sup>.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Катонқарағайда да осындай Қарауылдың біреуі болса керек.

Қазіргі Зыряновск, бұрын Көктас, Өскемен Дом аталатын. Дом ол баста Дон болуы керек. Бұл тюрк тілінде қыр, кіші-гірім төбе, қырат мәнінде жұмсалатын сөз<sup>52</sup>. Бұл пікіріміз Өскемен айналасының табиғатымен де анықтала, дәлелдене, растала түсетін тәрізді. Онда ірілі-ұсақты қыраттар мен таулар көптеп саналады.

### Аудан тұрғындарының этногенезі жайында

Бұрынғы Катонқарағай ауданының тұрғындары, негізінен алғанда, Найман, оның ішінде Қаратай. Ішінара Керейлер де ұшырайды. Қаратай руының ең негізгі тараған шегі Большенарым ауданына қарасты Майемер селосынан Шуй даласына дейін. Олар бұл территориядан басқа біраз жерде шашыранды түрде отырады. Мысалы, Түкебаев Садық ақсақалдың берген мәліметіне қарағанда, жоғарыда сөз болған Алжан Қылжанның (руы Қаратай) біраз ұрпағы Монғолиядағы Ком деген жерде. Қытай Халық Республикасының

<sup>50</sup> Г. Е. Грум-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край, т. II. Л., 1926, стр. 716.

<sup>51</sup> Сонда, 821—828 беттер.

<sup>52</sup> Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов, М., 1959, стр. 75.

Шынжаң автономиялы облысында 115 үй Қаратай тұрады. Қошағаш ауданында қызмет ететін Құттыбаев Бекетайдың берген мәліметі бойынша, Шүй даласында (Жазатырды коса есептегенде) 823 үй Қаратай тұрады. Бізге осы экспедиция кезінде көп көмек берген Большенарым ауданындағы Жұлдыз орта мектебінің аса білгір, тәжірибелі оқытушысы Мәзбура Тойғанбаеваның айтуына карағанда, Шығыс-Қазақстанның бұрынғы Марқакөл ауданында, Қызылорда<sup>53</sup> облысында біраз Қаратайлар (оның ішінде Шоңмұрын) тұрады. Тойғанбаева Мәзбураның өзі де Қаратай ішіндегі Шоңмұрын руына жатады. Оның үстіне бұл кісінің Марқакөл мен Сыр бойындағы Шоңмұрындармен туыстық қатынасы, байланысы бар. Сондықтан, М. Тойғанбаева жолдастың берген мәліметін шындықтың нақ өзі деп қабылдаймыз.

Біз осы экспедиция тұсында ел аузынан шежірелер жинадық: олардың қазақ халқының құрамын анықтауда аздық-көпті пайда келтіруі ықтимал. Сондықтан оны сәл қысқартыпқырап, келтіре кетуді орынды деп таптық<sup>54</sup>.

Біреп сөз қазақ туралы<sup>55</sup>. Аламан деген кісінің Қазақ, Созақ атты ұлдары болады. Созақтан карақалпақ туады. Қазақ бақсылығы бар, серілеу, салдау жігіт болады. Бір күні Сәбит деген өзбек патшасы ауру болады. Оны ақбоз атқа мінген үкілі жігіт — Қазақ емдеп жазады. Сәбит Қазаққа риза болып, оны үйлендіреді. Әйелімен елсіз құладүзге келіп орналасады. Үй салады. Аң аулап, құс салып кәсіп етеді. Үш жылда Қазақтың әйелі үш ұл туады. Төртінші жылы Қазақтың амандығын біліп, сәлемдесуге Сәбит келеді. Ол келгенде, Қазақ үйде жоқ екен, біраздан кейін оралады. Сәбит мына үш ұлын бар екен. Құладүзде туғандықтан үшеуінің атын да осыған байланыстырып қой: үлкенінің аты Ұлы дүз, ортаншысы — Орта дүз, ең кенжесі — Кіші дүз депті<sup>56</sup>. Сонымен бірге Сәбит жанындағы молдаларға айтып, кітапқа қарап та ат қойғызады. Олар: Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс.

Бұл аңыздың бір құнды жері — Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз терминдері мен Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс атаула-

---

<sup>53</sup> Н. А. Аристовтың көрсетуі бойынша, бұрынғы Сырдария облысында ішінара наймандар тұрған (Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897, стр. 79).

<sup>54</sup> Бұл материалды біз халық тарихын жақсы білетін, көп ізденгіш, білгір қарт Хасенов Қабдолладан жазып алдық.

<sup>55</sup> Тюрк халықтарының тарихын ашуда ру аттары мен олардың таңбаларының ерекше маңызы бар (Н. А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897, стр. 13).

<sup>56</sup> Тіліміздегі жүз (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) сөзін Ж. Досқараев дала, жаяқ, сахара мағынасында жұмсалатын дүз, түз сөздерінен пайда болған термин деп түсіндіреді (Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 3 шығуы, Алматы, 1960, 163 бет).

рының паралельді түрде жарыса қолданылуының себебін ашып беруінде.

Найман туралы бірер сөз. Орта жүзден алтау: Арғын, Найман, Керей, Уак, Қоңырат, Қыпшақ.

Найманнан Токпан туады. Токпан әдемі, аққұба жігіт екен, өзі мырза болады. Сондықтан Ақмырза аталған. Оның Нәзбура деген әйелі болады. Токпан көп ұзамай қайтыс болады. Найман, Нәзбура және Елата (тегі өзбек, жылқышы) үшеуі қалады. Нәзбура атасына (Найманға) Қызеней деген әйел алып береді. Одан бір ұл туады. Оның атын Найманнан қалған белгі деп Белгібай қояды. Найман өлгеннен кейін Қызенейді Нәзбура Елатаға қосады. Елатадан Келбұға, Кетбұға туады. Келбұғадан — Терістаңбалы, Кетбұғадан — Шырсейіт<sup>57</sup> туады.

Белгібай ержеткен соң, Нәзбура оған тұрмысқа шығады. Белгібайдан Төлегетай туады. Төлегетай деген атты Токпанның орны төленді деген оймен қойған. Осыдан кейін Нәзбура Белгібайға екінші әйел әпереді. Одан Сүгірші туады. Сүгіршіден үшеу: Бағаналы, Балталы, Ергенекті.

Төлегетайдан төртеу. Сондықтан төрт Төлегетай аталады. Олар: Садыр, Матай, Қаракерей, Төртуыл. Сонымен осылардың бәрін қосып тоғыз таңбалы найман деп атайды.

Бірер сөз Қаратай туралы. Ергенектіден үш ұл туады: Саржомарт, Бура, Көкжарлы, Көкжарлыдан екеу: Алданияр, Қылшықтықия. Алданиярдан алтау: Құдайберді, Тәнірберген, Қайқыберді, Қаршыға, Мұңайтпас, Кенжебай — Қаратай.

Қаратайдан алтау. Сол себепті алты Қаратай аталады. Оның үшеуі өз баласы — Бораншы (одан Сарғалдақ), Беске (одан Шеруші, Дәулет), Шоңмұрын. Бұл үшеуі Қаратайдың үш әйелінен туған. Кәлім Қаратайдың жиені, Бурадан келген, бірақ Қаратайға бала болып кеткен. Болат Арғынның Бәсентиын деген руынан келіп сіңген. Сонымен Алты Қаратайдың құрамына тараған ұрпақтың молдығына байланысты Бораншы, Шеруші, Дәулет, Шоңмұрын, Кәлім, Болат енеді. Найман руы туралы проф. С. А. Аманжоловтың еңбегінде аса бағалы материалдар бар.<sup>58</sup>

Шоқан Уәлиханов өзбектің құрамында найман, хитай, сары-кита руларының барлығын айтады<sup>59</sup>. Ол қырғыз хал-

<sup>57</sup> Келбұға, Кетбұға руына жататын наймандар, қазір Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Ұлан ауданында тұрады.

<sup>58</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 9—15, 52—61, 91—98.

<sup>59</sup> Ч. В а л и х а н о в. Полное собрание сочинений. — Записки ИРГО по отд. этнографии, т. XXIX, СПб., 1904, стр. 292.

қында да найман руының барлығын атап көрсетті<sup>60</sup>. Алтай халқының құрамында қыпшақ, қара найман, көгіл найман рулары кездеседі.<sup>61</sup>

Біреп сөз керей туралы. Керей Абақ деген әйелге үйленеді. Керейден Ашамайлы туады. Ашамайлы үш жасқа толғанда Керей каза болады. Абақ ақылды, көрікті кісі екен. Сондықтан жесірімізді ешқайда жібермейміз деп әменгерлері Арғын, Найман, Уақ таласады. Абақ олардың ешқайсысына да шықпай Ашамайлыны алып төркініне кетіп қалады. Біріне шықсам бірінің көңілі қалады деп ойлайды. Осында ол басқа кісіге тұрмысқа шығып, одан Молқы Самай, Сарыбас, Жәдік, Жәнтекей, Қазыбек, Шеруші деген жеті ұл туады. Бір күні Абақ атасынан Ашамайлыны ел-жұртына апаруға рұқсат сұрайды. Сонымен Абақ жолға шығады. Бұл кезде қазақ пен қалмақ арасында қиян-кескі соғыс болып жатыр екен. Сондықтан Абақ жолдан төрт бала тауып алады. Оның біреуіне мойны шидей өте арық болғандықтан, Шимойын деген ат қояды. Екінші баланың атын Шұбарайғыр қояды. Тастан тауып алғандықтан, үшіншісінің атын Тасбике қояды. Біреуінің атын Ғабдолла ақсақал ұмытыпты. Сонымен барлығы он екі таңбалы керей болды. Ғабекеннің айтуына қарағанда, нағыз, шын керей Ашамайлы. Олар Петропавловск жағында тұрады.

Бұл өңірге керейлер келгелі, Зұрғамбаев Әлиі ақсақалдың айтуына қарағанда, 55—56 жыл өтіпті. Осы кезде Монғолияда тұратын Қиюбай мен Ақтай елі (екеуі де керейлер) өзара барымталасып соғысады. Нәтижеде Қиюбай елі жеңіліп, Жазатыр мен Қатонқарағайға қоныс аударады. Содан бері Қиюбай елі осында тұрып, қазір Найман арасына сіңісті болып кеткен.

Кейбір тарихи деректерде Керей мен Уақ біріктіріліп, Уақ-Керей болып аталады.<sup>62</sup> Керей туралы да проф. С. Аманжоловтың жоғарыда сөз болған еңбегінде көптеген құнды материалдар келтірілген<sup>63</sup>.

Керей туралы Шоқан Уәлиханов мынандай мәліметтер береді.

«В царствование Ботандата (Известия визант. историков, ч. 4, стр. 134) Найманы, Джалаиры и Керейты были народы монгольские, по свидетельству восточных историков, и имели

<sup>60</sup> Ч. Уәлиханов. Избранные произведения, Алма-Ата, 1958, стр. 527—533.

<sup>61</sup> Л. П. Попов. Очерки по истории алтайцев, Новосибирск, 1948, стр. 255—258.

<sup>62</sup> А. Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. III, СПб., 1832, стр. 9.

<sup>63</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959, стр. 9—16, 46—52, 91—98.



еще до Чингиса своих ханов. Найманы жили около Карако-  
рума... Керейты были соседи Найманов и, по словам Абуль-  
Гази, было самое сильное из всех племен...».<sup>64</sup>

«Имен Уак Кирей, сколько мне известно, нет между древ-  
ними племенами монголо-тюркскими, но в киргизской поэме  
«Эдиге» в числе беков Тохтамыша есть представитель  
Уаков».<sup>65</sup>

Бұл ауданда он шакты үй қожа бар. Олар, әрине, Найман-  
дарға да, Керейлерге де жатпайды. Бұлардың аталары Нәдір,  
Сәдір деген кісілерді Ережеп бала оқыту үшін әкелген бола-  
тын.

#### Ру аттарының этимологиясы туралы

Проф. И. Н. Березин найман аталы монғолдың сегіз  
мағынасындағы найман сөзінен алынған, яғни сегіз тайпа-  
ның одағы деген пікір айтқан<sup>66</sup>. Н. А. Аристов бұл пікірге  
қосылмайды да, найман — Найма өзенінің атынан алынған  
термин дейді. Н. А. Аристовтың берген мәліметіне қарағанда,  
олар алғаш Найма өзені бойын мекен еткен. Кейінірек олар  
оңтүстікке жылжып, ұйғыр-орхон хандығы құлаған кезде  
жергілікті руларға бас болып найман тайпасын құраған.  
Шыңғыс хан екі Найман хандығын қиратқан соң (олар Ор-  
хоннан Қара Ертіске дейінгі жерді алып жатқан), Найман-  
ның үлкен бөлігі батысқа қарай ығысып, қазіргі мекен еткен  
жеріне келіп орналасқан. Олардың бұрынғы ата мекенінде  
қалғандары монғол халқының құрамына еніп кеткен<sup>67</sup>.

Проф. С. А. Аманжолов Найман этнонимінің шығуы тура-  
лы Н. А. Аристовтың пікірін қуаттайды<sup>68</sup>.

Рашид Эд-Диннің айтуына қарағанда, керей қара сөзінен  
шыққан, өйткені ол тоғыз ағайынды қара балалардан тара-  
ған<sup>69</sup>. Проф. И. Н. Березин бұл Манчжурдың жалпы деген  
мағынадағы керей және монғолдың қарға мағынасындағы  
*kəria* сөздерінен шыққан термин деген<sup>70</sup>. Г. Н. Потанин  
монғолдың қарға мәніндегі *kəria* сөзі солтүстік-батыс Мон-  
голияда *кирэ* болып айтылады, ол керей терминіне жақын

<sup>64</sup> Ч. В а л и х а н о в. Полное собрание сочинений. — Записки ИРГО,  
по отд. этнографии, т. 29, СПб., 1904, стр. 287.

<sup>65</sup> Сонда, 287 бет.

<sup>66</sup> Труды восточного отделения И. Р. археологического общества. Ч. 5,  
1858, стр. 264.

<sup>67</sup> Н. А. А р и с т о в. Заметки об этническом составе тюркских племен  
и народностей и сведения об их численности, СПб., 1897, стр. 87.

<sup>68</sup> С. А. А м а н ж о л о в. Вопросы диалектологии и истории казахского  
языка, Алма-Ата, 1959, стр. 53.

<sup>69</sup> Н. А. А р и с т о в. Заметки об этническом составе тюркских племен  
и народностей и сведения об их численности, СПб., 1897, стр. 79.

<sup>70</sup> Труды восточного отделения И. Р. археологического общества. Ч. 5,  
1858, стр. 258.

деп айтқан болатын<sup>71</sup>. Н. А. Аристов *керей* сөзі Саян тауының солтүстік жағындағы Уда өзенінің бір саласы Керейден алынған дейді. Бұл автор өз пікірін былай дәлелдейді: Бұрын ру, тайпа аттары олардың көшіп-қонып жүретін жеріне (алқап, өзен, көл т. б.) байланысты қойылған. Ондай атаулар мен терминдерді қазіргі тілдің материалымен түсіндіру қиын. Сондай-ақ, алтайлар да күні бүгінге дейін өздерін өзен аттарымен атайды<sup>72</sup>. Осы жерден (Кирей өзені бойынан) олар оңтүстікке қарай жылжығанда, қазіргі Монғолия территориясына келіп, мұнда рулар одағының басында болып<sup>73</sup>, оған ұйытқы болған.

## АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ТІЛІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТУРАЛЫ

Аудан тұрғындары Қазақстанның басқа жеріндегі халықпен салыстырғанда, алтайлармен, монғолдармен, қытайлармен берік қарым-қатынаста болады. Екінші жағынан, Ертістің арғы жағына шығып басқа қазақ руларынан оқшауланып оңашаланады. Бұл жағдай тілде жергілікті ерекшелік пен әлеби тілден азды-көпті ауытқушылықты тудырмай қоймайды.

Бұрынғы Катонқарағай ауданында тұратын қазақтарда кездесетін диалектілік ерекшеліктер тілдің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жағын түгел қамтиды.

### Фонетикалық ерекшеліктер жайында

Қазақ әдеби тіліндегі монофтонг *а* дыбысы бұл говорда жіңішкеріп айтылады: *атты жараттым* — атты жараттым, баптадым; *шәрші* — шаршы; *жәрім* — жарым; *тау теке* — тау теке; *жәңе* — жаңа, қазір; *шәш* — шаш; *әю* — аю; *шәршәп* — шаршап; *жәрәйді* — жарайды; *тәй тері* — тай тері, *мәйдә* — майда; *жәртісі* — жартысы т. б. Мұндай құбылыс тек сөздің түбірінде ғана емес, оған қосылған жұрнақ, жалғаулардан да байқалады: *шәршеген* — шаршаған; *жәңеше* — жаңаша; *шәршілі* — шаршылы, *әюлі* — аюлы; *нашерлеу* — нашарлау т. б. Бұл келтірілген мысалдардан екінші, үшінші буындардағы *а* дауыстысы *ә* дыбысына емес, *е*-ге айналып айтылатыны байқалады. Сондай-ақ әдеби тілдегі жаңқа сөзі Қошағаш,

<sup>71</sup> Г. П. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. Вып. 2. СПб., 1881, стр. 2.

<sup>72</sup> Алтай атауы бұл халыққа Алтай тауын мекен еткендіктен берілген.

<sup>73</sup> Н. А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897, стр. 80.

бұрынғы Шұбартау, кәзіргі Абай аудандарындағы сияқты жоңқа түрінде кездеседі.

Әдеби тілдегі *а*, *ұ* кейбір диалектизмдерде *ы* дыбысына ауысып айтылады: *тыстау* — тастау; *ыстау* — ұстау; *Саржан* зат есімі бұған қарама-қарсы *саржын* болып айтылады.

*Ұ* қолданылатын орындарда кейде *ы* жұмсалады: *бызау* — бұзау, *тымақ* — тұмақ, *тыман* — тұман, *шылғау* — шұлғау т. б.

Дәл осы құбылыс кісі аттарынан да байқалады: *Мыса* — Мұса, *Мысахан* — Мұсахан, *Мысабай* — Мұсабай, *Мысабек* — Мұсабек т. б.

Сондай-ақ *сұлтан* сөзі мұнда *солтан* болып айтылады. Бұл құбылыс *сұлтан* сөзі араласқан кісі аттарының барлық түрінен де байқалады. *Солтанғазы*, *Айсолтан*, *Байсолтан*, *Солтанбай*, *Солтанбек*, *Солтанкүл*, *Бәдисолтан* т. б. Сол сияқты *аға сұлтан* әлеуметтік термині *аға солтан* түрінде жұмсалады.

Кейбір диалектизмдерден бұған қарама-қайшы келетін процестің де барлығын көреміз: *бұлғары* — былғары, *бұлғанады* — былғанады. *Мен ешбір әңгіме білмеймін*, *басқаша айтқанда балықтай мұлақ ау* (мылқау), *бақадай сақаумын*.

Біраз сөздерде *а* орнына *ы* айтылады: *шаңға* — шанғы, *дыбырлап кету* — дабырлап кету, қазақ әдеби тілінде *Тарбағатай*, *Бұқтарма* болып айтылатын топонимдер жергілікті халық тілінде *Тарғыбатай*, *Бұқтырма* болып айтылады.

Бірсыпыра диалектизмдерде *і* қолданылатын орындарда ол *е*-ге айналып кетеді: *сереңке* — сірінке, *ерегесу* — ерегісу, *бүлдірге* — бүлдіргі, *керпіш* — кірпіш т. б. Бұған қарама-қарсы процесс *ікімделу* (ікемделу) етістігінен ғана көрінеді.

*Ы* дыбысының кейбір сөздерде өзінің жіңішке сыңарына айналып кететінін көреміз: *мінеу* — мынау, *імірт* — ымырт, *мисалы* — мысалы, *жігірма* — жиырма, *сикір* — сиқыр, *ши* — шый, *шилеуіт* — шыйлауыт. Бірақ бұған қарама-қарсы құбылысты да байқауға болады: *пысты* — пісті, *шыл* — шіл, *быр* — бір, *он быр* — он бір, *пысыр* — пісір, *қажат* — қажет.

*Ы* дыбысының арагідік айтылмай түсіп қалатын кездері де болады: *насбай* — насыбай, *қазмыр* — қазымыр. Әдеби тілдегі жаппай, кең түрде қолданылатын сияқты сөзі *сиықты* болып айтылады. Бір сөзбен айтқанда, *пысқан* (піскен) мен *сиықты* шығыс говорларының фонетикалық жүйесіндегі ерекше, көзге бірден түсетін, оны қазақ тілінің басқа говорларынан ажыратып танытатын негізгі белгі.

Әдеби тілде *і* келетін орындарда ол түсіріліп айтылады. Бұл, көбінесе, мезгіл мәнді сөздерден байқалады: *түнеугүн айттым* — түнеугүні айттым, *бүрсігүн келемін* — бүрсігүні келемін, *алдыңғы күн сөйлестім* — алдыңғы күні сөйлестім,

қыстыгүн оқыдым — қыстыгүні оқыдым, жаздыгүн бардым — жаздыгүні бардым, күздігүн көрдім — күздігүні көрдім.

Бұл говорда *е* дыбысының *ә*-ге алмасу құбылысын да байқауға болады: *мәкен* — мекен, *сәбәп* — себеп, *күпәнә* — көпене. Осы диалектизмдер Таулы-Алтай автономиялы облысының Қошағаш ауданында жиі қолданылады.

Орыс тілінен енген *сутки* сөзінің қазақ әдеби тілінде *сөтке* болып айтылатыны белгілі. Ол сөз болып отырған ауданда тек *сүтке* тұлғасында ғана кездеседі. Сондай-ақ *бөтелке* зат есімі *бүтілке* болып орыс тіліндегі нұсқасына жақындап айтылады.

Кей сөздерде *у*-дың орнына *ү* қолданылады: *сүрет* — сурет, *сүретші* — суретші.

*Түбіт* сөзі *тібіт* болып жұмсалады. *Түу* одағайы сөз болып отырған говорда *ту* тұлғасында кездеседі. *Өне бойы* тіркесі мұнда *үне бойы* болып айтылады.

Бұл говорда көп сөз жіңішкеріп айтылады: *жәртісі* — жартысы, *жәртілей* — жартылай т. б.

Енді біраз диалектизмдерге не тыннан буын, дыбыс қосылып, не алынып, ықшамдалыпқырап айтылады: сөйлегенде ешбір *мүдір* (мүдіріс) жоқ, *иен* (ен) далада жатыр, *отқызу* — отырғызу, *әгі* — әлігі, *орынша* — орпынша, *әйтеу* — әйтсеуір, *тырым-тырақай* — тым-тырақай (кашты), *осон* — онан сон.

Сөз болып отырған ауданда *Өскемен* атауы, ылғи *Өскемән* болып айтылады. *Е* дыбысының *ә*-ге айналуын мұнымен бірге *кесе* сөзінің *кәсе* болып айтылуынан да байқаймыз.

Дауысты дыбыстарға байланысты тағы да мынандай ерекшеліктер кездесті: *оқсастыру* — ұқсастыру, *оқсау* — ұқсау, *қымыл* — қимыл, *қымылдау* — қимылдау, *жер шалу* — жер шолу, *оқшаппайды* — ұқсаспайды.

Барыс жалғауында келген жіктеу, сілтеу есімдіктерінің соңындағы *н* — дыбысы түсіріліп тасталады: *оға* — оған, *соға* — соған, *бұға* — бұған, *мынаға* — мынаған т. б.

Әдеби тілдегі *дәм* сөзі мұнда *дән* болып айтылады. *Дәнін* шақырып беріп, қонақ еткеннен басқа кінасы жоқ.

*Абақты* есімінің алдына *н* дыбысы қосылып, ол *набақты* тұлғасында кездеседі. Бұл құбылыс Шімкент облысының Табрия ауданында да бар.

*Тоған*, *тоғам* варианттарының бұл ауданда соңғысы қолданылады. С. Аманжолов *тоған* сөзін диалектизм деп есептейді.<sup>74</sup>

*Негізі*, *негізінде*, *негіз* сөздеріндегі *г* дыбысы *ң* болып өзгеріп айтылады: *неңізі*, *неңізінде*, *неңіз*. Дәл осы құбылысты біз Көкшетау облысы тұрғындарынан да байқаған болатынбыз.

<sup>74</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 275, 412.

ң айтылатын біраз орындарда ол *н* дыбысына алмасып кетеді: *көлденен* — көлденең, *өлен* — өлең, *ертен* — ертен.

Бұл ауданда *л* дыбысының қолданылу өрісі басқа жерлердегімен салыстырғанда, тарлау деуге болады. Өйткені ол *д*-ға жиі ауысып кетіп отырады: *айдану* — айлану, *әудие* — әулие, *идеу* — илеу, *идану* — илану т. б. *Жайдақ*, *бойдақ* сөздері, бұған керісінше, *жайлақ*, *бойлақ* болып айтылады. Бұл ауданда «Жаман ерден жайлағым, жаман әйелден бойлағым» деген мақал бар.

Бірсыпыра етістіктерде *л* дыбысы түсіп қалады: *әке* — әкел, *кесе* — келсе, *кесем* — келсем, *кімбісін* — кім білсін. Сол сияқты жоғалту етістігі жоғату болып қолданылады, басқаша айтқанда ондағы сонор *л* түсіріліп айтылады.

Тіліміздегі *жаяу-жалпы* сөзі *жаяу-жалпыл* болып айтылады. Мұнда сөз соңындағы *л* тыннан қосылып тұрса, *тұтқиыл* сөзі тұтқи болып, ондағы *л*, керісінше, түсіріліп тасталады.

*Зардабы* сөзі *зарлабы* тұлғасында қолданылады.

*Көрсет* етістігіндегі *р* түсіп қалып, ол *көсет* формасында айтылады. Кейбір сөздерде *н*, *м* дыбыстарына байланысты құбылыстар байқалады: *тайсанасыңдар* — тайсаласыңдар, *бұйым тайын* — бұйым тайым.

*Алпарысу* — *арпалысу*, *алаю* — *алару* етістіктерінің алдыңғы сыңарлары жиі айтылады.

Сондай-ақ *бөлтек*, *жарамазан*, *монша* сөздері *бөртеқ*, *жарапазан*, *мойша* түрінде айтылады.

Шартты рай формасындағы *десе* етістігінің басқы дыбысы *д* ылғи түсіріліп айтылады: *Маған есе* — маған десе, *түсір есе түсір деп тұр* — түсір десе, түсір деп тұр, *мынаған отыр есе отыр деп қоймады* — мынаған отыр десе мынаған отыр деп қоймады, *жүр есе жүр деп болмады* — жүр десе жүр деп болмады.

Кей сөздерге әдеби сынарымен салыстырғанда *д* артық қосылады, бұл тұлға олардың ескі, көне түрі деуге болады: *қиындырақ* — қиынырақ, *арзандырақ* — арзанырақ, *жаңғыздырақ* — жаңғызырақ.

Әдеби тілде қатаң *т*-дан басталатын сөздер ұяндап *д*-мен айтылады: *дөрт* — төрт, *дүз* — тұз, *дұзақ* — тұзақ, *дізе* — тізе, *оңдайлы* — оңтайлы.

Біраз диалектизмдерден бұған қайшы келетін құбылысты да көреміз, яғни *д* орнына *т* қолданылатын сөздер де кездеседі: *әтейі* — әдейі; *болтырды* — болдырды, шаршады; *тұрыс* — дұрыс; *тиірмен* — диірмен; *тым жоқ* — дым жоқ. Осы ерекшелікті көрші аудандардан да (Большенарым, Марқакөл, Қошағаш, Табрия) кездестірдік.

Қатаң *т*-ға байланысты мынандай ерекшелікті байқадық. Түсіп қалу: *өштесті* — өштесті, *күшесе* — күштесе.

Қосылып кету, немесе қосарланып екі еселену: домалтақтанып қалу — домалақтанып қалу, кейбіреулер құстап — кейбіреулер құсап, жеттік — жетік, жеттіксіз, жеттік емес — жеткіліксіз, жеттік емес.

Бұл өңірде *ғ* дыбысынан басталатын кісі атын кездестіру қиын, ол катандан *қ*-ға алмасып кетеді.

Қабдолла — Ғабдолла, Қайса — Ғайса, Кабдуллин — Ғабдуллин, Қабдыраш — Ғабдыраш, Қали — Ғали, Қалымжан — Ғалымжан, Қабидолла — Ғабидолла, Қабдырахман — Ғабдырахман. Осы құбылысты республикамыздың солтүстік, шығыс облыстарының көбінен-ақ байқадық. Ғаббас ономастикасы Қанас болып, өзгере қысқарып айтылады.

*Ғ*, *ғ* дыбыстарынан басталатын әйел аттары қатан *қ*, *к* — ден басталады: Қизатан — Ғизатан, Қайни — Ғайни, Күлнәр — Гүлнар.

Осы құбылысты тек кісі аттарынан ғана емес, басқа сөздерден де кездестіруге болады: құмыр — өмір, ғұмыр; қайып етпе — ғайып етпе, айып етпе; қашық — ғашық, құрып — ғұрып.

*Ғ* дыбысының катандан айтылуы сөздің басында ғана емес, ортасында да байқалады: ұрқы — ұрығы, қараңқы — қараңғы.

Айла, әдет, ақы, аран сөздері, көбінесе, қайла, қадет, қақы қарап тұлғасында жұмсалады. Сондай-ақ кәрие сөзі ғария болып айтылады.

Әдеби тілде *с* қолданылатын біраз сөздерде ол *ш*-ға алмасады: креш — крест, ашқабак — асқабак, үшідіңіз ба — үсідіңіз ба, тұрмыш — тұрмыс (тұрмышқа шықты), шерік — серік, айырманы — айырмасы.

Керісінше, *ш* орнына *с* қолданылатын диалектизмдер де бар: мұрса — мұрша; сек келтіру — шек келтіру; аман жоқ, сүкір жоқ — аман жоқ, шүкір жоқ; пәледен масаяқ қашыпты — бәледен машайық қашыпты.

\* Бұл ауданда *ш* орнына, көбінесе, *ч* айтылады: чақпа — шақпа, чарчадым — шарчадым, қамчы — камшы, қойчы — койшы, тершіді — тершіді.

Жуату — уату вариантының алдыңғысына карағанда, соңғысы жиі қолданылады. Жегу етістігі шегу болып айтылады: Сен арбаға ат шекші! Осы құбылыстың Табрия ауданында барлығы да анықталды.

Бұл аудан халқының тілінде *п/б* дыбыстарының өзара алмасатыны байқалады: байда — пайда, байдалану — пайдалану, беш — пеш. Кейде *б*, *п* дыбыстарының алмасуы да кездеседі: жіпердік — жібердік, пұтақ — бұтақ, шүперек — шүберек, пензин — бензин. Қабыр сөзі мұнда тек қамыр болып айтылады.

С дыбысына байланысты мынандай құбылыстар байқалады: *сап беріп ұстай алу* — шап беріп ұстай алу, *сытып кетті* — зытып кетті, *артық-сартық* — артық, *сас сарымсақ* — саз сарымсақ (сазды жерде өседі), *екі рас бардым* — екі раз бардым.

Л дыбысына байланысты мына диалектизмдерді көрсете кеткен орынды: *шөмшек* — шөпшек, *сақманшы* — сақпаншы (түнгі қойшы), *жас өсірім* — жас өспірім.

Сонымен бірге сөз болып отырған территорияда *Зайсан*, *тайыз*, *дәнеңе*, *киіз*, *сыпыртқы*, *картошка*, *жиырма*, *жазғытұрым*, *халіміз* сөздері *Жайсан*, *саяз*, *дәнеңке*, *кигіз*, *сібірткі*, *кәртөш*, *жығырма*, *жазтұрым*, *кәліміз* тұлғасында қолданылады.

### Грамматикалық ерекшеліктер туралы

Көсемшенің *-ғалы*, *-гелі*, *-қалі*, *-келі* жұрнақтары етістік түбіріне *-ғайы*, *-гейі*, *-қайы*, *-кейі*, тұлғасында жалғанады: *барғайы*, *жүргейі*, *айтқайы*, *кеткейі*.

Әрі шылауының *әмбе* болып айтылатындығы байқалады: *Ол әмбе класс жетекшісі*, *әмбе оқу ісінің меңгерушісі*.

Қарай демеулігі *жарай* формасында қолданылады: *сабаңа жарай піспегің*, *сақалыңа жарай іскегің* (мақал). Бұл кісі сөздің естілуіне *жарай* айтып отыр.

*Кейін* демеулігінен соң *қарата* сөзінің қосарлана айтылуы жиі кездеседі. *Содан кейін қарата Мәзбура Тойғанбаева сабағына жақсы дайындалатын болды. Өзім ол жерден кеткеннен кейін қарата ешкімді көргем жоқ.*

Кейде *қарай* демеулігінің орнына *қаратайын* сөзі жұмсалады: *содан бері қаратайын мен қалаға барған емеспін.*

*Ғана* демеулігі жінішкеріп *ғәнә* тұлғасында жұмсалады. Мұның үстіне ол кейде әдеби тіл тұрғысынан қарағанда, сөйлемге артық қосылады: *бұрын мына қатардың барлығы ғәнә магазин еді.*

Бұл ауданда да, Қошағаштағы сияқты, *л* айтылатын орындарда ол *д*-ға айналып кетеді. Бұл құбылыс бірнеше орында байқалады.

а) Әдеби тілде көптік жалғауы *-лар*, *-лер*, *-дар*, *-дер*, *-тар*, *-тер* болып фонетикалық варианттарға сараланып айтылса, бұл ауданда ол тек *-дар*, *-дер*, *-тар*, *-тер* түрінде ғана кездеседі. *-Дар*, *-дер* — дін үлесі *-лар*, *-лер* есебінен көбейген: *бұдар* — бұлар, *одар* — олар, *биедер* — биелер, *содар* — солар, *ағадар* — ағалар, *інідер* — інілер.

б) *-ла*, *-ле* жұрнағы етістікке тек *-да*, *-де* тұлғасында ғана жалғанады: *өрде* — өрле, *бүйірде* — бүйірле, *үрде* — үрле, *терде* — терле, *сөйде* — сөйле, *мөлшерде* — мөлшерле, *айғайда* — айғайла, *үйдену* — үйлену, *бір-бірдеу* — бір-бірлеу.

в) *-лы, -лі* қосымшасы түбірге тек *-ды, -ді* тұлғасында ғана жалғанады: *кісі құрды көрмеу — кісі құрлы көрмеу, жазуды тұр — жазулы тұр, байдауды — байлаулы, жамауды — жамаулы, сорды — сорлы, соғұрдым — соғұрлым, өлең құрды көрмеу — өлең құрлы көрмеу.*

Бұл құбылыс осы жұрнақтың қатысуымен жасалған кісі аттарында да болады: *Сабырды — Сабырлы, Қайырды — Қайырлы, Нұрдыбек — Нұрлыбек, Сырдыбай — Сырлыбай.*

г) *-Лық, -лік* жұрнағы сөзге *-дық, -дік* формасында ғана қосылады: *ауырдық — ауырлық, туырдық — туырлық, қордық — қорлық, батырдық — батырлық, пәлен дердік — пәлен дерлік.*

Әдеби тілде айтылмайтын орындарда да *д* дыбысының қолданылатын кездері болады: *бұрындырақ — бұрынырақ, жуандырақ — жуанырақ, жылдамдырақ — жылдамырақ, былайдырақ — былайырақ, отқа тамыздық керек — отқа тамызық керек.* Сондай-ақ көрімірек диалектизмі көрімдірек болып та жиі айтылады: *Мынау ауыл көрімдірек екен.*

Құрамында көсемше бар күрделі етістіктерде негізгі сөздегі *л* жұрнағы түсіп қалып айтылады: *айты келді — айтып келді, кеті қалды — кетіп қалды, ұйқысы ке кетті — ұйқысы кеп кетті.*

Кейбір есім сөздерден *-ла, -ле* жұрнақтары арқылы етістіктер жасалады: *чайлату — шай ішу, қымыздау — қымыз ішу, айтшылау — айттап жүру, моншалап келеміз — моншаға түсіп келеміз.* Қазақ әдеби тілінде дәл осы сияқты туынды түбірлі етістіктер жоқ.

Болжалдық мәнді *кетуі мүмкін, болуы мүмкін* тәрізді тіркестер *кетуі бар, болуы бар* болып айтылады: *Кәдірбек Зүрғамбаевтың бүгін қайтып кетуі бар. Сараның қайтып оралуы бар.*

*Бару керек, жүру керек* сияқты күрделі етістіктер *баратын керек, жүретін керек* тұлғасында қолданылады. Бұл факті қазіргі қазақ тіліндегі тұйық рай мен есімшенің мағынасы ғана емес, тарихы да ортақ екендігін көрсетеді. *Бүгін оған Жұлдызға баратын керек. Оған Арасанда жүре тұратын керек.*

Әдеби тілдегі *шейін, дейін* шылауы *шекті, декті, ешейін* формаларында айтылады: *Марат Үрілге шекті барды. Ол әрбір жүз саулықтан алынған қозының санын 150 декті жеткізді. Соған ешейін көрменгі.*

Кейде *шекті* шылауы *дейін-мен* қабаттаса, қосарлана қолданылады: *Шүй суына шекті дейін қазақ орналасқан.*

Кейбір шылаулар, әдеби тіл тұрғысынан қарағанда, артық қосылады: *Ол келгелі үш айға таман жақындады. Сен ылғи ғана пальтошең жүресің.*



Себептік мағынаны білдіретін соң, кейін шылауларымен жарыса артынан сөзі де қолданылады: *Ол аурудың артына жұмыс істей алмай қалды.*

Біріншіден, екіншіден, үшіншіден сияқты қыстырма сөздердің орнына бірінші ойдан, екінші ойдан, үшінші ойды тіркестері қолданылады.

Реттік сан есімі, көбінесе, есептік қалыпта айтылады: *Мың тоғыз жүз елу алты жылда ол мектепті бітірді. Елғажымың тоғыз жүз жиырма жылда туған. Биыл ол сегіз класта оқиды.*

Райлық жұрнақ *йық*, *йік* етістік түбірлеріне *-лық*, *-лік* тұлғасында жалғанады: *жүрелік, баралық, ұсталық*. Бұл бұрын оңтүстік диалектісіне ғана тән құбылыс делінуші еді.

Қырықтың үстінде, елудің үстінде сияқты болжалдық сан есімдер *қырық қаншада, елу нешеде* болып айтылады: *Зәмзәмнің әкесі қырық қаншада, Иіс елу нешеге келді.*

Әдеби тілдегі етістіктің тұйық райы қолданылатын жерлерде есімше жұмсалады: *Ол кезде қол қоятын (қою) жоқ. Бұл үйлерден жауын өтер (өту) жоқ. Кейбір сиырды сауатын (сауу) қиын. Қояр (қою) жоқ оларда. (Тыңдар (тыңдау) жоқ оларда. Имаштар кір жуғанға (жууға) кетті.*

Кейде есімше соңынан жалғанатын тәуелдік жалғауы түсіп қалады: *Мен асығып кетіп едім, Үрілге барып жатқан ғой.*

Бір септік жалғауының орнына екіншісінің қолданыла беретіндігі байқалады: *Мәзікен, сен Зрянға тұрасың ба? Сейітке сөйлесті ме? Су декабрьге таман қатады. Баруымызға керек. Сәбәп неге?*

Кейбір септік жалғауларының үндестік заңына бағынбайтындығын көреміз: *бұл кісінен басқалар... Белуарыңдан келеді. Ол кісінен сұрағанымда... Келген күнбенен есептесек. Мыңдан артық кісі. Үшінде тамақ келемін. Еш қайға бармайды.*

Септік жалғауларының кейбірі сөзге артық жалғанады: *Естүімде бар. Соғанға шейін. Жаңада келді. Ол мұңғыл жеріне жүрді.*

Кейде септік жалғауы түсіп қалып айтылады: *біз мұнда әу басын келдік.*

Шығыс септігінің орнына, көбінесе, көмектес қолданылады: *мен аттың мықтылығыменен құтылдым.*

Тұрмақ, түгіл шылауларының орнына *тұрғай, тұрғой* сөздері қолданылады: *мен оның өзін көрмек тұрғой, атын да естіген емеспін.*

*Бер, кет, қал, қой, тұр* көмекші етістіктерінің орнына кейде *бар, қой, қал* сөздері жұмсалады: *кете барды (берді), қайтып қойды (кетті), машина келіп қойды (қалды), сен*

мектепке бара қал (қой). Мына кісінің жүгін қарай салшы (тұршы).

Қағу көмекшісі аса жні қолданылады: сұқсың қағу — сұмандау, жылмың қағу — жылмындау, қутың қағу — қутындау, арсалаң қағу — арсалаңдау.

Сөздердің кейбіріне тәуелдік жалғауы екі рет қосылып айтылады: анау бетінде қалысы бар кісі кім? Менде кітаптың екеңі ғана сы қалды. Зоотехник бұл малды емдейін деп еді, спиртісі жоқ екен. Мұның да бір керектісі бар шығар.

Мұнда, бұл өңірдегі басқа аудандардағы сияқты, ілік септігі -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің қалпында қолданылмайды. Жалғау соңындағы ң дыбысы н-ға айналып кетеді.

Біраз ерекшелік қыстырма сөздерге байланысты. Мысалы: Менің білген қатарымша — менің білуімше. Айтуы ретінде — айтуына қарағанда. Айтуында болса, солай екен — айтуына қарағанда, солай екен. Айту жүзінде маған ұнайды — айтуына қарағанда, маған ұнайды. Басқадай айтқанда — басқаша айтқанда. Былтырғыдан көргенде, сіз біраз өзгергенсіз — былтырғымен салыстырғанда, сіз біраз өзгергенсіз. Содан бері айтыстан 300 жыл болды — содан бері айтуына қарағанда 300 жыл болды. Тіліміздегі он үш минутсыз екі, бес минутсыз төрт сияқты сөз тіркестері он үш минут жоқтан екі, бес минут жоқтан төрт тұлғасында жұмсалады.

Әдеби тілдегі бір жарым сағат, екі жарым ай сияқты жарым сөзі енген сан есімдік тіркестер бір сағат жарым, екі ай жарым болып айтылады.

Сондай-ақ бір жарым қарын май, бір жарым қап астық сияқты тіркестер қарын жарым май, қап жарым астық болып қолданылады.

Сондықтан жалғаулығы сондықпенен болып айтылады: Мынау жердің шөбі шүйгін, малға жағымды. Сондықпенен малды көбінекей осында ұстаймыз.

Тіліміздегі тұр көмекші етістігінің орнына көбінесе жатыр қолданылады: Сендерге барсам, үйлерің құлыптаулы жатыр. Мен тауға атпен жалғыз жүріп кетуге 5—6 күннен бері қорқып жатырмын.

Шарттылық мағыналы білдіретін егер жалғаулығы әгәрім болып айтылады: Әгәрім сен енді жарты сағат кешіккенде, бізді таба алмайтын едің.

Сөйлемдегі бастауыштан кейін деген көмекшісінің қосарлана жалғанатындығы байқалады: Сен деген пысық жігіттердің бірі емессің бе? Ол деген сенің жақсы жолдастарыңның бірі емес пе?

-Да, -де жалғаулығының орнына дағы сөзі қолданылады. Бұл құбылыс Абай шығармаларынан да кездеседі:... Уайым-

қайғы қылдағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды характер табу керек<sup>75</sup>.

Кейде ырықсыз етіс жұрнағы -л, -ыл, -іл өзгеріп, н-ға ауысып кетеді: *тығынған* — *тығылған*, *дайынданған* — *дайындалған*.

Ортақ етіс жұрнағының орынсыз, артық қосылатыны болады: *Олар біздің үйге келісіп (келіп) тұрады. Сен мына кітапқа тиіспе (тима).* Сондай-ақ күн бұлттанып тұр сөйлемі *күн бұлттап тұр* болып айтылады.

Өте үстеуінің орнына кейде *әскере* сөзі қолданылады: *Бүгін күн әскере ыстық екен.*

Әдеби тілде *мен врачпын ба? мен врач па?* варианттары жарыса, қатар қолданылатын болса, мұнда соңғысы жиі айтылады.

*Өздігінен* есімдігі ылғи *өзіндігінен* болып қолданылады.

*Сөйтсе де жалғаулығы үйтсе де* болып жұмсалады: *Үй аса кең емес, үйтсе де жатыңыздар.*

*Қайттың ба, алдың ба* тәрізді формалар өткен шақты есімше тұлғасында айтылады: *е, бүгін келген, аман қайтқан, паспорт алған, қиналмай жеткен.* Бұл ойды бір кісі екіншісіне бетпе-бет кездескенде айтады. Әдеби тілдің заңдылығы бойынша, бұл ой тек үшінші жаққа ғана айтылады.

*Шығар* көмекшісі өткен шақты есімшемен тіркес келгенде, оның соңғысындағы *н* дыбысы *м*-ге айналып кетеді: *мен оны ұмытып қалам шығармын. Мен бұл кітапты оқып қойғам шығармын.*

Сөйлем ішінде келетін *дейін* етістігі дегей болып өзгеріп кетеді: *бала дегей десең, бала емес, біраз жасқа келген кісі.*

*Күнде келіп әкетіп тұрды* сөйлеміндегі мезгіл пысықтауыш қызметіндегі сөз ылғи күнінде болып айтылады. Сондай-ақ *жылда, айда* сөздері де *жылында, айында* тұлғасында кездеседі.

Әдеби тілдегі *үнемі* сөзі *үнемге* тұлғасында айтылады: *Бұл кісі үнемге терлейді де жүреді.*

*Қас қылды, қастық қылды* сөздері қазақ әдеби тілінде қатар қолданылатын болса, сөз болып отырған ауданда олардың алдыңғысы жиі қолданылады.

*Көбінесе* қыстырма сөзі *көбінекей, көбінде* тұлғаларында көп кездеседі: *Жаз кезінде біз көбінекей жұмыс басында боламыз.*

*Кейде* сөзі *қайсы кезде* болып айтылады: *қайсы кезде олар ерте келіп қалады.*

Біраз күрделі етістіктер әдеби тіл тұрғысынан карағанда басқаша жолмен жасалады: *жұлқақ қағу* — *жұлқыну*, *бұл-*

<sup>75</sup> А бай Қ ұ н а н б а е в. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1954, 158 бет.

ғақ қағу — бұлқыну, акт тұрғызу — акт жасау, документін тұрғызу — документін жасау.

Кей жағдайда да шылауы (және оның фонетикалық варианттары *де, та, те*) сөйлемге артық қосылады: *Әлі де біткен жоқсыз ба?*

-Мыз, -міз тұлғалы жіктік жалғау бұл говорда *-мыс, -міс* болып біраз өзгеріп те қолданылады: *біз ертең үйде боламыс.*

*Бар да бар, аш та аш* дегендер сияқты тіркестер *бар десе бар, аш десе аш* болып жұмсалады. *Ол бар десе бар деп болмады.*

*Қарады, аяқ басты* етістіктерінің орнына *барады* сөзі айтылады; *Ол биыл тоғыздан онға барады.*

Әдеби тілдегі *білгенінше, білгенімше* есімшелерінің орнына *білген қатарымша, білген қатарында* тіркестері қолданылады; *Мен де білген қатарымша* айтып берейін.

*Әйтпесе, болмаса* сияқты жалғаулықтың орнына *онан басқа* тіркесі жұмсалады: *Баланы киіндіріп қой, онан басқа тоңып қалады.* Құрамына жатыр көмекшісін алған күрделі етістіктердің түбірі қопарыла өзгеріп, ықшамдала қысқарып айтылады; *Олар қазір Катон маңында келе атыр.*

Сұраулық есімдігі *не-ге үшін* шылауы тіркес келгенде алдыңғыға ілік септігі қосылып айтылады; *ненің үшін осылай болып отыр?*

*Ал, кел, бол* сияқты етістіктерге қосымша жалғанғанда, соңғы *л* дыбысы кейде түсіп қалады: *кеген* (келген), *боса* (болса), *аған* (алған), *аса* (алса).

Тәуелдік жалғауы керек орындарда ол айтылмай қалады: *Сентябрь айда мен қалаға үш рет барып келдім.*

Кейбір қыстырма сөздердегі буын саны кеміп, қысқара, ықшамдала айтылады; *менше* — менінше, *сенше* — сенінше, *бірден* — біріншіден, *екіден* — екіншіден, *үштен* — үшіншіден.

*Көрді ме? Жүрді ме?* деген сияқты сұраулық сөз тіркестерінің арасына емес көмекші есімшесі қосылып кетеді. *Кеттің емес пе? Көрдің емес пе?*

Бұл аймақта бұйрық райы етістіктің *ай, ей* жұрнақтары түбірге бірден қосылып, сын есімді етістікке айналдыру арқылы жасалады: *жеңілею, қалыңаю, жуанаю.*

Етістіктің II жақ сыпайы түрі *бермейсіңіз, жүрмейсіңіз* болып айтылады: *Сіз кісінің айтуымен бармайсыңыз ғой.* Бұл құбылыс Қазақстанның батыс облыстарында да жиі байқалады.

Әдеби тілде *лік, лық, дік, дық, тық, тік* жұрнақтары жалғанатын сөздерге *шы, ші* қосылып айтылады: *Семейшілер. Ауылшы кісі. Арасаншы адам.*

*Кем дегенде, аз дегенде сияқты сөз тіркестерінің орнына кем салсаң айтылады: Кем салсаң күніне жүз машина өтеді.* Сонымен біз аудан тұрғындары тіліндегі басты-басты фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерді сыпаттап өттік. Оларды анықтаудың қазақ тілінің диалектологиясы үшін азды-көпті пайдасы болар деп ойлаймыз.

### Лексикалық ерекшеліктер жөнінде

Асқа, әр түрлі тағамға байланысты сөздер<sup>76</sup>

*Салма* — бір ағаш ет, басқаша айтқанда, ағашқа толтыра бір жайған ет: *үй сыртында үлкен бір салма ет жаюлы тұр екен.*

*Шелпек* — етке салынатын нан. Ол кейде кеспе деп те аталады: *біз етке салынатын жайма нанды шелпек, кеспе деп екі түрлі атаймыз.*

*Көжелік* — вермишель, макарон: *ас үйге көжелік ала бар.*

*Қактама* — аң атып алғанда, не мал сойғанда жасалатын шашлик. Оны көрші аудандардағы сияқты *жаужүрек* деп қана емес, *жаубүйрек* деп те атайды.

*Жаужүрек* — етті май, бауырға қосып, оларды рет-ретімен қабаттап қойып жасайтын шашлик.

*Қоспа* — жент. Қант, бал, ірімшік, тары, май т. б. қосып жасаған тамақ.

*Түз күрт* — қарынға салып келтірген сүзбе.

*Ежігей күрт* — күрттың майлы, дәмді етіп жасалған бір түрі.

*Бессаусақ* — бесбармақ, ет: *бұл бессаусақ өте дәмді болған екен.*

*Май қалақ* — шай қасық. Май қалағынды ал шай ішуге.

Бұл ауданда Қазақстанның солтүстігіндегі біраз жерлер сияқты қасықты қалақ деп атайды.

*Отырба, қалбыр* — кебек. Оны кейде бұзы деп те атайды. Бұл қытай тілінің әсері болуға тиіс.<sup>77</sup>

*Қалбыр* — елкезер, елек. Қалбыр деп Оңтүстік Қазақстан өлкесінде бидайды шөп-шарынан тазарту үшін пайдаланылатын темір елеуішті атайды.

*Табадан* — таба. Бұл Қазақстан жерінде табар, көмбе, көмбе қазан, тапа болып неше түрлі формада қолданылады.

Біз бұл аудан тұрғындары тіліндегі кейбір ерекшеліктер-

<sup>76</sup> Біздің бұл классификациямыз шартты түрде жасалып тұр.

<sup>77</sup> Б. Б а ф н и. Қазақ пен қытай тіліне ортақ сөздер туралы. — «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы», 1961, № 1, 74 бет.

ді Қошағаш аймағындағы қазақтар тіліндегі диалектизмдермен салыстыра қарағанымызда асқа байланысты сөздерден Катонқарағай ауданында мыналар кездесті.

*У маш көже* — шикі ұннан май салып істеген көже. Оны кейде майсыз да жасайды. *У маш көжені кейде майсыз да ұмаштаймыз.*

*Қи май* — жаңа сойылған малдың ішіндегі қаны мен майын араластырып, ішекке салып пісірген шұжық. Оны кей жерлерде *ішқан* деп атайды.

*Доғалатпа* — ұнды майға қуырып, сонан кейін оған сүт, не су қосып қайнату арқылы жасайтын тамақ. Ол балаларға берілетін тағам.

*Бөртпе* — ботка. Орысша — каша.

*Кілегей* — қаймақ. Бұл сөз сирек қолданылады. Әдеби тілде кілегей шикі сүттің бетіне түсетін жұқа қаймақ деген мағынаны білдіреді.

*Конфет* сөзі қазақ тілінде *кәмпит*, *қампит* болып екі түрлі айтылатыны белгілі. Сөз болып отырған ауданда осы екі варианттың соңғысы (*қампит*) ғана айтылады. Біз *Қампит* деген кісі (*әйел*) атын да кездестірдік.

*Арасан* — жылы су. Кейде ондай су қолдан жылытылса, оны қол *арасан* деп атайды.

*Табан*, *асман* — балық аттары. Бұл аймақта өзен, өзеншелер көп-ақ. Олардың көбінде дерлік балықтар бар. Бірақ жергілікті халық балық аулаумен көп шұғылданбайды, сондықтан балық өнер-кәсібіне байланысты профессионалдық лексика мұнда кемеліне келіп жетпеген.

*Шайыр* — сағыз. Мұнда сағыз, көбінесе, қарағайдан алынады.

*Әгүршік* — кияр, орыстың *огурец* зат есімінің фонетикалық жағынан өзгеріске түскен түрі.

*Картопия* — картоф. Оны картош деп те атайды. Кейбір әйелдер атамыздың аты (*Қартош*) кетеді деп, оны *топия* деп атайды екен.

*Ем-дәрі* — дәрі-дәрмек.

*Шөтек* — 250 грамдық бөтелке, яғни жартылықтың екіден бірі, орысша *четушка*.

*Салма* — ет ілетін, жаятын ағашты да атайды.

*Қайқы еріп* — ернеуі қайқы, эмальданған табақ.

*Нақсу* — ішуге арналған таза, ауыз су.

*Тұнбас* — су. *Әкем, тұнбас әкеле қойшы?* Бұл да эвфемизм болуы мүмкін.

*Сарымсақ* — жабайы өсетін жуа. *Сарымсақ* сөзі осы мағынада Шімкент пен Жамбыл облыстарында да қолданылады. Ол біраз жерде *жуа*, *пияз* болып аталады.

**Астық** — ұн: *біздің үйде тиірменге тарттырып келген екі қап астық тұр.*

**Құрсақ** — тамақ, ас: *жұмысшыларға құрсақ апару керек.*

**Сарыбұға** — шөптің басында өсетін домалақ, сары жеміс. Оны, негізінде, дәрі ретінде пайдаланады.

**Усойқы** — дәрі орнына пайдаланылатын талдың қабығы, ағаштың жаңқасы. Оны шайға, сорпаға салып қайнатып, жөтелге шалдыққан адамға ішкізеді.

**Ақтамақ** — айран, сүт, не солардан жасалған тамақ (кұрт, ірімшік, қаймақ, қымыз т. б.)

**Бек** — гүлді шөптің тамыры, оны адам жейді, дәмі карточка сияқты, үгітіліп тұратын жұмсақ, бос болады.

**Саламат** — ұнды қуырып, оған сүт қосып және май құйып қозғап айналдыру арқылы жасайтын тамақ.

**Асжаулық** — дастарқан: *асжаулық үстінде сыпайы болу керек.*

### Киім-кешекке байланысты сөздер

**Биялай** — қолғап: *қыста биялайсыз жүру қиын-ақ қой!*

**Қара жарғақ** — құлын терісінен істелген киім, басқаша айтқанда, тайжақы.

**Торқын** — торқа: *тоғыз қабат торқыннан тоқтышағымның терісі артық.* Бұл мәтел Қазақстанның көп жерінде тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық болып айтылады.

**Сәпог** — етік. Бұл орыс тілінен енген сөз.

**Дәйлін** — тұлып. Серкенің терісінен жасалады. Серкені бітеу сойып, аузын буа салады. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда, бұл қалмақ (алтай, монғол) сөзі болуға тиіс.

**Чыт** — орамал: *мынау чыт тәуір екен.* Беторамалды да чыт деп атайды.

**Бұл** — мата: *дүкенде бұлдың неше түрі бар.*

**Белбеу** сөзі оңтүстік облыстарда бел буатын орамал мағынасында жұмсалса, бұл ауданда, керісінше, былғарыдан жасалған (орысша ремень, пояс) мағынасында қолданылады. Қошағаш ауданында бар мына диалектизмдерді де кездестірдік:

**Жейде** — ерлер көйлегі: *магазинде жақсы жейделер бар.*

**Зелетке** — орысша зелетка: *ағайдың зелетқасы үлкен екен.*

**Кепеш** — тақия: *кепешті тұмақтың ішінен киеді.*

**Күләпәрә** — жауында не ыстық күндерде киілетін бас киім. Ол, көбінесе, қара барқыттан тігіледі, астары болады.

**Ш ы л а у ы ш** — кимешек және оның сыртынан орайтын орамал.

**С ы м** — шалбар. Сым сөзін, көбінесе, қарт кісілер жиі қолданады. Бұл осы тұрғыдан алып қарағанда, көнерген сөздер қатарына жатады.

**Б а с о р а м а л** — орамал; *Біздерде бас орамалды әйелдер тартады.*

**Т о н - т о н а у** — ат-тон, сыйлық.

**Т а н а** — көйлектің ақ түймесі, оның үлкені де, кішісі де тана деп аталады.

### **Үй шаруашылығы мен әр түрлі бұйымдар жөніндегі сөздер**

**Ы с т ы қ ү й** — үйдің киіз үйден басқа түрі. Яғни кірпіштен, ағаштан салынған үйлер.

**Ү й ж и ю** — үй салу, үйді тұрғызу үшін ағаш пен кірпіштен қалап көтеру. Әдеби тіл тұрғысынан қарағанда, үй жию тіркесі үй ішіндегі төсек-орын, көрпе-жастық т. б. бұйымдарды реттеп өз орындарына қою мағынасын береді.

Бұл ауданда тошаланы ас үйі, ауыз үйі деп атайды. Ол кейде от жакпа деп те аталады. Шошала, тошала диалектизмдері мұнда кездеспейді.

**Қ о с ү й** — екі бөлмелі үй: *оларда бұрын қос үй бар еді, енді оны төрт бөлмелі етті.*

**С е н к е, с е й н е** — ауыз үйі, кіре берістегі бөлме.

**Фанера** бұл аймақта қамыс, қамыс тақтай, қамыс жәшік деп неше түрлі аталады.

**Ж а р м а п е ш** — айналмалы орысша салынған пеш.

**Т а с т ы ң к ү л і, а қ т о п ы р а қ** — известь, әк: *бізге үйді әктеуге тастың күлі керек еді.*

**Т и е к** — есіктің ілгегі: *оның есігі тиектеулі тұр.*

**Б и ш і к** — қамшы. Қамшының сарыала деген де түрі бар, бұл үлкен қамшы.

**С а п а л а қ** — қайысты жалғай салған қамшы, оған жалғап ұзартса, ол бишік деп аталады: *арба айдауға сапалақ таба алмай отырмын.*

**Ш е р б е к** — қол ара. *Оны ара темір, пышқы деп те атайды.*

**Н а й** — мүштек: *шылымды наймен тартқан жақсы.*

**Л а м п а н ы ң ш а р б а ғ ы** — лампаның, шамның темірінің жоғарғы жиегі.

**Т о ш а л а** — ағаш басына шығатын қарақат тәрізді жеміс, ағашты, тікенді болады.

**И ін ағаш** бұл жерде *мойын ағаш* деп аталады, аратұра *күйенте* сөзі де қолданылады.



Бұл аймақта сом сөзінің орнына *теңге* айтылады.

**К е р е қ а п** — керегеде ілулі тұратын әшекейлі ыдыс-аяқ салуға арналған қап.

**Ш ө р к е** — ағаш жару үшін пайдаланылатын кеспелтек ағаш.

**Т е с е** — шоттан үлкенірек, кетпеннен кішірек егістіктің шөбін шабу үшін қолданылатын құрал.

**Ә л е у к е ш т е н у** — орынсыз әсемсу, әдемілену.

**Б а с п а қ т а с** — тастан жасалған, тұз, астық талқан-дайтын құрал. Баспақ тас екі жалпақ тастан құралады.

**Ч ы ж ы м** — сым, сым темір. *Біздің радионың чыжымы бөлек.* Бұл монғол тілінен енген сөз. Олар да сымды шижим деп атайды.

**Қ а п ш ы қ** — теріден жасалған қоржын, аса ыңғайлы, атты соқпайды, ішіндегісі төгілмейді.

**Т а м** — үй. Там сөзі үй мағынасында Қытай халық республикасында тұратын қазақтар тілінде де жұмсалады.

**О т а у** — мая.

**Т о р ғ ы н-т о р қ а** — киім-кешек, тон: *ол торғын-торқасын киіп қайда барады.*

**Қ о л ж а з у** — расписка, тілхат: *қол жазу беріңіз!*

**С ү р е т** — сурет: *суретке түсіруді білесің бе?*

**Ж а у ы қ** — жабу: *аттың жауығын көрдің бе?*

**Д о б и т** — дойбы: *бір-екі партия добит ойнасашы.*

**С т е н** — қабырға, орыстың стена сөзінен алынған: *Біз онымен стендес көршіміз.* Ол қанат деп те аталады: қамшы қанатта ілулі тұр.

**М ә н г е з е й** — магазин. Бұл сөз осы мағынада Семей облысының Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында да қолданылады.

**А п а л ы қ** — қорған соғатын қалып: *мынау үлкен апалық екен.*

**Қ а л а** — қыстак, бір ауыл ел: *алдарыңнан бір қала көрінеді, ол Алтай совхозының бір бригадасы — Жаңа үлгі.*

**С е б е т** — коридор, ауыз үй. Бұл сөз Семей облысының Ақсуат, Көкпекті аудандарында да бар<sup>78</sup>.

**Т а м а қ ж а я т ы н ү й** — ас үй, кухня: *ол тамақ жаятын үйде шығар.*

**А с п а қ** — дұзақ сияқты нәрсе: *Аспаққа асылып өлген бийлар да аз болмады.*

**Д о й м а н** — үлкен ірі: *Кәдірхан күрескенде дойман кісілерді де жығатын.*

**Ж ұ т п а** — қармақ: *сен маған жұтпаңды берші, балық қарап келейін.*

---

<sup>78</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 3 шығуы, Алматы, 1960, 89 бет.

Т а р т п а — шалғы, белорак: *тартпасыз шөпке барудың да керегі жоқ.*

С е п — шынжыр. Бұл орыс тілінің цепь сөзінен алынған болуы тиіс.

Қаза болған кісіні орап шығаратын, бір жола соған арналған сырмақ болады. Ол ақырет сырмақ деп аталады.

Самовардың кампоркасы бұл жерде кампорке, кампор деп екі түрлі айтылады. Оңтүстік облыстарда кездесетін кемпірек диалектизмі мұнда жоқ.

Б е р л е н к е м ы л т ы қ — дара оқпен атылатын мылтық.

Б а с п а — анды бастырып ұстайтын құрал.

А й ы р а г а ш — айыр. Мұны кей аудандарда *бесақа* деп атайды. Іргелес жатқан Марқакөл ауданында бұл *бесақа* деп аталады. Қатонқарағайда туып, Марқакөлде 15 жыл қызмет істеген Садық Түкебаев ақсақалдың айтуына қарағанда, осы екі аудан тұрғындары тілінде де өзара ерекшелік бар.

С а л м о й н а қ п ы ш а қ — қолдан жасалған жезден сақинасы бар пышақ.

Қапты *мөшек* деп атайды. Бұл орысша *мешок* сөзінен алынған.

М е с к е й — костюля: *төр алдында бір мескей сүт тұр.*

Қ а п ш ы қ — арчымақ, теріден жасалған, түймелі, баулы коржын.

Қ о м ы т — камыт: *мынау қомыт қоятын үйшік.*

Б е д р е — шелек. Орыс тілінен алынған. Шелекті *кәтел* деп те атайды.

Л ә г ө н — кір жуатын ыдыс, шылапшын.

Қ ұ л а қ б а с — тұтқалы, ақ стакан. Бұл құлақшын деп те аталады.

Л е с — төрт бұрышты тапа.

Н а у а а р б а — жәшікті арба: *науа арба өте ыңғайлы ғой.*

Д ө к е т п ы ш а қ — өтпес үлкен пышақ.

М ә ш і н — машина: *мәшін бар неше түрлі бұрамалы, отырмыз аз әңгіме құрағалы* (Борти ақын).

Қ ұ ж — қисық, қырсық, бері жығыл десе, ары жығылатын кісі. *Құжбысың* деген мәтел де бар.

С а п т ы а я қ — қымыз ішетін ыдыс. Сабы болуына байланысты алынған атау.

К е р е қ а н — малшылардың төл салып жүретін қоржыны.

М о с ы — үш аяқты ошак. Бұл алып жүруге өте қолайлы болады.

К ә ш ә б а — шананың бір түрі. Орыс тілінен алынған сөз.

**Қ а н с а** — насыбай шақша: *насыбайы болса, қаңсаңызды алып жібер.*

**Х а д о к** — бір аттық арба: *біз бұндай арбаны хадок дейміз.*

**Қ о л к р а в д а** — тырма: *бір қол кравдамыз бар еді, көрінбейді.*

**Д о л а н а** — басында жемісі бар ағаш. Долантопшы деп аталатын да жемісті ағаш бар.

**Л о н қ а** — банка, лонқа салу — банка салу. Бұл сөздер кейде онқа, онқа төңкеру түрінде де айтылады.

**П е р ш і л** — врач, дәрігер, бұл аудан тұрғындары першіл сөзін осы мағынада өте жиі қолданады.

**Ш е к е м е** — орысша «Школа коммунистической молодежи» сөздерінің қысқартылып алынған түрі. Бұл сөз Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында да кездеседі.

**Б е й н е к** — моншада пайдаланатын сыпыртқы. Ол қайыңның жапырағынан жасалады. Бұл да орыстың венник сөзінен алынуы мүмкін.

**І ш п е к** — ішкілік, ол аттың арқасына терліктен кейін салынатын нәрсе. Осы сөзге байланысты Ішпекбай деген кісі атын кездестірдік.

**Т ү г і р ш і к** — түп. Бал қарағайдың кішісі де түгіршік делінеді: *бір-екі түгіршік әкеп берсең, риза болады.*

**Р а у г а ш** — қымыз дәмдес, балалар сүйіп жейтін, тауда өсетін өсімдік.

**Ш е к і л д е у і к** — орысша семочки. Шекілдеуік сөзі Семей облысының Ақсуат, Көкпекті, Көкшетау облысының Қазан, Айыртау аудандарында да осы мағынада қолданылады.

**Ш ы б ы н** — крест (карта). Бұл оңтүстік облыстарында шыбыл болып айтылады.

**Ж ә ш і к** — чемодан: *жәшік — жол жүрген кісіге ыңғайлы ғой.*

**П а н т а** — маралдың мүйізі. Бұл өте бағалы, қымбат зат.

**Ш ы р м а у ы қ** — құлмақ: *мына шырмауық өте жақсы өскен екен.*

**Т е ц г е** — сом: *бізде қатардағы қарапайым колхозшылар айына 100 теңге қаратады.*

**Ә г ү р ш і к** — қияр. Бұл орыстың огурец сөзінің фонетикалық жағынан өзгеріске түсіп, қазақтың артикуляциялық базасына қарай икемделген түрі.

### Мал, құс т. б. шаруашылыққа байланысты сөздер

Көп жылдан бері шопан болып істейтін Майжегішов Оршанайдың үш ұлы бар. Оларға берілген аттар да мал шаруа-

шылығына байланысты: Қонғанбай (ауыл жаңа жұртқа келіп қонғанда туған), Көшкенбай (ауыл көшіп жатқанда туған), Қелгенбай (ауыл көшіп келген соң туған)<sup>79</sup>.

Көрке тауық — түйе тауық. Ол біраз аудандарда күрке тауық деп те аталады.

Жон — жайлау, мал жайылымы: қазір колхоздың барлық малы жонда.

Пайок — шабындық жер, шөбі жайқалған жер. Оны кейде шаппа деп те атайды.

Күпәнә — көпене: бүгін неше күпәнә салдыңдар?

Қышыма — шөптің бір түрі тиген жерін дуылдатып, қышытады.

Албыт жылқы — ауру жылқы. Албыт тиген ат сияқты деген мәтел де бар.

Ат сүмек болды — ат терледі, борша-борша болды.

Елпек ат — жүрдек ат: Мәден мінген ат елпек екен.

Дәрте — оқтық: арбанын дәртесі мықты екен.

Қамшыгер — қамшы ұстасы: Имаштың жолдасы қамшыгер кісі ғой.

Сассарымсақ — сазды, лайлы жерге шығатын сарымсақ. Саз — лай, батпақ.

Шапшыма — құлама су (орысша водопад).

Шөптің шары — шөптің шамасы, шөптің мөлшері, аумағы: Шөптің шары белгілі, азайып қалды.

Аттың майына толмау — аттың майына тұрмау: ол жерге бару аттың майына толмайды.

Атты майламай беру — атты тегін беру, ақысыз беру.

Балық қақпайды — балық салған қармақты тартпайды, оған ілінбейді. Шынында, балық тартпайды тіркесіне қарағанда балық қақпайды осы мағынаны дәл береді.

Бұл аймақта аң аулау сияқты тіркестердегі аулау етістінің орнына қарау сөзі қолданылады: балық қарау, суыр қарау, аң қарау, аю қарау.

Сарлық — мүйізді ірі қара малдың ерекше бір түрі. Ол Шүй бойында жиі кездеседі.

Атты қатыру — ат баптау, жарату: колхоз бәйеге қосқалы ат қатырып жатыр.

Марал жусан — аралды жерде өсетін, марал сүйіп жейтін өсімдік.

---

<sup>79</sup> Оршанай деген ат былай қойылады: Ол алтайлар арасында туған. Майжегіш (Оршанайдың әкесі) керек-жарақ сатып алу үшін қалаға (Горно-Алтайск) келеді. Еліне қайтқанда жолда таныс кісілер жолығып, әйелінің ұл туғанын айтып, одан сүйінші сұрайды. Олардың жолыққан жері Оршанай тауының бауыры екен. Сондықтан жаңа туған нәрестеге Оршанай деген ат қояды. Осы жағдайлардан біз ономастиканың халық өмірімен тығыз байланысты болатындығын көреміз.

Дүбір аяқ — ерте, қыста туған бұзау: колхоз фермасында дүбір аяқ көп.

Балапан қарағай — жас, балғын қарағай: осы жерде балапан қарағайлар жиі екен.

Егін шашу — егін егу, салу: Катон бойына егін шашылмайды.

Сүрдек — малдың түнеген орны, малды ауылдың жұрты.

Кім-кім — әркім: ол бір мәселе туралы кім-кімге айтты.

Қайда-қайда — ешқайда: ешкім қайда-қайда да қашпайды.

Кәде — әдет: олар күндегі кәдемен отыра береді.

Қайдан-қайдан — әржерден: біз қайдан-қайдан жиылып кеттік.

Ауыз лемісі — ауыз лебі, лебізі: олар қалаға кетер, ауыз лемістері осылай.

Шыбын — жалпы шыбын-шіркей, маса.

Ұлар — үлкендігі қаздай, түйе тауыққа ұқсас, еті адал, атып жейтін құс, жалғыз-жалғыздан жүреді. Ересек адамдар «ұлар еті қасиетті» деп санайды. Біреуі сегіз кг шамасындай ет береді. Балқарағайлы, сауырсынды жерде жүреді. Олар қатты ұшады, даусы ащы емес, тілімен қоныр ысқырады, өтө қу болады. Ұлар сөзі осы мағынада (горная индейка) тува, монгол тілдерінде де бар<sup>80</sup>.

Қазақстанның көп жерінде қора-қопсы деп аталса, ол мұнда қора-қопсақ болып айтылады.

Тарбаған — суыр. Оны алтайлар да тарбаған дейді.<sup>81</sup>

Қамыт — қамдайтын нәрсе, ескеретін нәрсе: Бізде қысқа қамыт шөп пен отын.

Қамдап жіберу — атқа шашақ тағып жіберу; мен атты қамдап жібердім.

Қаузап тастау — малдың шөпті жеп, жартысынан асырып тастауы. Шөпті шауып қаузадым деп те айтылады. Бұл да шөпті шауып жартысынан аудардым деген мағынаны береді.

Топалаң — малда болатын жұқпалы ауру. Қазақ әдеби тілінде топалаң тек қойға тән ауру ретінде айтылса, мұнда ол төрт түлік малдың бәріне де тән.

Тәргілеу — үйді, артық малды т. б. алу, яғни конфискациялау; Баяғыда біз ірі байларға тәргілеу жасадық. Қошағаш ауданында осы мағынада әстеңке сөзі қолданылады.

Бұл аймақта Семей облысында айтылатын мал, құс т. б. шаруашылық түріне байланысты төмендегідей сөздер қолданылады: көпей — арық марка; саспақ теке — бақылдауық, үлкен теке; қулық бие — бірінші рет туған, екі жастағы бие;

<sup>80</sup> Тувинско-русский словарь, М., 1955, стр. 422; Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 452.

<sup>81</sup> Ойротско-русский словарь, М., 1947, стр. 143.

*дала жылқысы* — асау жылқы; *мәлін* — қарсақ тәрізді аң; *өткерме мал* — ұрланған, қолдан-қолға өткізілген мал; *кескек* — малдың ажырғысы; *көң* — қойдың қиы; *қи* — көң.

*Керек* — жұмыс, шаруа: *менің керегім бітті, ақсақал.*

*Ұзын қоржын* — сыйлық, тарту. *Ұзын қоржын* деп, көбінесе күйеу баланың қайын жұртына алып келетін тарту-талғысын айтады.

*Жосын* — әдет гұрып; *Елде бұрыннан келе жатқан жосынды білмейді екенсіңдер.*

*Жылдың жылы* — жылда, жыл сайын: *біз жылдың жылына бір келіп көріп тұрамыз.*

*Несекілді* — неше түрлі, алуан түрлі: *ол не секілдінің бәрін даярлап үлгірді.*

### Адамның, заттың және нәрсенің белгілері мен ерекшеліктерін білдіретін сөздер

*Қаса көрім* — өте жақсы, тіпті әдемі: *Алматы қаса көрім қала ғой.*

*Дүбір аяқ* — жақсы-жаманды ажыратып білмейтін парқысыз адам.

*Жойпан* — үлкен, дәу: *біздің жойпандарымыз түгел ауылда.*

*Қиракезікті* — қыңыр, қисық: *ол бір қиракезікті адам емес пе?* Бұл қиракездік тұлғасында да қолданылады.

*Шарғы* — Таулы-Алтай автономиялы облысындағы христиандық дініндегі қазақтар. Оларды шүй қазақтары да, өздерін өздері де *шарғы* деп атайды. Шарғы тува тілінде шатақтасу, соттасу, дауласу, сот ісі деген мағыналарды білдіреді.<sup>82</sup> Олар елінен қашып кетіп, «шоқынғанда» қутыншылар барып жергілікті христиандармен жанжалдасуы, заңдасуы ықтимал.

*Әйбәт* — тәуір, дұрыс. Бұл сөз жақсы деп бағалауға жетіңкіремей жатқан жағдайда қолданылады.

Шығыс Қазақстан облысының Таврия ауданында *Дұдығалы* деген тау бар. Біздің ойымызша, ол монғолдың дудулга (бас киім, шлем мағынасындағы) сөзінен<sup>83</sup> алынған.

*Кешіл* — қалмақтың молдалары, дін иелері. Олар үйленбейді. Бұл өңір қазақтары кешіл сөзін әйел алмаушыларды шенеу үшін қолданады.

*Уайымшақ* — уайымшы: *ол кісінің өзі де бір уайымшақ* екен.

*Ойран қызыл* — сұйықтату қызыл, орысша розовый.

*Шошымалы адам* — шошығыш, сескенгіш адам.

<sup>82</sup> Тувинско-русский словарь, М., 1955, стр. 197.

<sup>83</sup> Н. Аристов. Заметки ..., стр. 5.

**Е р е п а с ы з** — жөнсіз, өте көп: *Күн кеше ерепасыз жауды.*

**Қ ы р ы с б а л а** — тілазар, тентек, қиянқы бала.

**Е л п е к к і с і** — пысық, ылдым-жылдым кісі: *Мәйек Хасенов елпек кісі емес пе?*

Бұл ауданда жексембіні басқа сөзбен *дем алыс* деп атайды. Осыны негізге алып дүйсенбіні бірінші жұмыс күні, немесе оқу күні, сейсембіні екінші жұмыс күні, не оқу күні деп атайды. Сондай-ақ сәрсембі — үшінші жұмыс (не оқу), бейсембі — төртінші жұмыс (не оқу), жұма — бесінші жұмыс (не оқу), ісембі — алтыншы жұмыс (не оқу) күні делінеді. Күн аттарын бір-бірінен осылай ажырату республикамыздың көп жерінде кездеспейді.

**Қ о л ж а з у ш ы ғ а р м а** — баспа бетін көрмеген, қолжазба шығарма.

**Қ и я л** — тентек, алаңғасар, оспадарсыз: *ол бір қиял бала көрінеді.*

**Р е н ж а р** — ренішті: *ол кісі ат келмегенге ренжар жүр.*

**Қ ы м б а т** — қиын: *мына шөптің қазуы қымбат.*

**Қ ы р ы с** — шатақ: *мынау бір қырыс кісі көрінеді.*

**Ө к і м-ө к і м** — ауық-ауық, дүркін: *олар Арасанға өкім-өкім келіп тұрады.*

**Қ а р а у** — саран, шық бермес Шығайбайдай.

**Қ о л ж ұ м ы с** — кара жұмыс: *оның сауаты жоқ, қол жұмыстың адамы.*

Әдеби тілдегі кәдімгідей сөзінің синонимі ретінде *кәдуіл-гідей, кәдүескідей* сөздері қолданылады.

**Т а с қ о р ы қ т ы қ** — қорықтықтың бір түрі: *ол қорыққан кісіге беріледі.*

**Е л е й** — көп, ерекше өлшеусіз: *ол қымызды епей ішетін кісі еді.*

Қазақстанның біраз облысында балдыз деп әйелінің сінлісі аталады да, інісі қайын делінеді. Ал, бұл ауданда оның екеуі де балдыз деп аталады.

**Ж е т і к с і з** — жетімсіз, аз, кем: *мынау азығың оларға жетіксіз болар.*

**Б ү к і м** — бүкіл, барлық, бүткіл.

**Ж о я н** — ноян, зор, үлкен.

**Т о р т к і с і** — морт кісі, мінезі шәлкес, қыңыр кісі.

**С а қ а у** — сөйлей де, ести де алмайтын кемтар адам. Оңтүстік облыстарда осы мағынада *мақау* сөзі қолданылады.

**Т ү й е т о м а р** — үлкен-үлкен, биік-биік төмпешік.

**Д а р б а з а** — тентек, арсыз, ұятсыз.

**Н е с к і л д і** — неше түрлі, нелер: *тарихта не секілді көсемдер болған.*

**Қ о л х о з а ғ а с ы** — колхоз председателі: *колхоз ағасына жолығып істің мән-жәйін айт.*

Екі тарып болу — екі тапқа, екі жікке бөліну, екіге жарылу.

Жөп-шөңгі — жөп-жөнді, тәуір: *жөп-шөңгі кісі де осылай етеді екен, ә?*

Жал-жұғыны — жал құйрығы. *атыңыздың жал-жұғыны өте сирек екен.*

Ұлық — ру. Ру мағынасында сүйек сөзі бұл өңірде біздегіден гөрі жиі қолданылады.

Терен мысал — теренірек: *Арыаққан, Беріаққан өзендері едәуір тереңсымал.*

Мұқым — бүкіл, барлық: *ол бұқым тұлғасында да айтылады.*

Қандай-қандай — неше түрлі, неше алуан, алуан түрлі.

Жаман-жұтық — жаман-жаутик: *қыстан малдың жаман-жұтығы да аман шықты.*

Кем жақсы — едәуір жақсы, тәп-тәуір.

Пәлен-башқұрт — пәлен пәштуан, пәлен-түген.

Айық болу — ашық болу, күннің бұлтсыз, жауын шаппысыз болуы.

Ашық-жарық — ашық-жарқын, ақ көңіл.

Моты — жөптек, орташа. Бұл сөз момын деген мағынада да айтылады.

Ілік-жілік — ілік-шатыс.

Мәнжу — жынды: *ой, не дейді, мәнжу неме!*

Қалағайлық ету — қаңғалақтау, қаңғалақ ету.

Көдек — ұят сөз, айтуға ыңғайсыз, қолайсыз сөз.

Шүкір — шөптің бояуы: *құдадан құттыны киемін деп жүріп, шөптің шүкірінен айрылыпты (мақал).*

Өткіп — өткен, бұрын. *Өткін күндерде бұл жер толы ағаш еді.*

Жұмшыл — ұйымшыл, бірлігі күшті: *біздің халық қай халықтан болса да жұмшыл-ақ қой.*

Жайын жұмыс — жай жұмыс, қара жұмыс, қол, дене жұмысы.

Көрім — жақсы: *Айтқаныңыз дұрыс, көрім-көрім, мен оны орындаймын.* Осы диалектизмге байланысты кейбір ономастикалық атаулар да кездеседі: *Көрімбай, Көрімтай, Көрімхан, Көрімбек, Көрімбике, Көрімгүл* т. б.

Шоң — үлкен, ірі. Бұл сөздің қырғыз тілінен ертеде енгендігі байқалады. Қаратай ішінде шоңмұрын руының болуы, Сұлтанмахмұттың 1914 жылы Баянауылда «Шоң серіктігі» деген мәдени ағарту ұйымын ашуы<sup>84</sup> осы пікірді дәлелдей түседі.

<sup>84</sup> Б. Қенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958, 114 бет.



Д а д а н — надан. Бұл диалектизм Ыбырай Алтынсаринның шығармаларында да жиі ұшырайды.

Т о н а у л ы — бай, ауқатты тұрмысты. Бұл диалектизмнің болымсыз түрі тонаусыз кедей мағынасында жұмсалады.

Қ а л ғ ы н ш ы к ү н — соңғы күн, ақырғы күн.

М и л л и о н ш і к — миллионер: *ауданымызда бірнеше миллионшік колхоз бар.*

Н и е т і к е п к е н — ниеті жаман, ниеті құрған.

Б е р е к е т т і — берекелі, бұл сөз Қазақстанның біраз жерінде қолданылады.

Д е р е н д е й - д е р е н д е й — үлкен-үлкен, дардай-дардай: *оның дерендей-дерендей балалары бар.* Бұл сөз, негізінде, үлкен-үлкен бола тұра қолынан ешнәрсе келмейтіндерді шенеу үшін қолданылады.

Д ү р — дүрілдегіш, мақтаншақ, бөспе.

А т - а т а ғ ы ш ы қ қ а н к і с і — абройлы, беделді, атакты кісі.

М е л ж е м д і ж е р — мықты, кісілікті, бай семья.

Қ и ы н ж а м а н — өте жаман, аса нашар.

А ш а с ы — аяғы, бұты: *Ахметтің бір ашасы ауырып қалыпты.*

Ш ы ғ у — жара, шиқан. Жамбыл облысында жараны шиқан деп айтпайды. Бұл сөз тек *шиқан шықсын* деген қарғыста ғана сақталған. Ол жерде *шиқан* сөзінің мәнін екінің бірі біле бермейді.

Б о л ы с — көмек, жәрдем, қолғабыс.

А ғ а т а й — аға. *Бүгін қаладан менің ағатайым келеді.*

Б о ш а л а н а д а м — бос адам. Ол кейде *балаң* болып та айтылады.

Ш е р м і ш — кішкене адам. *Анау шерміш бала кім?*

Қ ы л а я ғ ы — ең ақыры. *Қыл аяғы қасықтан бастап бәрін де жасаймын.*

Б ы т қ ы л ж е р — ағаш аралас өскен, тоғайлы жер.

Ұ р ы қ - ш ә р п і — үрім-бұтағы. *Есдәулет ұрық-шәрпімен тәуір адамдар.*

Б і р г і м — ешкім. Бұл болымсыз есімдігінің басқа жерлерде кездеспейтін түрі.

Ж а т у — тұрмыс. *Оның жату жағы тәуір.*

Р е у е ш т і — сияқты, секілді.

К і н д і к ж е р — орталық жер: *Катон — кіндік село ғой.*

Қ о н а ғ а л ы у а қ ы т — қонатын уақыт, күннің кешкіріп қалуы.

Н е ш е л е р — нелер: *нешелер жақсы әншілер бар.*

Қ е р е қ а р ұ з а қ — өте алыс, қашық. Ауданымыз керекар ұзақ.

Ж а й с а ң<sup>85</sup> — болыс. Әбдікерім деген қатал жайсаң болған.

С ы л т ы қ а й — ұшқалақ, жеңілтек, тұрлаусыз.

Қ а р ы н д а с — іні: Бұл алтай тілінің әсері. Олар ініні қарындаш дейді.

Ш а т а — әкесі белгісіз, олжа бала.

М і н е з і ш а р қ а я — мінезі шәлкес: *сенің мінезің неге мұнша шарқая болған.*

Ж о с а қ т ы ж і г і т — жақсы жігіт, тәртіпті, тәрбиелі жігіт.

Р е т і ж а қ с ы — рені, ажары жақсы.

Ж а с ы — жасты, кұрдас, кұрбы. Кейде бұл сөз жасыт болып та айтылады.

А қ к ө б е л е к — ақ көңіл, аңкылдақ, бұл мағынада Шымкент облысы мен Жамбыл облысында ақ шелек сөзі қолданылады.

К е ш у — өткел. Алтайлар да өткелді кечу<sup>86</sup> дейді.

Қ а л ы ң — көп, мол: *бізде марал қалың.*

О м ы р а у д а ғ ы б а л а — емшектегі бала. Сондай-ақ *омырау* сөзі емшек мағынасында да қолданылады.

Қ о й т е н г е — бір сомдық теңге. *Мынау қой теңге екен.*

Қ ы д ы р м а ш ы — қыдырымпаз. *Қыдырмашы болу келіспейді кісіге.*

Қ а й — барлық, жан-жақ. Ауданға халық қай жерден келеді.

С ұ р а н а т т ы — ренді, көрікті, ажарлы.

Ү ш і - б а с ы — шеті, тамтығы, қалдығы.

Қ а й д а - қ а й д а — ешқайда, еш жерде. *Мұндай қағаз қайда-қайда да жоқ.*

М ы н а қ а д а л а т ы ң — мына қопатын, түсінікті болатын ұғатын: *оның кітап сөзі мына қадалады.*

Н е ш е с ы қ ы л д ы — неше түрлі. *Түрлі-түрлі, неше алуан.*

А й ы — айлығы, жал ақысы: *оның айы жүз теңге.*

Б ә к ү н - ш ү к і н — майда шүйде, ұсақ-түйек.

Т е к с і — тегін, бос, бекер. Бұл сөз тегіс, түгел, тұтас мағыналарында да айтылады.

Б і р қ а н ш а м а — бірнеше, әлденеше, оған бірқаншама айтылды.

Т е г і н д е г і — бұрынғы, ежелгі.

Б і т к е н і — бәрі, түгел, тұтас. Бұл сөздің Таврия ауданында да барлығы байқалды.

Е к і ж а н ғ ы з — бірі-жарым, бірен-саран, сирек.

<sup>85</sup> Ойротско-русский словарь, М., 1947, стр. 75.

<sup>86</sup> Там же, стр. 81.

Кілтеңі бар — себебі бар: осының бір кілтеңі болуы мүмкін.

Шақырма ағаш — жолдың шақырымын (км) көрсететін, белгі-ағаш.

Еміл — бүкіл. *Еміл Катоннан екі-ақ кісі кездесті.*

Албаты — беталды, бекер, бос. *Албаты жүру ыңғайсыз.*

Мұқырлы — үбірлі-шүбірлі, балалы-шағалы.

Жалмыт — жалмауыз. *Жалмыт болуға болмайды, сақтап ки.*

Кем жоқ — жаман емес, еш кемдігі жоқ, тәуір. Бұл сөз, көбінесе амандасқанда айтылады. Бірінші кісі саламатсыз ба? Амансыз ба? деп сәлем бергенде екінші кісі оған кем жоқ деп жауап береді. Бұл сөз (кем-дьок) алтай тілінде де бар.

Бодамсыз тұру — бағынбай тәуелсіз тұру. Бұл орыстың подданный сөзінен алынған.

Жөн — қатардағы қарапайым, көптің бірі.

Уақыт — мезгіл, рет: *мен бес уақ келдім.*

Тіркис кісі — өз айтқанынан басқаға көнбейтін, қайсар кісі.

Абың-гүбің — абыл-ғұбыл.

Шын-шыны — шыл-шын, айна қатесі жоқ.

Қиын — көп: *былтыр осы маңда қиын марал болды.*

Тегінен — бұрыннан, ежелден.

Маңдай — маңдай алды, алдыңғы қатарлы: *М. Тойғанбаева — маңдай мұғалім емес пе?*

Ережеп — режим: *ауырған кісі врачтың ережебің ұстауы керек.*

Ләгүп — пиво ашытатын бочка сияқты ыдыс, ағаш шелек.

Жынысып — аты-жөні, ныспысы: *сенің жынысыбың кім, қалқам?*

Еңку — ылди, ой: *қайта жүргенде еңку екен.* Бұл сөз еніс болып та айтылады. Еніс диалектизмі М. Әуезовтің «Абай» романында да кездеседі.

Шықар — сырт, тыс, тысқары: *ол үйден шықарға шықты.*

Мәт-шәт — быт-шыт, шәт-шәлегей: *ол үйдің мәт-шәтін шығарыпты.*

Бұл ауданда да, Шығыс Қазақстан облысының басқа жерлеріндегі сияқты, *ғажы* қосымшасымен келетін кісі аты жиі ұшырайды: Құмарғажы, Ахметқажы, Мұхаметқажы, Елғажы, т. б. 7—8 ағайынды кісілердің аты да ылғи *ғажы*-мен келеді.

Неше сияқты — неше алуан, неше түрлі: *неше сияқты пәйөк көрдік.*

Мырзалы кісі — мырза кісі, береген кісі.

Бозбасшылық — бозбалашылық: *бозбасшылық жас-тан кеттіңдер ғой.*

Нәсте — нәрсе: *ондай нәстені біз көрген жоқпыз.*

Әти — келіні атасын осылай атайды. Әти әке мағынасындағы татар сөзі.

Қол жазу — расписка. Бұл кей жерлерде қол хат деп те аталады.

Желғұз — өкпе, асқазан т. б. ішкі мүшелердің ауруы.

Құяң — сарысу ауруы: *құяң ауруына бірден-бір шипа — Арасанға түсу.*

Қара жел — бруцеллез ауруы.

Қанжалас ағалары — бірге туған ағалары. Қанжалас інілері болып та айтылады. Бір сөзбен айтқанда, бұл сөз бірге туған деген мағынада қолданылады.

Қалшаңдық — салақтық: *қызмет бабы қалшаңдықты көтермейді.*

Азық — тамақ: *түсте тамақтануға азық алдың ба?*

Бұрын Катонқарағай ауданында *асар* (жасау) сөзі кездесуші еді, кейінірек ол *помощь*, қазір *ударник* деп аталып жүр.

Әпекс — апа: *Жамал менің әпекем болады.*

Қыдырма — қыдырымпаз. Ол *қыдырмашы* тұлғасында да жұмсалады.

Сұпы — түрі, рені, ажары: *оның сұпы жөнсал екен, денсаулығы қалай? Дәл осы мәнде реті сөзі де айтылады.*

Жеңіл-жекіл — жеңіл-желпі, жүрдім-бардым, атүсті. Бұл сөз Таврия мен Большенарым аудандарында да айтылады.

Жеткіл — жеткілікті, мол: *бізде мал жағы жеткіл.* Бұл диалектизм Қошағаш ауданында да қолданылады.

Шала-пұшық — шалып-пұшып, шала-шарпы: *ол шала-пұшық қана орындайды бұл жұмысты.* Бұл сөздің синонимі ретінде *мала-матан* диалектизмі де кездеседі.

Кір — таразы: *пантаны кептіріп кірге салады.* Бұл гир сөзінің фонетикалық жағынан өзгеріске түскен варианты.

Әу баста — алғаш, о баста, басында: *Біз оған әу баста-ақ ескерткенбіз.*

Бәтірекеш — батыр екесі, екінші жаққа айтылатын қаратпа сөз.

Наркүміс — сынаптың қалдығынан жасалған бағалы зат. Дәрі орнына пайдаланылады.

Сонымен бірге мынандай сөз тізбектері де байқалды: жатқан ел, жайылған мал — тыныштық, бейбіт ел; нәр

ауыз — құр ауыз, бос, бекер; кемпір-кешек — кемпір-семпір, апаш-құпаш — абыл-ғұбыл; жәп-жайын ел — бейбіт жатқан ел; асың бойыңа жайылсын — ас болсын, ішкен асың бойыңа тарасын; шал-шапқыт — шал-пал; қырық темірдің қылауынан жиылған — қырық ру, әр түрлі; шабан-шалағай кемтарлар — кемтарлар, кедей-кембағалдар; бір топ ел — бір топ ел; қырмызы қызыл жігіт — мінезі жақсы, жібек мінезді жігіт.

Қазақстанның шығыс облыстарында кездесетін төмендегі диалектизмдер де бұл ауданда жиі қолданылады: *зәруер* — зәру; үй тентек — тәртіпсіз, мазасыз бала; *күсет* — жақсы, тәуір; *көшелі* — мырза; *жындыбастау* — жындылау, *әскере* — әсіре, *өте, аса*; *шайқы* — алаңғасар; *шіліңгір ыстық* — өте ыстық; *сұпыты кету* — ұсқынсыз, *үскіні кету*, сұры кету; *кесел* — кесір (құрғыр барамын деп қоймады *кеселің*); *жалаң* — жалмандаған; *атасу жайлауы* — ата қонысы, ежелгі мекені; *кекесімді* — кекті; *тиекті жер* — белгілі, ыңғайлы, қолайлы жер; *даңғарадай жігіт* — үлкен, зор жігіт; *шулы аяқ* — сылбыр; *түскі дамыл* — түскі үзіліс; *жан кезген қу* — қыдырымпаз қу; *құны жаман* — құлқы жаман; *дәркер* — мұқтаж; *бұралтаң* — бұрылыс; *жұрағат* — туыс.

Орыс тілінен енген сөздер, көбінесе өзгеріске ұшырап айтылады; *пәстөк* — пастух, *бөкес* — покос, *кран* — граница т. б.

### Іс-әрекетке байланысты сөздер

*Отын ұсақтау* — отын жару, ағашты отқа жағылатындай етіп майдалау.

*Басыңды суық ұстайды* — басыңа суық тиеді. Сондай-ақ *тұла бойыңды суық ұстайды, денеңді суық ұстайды* тіркестері де қолданылады.

*Қарекеттеніп алу* — қоректеніп алу, біраз тамақтанып алу, жүрек жалғау.

*Үлеу* — картаны ойнаушыларға үлестіру, бас-басына бөліп беру.

*Баттай беру* — лайды жапсыра беру, ұстата беру.

*Қоқиттау* — қорқыту, қоқан-лоққыға салу, бопсалау.

*Тапайттау* — таптау: *есіктің алдын тапайттамаңдар*.

*Түйсік болу* — кесір болу, бөгет болу, реті келмеу.

*Абройын жою* — абройын алу, авторитетін түсіру: *көптің алдында біздің абройымызды жойма*.

*Бөгенайлап қарау* — байымдап қарау: *сен бұл мәселеге бөгенайлап қара!*

*Жүрегі қозғалу* — жүрегі айну: *Арасан суын ішсе, оның жүрегі қозғалады*.

*Бұлдыр* — салдыр білу, анық білмеу, шет-жағасын ғана білу.

Қылпы көрініп кетіп тұру — көрініп кетіп, көрініп кетіп тұру: *ағаш арасынан аттар қылпы көрініп кетіп, қылпы көрініп кетіп тұр.*

Мысқау — мысқылдау: *ол келіншектерді мысқап бітірді.*

Ұятқа шалдығу — ұятқа қалу: *біз сен үшін ұятқа шалдықпайтын болайық.*

Шам жоқ — шамдану жоқ, ренжу, ашулану жоқ.

Тексі білу — жақсы білу, терең білу: *ол ел тарихын тексі біледі.*

Ұстай алмау — бола алмау, алып жүре алмау: *ол мұғалімдік оқуды ұстай алмай жүрмесе болар еді.*

Алқын-жұлқын келу — асығыс, шұғыл келу: *біз осы хабарды естісімен алқын-жұлқын келдік.*

Әмір жоқ — дамыл жоқ, тыныштық жоқ: *осындай хабар келісімен, бізде әмір жоқ.*

Ішіме кіріп шықпайды — түсінбеймін, ойыма кіріп те шықпайды.

Құт құю — жолы болу, реті келу, «құдай беру».

Тотию — құры қол, құр алақан қалу: *ол сендерді тотитып кетіпті ғой.*

Әмекбашланып жүру — жақындап жүру, жақсы қарым-қатынаста болып жүру.

Жәмәжә десті — келісті, сөз байласты: *ол осы мәселе жөнінде келісіп, жәмәжә десіпті.*

Сөзді қолдану — тіл алу, айтылған сөзді орындау: *ол сенің айтқан сөзіңді қолданса, бұлай етпеген болар еді ғой.*

Қонақшылап жүру — қонақтап жүру, қыдырып қонақ болып жүру.

Шала пұшық айту — шала-пала, шет-жағасын ғана айту.

Дауыстың жарқаш-жарқаш шығуы — дауыстың жарқын-жарқын шығуы.

Бұлт іліну — бұлт шығу, күннің бұлттануы.

Чық — шық. Итке айтылатын одағай сөз.

Күшәләсің жеу — таяқ жеу, қиындық көру, көресісін көру.

Қиын қуану — қатты қуану, бар көңілмен қуану.

Қолынан үзбейді — қолынан тастамайды. *Ол газетті қолынан үзбейді.*

Ұятқа шалдығу — ұятқа қалу: *оны байқамаса үлкен ұятқа шалдығуы мүмкін.*

Төменшіктен кету — төменден кету: *ол бұрынғы қызметінен төменшіктен кетті.*

Тантырау — шатасу, жаңылысу: *қартайғандықтан ба, ол ақсақал тантырап ештеме айта алмады.*

**Жала қою** — жала жабу: кісіге жала қоюға болмайды.  
**Күндес таластыру** — күндес болу, бақ таласу: екі болыс өзара күндес таластыратын еді.

**Қиындап қалу** — қиналып қалу: өзің қиындап қалма, қалқам!

**Көшіру** — аудару: қазақшадан бұл қағазды орысшаға жақсылап көшірмесе, түсіну қиын.

**Күн алу** — демалыс алу, отпуск алу: мен кешелі бері күн алдым.

**Күрен қабақ болу** — ұнатпау, жақтырмау: ол неге екені белгісіз, әйтеуір күрең қабақ болып жүр.

**Қаттап айдау** — топтап, рет-ретімен айдау: колхоз малын бес қаттап айдау керек.

**Айылдап келу** — қыдырып (ауылдап) келу, бұл жергілікті қазақтарға алтай тілінен енген сөз. Оларда *айыл* — үй, *айылда* — қыдырып, қонақ болып жүру, *айылчы-қонақ*<sup>87</sup> деген мағыналарда қолданылады. Монғол тілінде *айыл* — ауыл, үй, семья, шаруашылық, *айлчин* — қонақ, *айлчлах* — қонақта болу мағынасында жұмсалады<sup>88</sup>.

**Шарып жатыр** — аузына келгенін айтып, ұрсып жатыр.

**Денгел шыққан** — бірге шыққан, қатар шыққан, тұстас: *Әбдікерім мен Мұса денгел шыққан.*

**Үсу** — тоңу: *күн салқындау, үсіп отырсың ба?*

**Болыстық жасау** — көмек жасау, жәрдемдесу; Бұл сөз осы мағынада Қошағаш ауданына іргелес тұратын Тува халқы тілінде де бар<sup>89</sup>.

**Басымды қаңғытады** — басымды кеңгіртеді, басымды ауыртады.

**Алдынан кесе өту** — алдынан өтіп алу, келісіп алу.

**Айырмыштап айту** — айырып, таратып айту; *ол ру тарихын айырмыштап айтып береді.*

**Мантырау** — шатасу, шату: *ау, мантырағаныңыз ба, мұның себебі не?*

**Шырғалау** — әурелеу: *берекесін кетіру.*

**Үрелеу** — бұзу: *патша жендеттері халықты үрелеп, бір-біріне айдап салып тұрушы еді.*

**Апаластопалас** — абыл-ғұбыл, жедел, тез.

**Жаныстыру** — шағыстыру, бірін-біріне айдап салу.

**Тарау** — біту, аяқталу: *отан соғысы тарады.*

**Әке-ау** таңдану одағайы: *әке-ау, ол саған не деді?*

<sup>87</sup> Ойротско-русский словарь, М., 1947, стр. 15.

<sup>88</sup> Монгол-орос толь, М., 1957, стр. 27; Орос-монгол толь, Уланбатар, 1942, стр. 14. 60.

<sup>89</sup> Тувинско-русский словарь, М., 1955, стр. 101—102.

*Жә мә — жарай ма, мақұл ма? Ақсақал осылай дейік, жә мә?*

*Жүрегін көтеру — көнлін көтеру, менменсу, дандайсу.*

*Келісу — айналу, келу: Айлық табысымыз 130 сомнан келісті.*

*Сөйлесіп ала алмау — сөйлеіп түсінісе, ұғыса алмау, тілін білмеу: мен екі алтаймен сөйлесіп ала алмадым.*

*Оңаты келмеу — реті келмеу, ыңғайлы болмау, сәті түспеу.*

*Бос — уақыт: біраз демалып қайтуға бос жоқ.*

*Шаба жауу — күннің қатты желдете жаууы: күн кеше күн бойы шаба жауды.*

*Басынан сот айналу — сотталу: революцияға дейін ол басынан сот айналып келген еді.*

*Аңғарлау — байқау, аңғару: ол өлеңді аңғарлап айтады.*

*Аздау — азаю, кему: менде мал саны жылдан жылға аздап барады.*

*Соғу — салу: фотокарточканы кім соқты?*

*Қол салу — қол қою: сен документке қол салдың ба?*

*Аш-арық көру — аштық көру: Алтайлар 1916 жылы көп аш-арық көрді.*

*Ұры қылу — ұрлық қылу: ол ұры қылмайды.*

*Шекірлену — шекірею, менменсу, дандайсу.*

*Күйісі келмеу — жағдайы келмеу, жайы болмау, шамасы жетпеу.*

*Өндейлемеу — омырауламау, көне салу, айтқанға тез илану.*

*Жылғаяқтау — жылыстау: қоян жылғаяқтап жүріп құтылып кетті.*

*Уақыт болды — қаза болды, қайтыс болды. Бұл ибалы, сыпайы сөз саналады.*

*Жұрттау — отасу, әйелімен бірге өмір сүру.*

*Айығу — ақталу, кінәсінен айрылу: Үсен айыбынан айықты.*

*Қолдану — пайдалану: ол кітапты жұрт қолданады.*

*Жаны құру — зәресі ұшу, қорқу: біліп қояды ма деп оның жаны құрып тұр.*

*Суы құру — мысы құру: солай болмай суы құрыды.*

*Қараландану — айналшақтау: сен бірдемеге қаралаңдап жүрсің ғой.*

*Шарқылдасу — ұрысу, керіадесу: шарқылдасқаннан не пайда, қойыңыздар!*

*Босату — бітіру, аяқтау: үлкен ұлым оныншы класты босатты.*



*Әуе жауу — күн жауу: бүгін әуе жаууы мүмкін, тез жүруге тырысу керек.*

*Кеуілдеп отыру — әңгімені соғу: Олар таң атқанша кеуілдеп отырды.*

*Қап еткенде — алғаш, алдында; Мен оның ойын қап еткенде-ақ түсіндім.*

*Сәлем-сақпыт беру — сәлем-сауқыт беру; Мен ақсақалға барып, сәлем-сақпыт беріп қайтпақпын.*

*Сепсендеу — секендеу; әке-ау, сепсеңдей бермей, тапсырмаңды орында.*

*Толықтану — толу, семіру: Ақан біраз толықтанып қалыпты.*

*Даяр жоқ — дайын емес: тамақ әзір даяр жоқ.*

*Қаралтымдап қалу — қарайып қалу: Мен соңғы хабарларды білмей қаралтымдап қалдым.*

*Оңғайттау — оңтайлау; бұл қызметке Әсетті оңғайттайтын сияқты.*

*Қарасу — қарау: он жылдан асып он бір жылға қарасты.*

*Жолғастым — жолықтым, кездестім. Бұл сөз көршілес Марқакөл ауданында да кездеседі.*

*Қыңыр жату — қыңыр ағу: ыдысты қойғанда кілегей қыңыр жатыр.*

*Бағамдау — бағалау: ұйымның жұмысын қанағаттанарлық деп бағамдады.*

*Қайыртпақтап сұрау — қайталап сұрау: мәселені ол қайыртпақтап сұрап қойды.*

*Қапаш-құпаш — абыл-ғұбыл, жедел; сен қапаш-құпаш кетіп қал.*

*Жапақтасу — жақындасу, сөйлесу, дидаласу: олар өзара жапақтасып қалыпты ғой.*

*Суреттеу — суретке түсіру, суретке салу: ол колхозшыларды түгел суреттеп жүр.*

*Табыстыру — тапсыру: ол мемлекетке астық табыстыруға кетті.*

*Басын шырық қылу — басын қатыру, басын ауырту: ол көп сөйлеп басты шырық қылады екен.*

*Таптастыру — татуластыру: олар бір-бірімен араз еді. Кім таптастырды.*

*Көзір ойнау — карта ойнау: таң атқанша көзір ойнады.*

*Елдің басын ұстау — басқару, басшылық ету: Бекетай осы елдің басын ұстап тұр.*

*Жерге батсын — жерге кірсін, құрысын, қарғыстың бір түрі.*

*Жан қуу — жан таласу: ол жан құған кісі екен.*

Тегін айтамын — жай, қалжындап айтамын: *сенің шының ба, жоқ тегін айтамысың.*

Ителеп тұр — итермелеп тұр, үгіттеу. *Мені жұрт осылай ет деп ителеп тұр.*

Тепектеу — тікектеу, тікендеу: *сен неге маған сонша тепектейсін!*

Мәнағалап айту — түсіндіріп айту, дәлелдей сөйлеу.

Шықпырт тигендей ету — көкала қойдай ету, қатты сабау: *сен байқа, оны шықпырт тигендей етуің жармайды.*

Нәзілі түсу — назары төмен болу, назары пәс: *Неге екені белгісіз, оның нәзілі түскен.*

Аузына төсеу — аузына тосу, барын алдына қою, ешнәрсеңі аямау: *біз барымызды соның аузына төседік.*

Кем жоқ — амандасқанда жауап ретінде айтылатын сөз: -- *Е, ақсақал, мал-жан, бала-шаға аман ба?*

— *Кем жоқ.*

Бұл сөз Қонағаш аймағымен салыстырғанда бұл ауданда сирегірек қолданылады.

Себезгілсеу — себелеу: *күн қатты жауып кетпегенмен себезгілеп тұр.*

Шабылу — моншада ұрыну: *шабынуға сібірткі жоқ.*

Сапсылау — суды шалпылдату: *Арасан суын сапсылауға жармайды.*

Өзім жүрмін — жай жүрмін: *сен мұнда бір жұмыспен келдің бе?*

— *Өзім жүрмін.*

Шаталасу — шатасу: *ол мәселенің бір жеріне келгенде шаталаса бастады.* Бұл сөз осы мағынада Марқакөл ауданында да айтылады.

Толқып отыру — толып отыру, він тіресе отыру: *киіз үй толқып отырған халық екен.*

Сұпытымызды кетірді — есімізді шығарды, мазамызды кетірді.

Ұстап болмағам — ұстай алмағам: *мен ол атты ұстап болмағам.*

Жанасалай беру — жанаса беру: *ол атты кісіге жанасалай берді.*

Жаяу жүру етістігі ығи *жаяулап жүру* тұлғасында айтылады.

Кермалдасу — керілдесу, ұрысу, тайталасу.

Машинаға түсті — машинаға мінді, отырды. Сол сияқты арбаға түсті, поезға түсті етістіктері де жиі жұмсалады.

Зәруерге ішу — дәрі орнына ішу, емге ішу, басқаша айтқанда, қажетті, зәру мақсатпен ішу.

Жалбызбаланып тұру — жалбырап тұру, үзілгелі, түскелі тұру.

Бұл ауданда ақшаны ұстадым, ақшаны жұмсадым тіркестерінің алдыңғы варианты басым қолданылады.

Бәссалу — бәйгі тігу, бәйгі қойып бәсекелесу.

Мылтық салу — мылтық асыну: біраздан кейін мылтық салған екеу алдарынан шыға келеді.

Шытпыратып айту — шатастырып, шатып, жаңылысып айту.

Өзіңнің бойың білсін — өзің біл, өзің ақылыңа, ойыңа салып көр.

Айт қуып жүру — айттап жүру, айтшылап жүру. Сондай-ақ той қуып жүрдік етістігі де айтылып қалады.

Ексе емес — кенде емес, зәру емес: біздің колхоз мал мен жерге ексе емес.

Құлдау — өзенді, арықты бойлап төмендеу.

Жел түсу — самал түсу: мұрныңа жел түскен бе, неге шылымды жиі тартасың?

Шағу — сындыру, қирату: терезені шағу, шыны-аяқты шағу.

Шарқ ете қалу — шақ ете қалу: ол бір нәрсе десең, шарқ ете қалады.

Күсіп жіберу — құйып жіберу: ұнды ауызға күсіп жібергені қалай?

Күн айықты — күн ашылды: бүгін күн айықты ғой, кеше жаңбырлы болып еді.

Доңғалау — дөңгелеу, айналу. Арбаның дөңгелегі де доңғалақ деп аталады.

Тоқтауды екен — тәртіпті, ұстамды екен: мектеп оқушылары сондай тоқтауды екен.

Шайды борлау — шайға аздап қуырылған ұн қосып жіберу.

Ұрдалып-жырдалып — ұрланып-жасырынып, ешкімге білдірмей.

Үй жалғастыру — үй салу: бұл жақта үй, көбінесе, ағаштан салынады. Жалғастырды сөзі осыған байланысты алынған болуы керек.

Жерді айыру — жер жырту, жер айдау.

Хатты түсіру — хатты почта ящигіне салу: мен хатты түсіріп келейін, сен тұра тұр.

Ауыспау — босамау: осының жұмысынан кеше кешке дейін ауыспадым.

Жарық түспеу — шам жанбау, свет болмау: Бүгін жарықтың түспегенін қарашы.

Ұйқалау — уқалау: сен насыбай ұйқаламадың ба?

Сүртіп жіберу — салып жіберу, беріп жіберу: ол астындағы атын сүртіп жіберді.

А қыл жарасып алу — ақылдасып, кеңесіп, алдын ала келісіп алу.

Қарату — табу: ол айына 130 сом қаратады.

Болысу — жәрдемдесу, көмектесу: *шөпке қызы болысты.*

Айнаға түсу — рентгенге түсу: ол ауданға барып айнаға түспек. Ол кейде *шыныға түсу* болып та айтылады.

Дүлеу — шулау, даурығу: олар кеше *тәуір-ақ дүледі.*

Жию — шығу: *Зәбира он алтыға жиды.*

Шымшықтау — шымшылау: *сен жаныңдағы оқушыны шымшықтамай класта тыныш отыр.*

Көшіңіз байсалды болсын — көшіп келе жатқанда жолыққандар айтады.

Еру — кону: *Кәдірбек бүгін еру, ертең еру, бүрсігүні кетеді.*

Түпесел тұру — түпкілікті, орнықты, біржола тұру.

Шарқылдасу — шаңқылдасу: *ұрысып шарқылдасудың керегі жоқ.*

Бүйіру — бүйідей тию, қысып, қуырып жіберу.

Әнімен құлау — тез, лезде, жылдам құлау: *азамат соғысы кезінде ол ақтардың сегіз офицерін аттан әнімен құлатты.*

Мешірейту — шіпілдете құю, толтыра, меймілдесте құю.

Құсық таптыру — құстыру, жүрегін айныту: *қымыз оған құсық таптырады.*

Қаттылық көру — қиындық, таршылық көру, қиналу.

Ызасы түсу — ызасы келу, ашулану, бұлқан-талқан болу.

Сипанский болу — тып-типыл болу, жұрдай болу. Бұл диалектизм сирек айтылады. Орал облысы мен Гурьевте де аса жиі қолданылады.

Зәттә болу — ығыр болу: *ол кеше әбден зәттә болды.*

Жайқақ қағу — жайқақтау: *біз келсек, ол арасанда жайқақ қағып жүр.*

Пайдасы түсу — пайдасы тию: *оның ешкімге пайдасы түсіп тұрған жоқ.*

Саудалау — сауда жасау: *ол кранға барып малмен саудалап жүр.*

Шарк-шұрк ету — сарт-сұрт ету.

Онатына келу — реті келу, сәті түсу, онына келу.

Қолмен істеу — кара жұмыс істеу, дене жұмысымен айналысу.

Күйіп-пысу — күйіп-пісу, ашуы келу, ыза болу.

Дөкитү — құлату, қыру, жайпап тастау: *ол келе сала шөпті дөкитті.*

Қ ұ б а-к ұ п — мақұл, жарайды, болады.

С а н а қ қ а с а л м а у — елемеу, ескермеу, есепке алмау: бұрын оның не дегенін санаққа салмаушы едік.

К ө п к е т с е — көп болса: ол Қошағашта көп кетсе бір жыл тұрды.

Ж ұ м ы с т ы а п а т қ ы л у — жұмысты бітіру, аяқтау: біз ол жұмысты апат қылдық.

К ө з г е т ұ р т і п а л с а к ө р г і с і з — көзге түртіп қалса көргісіз, шырттай қараңғы.

С о р а қ т а п ж ү р — сораңдап жүр.

Ш а р и т т а у — ары-бері сергелдең болу, орыс тіліндегі шарить етістігінен алынған болуы керек. біздің адасқанымыз сонша шариттап жол таба алмай қойдық.

Ұ с т а м а у — қумау, жолына түспеу, кәсіп етпеу: ол жақсы ақын еді, бірақ ақындықты ұстамады.

Т ү с у — с а л ы н у: Березовка қай кезде түсті, соны білесіз бе?

Қ а қ т а п б і л у — көп білу, терең, жан-жақты білу.

Ш а қ ы р м а — шақырым, километр: салынғалы жатқан жолдың әр шақырмасы он мың сомға түседі.

З а р л а у б о л у — зарлы болу, кемшілік көру: ол жігіттің бір-ақ баласы бар, бастан зарлау болып жүр.

Д а л д ы ң-д ү л д і ң ж ү р у — ардың-гүрдің жүру: ол ешнәрсені ескермей, далдың-дүлдің жүре береді.

М ы л т ы қ т ы к ұ р у — мылтықты оқтау: ол мылтықты жақсылап құрды.

Б е й у а з б о л у — іс-әрекеттің өзін-өзі ақтамауы.

А р ы з е н г і з — арыз бер: бұл мәселе жөнінде аудандық мекемелерге арыз енгіз.

М і н ә с і п к ө р м е у — орынды көрмеу, жөнсіз көру.

М ә л к і л д е п о т ы р у — қалтырап отыру, шаршап отыру, кейде бұл сөз қартайып сөзінен жаңылысып отыр деген мағынада да қолданылады.

К і р п и е з д е н у — жиіркену: Тамақтан кірпиездену лайықсыз.

Қ а л б ы р л а у — елеу, сондай-ақ қалбыр сөзі елек мағынасын береді.

Б а с қ ы л у — басшылық ету, ақыл айту, кеңес беру.

К о л х о з ғ а к і р д і, с о в х о з ғ а к і р д і тіркестері колхозға түсті, совхозға түсті болып айтылады. Комсомолға өтті тіркесі де комсомолға түсті болып айтылады.

Ж а р қ е т у — жалт беру, аяқ баспау: аты олай қарай жарқ етіп жоламайды.

С а л д ы р а п қ а л у — талып қалу: кешегі қатты жұмыстан кейін қолым салдырап қапты.

Б а қ ы т ы м ы з ғ а ж а р а й — бақытымызға қарай.

Ж а н к ұ л а қ т а н у — естімейтінсу, ести тұрып елемеу.

Тұрақты сөз тіркестеріне байланысты мынандай диалектизмдер байқалады: *белім ауырып отыр* — ішім ашып отыр, өкініп отырмын; *жар басым жастыққа тимеді* — жар құлағым жастыққа тимеді; *тұла бойы кенжем* — ең кішім, кенжем.

Мына сөздерді де атап өту орынды:

*Б ұ й ы т а қ т а у* — бұйығу, *шәлдіректенбе* — беталды, жауапсыз сөйлеме; *қиыннан ұстау* — қиналып ұстау.

*Қ а б а ғ а т а у ы р у* — қатты ауыру.

*Қ а ж е т к ө р м е у* — қажет етпеу, *кеулей сұрау* — жете, қазбалай сұрау.

---

**С. ОМАРБЕКОВ**

## **ИЗ НАБЛЮДЕНИЙ НАД ЯЗЫКОМ КАЗАХОВ САРСУСКОГО РАЙОНА<sup>1</sup>**

Язык сарсуских казахов в диалектальном отношении неоднороден. Это объясняется коренными изменениями в этническом составе местного населения, связанными с перебазированием части жителей бывшего Джана-Аркинского района Карагандинской области на территорию Джамбулской области. В 30-е годы в связи с необходимостью использования свободных земельных угодий под пастбища на территорию Сарсуского района Джамбулской области переселилось много казахских аулов из Центрального Казахстана, которые ныне составляют основную массу местного населения. Таким образом, жителей этого района с точки зрения их относительной автохтонности сейчас можно разделить на группы старожилов и пришельцев. Наши диалектологические работы были произведены главным образом среди последней группы местного населения. И поэтому подавляющее большинство приведенных диалектных материалов относится к языку сарсуских казахов-пришельцев. При сборе языковых фактов мы ставили перед собой определенную цель — выяснить характер влияния говора старожилов, относящегося к южной группе казахских говоров, на язык новоселов, принадлежавший прежде северо-центральной группе.

Сарсуский район расположен в северо-западной части Джамбулской области. Районный центр — с. Байкадам — от ближайшей железнодорожной станции находится на расстоянии 105 км, от г. Джамбула — 180 км.

Основное занятие местных жителей — животноводство. В

---

<sup>1</sup> Статья написана на основе материалов, собранных автором во время диалектологической поездки, организованной Институтом языка и литературы АН КазССР летом 1960 г. в Сарсуский район Джамбулской области, ныне вошедший в состав Таласского района этой же области.

районе лишь ограниченная часть земельной площади занята под поливное земледелие.

Национальный состав жителей района однороден: весь район состоит почти из казахского населения.

Доминирующая часть сарсуских поселенцев этнически принадлежит джетырусским родам тама и жагалбайлы младшего джуза. Среди них, помимо тамницев и жагалбалинцев, можно встретить и некоторые отдельные подразделения рода аргын среднего джуза — алтай, алсай, таракты и др. Эти роды и родовые подразделения до заселения края жили в степях Центрального Казахстана по течению реки Сарсу. Поэтому исследуемый в диалектном отношении административный район не случайно носит название Сарсу<sup>2</sup>. Между тем по всей территории района под этим названием не встречается ни одного топонимического объекта. Название это сюда занесено, безусловно, выходцами из Центрального Казахстана, точнее — жителями побережья Сарсу.

По традиционному этногенетическому делению казахов все старожилы района относятся к старшему джузу. Из их наиболее крупных по численности родовых подразделений можно назвать имена: ойык, тілік, ошақты и др., представители которых в настоящее время живут менее компактно, т. е. вперемежку с новыми поселенцами, что, безусловно, способствует более интенсивному взаимовлиянию их говоров друг на друга.

Проведенные нами наблюдения показывают, что в столь короткий период времени, исчислявшийся лишь тремя последними десятилетиями, в результате постоянного и тесного языкового общения со старожилыми говор сарсуских казахов-пришельцев (хотя последние численно и превышают коренных жителей края) претерпел определенные изменения. Эти изменения особенно отчетливо проявляются в области лексики и фонетики. Так, например, в фонетической системе говора сарсуских поселенцев сейчас обнаруживаем такие звуковые соответствия, которые отсутствуют в языке бывших их сородичей (тамницев, аргынов и т. п.), обитающих в данное время приблизительно на тех же местах, что и эти поселенцы прежде. А между тем подобные звуковые соответствия, равно как и лексические особенности, для языка старожиллов являются характерными. К таковым можно отнести следующие звуковые соответствия:

Звонкий согласный *д* в середине некоторых слов после носовых *н, ң* заменяется сонорным *л*.

---

<sup>2</sup> По морфологическому составу казахский топоним *Сарсу* (или *Сарысу*) является сложным словом, состоящим из двух корней: определения *сары* (желтый) и определяемого слова *су* (вода). Сарсу по лексическому значению означает «желтая вода».



т а н л а й<sup>3</sup> — тандай (нёбо),  
т ү н л і к — түндік (войлочная часть юрты, покрывающая  
ее верх),  
а н л а у — андау (понимать, соображать),  
т ы н л а у — тындау (слушать, прислушиваться),  
м а н л а й — мандай (лоб),  
т е н л е у — тендеу (навьючивать, нагружать),  
т е н л і к — тендік (равенство). Это слово и в некоторых  
лично-собственных именах в говоре употребляется точно в та-  
ком же фонетическом варианте.

Литературному ж в начальной позиции слова соответствует  
аффрикативное <sup>д</sup>ж. Н а п р и м е р:

<sup>д</sup>ж ы л д а м — жылдам (быстро, проворно),  
<sup>д</sup>ж ү г е н — жүген (узда),  
<sup>д</sup>ж а п ы р а к — жапырак (лист),  
<sup>д</sup>ж і г е р — жігер (настойчивость, упорство),  
<sup>д</sup>ж ы л қ ы — жылқы (лошадь).

Данная звуковая особенность у сарсуских поселенцев на-  
ходит свое выражение в основном в речи представителей моло-  
дого поколения, тогда как у носителей старожильческого гово-  
ра мы ее встречаем как у пожилых, так и у молодых людей.  
Дифференцированное употребление этого фонетического явле-  
ния в языке сарсуских поселенцев в зависимости от их возра-  
ста можно объяснить тем, что формирование языка молодежи  
пришлого населения происходило в условиях взаимодействия  
двух разнородных говоров одного языка. Вследствие этого фо-  
нетическая система устной речи молодого поколения новосе-  
лов испытала большее влияние фонетики говора коренного на-  
селения края, чем, скажем, фонетическая система языка пред-  
ставителей их старшего поколения. Иначе говоря, звуковая  
сторона речи, как более устойчивая по сравнению с ее лексиче-  
ской, у представителей старшего поколения говора новоселов  
сравнительно мало подвергалась влиянию извне. Поэтому аф-  
фрикативное <sup>д</sup>ж в их речи, как правило, отсутствует.

Из числа наиболее свойственных языку сарсуских поселен-  
цев звуковых изменений, возникших под влиянием говора ста-  
рожилов, следует отметить соответствие согласных ш/с. Этот  
вид звуковых соответствий объясняется употреблением ш в ря-  
де слов вместо литературного с.

Н а п р и м е р:

б е ш — бес (пять),  
м ы ш ы қ — мысык (кошка),  
е ш е к — есек (осел),

---

<sup>3</sup> После диалектного слова через тире дается его литературный эквива-  
лент, а за ним в скобках следует его русский перевод.

м у ш ә п і р — мүсәпір (беспомощный, бесприютный),  
-м і ш — -мыс, -міс (частица, выражающая сомнение гово-  
рящего в достоверности высказываемого). *Мұны істеген қыр-  
ғыздың бір шебері дейді-міш* (говорят, что это сделал ка-  
кой-то киргизский мастер).

К подобному же типу диалектных фонетических особен-  
стей, получивших уже широкое распространение в говоре ка-  
захов-пришельцев, относится также выпадение латерального  
л в некоторых глаголах в средние слова после гласных а, ә, е.

Н а п р и м е р:

а г а н — алған (взявший),

ә к е г е н — әкелген (принесший). *Әлі әкеген жоқ* (еще  
не принесли).

к е г е н — келген (прибывший),

к е м е ді — келмеді (не пришел, не явился). *Ол бүгін жұ-  
мысқа келмеді* (он сегодня не явился на работу).

Говоря о выпадении в говоре согласного л, нужно отметить,  
что такое фонетическое явление иногда можно наблюдать в  
литературном языке, но, однако, там сфера его действия огра-  
ничена определенным количеством слов. В литературном язы-  
ке выпадение л наличествует в глаголах *әкелу* (принести), *қа-  
лу* (остаться), *келу* (приходить), причем тогда, когда эти  
глаголы выступают в деепричастной форме на -п, и то фа-  
культативно. Н а п р и м е р: *әкелп* — әкеліп (принесши), *қалп*—  
қалып (отставши), *келп* — келіп (прибывши).

В числе диалектных слов, проникших в говор новых посе-  
ленцев из языка носителей старожильского говора, можно  
указать на следующие:

ұ р п а қ — кебек (отруби),

ш и ш а — бөтелке (бутылка),

б і р д е н к е — бірдеңе, бірдеме (что-то, нечто),

ж ү д ә — тіпті, нақа (междометие, выражающее сожале-  
ние),

б а д ы р а н // б ә д і р е н — кияр (огурец),

ә п к і ш — инагаш (коромысло),

т а м — үй (дом). *Ауыз там* — ауыз үй (передняя). Нужно  
полагать, что слово *там*, несомненно, и раньше употреблялось  
в языке пришлого населения, но тогда оно, по всей вероятно-  
сти, означало не дом, как это имеет место в говоре сейчас, а  
надгробное сооружение, ибо слово *там* у казахов северо-цент-  
ральной части республики функционирует лишь в последнем  
значении.

ә п к е й — ана (старшая сестра),

м а қ а у — 1. мылқау (немой), 2. кеше, миғұла (бестолко-  
вый, тушица),

д ә л і з — кіре берістегі үй, сенек (прихожая, коридор),

а у қ а т — тағам, тамақ, ас (пища, провизия). Существи-

тельное *ауқат* характерно только для южных говоров казахского языка, а в остальных его можно встретить только в основе отыменного прилагательного *ауқатты*, что выражает понятие «зажиточный». Как существительное в последней группе говоров оно не встречается.

еге — ие (хозяин). *Үй егесі* (хозяин дома),

қол бақыр — бақыраш, үлкен ожау (ковш),

қылды бақыр — шелек (ведро),

топы — тақия, тебетей (тюбетейка),

өлә — па шіркін, мә саған (междометие, выражающее восторг, одобрение и т. д.),

арзымау — еңбекке тұрмау, еңбекке татымау (не стоит, не стоит труда),

пәтір нан — қиықша нан, майға пісірілген жұқа нан (четырёхугольная лепешка),

кемпірауыз — қысқаш, тістеуік (щипцы).

Наряду с приведенными выше языковыми материалами в речи сарсуских казахов-новоселов нами зафиксирован также ряд диалектных особенностей, исконная принадлежность которых к южной или северо-центральной группе говоров пока еще не выяснена. В области фонетики эти особенности представлены озвончением конечного согласного первого корня *к* в отдельных сложных словах перед сонорным *м*. Например:

Ағмарал — Акмарал (лично-собственное имя, происходит от словосочетания *ақ марал*, т. е. «белый марал»),

Ағмола — Акмола (топонимическое название, происходит от *ақ мола* «белая могила»),

Ағмолда — Акмолда (лично-собственное имя, происходит от *ақ молда* «мулла-блондин», буквально: «белый мулла»),

ағмандай — ақмандай (словосочетание, выражающее красоту женщин, дословно: «белый лоб»).

Что касается области лексики, то из данной группы диалектных особенностей здесь в качестве примера можно привести:

жаркелең — есалаң, жарымес (полоумный),

биеемшек — қымыздық (щавель),

қандым — вид степного растения,

шашыратқы — вид травы,

ұшпа — ұшқыр (резвый). *Ұшла ат* (резвый конь),

ніс алмас — топас (глупый, тупой). *Ніс алмас жігіт* (глупый парень),

татрандай — қап-қара (более черный). *Татрандай қара бала* (очень черный мальчик). Прилагательное *татрандай* образовано от существительного *татран*, что в языке местных жителей означает корень дерева с более темным оттенком цвета.

а м а н д а у — амандығын білу, түгендеу (проверяют целостность, сосчитать). *Жылқыны амандап келейінші* (а ну-ка, пойду проверять табун).

б і р т о ғ а — тұйық мінез, мінезі тұйық (необщительный, нелюдимый). *Бір тоға кісі* (нелюдимый человек).

к ә т т е — үлкен (большой). *Кәтте жігіт бол!* (будь большим джигитом).

ж и ы н-т е р і н — жиғаи-терген (добро, имущество). Последний компонент данного парного слова в форме *терін* в литературном языке не употребляется.

м ұ қ л а ж — мүлде (совсем). *Мұқылаж шаршады* (он совсем устал),

қ ұ р а п т ы — секілді, сияқты (подобный),

к ә д і л к і — кәдімгі (обыкновенный, заурядный),

м і н і с к е р — ісбекер, шебер (умелец, искусный мастер),

ш ы п ш ы н а й — жылбысын (смущка, получаемая с ягненка-недоноска),

э м е к п а щ а — эмпейі, ауыз жаласқан (близкие друзья, в прощальном смысле; сообщники),

к о с а у м а с т ы к — байсалдылық (степенность),

а қ т а я қ — көрші (название народной игры),

б ә к і ш е к — шегіртке (кузнечик),

ж о й л а у с ы з — жөнсіз, жосықсыз (неуместный),

т ү б і р т е к — түбір, өсімдік түбірі (корень растения),

қ а у з а у — көсеу, отты көсеу (сгребать огонь),

і л е-п а р а — ілініп-салынып (еле-еле держится). *Тіккен жерің құр іле-пара болып тұр ғой* (защитное тобою место, оказывается, готово распороться),

қ а р ы м д ы — күшті, қуатты (сильный, мощный),

і л к і м д і — ұшқыр (резвый). *Ілкімді ат* (резвый конь),

н ә я т і — тіпті, ең әрісі (даже),

ш а б ы қ — шөп науқаны (сеноуборка),

ш е к е й і н — дейін, шейін (до, по). *Ауылға шекейін* (до аула). Данное слово в говоре активно выступает главным образом в речи представителей старшего поколения новых поселенцев. Надо полагать, что оно унаследовано ими от прежнего их говора, так как послелог *шекейін* присущ языку жителей центрально-северной полосы республики.

н а ш а р п е с // н а ш а р п а с — нашар (слабый, ничего не стоящий). В литературном языке слово с суффиксом *-пес* встречается довольно редко.

м ә р е-с ә р е — еміп-еркіп (привольно, совершенно свободно),

а й р а-ж а й р а — употребляется в том же значении, что и *мәре-сәре*,

к і с ә п і р ш і л і к — қалтаға түсушілік (мелкая кража),  
м ы ң ғ ы - д ы ң ғ ы — мең-зең (парное слово, передающее сонное состояние человека),

т ә й т і к — ерке (баловень, избалованный),

т ә л п і ш — имеет то же значение, что и *тәйтiк*,

т ә т у — по лексическому значению тоже синонимично с *тәйтiк*,

е р ш і к — ыңыршак (седелка),

п а р у а з — сырғауыл, шырғай (шест, жердь),

к е п с е р — тесік ожау (шумовка). Эта домашняя утварь в разных уголках Казахстана носит разное название. Так, например, можно встретить такие его варианты: *шолпы, майшолпы, шабала, кәкпір* и т. д.

с а ғ а н а — там (надгробное сооружение),

б е с а қ а — айыр (вилы),

т е п п е — тезек (кизяк),

қ а н д а у ы р — қан алатын бәкі (скальпель),

а т а л а — быламық (мучная жидкая каша, похлебка),

қ о з ы қ ұ й ы р ы қ — санырауқұлақ (гриб),

а қ т а м а қ — құнажын сиыр (телка-трехлетка),

с ә м б і т а л — боз тал, құба тал (белая ива),

б о р у — шіру (гнить, гниение),

т о ң қ у — мөңку (шарахаться),

к о ж ы р а с у — көнілі кайту, еңсесі түсу (разочароваться),

а у ы м - с а у ы м — нақұрыс, делқұлы (ненормальный, неуравновешенный),

ә р у ә п — имеет то же самое значение, что и *ауым-сауым*,

с ы з д а у ы т — сыз жер, ызалы жер (влажная почва, сырая почва),

қ ы р қ ы н — күзем, қой қырқу маусымы (стрижка овец),

т е г е ш — аяқ (небольшая чашка),

т е г е н е — шара (эмалированный таз),

ш и е н — шалғын, көк шалғын (луг).

К данному же роду диалектных различий в языке сарсу-ских поселенцев относятся такие устойчивые словосочетания как:

к е у і л г е м а л а л к е л у — сенбеу, сенімсіздік ету (сомневаться, усомниться),

к ө з қ ұ н ы қ а л у — әкесінің құны калу (жажда преследования, охота преследовать),

қ ұ р ы м ы ж е т п е у — түк жетпеу (не хватать), Мұнша ма ақшаны өтеуге менің құрымым жете ме? (у меня разве хватит средств, чтобы выплатить такую сумму?)

қ о қ и ы қ ұ р ы п қ а л с ы н — междоветное словосочетание, выражающее испуг, страх.

ен кұрымаса — тым болмаса, нақа болмаса (в крайнем случае),

ак безер де көк безер болу — азар да безер болу — (ни в чем не признаться, категорически отвергать обвинение) и др.

## ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

### ҚАРАБҰТАҚ АУДАНЫНДА ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТУРАЛЫ

Қарабұтақ ауданы — Ақтөбе облысының шет аудандарының бірі. Бұл аудан солтүстік жағынан РСФСР-дың Адамовск ауданымен, шығыс жағынан Қостанаймен, оңтүстік-батысынан бұрынғы Ырғыз, Шалқар аудандарымен шектесіп жатады.

Қарабұтақ ауданында тұратын халықтардың көбі қазақтар. Ауданға берілген есім Ырғыз өзенінің бұтақ тәрізді болып ағатын саласына қойылған «Қарабұтақ» аты осыған байланысты қойылса керек. Соңғы жылдарда, тың және тынайған жерді игерумен байланысты қоныстанған орыс, украин т. б. ұлт өкілдері бар. Ауданда әр ұлттан құралған Ярославль, Щербаков, Свердлов тәрізді совхоздар құрылған.

Мұндағы қазақтар өздерінің этнотобы жағынан негізінде әлімұлынан тарайтын төртқара руынан тұрады. Сонымен қатар, құлтас, аппақ, ақкиіз т. б. ұсақ рулар да кездеседі.

Қарабұтақ ауданында тұратын қазақтар өздерінің этнотобы жағынан болсын, шаруашылық, жер жағдайы жағынан болсын, көршілес отырған бұрынғы Ырғыз, Шалқар аудандарындағы тұрғындармен ұқсас. Тілдерінде де айтарлықтай айырмашылық жоқ. Өйткені бұл елдер ерте кезде Ырғыз уезіне карап, аралас-құралас отырған. Осы ауданның кез келген ауылында бұрынғы Ырғыз, Шалқар аудандарынан келіп, қоныстанып отырған адамдар бар.

Бұл ауданның негізгі кәсібі — мал шаруашылығы. Дәнді дақылдан бидай, тары, жүгері егіледі.

Қолымыздағы бар материалдарды төмендегіше жіктеп беруді мақұл көрдік.

**I. Фонетикалық ерекшеліктер.** Жоғарыда көрсетілген ауданды мекендейтін қазақтардың тілінде әдеби тілде қолданы-

лып жүрген сөздердің кейбір дыбыстары өзгертіліп айтылады. Ондай ерекшеліктердің көпшілігі бірнеше сөздің, не бір сөздің төңірегінде ғана кездесетін кейбір дыбыстық алмасулар. б/м: меш (пеш), мешмент (бешпент), мауыздау құда (бауыздау құда) т. б. б/п: пәсеке (бәсеке), петі қайту (беті қайту) т. б. к/к: кәтті (кәтты), кәйтейін (қайтейін), кәй ара (қай ара) т. б. л/д: маңлай (мандай), тірілей (тірідей), сырды (сырлы) т. б. т (д)/ж дізгін (тізгін), дұздау (тұздау), дізе (тізе), дүз (жүз), дүзу (жүзу), туару (доғару) т. б. Сөз болып отырған ауданда бірді-екілі сөздерде кездессе де, ерекшелігі айқын сезілетін мына секілді сөздерге де назар аударуға болады; аялдар (әйелдер), тоноу (сонау), бүрше (бүрге), кеуіл (көңіл), жұрақат (жұрағат), бөтеке (бөтеге), біртеңке (бірдеңе), біткеру (бітіру), ашты (ашы), тұшты (тұшы). Сонымен бірге сөз ішінде белгілі бір дыбыстың түсіріліп айтылуы да байқалады. Мысалы, бізікі (біздікі), сізікі (сіздікі), оға (оған) т. б.

**2. Лексикалық ерекшеліктер.** Говордағы ерекшеліктердің ішіндегі ең молы және тез байқалатыны — лексикалық ерекшеліктер. Бұл ерекшеліктердің көбі — зат есімге жататын түрлі әдет-ғұрыптарға, тұрмыстық шаруашылықтарға, әр түрлі бұйымдарға байланысты сөздер. Ол сөздерді жеке-жеке реестрге шығарып беруді мақұл көрдік.

**А ғ а ш ү й** — киіз үй; қойшылардың көбі ағаш үйде отырады.

**А қ ы н** — ерекше білгір адам: молданың да ақыны болады. Бұл ауданда «ақын» сөзінің әдебиеттегі мағынасынан мүлде бөлек, білімді адам түрінде қолдануы өте жиі.

**А т а у ы з** — қысқаш.

**А ш у а т** — ашылы, сортаң жер.

**Ә й л і к** — үлкен, зор.

**Ә р л і** — жақсы, тәуір: етікті әрлі тігетін адамдар болады.

**Б а й п а қ** — пима, валенки.

**Б е л ш е р** — қылды, қыспақ жер: осы өзеннің төменгі тұсында белшер жер бар, сол жерден өтіңдер.

**Б о к о й** — тырнауыш жинап кеткен шөп, бал.

**Б ұ л ы қ** — көрпенің жиегіне жүргізілген тігіс: көрпенің жиегін бұлықтап отырмын.

**Б ы д ы м** — жуан, семіз: Сейітжан бір жылда быдым болды.

**Д ә й і с** — ұятсыз, арсыз, жауыз.

**Д е н г е н е** — серне, бір қойды сатып алып ортақтасып жеу.

**Д е р е** — малдың су ішетін науасы: дереден мал рақаттанып су ішті.



**Д а б о й т** — бару: *менімен қалжыңдасуға жүрегің қалай дабойт.*

Осы сөзді ересек адамдардан да, жастардан да жиі есітуге болады.

**Ж а р** — үй қабырғасы: *үйдің жарын керпіштен салып жатырмыз.*

**Ж а р г а з е т і** — қабырға газеті.

**Ж а н д ы қ** — ұсақ мал. *Соя қоятын жандығымыз болмай отыр.*

Бұл сөз *саулық қой* мағынасында да қолданылады.

**Ж а р ы н** — келер жылы. Сіз жарын жылы келсеңіз, көп нәрсенің өзгергенін көрер едіңіз.

**Ж ә м к е** — шымшуыр. *От басында жәмке жатыр, самауырға шоқты сонымен қысып сал.*

**Ж ұ м ы р** — қойшылардың қарыннан жасаған ыдысы: *мына балаға жұмырдан бір аяқ көже құйып бер.*

**З а у а л д а н у** — түсу, кему, төмендеу. *Қарабұтақ өзенінің суы зауалданыпты. Осы сөздің екінші мағынасы — тал түс. Мысалы, зауал ауып барады.*

**К ә р з е ң к е** — чемодан: *жолға шыққанда бір-бір кәрзеңкең болады.*

**К е с п е к** — бөшке: *өрт сөндірушілер бір кеспек суды лезде тауысты.*

**К е с е к** — кірпіш: *үйді кесектен салып жатырмын.*

**К ө р і м** — жаман, нашар.

**К ө ш е р** — арбаның күпшегі: *арбамның көшері сынып тұр.*

**К ү с у** — қаптау: *қойлар Қарабұтақ өзеніне күсіп келеді.*

**К і р қ а л т а** — жуылған кірді салып қоятын ыдыс.

**Қ а з а н ж а п п а й** — қазанға пісірген нан: *ас жақсысы қазан жаппай, сөз жақсысы ләббәй (мақал).*

**Қ а л а у ы ш** — түскиіз: *осы күні кестелі қалауыштар шығып жүр.*

**Қ а р а қ** — жанжал, дау: *ойнап отырып қарақ шығарды.*

**Қ а р д а р** — зәру, қажет: *адам күшіне өте қардармыз.*

**Қ о р п ы** — ұнның кебегі: *електен өтпей қалған қорпыны жеген мал тез семіреді.*

**Қ ы з а л а қ** — 11—12 жасар жас қыз.

**М о р о ш а қ** — кірпіштен жасалған қазандық.

**М ұ р а п а** — мақсат, тілек: *ол ойлаған мұрапасына жетіп, адам болды.*

**Н а ш а р б а л а** — қыз бала. Бұл ескі әдеттен қалған сөз болу керек. Әйтсе де, егде адамдардың тілінде кездесіп қалып отырады.

**О п** — шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы. Осы сөздің екінші мағынасы — балшық басқанда шұңқырдың ортасында адам тұратын орын.

Ө л к е — өзен. Бұл бригадада өлке жоқ, малға қиын болып тұр.

С а к — малдың жегенінен қалған шөп, қырқынды. Малдан қалған сақты бөлек үй.

С а й ғ а қ — қабырдың басына қоятын ағаш.

С е н е к — айыр: дүкеннен екі сенек сатып алдым.

С ү р д е к — жайылымы тозған жер.

С ы б а й — салт ат: осы ауылға сыбай атпен әзер жеттім.

Т а л а н — бақыт: таланым жоқ адаммын, өмірім бейнетпен өтті. Екінші мағынасы — бедел. Колхоз мүшелеріне жас күнімде таланым жүріп тұрды.

Т ә р т і п — бұйрық: ревизияға дайындал деп тәртіп беріп отыр.

Т ә л п і ш а д а м — жеңілтек адам: бастығымыз тәлпіштеу адам еді, жуырда орнынан түсті.

Т е н т е к — болат темір: темірдің тентегін отқа салып қыздырып, төске салып ұрамыз.

Т е б і з — сызалы, ойпаң жер: осы ауылдан 2—3 шақырым шықсаң, тебіз жерлер өте көп.

Т о л а й ы м — үнемі, ылғи: Бұзаубай ақын толайым үкіметті жырлап өтті.

Т о ш а л а — сәйгел: сиырға тошала тие бастады.

Ү м е — көмек: егіс уақытында қаладан үмеге көп адам келеді.

Ү п т е у — тонау, тартып алу: бұрынғыдай біреуді-біреу үптеп кете алмайды.

Ү р д і с — дәстүр, салт, әдет мағынасында: бұл елдің үрдісінде жоқ нәрсе, сіздің елдің үрдісінде болуы мүмкін.

Ш а п п а — бәкі.

Ш а л м а — шарф, бөкебай: магазинге жақсы-жақсы шалма түсіпті.

Ш а б р а — көрші: ол кісі бізге шабра.

Ш и л а н — ауыз үй: салынып жатқан үйімнің шиланы ғана қалды.

Ш о ш қ а т і с — шөп машинасының қияғы, таңдайы.

Ш ү й — жыртылмай қалған жер, жал: Сейітжанды жақсы тракторшы деседі, жерді жыртқанда шүй қалдырмаса керек.

Ш ы ғ а н д а — қашықта, алыста: мал сонау шығанда жүр.

3. Грамматикалық ерекшеліктер. Шығыс септікте айтылуға тиісті кейбір сөздер барыс септік тұлғада қолданылады. Жасымда молдаға оқып едім, осы күнде пайдаға аспай қалды. Жатыс жалғауы орнына барыс жалғауының айтылуы да байқалады. Мал өткен жылы осы айға семіріп еді.

Келер шақ есімшенің тын (тін) түрлерінің орнына «лі» формасы қолданылады. Совхоз бастығы ертең ауданға жүре-

лі шығар. Осы форма I жақта жүрем, барам шығар түрінде де кездеседі. Ақтөбеге осы екі-үш күнде жүрем шығар.

Етістіктің мына секілді, формалары келер шақ формасында қолданылады. Кележақ (келмек), бережақ (бермек), баражақ (бармак), кележақ (келешек). Мысалы: *Кісіге бережағың болса, алажағың да болады екен.*

*Жету, біту* тәрізді етістіктің ырықсыз формасы *жеткеру, біткеру* түрінде айтылады. *Қыста қаладан товар жеткеру өте қиынға түседі. Бастаған жұмысты тезірек біткеруге асығу керек.*

Есімшенің *жатқан* формасы *жатырған* түрінде ұшырайды. *Қойлар өлке (өзен) бойында жатырған.*

*Күніне, жылына* деудің орнына *күніге, жылыға* деп те айтыла береді. *Күніге жұмыста болу да ауыр екен.*

Мына секілді тіркестер де кездеседі:

*Баз кешу* (күдер үзу), *аударылып қону* (жақсы жерге қону), *шүй айдау* (шала жыртып, жал қалдыру), *шақпақ салу* (белгі салу), *шақаты келмеу* (шамасы келмеу), *шақалап айырылу* (жолдың жан-жаққа бөлінуі), *тәпейлеп сөйлеу* (пысық сөйлеу), *ел аузында етек тықпақ болу* (ел аузын тоқтату), *есікті қапсыру* (есік жабу), *жөн бар ма?* (сөз бар ма?), *ит бұйда ету* (ұрсу, сөгу, ұялту), *кеуім уақыт* (алакеуім), *кеуім тарту* (қас қараю, ымырт үйірілу), *құрсақ шашу* (босанған әйелге апаратын шашу), *ләпсі тарту* (тәбеті тарту), *мойытып салу* (қажытып алу), *орам беру* (жер-су беру), *пыш болу* (сеніп қалу), *сабан айдау* (жер жырту).

*Ш. Бектұров*

## АҚТӨБЕ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫНАН

1960 жылғы Тіл мен әдебиет институтының қазақ тілі тарихы мен диалектология бөлімі бойынша Ақтөбе облысының Жұрын, Ключевой, Темір, Қарабұтақ аудандарындағы тұрғындар тілінің ерекшеліктерін жинау жұмысы жоспарланған болатын. Осы мақсатпен июль — август айларында Ақтөбе облысының жоғарыда аталған аудандарының үшеуінде болып қайттық. Диалектологиялық экспедиция кезінде Ключевой ауданының Алға, Қандыағаш станциялары мен «ХХ партсъезд», «Наримановка», «Коммунист» колхоздарында, Жұрын ауданының «Ленин», «Жаңатұрмыс», Темір ауданының «Коппа», «Путь к социализму» колхоздарында және Темір қаласы мен Жұрын станциясы сияқты елді пункттері қамтылды\*.

\* Соңғы административтік бөлінуі бойынша осы зерттелген жерлер Темір, Алға селолық аудандарының құрамына енді.

Мақала сол экспедиция кезінде жиналған материалдар негізінде жазылып отыр.

Бұл аудандардағы тұрғындардың негізгі кәсібі мал мен егін шаруашылығы. Халқының құрамы жағынан алғанда қазақтар, орыс пен украиндықтар және XX ғасырдың бас кезінде келіп орналасқан гагауздар (Ключевой ауданында) бар. Сондағы тұрғын қазақтардың этникалық құрамы кіші жүзге кіретін Кердері, Кете, Қаракесек, Табын, Назар және Орта жүз құрамына жататын Уақ (Ключевой ауданы Наримановқа деген жерде) руларынан тұрады. Сонымен қатар осы рулардың ішінде қырғыздар да (Жұрын ауданы, Орқаш деген жерде) бар. Бұлар тілі жағынан қазақыланып, тек қырғыз деген ат ру ретінде сақталып қалған. Кейбір қарттардың айтуынша, бұл өңірдегі тұрғындар ішінде қырғыздан басқа да бірлі-жарым кірме рулар да (Кенегес, Жортпас) бар көрінеді<sup>1</sup>.

Осы күнгі әкімшілік-территория жағынан бөлінгенге дейін аталған аудандардағы тұрғындар Ақтөбе, Темір уездеріне қараған<sup>2</sup>.

Жұрын, Ключевой, Темір аудандарындағы тұрғындардың сөйлеу тілінде фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктер де кездеседі. Жиналған материалдың дені лексикалық ерекшеліктер болғандықтан бұл шағын мақалада сол жөнінде әңгіме етпекпіз.

Зерттеліп отырған аудандардағы тұрғындардың тілінде өзара бір-бірінен айырмашылықтары жоқ, біркелкі деуге болады. Ал осы материалдарды Қазақстанның оңтүстік немесе солтүстік-шығыс облыстарынан жиналған материалдармен салыстырғанда айырмашылығы айқын көрінеді. Мұндай өзгешеліктер — бір заттың Қазақстанның әр жерінде әр түрлі атауында. Диалектологиялық еңбектерде жергілікті ерекшеліктердің бұл түрі «сөйкесті диалектизмдер» делініп жүр. Бұған Ақтөбе қазақтарының тілінде кездесетін *үме, белбеу, соқты, томаға, сүзекі, шекер қайшы, тай кесе, сақ, қабырға ағаш*||*сүйен, өгіз қамыт, шүлдік*||*әйкөл* сияқты атауларды жатқызуға болады<sup>3</sup>. Бұлардан басқа осындағы тұрғындардың шаруашылығына, жер жағдайына т. б. байланысты сөздер де кездеседі.

Осы экспедиция кезіндегі жиналған ерекшеліктерді мағынасына қарай мынандай топтарға бөліп қарастырдық:

<sup>1</sup> Жұрын ауданы Жанатұрмыс колхозында тұрушы Батарбаев Қенжебайдың (65 жаста) айтуынша, Кенегес руын қарақалпаққа жатқызады.

<sup>2</sup> Словесно населенных пунктов КССР, Оренбург, 1923, стр. 7—31.

<sup>3</sup> Мысалға берілген сөздердің басқа говорларда кездесетін баламасы рәсестредегі сөздерге берілген түсіндірме ішінде көрсетілген.

## Туыстық жақындыққа, адамның әлеуметтік күйіне, дене мүшелері мен ауру аттарына байланысты сөздер

**Шақа** — ұрпақ, рудың ата-атаға бөлінуі. *Тілеуқабақтың шақалары осы жерде. Содан бері неше шақаланатынын білмеймін.*

**Тума** — туыс. *Бір көтеріп жіберді, тумамыз Сейіл қарасып. Екі тума үйлестік, қарасқаны жарасып.*

**Қызалақ** — 12—14 жастағы қыз бала.

Бұл өңірде құдағиды *құдағай* деп атайды. Сондай-ақ *әже* сөзінің қолданылуында қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда біраз айырма бар. Алматы, Жамбыл т. б. облыстардағы тұрғындарда *әже* сөзі әкесінің шешесіне айтылса, бұл жерде өз шешесін де осылай атайды.

**Жақжақ** — тіс түбінің ауыруы. *Бұрынғы кезде жақжақты жасыл жер деген дәрімен жазатын.*

**Қыркұлақ** — тіс пен аяқтан болатын ауру.

**Иелі** — көздің қызарып, ақ түсіп ауырғаны.

**Мысқыл** — мерез. Тамаққа жара түсіп, іріндеп жүретін ауру.

**Күләпсан** — сары жара болып шығатын тері ауруы. Бұрынғы кезде күләпсанды жазамыз деп мынандай өлең айтатын:

*Көш күләпсан,*

*Көшер болсан, інгенге көш.*

*Інгенге токым салып мінгенге көш.*

*Таппасаң онан жайлау мен айтайын,*

*Төрт бөліп түн ұйқысын жүргенге көш...*

**Саркезік** — сары ауру (желтуха).

**Жел ауру** — ревматизм. Бұның орнына Маңғыстау говорында *омал* сөзі қолданылады.

**Сыркас** — науқас, ауру.

**Бершімек** — беріш.

## Әдет-ғұрып, ойын-сауыққа байланысты сөздер

**Қол үздік** — малды сойған кісінің ақысы есебінде берілетін ет. Көкшетаудың Қызылту ауданында *бел тамыр*, Алматы облысында *азат омыртқа*, аян *омыртқа* деп аталады.

**Белбсу соқты** — тізенің астынан орамал жүгіртіп ойнайтын ойын. Бұл ойынның аты Қазақстанның әр жерінде әр түрлі. Алматы маңында *андалақ*||*монданақ*, Шу бойында *жылтыр кетті*, Қарағанды облысының Шет ауданында *әбір-сүбір*, Көкшетау облысының Қызылту ауданында *орамал жүгіртпек* делінеді.

**Тауа** — асықтың тегіс жағы. Көкшетаудың Қызылту ауданында *тәйе||тәуе*, Алматы маңында *тәйке* деп аталады.

**Омпа** — оңқа (асықтың оңқасынан тұруы). Көкшетау облысының Қызылту ауданында *шомпы* сөзі қолданылады.

**Шатыраш** — дойбы. *Қалтасында шатырашы да бар екен.*

**Әуе таяқ** — ойын аты. Әуе таяқты әуеге қарай лақтырып, екіншісі соны ұрып тигізеді. Таяққа тигізсе ұпай алады.

**Үме** — көмек, жәрдем. Жиіналып қоғамдасып біреуге жәрдем етсек, *үме* дейміз.

**Төрт асық** — ойын аты. Төрт асықты шашып жібергенде төрт түрлі түссе я бір түрмен түссе ұтқаны, ондай түспесе ұтылғаны. Асықты екінші кісі соғады.

**Қарт-құрт** — қыста ойнайтын балалар ойыны (қарт-құртты екі бала ойнайды. Олардың қолында таяғы болады. Екеуі үйдің екі жағына кетіп, қарды немесе үйдің қабырғасын сызады да, бірінің сызығын бірі іздейді. Іздеп тапқаны сол сызықты өшіреді. Осылай етіп ұпай салады. Кімнің сызығы көп болса, сол жеңеді).

**Кім түртті** — жас балалардың ойыны (кім түртті ойнағанда біреуінің көзін орамалмен байлайды. Отырған балалардың біреуі оны шертеді, көзін ашқан соң сол шерткен баланы табу керек. Тапса, шерткен бала отырады, таба алмаса, өзі қайтадан көзін байлайды).

**Сыралғы** — аңға шыққан кісіден алынатын олжа.

**Шүлдік||әйкел** — балалар ойынының аты. Шүлдікті ойнағанда төрт бұрыштап жерді сызады да, ортасын қазады да, соған шүлдікті (10—15 см. кесілген ағаш) лақтырып түсіреді. Содан соң таяқпен ұрып ұпай салып ойнайды. Осы ойынның аты әр жерде әртүрлі аталып жүр. Осы облыстың кейбір ауданында *әйкөл*, Алматы маңында *бәллей* сөздері қолданылады.

**Шүлдік сап** — шүлдікті ұратын таяқ. Ырғыз ауданындағы тұрғындар тілінде *әйкөл сап* деп атайды.

**Әйкел ағаш** — шүлдікті ойнағанда сызылған чертадан бастап үш рет ұрады. Соның бірінші ұруының аты.

**Сәйкел ағаш** — шүлдікті таяқпен екінші рет ұру.

**Доңғал ағаш** — шүлдікті таяқпен үшінші рет ұру.

**Ебей** — шүлдік ойынында жеңіліп қалу. Жеңілген адам: «Ебей, ебей, ешкі жемей, қойдан қалып мойын жемей» деп шүлдіктің ұшқан жерінен «зымын» деп келсе, Алматы маңындағы балалар ойнағанда «бәлләй, бәлләй, бәлі білі биләй» деп дем алмай жүгіреді.

**Асық жаңылтпаш** — балалардың асықты жасырып ойнайтын ойыны (ортасына төрт асықты тігеді. Содан кейін төрт жағына үш-үштен екі жерге қояды. Біреуін теріс қаратып қойып, біреуі ортадағы төрт асықтан бастап: «нешеу бі-

реу» деп сұрайды. Екінші төртеу біреу дейді. Содан бір асықты алады. Содан соң үш асықты «нешеу біреу» деп сұрағанда, екінші бала «үшеу біреу» деп асықты осылай азайтып, төрт жағындағы асық таусылғанша сұрай береді. Теріс қарап отырған бала жаңылмай айту керек. Жаңылса ұтылғаны).

**Ш ү л е н** — бұрынғы кездегі дінн адамдарының жұма күні намаз оқығанда әркімнің алып келген малдарын үлкен қазанға пісіріп, соны қарып-қасерлерге бөліп беруі.

**А қ қ ұ л а** — жеке-дара бөлініп тұру. Мысалы, қырманда бидай қаптар алдында садақаға беру үшін бөліп қойған бидай т. б.

**Ы с т а қ а н** — бастың құйқасынан бөліп беруді айтады. Бұл сөз Шу бойы тұрғындарында ұстаған деген сөз. Сүйек мағынасында қолданылады.

**К ө з т о л м а** — иірілген жіптің ұршық басындағы қаңғалағымен бірдей болып толуы. Орынбор облысындағы тұрғындар тілінде *бір алқым жіп* сөзі қолданылады.

**Б а с а л м а** — ұршық басындағы қаңғалағын суырып алып толтыруы. *Б а с а л м а н ә н* болады.

### Тамақ атауларына байланысты сөздер

**Ж а л п а қ н а н** — ашытпай жұқалау етіп, қазанға майсыз пісірген нан. Бұны Көкшетау облысының Қызылту ауданында *батыр* деп атайды.

**Б ы р ш у** — қатты ашу. Бұл сөз орнына Қазақстанның кейбір жерлерінде *быржу*, *бықыру* сөздері қолданылады.

**Б а с ш е к е р** — тұтас ірі қант.

**К е с п е ш е к е р** — рафинад, шакпақ қант. Қызылту ауданында *құйма қант* сөзі қолданылады.

**Ж у а** — пияз. Бұның орнына Көкшетаудың Қызылту ауданында *сарымсақ* сөзі қолданылады.

**Т а қ т а ш а й** — кірпіш шай. Бұл сөздің қазақ тілінің кейбір говорларында *үкпе шай*, *теппе шай* сияқты баламалары бар.

**Ж а р м а қ** — ұнды елегенде шыққан кебек. Алматы маңында бұның орнына *ұрпақ*, Орынбор облысының кейбір аудандарында *күрпе* сөзі айтылады.

**Л ә м п ә ш и** || **т ә т т і** — конфет: *мәгәзінде жақсы ләмпәши бар көрінеді*.

**С а л м а** — кеспе. Бұның орнына Қызылорда облысының кейбір жерінде *үзбе* сөзі қолданылады. Алматы, Жамбыл облыстарында *салма* сөзі айтылмайды.

**С ы р б а з** — еттен дайындалған тамақтың түрі.

**Ж ы л м а** — түйе сүтінен жасалған тамақ. Маңғыстау говорында мұның орнына *балқаймақ* сөзі ұшырайды.

## Үй және үй құрылысына байланысты сөздер

А з б а р — ашық қора.

Ш а л п ы — камыс, талды араластырып жасаған аула.

Қ а р а-б у р а — шөппен, қимен тағы басқамен қалап өсірген ашық қора. Бұның синонимі ретінде Көкшетау облысының кейбір аудандарындағы тұрғындардың сөйлеу тілінде кездесетін *аран*, *албар* сөздерін айтуға болады.

А қ ы р || о т т ы қ — малға шөп салатын жер. Қазақстанның солтүстік облыстарында *оттық*, оңтүстік облыстарында *ақыр* сөзі қолданылады.

Ы р ғ а қ || і л г е ш е к — есіктің ілгегі. Көкшетаудың кейбір аудандарында бұның орнына *күршөк*||*шотке* сөздері қолданылады.

Қ а р ғ а ш а — есіктің тақтайларын ұстап тұратын көлденең шегеленген ағаш.

Қ і н д і к — есіктің тұтқасы.

Үй құрылыстарының атауына байланысты *жертөле* (жертам), *дабыл үй* (төрт қанатты киіз үй), *қазан жақ* (ауыз үй), *төр жақ* (түпкі үй), *үрлік*, *белдік* (бел ағаш) сияқты сөздер кездеседі. Сондағы тұрғындардың айтуына қарағанда кейінгі кездерде *дәліз* сөзі де қолданыла бастаған.

Т а я у || б а ғ а н а — тіреу.

Б а с қ а л д а қ — саты.

Ш а р т а қ — шарбақ, тоқыма аула.

Қ а б ы р ғ а а ғ а ш || с ү й е н — бел ағаш, мәтке үстіне салатын жіңішке ағаштар. Бұл Алматы маңында *шанжа* Қарағанда облысының кейбір аудандарында *шырыш*, Шу бойында *шабақ* деп аталады. Орынбор облысындағы тұрғындар тілінде *сайғау*.

## Киім-кешек, көрпе-жастыққа, кездеме түрлеріне байланысты сөздер

І л г е к — түйме.

Ж а у л ы қ — шаршы ақ мата.

Ж а л ғ а н т ы с — тұмақ сыртынан киетін бас киім. Көкшетау облысының кейбір жерлерінде — *жепен*||*күләпара*.

Ш а п а т а — шикі теріден істелген аяқ киім. Алматы облысының тұрғындары тілінде — *шоқай*, Шу бойы тұрғындары тілінде — *шарық*, Көкшетау облысының кейбір жерлерінде — *ұйық* сөзі қолданылады.

Ш ы м ы л д ы қ қ а с — шымалдықтың басы.

Т е б е т е й — тақия.

Ш а р қ а т — мойын орағыш. Орынбор қазақтарында *мойын шарқат* сөзі жиі қолданылады.

Д е н м е н т б е л б е у — күміс белдік.



Ұйық — етік сыртынан киетін киізден тіккен аяқ киім.

Қызылтон — әйелдің жазғы шапаны.

Байпакты етік — киіз қонышты етік. Маңғыстау говорында бұның орнына бөкіс сөзі қолданылады.

Қайыс етік — көн етік. Алматы маңындағы тұрғындар тілінде *чоқай*, Шу бойында *чарық*.

Түрме белбеу — жібек белбеу.

Үштап — жібектің жұқа түрі.

Ләмпөк — жылтыр, жұқа қара мата.

Бір дүзме — ажарлы шыт мата. *Бір дүзме бір жуғаннан кейін оңып кетеді.*

Ақсұп — ақ мата.

Ақзон — қалыңдау келген ақ мата. *Ақзоннан көйлек тігуге болады.*

Патшайы — бейқасамның бір түрі.

Шүршіт бөз — қалын, ақ, бүршік-бүршік мата.

Сарбөз — сарғыштау келген жұқа мата.

Загран — костюм-шалбарлық жылтыр қаракөк мата.

Тептік — жол-жол келген ала жолақ мата.

Мая жүн — шекпен т. б. жауын-шашынға киетін киім жасайтын брезент.

Сәрпенке — нашар, жұқа мата. Ілгеріде той-томалақта сәрпенкені ат шабысқа, түрлі кәдеге жұмсайтын.

### Ыдыс-аяқ және үй бұйымдарына байланысты сөздер

Моржа — шамның лампасы. Көкшетау облысының кейбір жерлерінде *бұзырок* сөзі жұмсалады.

Бақыраш — қол бақыр. Көкшетаудың Қызылту ауданында *жаулау*.

Сүзекі || сүзгі бақыраш — тесік ожау. Қазақ тілінің говорларында бұл сөздің бірнеше синонимі бар. Алматы облысы тұрғындарында *келсер*, Шу бойында *майқалақ*, Көкшетау облысының кейбір аудандарындағы тұрғындар тілінде *кәкпір* сөзі жұмсалады.

Күбішелек — ағаш бөшке.

Шилан — ақша салғыш. Көкшетау қазақтарында *күмәжнік*, Алматы облыстарының кейбір жерлерінде *қапшық* сөзі айтылады.

Шекер қайшы — қант шаққыш. Қызылту ауданында *қант қайшы*.

Иін ағаш — су әкелетін ағаш. Көкшетау облысының кейбір жерлерінде *мосыла*.

Насыбай тостаған — насыбай уалайтын ыдыс. Бұл сөздің де қазақ тілі говорларында бірнеше түрлері кездеседі. Алматы маңындағы тұрғындар тілінде *насыбай шелек*, Көк-

шетау облысының тұрғындары тілінде үкіш деген сөздер қолданылады.

Шыпта — шиден тоқылған тары сүзгіш.

Шыны — бөтелке.

Күршек || тас күршек || күзе — құмыра, қыстан жасалған ыдыс.

Өкше біз — керегенің көгін, ерді т. б. тесуге арналған жуан біз. Шұ бойы тұрғындарында бұның орнына үскі біз сөзі қолданылады.

Жуалдыз — түйенің жазын тігетін тебен ине.

Мәстемір || көсеу — шоқ қысқыш. Орынбор облысындағы тұрғындарда жәмке.

Тай кесе — үлкен кесе. Кіші кесені бұл өңірде де шай кесе деп атайды.

Тайсандық || кеу сандық — киім-кешек т. б. салатын үлкен сандық.

Шайсандық — кіші сандық.

Томаға — түтін өшіргіш.

Пиала — стакан. Оңтүстік облыстарда пиала || пиа-лай сөздері шай кесе мағынасында қолданылады.

Бастық — тұз салатын дорба: бастықты бұрын түйенің бас терісінен істейтін.

Мойнак — түйенің мойнағынан жасаған торсық.

Жұмыр — сусын құятын ыдыс.

Кере қап — киім-кешек салатын қалта.

Күржі — қоржын аузының ілгегі.

Керме ағаш — ыдыс-аяқ салатын шкаф.

### Ауыл шаруашылығына, ер-тұрман және транспорт жабдықтарына байланысты сөздер

Шалғы орақ — шалғы.

Жоңғы орақ — ағаш жонатын құрал.

Қол орақ — орақ, егін орақ.

Терте — арбаның жетек ағашы. Қызылту ауданында бұны арыс деп атады.

Бел көтерме — бел қайыс. Көкшетаудың кейбір аудандарында бауыр көтерме.

Бауыр калдық || бауыр тағ (ы) — жалғыз атты арбаға жеккенде аттың бауыр жағынан алынған қайыс.

Шыбыртқы — ұзын қамшы. Көкшетауда бишік, құнт сөздері осы мағынада қолданылады.

Өгіз қамыт — өгіз жегетін ағаш, ярмо. Бұның орнына Алматы, Жамбыл облыстарында мойынтұрық, Көкшетау облысында жарма, мойын ағаш сөздері қолданылады.

Түп жаноз — өгіздің мойынтұрығындағы ішкі қазық

Бұл сөзді Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарындағы тұрғындар *палуан сопи* деп атайды.

**Ж а н о з** — өгіздің мойынын ұстап тұратын мойынтұрықтың сырт жағындағы жіңішке темір. Орынбор қазақтарында *сопи*, Алматы маңындағы тұрғындарда *самиян* сөздері қолданылады.

**Т а б а н т е м і р** — дөңгелектің сыртындағы шен темір.

**Т а б а н а ғ а ш** — дөңгелектің шен темірі ішіндегі имек ағашы. Көкшетауда *қима*, Шу бойында *шаңғарақ*, *тоғын* делінеді.

**К е г е й** — дөңгелектің шабақ ағаштары.

**Т а р т п а а ғ а ш** — арбаның артқы және алдыңғы дөңгелегін байланыстыратын ағаш. Көкшетаудың Қызылту ауданында — *оқ ағаш*.

**І с т е м і р** — ағашты күйдіріп тесетін темір!

**Ы н ғ ы р ш а қ** — жалғыз атты арбаны жеккенде бел көтергіш қайыс өткізілетін ершік. Көкшетау облысының кейбір аудандарында *седелкі*.

**Ы р ғ а қ** — маядан немесе үйілген шөптен шөп суыратын ілгек темір я ағаш құрал. Мұны Көкшетауда *шотағаш*, Қарағандыда *жұтна* деп атайды.

**С а б а н** — соқа. *Ат сабан қазір қалды ғой.*

**Ж а й д а қ ш а н а** — шөп таситын қанатты шана.

**К е б е ж е ш а н а** — шөп таситын қанатты шана.

**К е б е ж е ш а н а // к и м е л і ш а н а**, **б ө ж е к** — 1—2 кісілік жеңіл шана. Осы облыстың Ойыл ауданында *бажок шана*, *бұзаулық*, Орынбор облысындағы тұрғындар тілінде *кебеш шана* деп атайды.

**Б е л а ғ а ш** — екі дөңгелекке өткізілген оқ темір я ағаш. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында *көшер* сөзі қолданылады.

**Т і р е к** — арбаның қалқанын, сатысын ұстап тұратын төрт жағындағы қазығы. Орынборда *қаламдық* сөзі жұмсалыады.

**Қ а л қ а н** — шананың қанаты. Орынбор қазақтарының сөйлеу тілінде *өреше* сөзі қолданылады.

**Қ а л қ а н д ы а р б а** — сатылы арба, радванды арба.

**Д о ғ а л а қ** — дөңгелек. Адамов, Бөрте аудандарындағы тұрғын қазақтардың сөйлеу тілінде *тегірмеш*.

**К е к і л д і к** — жүгеннің кекіл бастырғышы. Орынбор облысының кейбір аудандарында *маңдайша*.

**Ж е л к е л і к** — жүгеннің төбелдірігі.

**К ө к а р б а** — шөп таситын төрт дөңгелекті арба.

**А у ы т** — нар түйеге салатын жазы.

**Қ а н д е к е р** — басы үшкір арт жағы жалпақ ер.

Б о қ а н е р — алдыңғы қасы қошкар мүйіз болып келген артқы қасы да иіліп келген ердің түрі.

А ш а м а й — балалар мінетін ер. Бұл ерді Алматы маңында *ыңыршақ* деп атайды.

К ө н б а с е р // к ө к б а с е р — былғарымен қапталған ер.

Ү й р е к б а с е р — ердің бір түрі.

А қ б а с е р — сүйекпен әшекейленген ер.

Ж о н а — ердің желдігі.

### Мал шаруашылығына байланысты сөздер

Ә р ә д і к — күзде немесе қыстың басында туған төл.

Б а с қ а қ — қой ауруы. Басқақпен ауырған мал шөпті тойып жемейді.

Қ а т а — мал ауруы. Ката жем шөпке топырақ араласқаннан болады.

Қ а қ т а м а — қолмен жайған тезек.

С о к п а т е з е к // д о м б а й — тезектің қалыпқа немесе шылапшын т. б. құйып жасалған түрі.

Б а с т ы р м а — қыстай жиналған мал көңін көктемде көлікпен бастырып, ойып алған түрі.

Ү й е з — сиырдың далада жусаған жеріндегі тезегі; мында заготскоттың сиыры жатқан, үйез көп.

Т е р м е т е з е к — қолмен жайған тезек.

Ж а н д ы қ — ұсақ мал (қой, ешкі). Алматы, Жамбыл облыстарында *ұсақ жан*.

К е л а п а н — козыны тану үшін қырықпай қалдырған шок жүн.

Т ә й ө г і з — тайынша. Алматы маңында осы атаудың орнына *тана* сөзі қолданылады.

Н ә р е г е й — нәзік болып туған төл.

С е й і с // а т с е й і с — атбаншы. Ат бәйгеге *сейістер* бір-бір жүйрік атты дайындап отырады.

Ш о ш а л а — оқыра. Бұл ұғымды білдіру үшін Көкшетау облысының Қызылту ауданында *шанышқақ // сәйгел* сөздері қолданылады.

Б о з ы м — айыр өркешті түйе: *бозым күшті болады*.

К ө й і н — лөктің жаманы: көйіннің атасы лөк, енесі кердері болады.

Б і р т у м а — нардың ең жақсысы. Біртуманың енесі айыр өркеш түйе де, атасы лөк болады.

М ы р з а қ о с п а қ — өркеші жақын келген түйенің түрі. Мырзақоспақтың атасы бура да, енесі нар.

К ү р т — нар түйенің ең нашары. *Күрт жүк артқызбайды, айдаса жүрмейді*.

**Алакүлік** — алакүлікті жегеннен пайда болатын түйе ауруы.

**Ақтамғақ** — түйенің іш ауруы.

**Қара өкпе//көк қатпа//ақ тайғақ** — лай су ішкеннен пайда болатын құрт ауруы.

**Сары солма** — жылқы ауруы. Сары солмамен ауырған жылқы оттап жүргенімен ет алмай жүдей береді.

**Ардап** — қаталаған жылқыға ішкізетін ұннан жасалған сұйық зат.

**Пыскырық** — маса, сона шаққаннан болатын қой ауруы.

Мал ауруларына байланысты сөз етіліп отырған тұрғындар тілінде мынандай атауларды кездестіруге болады: *қара түйнек* (ішегі түйіліп ауыру), *ақбайпақ* (тұяғы түсіп ауыратын ауру), *қара сан* (саны ісіп ауыру), *қара қарын* (талағы ісіп ауыру), *сақау* (алқымы ісетін ауру), *шығу* (үлкен жара, ісік болады. Оны қарып жазады), *таңдақ* (тіс түбінің ісуі), *тас өкпе* (өкпесі беріш болып жөтеліп ауыру), *айналма*, *күл т. б.*

### Егінге, өсімдік аттарына байланысты сөздер

**Алабүйректары** — тарының бір түрі.

**Шаршаутары** — тарының ұсақ болып келетін түрі.

**Қызылтары** — тарының бір түрі.

**Сарытары** — тарының бір түрі.

**Мысыққұйрық//қожа тары** — тарының бір түрі.

Мұны Алматы маңындағы тұрғындар *қонақ* деп атайды.

**Көксағыл** — тарының толық піспеген кезі.

**Зорат** — бидай, тары т. б. бастырылмаған үйіндісі.

**Майқан** — көлікпен, таспен бастырған егіннің топаны мен сабаны арылмаған түрі.

**Қодырен** — жабайы шыққан бидай.

**Ұрлық** — ұрық, дән (қауын, дарбыз т. б.).

**Қастауыш** — тарының дәнінің болмауы. *Кесінді, қастауышты толайымен сыпырып жібер.*

**Кесінді** — уақ сабан. *Ықтында кесінді кетіпті.*

**Кебек** — мая, шөп үйіндісі.

**Күпәнә** — шөмеле, шөп үйіндісі.

**Қаума** — ат тырмамен тырмалағандағы шөп үйіндісі.

**Бөкес//бал** — шалғымен шабылғандағы шөптің жиналып жал-жал болып қалуы.

**Сақ** — шөптің мал жегеннен соң қалған ірісі. Бұл сөздің орнына Көкшетауда *қырқынды*, Алматы, Жамбыл облыстарында *кәшек* атаулары қолданылады.

**Шағыр** — жусанның биік болып өскен түрі. Жусанның

бұл түрі Көкшетауда *ақ жусан*, Шу бойында *шағыл жусан* болып аталады.

*М а й қ а р а ж у с а н* — қатты жерге шығатын жусан түрі. Майқара жусанды жылқы сүйсініп жейді. Осындағы тұрғындар тілінде жусанның *ақ жусан*, *ермен жусан* деген түрлері де кездеседі.

Осы жоғарыдағы топталып көрсетілген лексикалық ерекшеліктерден басқа сөз етіліп отырған аудандардағы тұрғындар тілінде мынадай сөздер де кездеседі.

*А қ ы р* — кірпіш құю үшін қазылған жер.

*А л с ы н* — шабылған жерге қайта шыққан шөп.

*А у ы з о т//ү й а қ ш а* — ілгеріде болған мал басына төлейтін салықтың түрі. Шу бойы тұрғындарында бұның орнына *шөп ауыз* сөзі қолданылады.

*Л а қ а т* — қабырдағы кісі қоятын жер. Алматы маңында *жарма* сөзі қолданылады.

*Ш ө б е р е* — тері илейтін томар бояуды қайнатқанда түбінде қалғаны.

*С і л т і* — сабанның күлін суға қайнатып, тұнытып алғаны. Теріні сілтіге салса, жүні жидіп түсіп қалады.

*О л а қ* — көл жағасындағы мал суғаратын шұқыр.

*Т о ғ а й* — қыстау, қыстаған жер: *мен онымен Түркен тоғайда кездестім.*

*Т о ғ а н а қ* — ілгек ағаш.

*Ж а н ғ ы з қ а з ы қ* — тышқан т. б. іні. Көкшетау облысының кейбір аудандарында бұның орнына *тышқан қорық* сөзі қолданылады.

*А қ ш е л е к к ұ д ы қ* — кең құдық.

*О р п а* — сайлы жерден қазған тайыз құдық.

*Д е р е* — астау астындағы тірек.

*Т ұ р а н* — тау үстіндегі су жиналған ойпаң жер.

*Б а л қ а ш* — балшықты, сазды жер.

*Д о л ы қ* — құдық балшығын шығаратын тері ыдыс.

*Қ о б ы* — екі жағы биік, ортасы қуыс өзек.

*Қ а у ы ш у* — кездесу, жолығу, ұшырасу: *балам, сені мен бір шалмен қауыштырайын.*

*Қ а п ы л у* — асығу, сасу. *Не бар қапылып саған. Мәшине іздеп қапылып жүрген шығар.* Бұл сөз Жұрын ауданында кездеседі. Қарабұтақ ауданындағы тұрғындар тілінде *жанығу*.

*Д ү р е у* — тарау: *Ескі шежірелер бойынша Түмен дегеннен қырғыз дүреді, Алаштан қазақ рулары дүреді.*

Бізде сонан дүредік  
Тартулы жатқан желімсің.  
Атағы шыққан аймаққа.  
Айдын шалқар көлімсің

(*Айжарықовтың өлеңімен*).

Ту а р у — доғару, тоқтату. *1956 жылы жұмысты туардым.*  
Су ы р у — бидай, тары т. б. ұшыру.  
Кө з е у — бұлақ көзін ашу.  
С ы қ т а у — зорлау, қысу.  
Б а я л д а у — кідіру, аялдау.  
П і с е н т т е у — пысықтау.  
Р а й л а у — сауығу.  
Т а н ж ы р а у — шаршау.  
М ә п е к т е у — бәйек болу, асты-үстіне түсу.  
Б і л і к т і — білімді. *Өзі де білікті адам шығар.*  
А й қ ы н — үлкен.

Жол бойында табыс деп  
Жағалай қонған ел болды.  
Су түспейтін Шұбартау  
Айқын үлкен көл болды.

Қ а ж а р л ы — күшті, қажырлы.

Сейсенбі бейнет көрді талай-талай  
Белгілі үйреніскен оған маңай.  
Жылқы бағу қиын деп халық айтады.  
Қажырлы Сейсенбіге болды оңай

(Айжарықовтан)

Т о л а й ы м — түгелімен. *1945 жылға дейін сауда қызметкері, соғыстан кейін толайым колхозшы болдым. Ол бір қораның қиын толайым ойып алыпты.*

К і л — күллі, барлық.

Кіл еңбекші бас қосқан  
Бір-біріне сенімді.  
Жасасын Ленин партия  
Мәпелеткен елімді.

Зерттеліп отырған объектіміз қазақ тілінің батыс говорлары тобына жатады. Сондықтан кейбір сөздердің осы говорлардың бәріне ортақ болуы заңды нәрсе. Дегенмен осындай ортақ жақтарымен қатар осы өлкедегі тұрғындар тілінен жиналған сөздерді Маңғыстау түбегіндегі немесе Орынбор қазақтары тілінен жиналған материалдармен салыстырсақ, біраз айырмашылықтарының бар екені байқалып қалады. Соған мысал ретінде берілген осы төмендегі салыстыру кестесіне назар аударыңыз:

Темір, Жұрын, Ключевой

Адамов, Бөрте

белбеу соқты — ойын аты  
тауа — асықтың тегіс жағы

орамал ойнау  
тауқа

көз толма — ұршық басының толуы	бір алқым жіп
кешір — сәбіз	ешкі құйрық
жармақ — кебек	күрпе
бастап ұлтарма — қайта бастаған етік	бастама етік
жалғаштыс — тұмақ сыртынан киетін киім	жалбай
мәстемір, көсеу — қысқаш	жәмке
кере қап//керме — жуылған көйлек-көпшек т. б. салатын дорба:	керме
тай кесе — үлкен кесе	түйе кесе
шекер қайшы — қант шаққыш	тістеуік
шот//шот орақ — тесе, тятка	шот кетпен
дәліз — бастырма мағынасында айтылады	әуестік//ықтырма
төргі үй — түпкі үй	конақ жақ
қабырға ағаш//сүйен — шабақ, шанжа	сайғау
белдік — бел ағаш	үрлік
бел көтерме — бел көтергіш	арқалық
кегей — дөңгелектің шабағы	бақалақ
сейіс — ат баптаушы	бапкер
бауыр қалдық — ат жеккенде бауырдан тартатын қайыс	бауыртақ
тапай тезек — күрекпен ойылған тезек	басқан тезек
тартпа ағаш — арбаның артқы және алдыңғы дөңгелегін байлауыстыратын ағаш	белдеме
кимелі шана//кебеже шана — жеңіл шана	кебеш шана
бел ағаш — дөңгелектің осі	көшер
тірек — арбаның қазығы	қаламдық
іскенже — атауыз	қысқаш
қалқан — шананың қанаты	өреше
гүл жаноз — мойынтұрықтың ішкі самияны	палуан сопи
доғалақ — дөңгелек	тегірмеш
табан ағаш — дөңгелектің иін ағашы	тоғын



## Темір Жұрын, Ключевой

моржа — шамның лампасы,  
мойыны  
күс төсек — мамықтан жасал-  
ған төсек  
кере қап—жуылған киімдерді  
салып қоятын шүберек ыдыс  
дорба—біз т. б. салатың ыдыс  
күржі — қоржын аузының іл-  
гегі  
бақалақ//балдақ шымылдык-  
тың балдағы  
көсеу — от қысқыш  
шарқат — мойын орағыш  
сүзгіш//сүзекі — тесік ожау  
байпақты етік — киіз қоныш-  
ты етік  
қайыс етік — көн етік  
жылма — түйе сүтінен жаса-  
ған тамақ  
құлыптас — мола үстіне қой-  
ылған белгі  
алапан — кәде  
доғалақ — дөңгелек  
ыңыршақ — ершік  
керкі — қайла  
ырғақ — маядан шөп суырғыш  
тескіш — темір тескіш  
дабыл үй — кішкене киіз үй  
сабан — соқа  
сібірткі — сыпырғыштың ұзын-  
ша түрі  
қобы — өзекті жер  
ауыз от//үй ақша — револю-  
циядан бұрынғы түтін салық

## Маңғыстау говоры<sup>4</sup>

чүйші//шүйші  
ұлпақ  
керме  
үсеншік  
күде  
чаршау  
чаттауық  
чарқат—жібектің бір түрі  
күнғалақ  
бөкіс  
чоқай  
балқаймақ  
міндер  
алапа  
дігіршік  
темір ер  
чоқыр  
қармақ  
қадаубас  
дабыр үй  
қосбұлық  
сүмсе  
қобыс  
кешеней

*О. Нақысбеков*

---

<sup>4</sup> Маңғыстау говорының материалдары «Қазақ тілінің Маңғыстау гово-  
ры» атты С. Омарбековтың диссертациялық еңбегі мен баспа бетінде шық-  
қан мақалаларынан алынды.

## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ФЕДОРОВКА, СЕМИОЗЕР АУДАНАРЫНДА ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты тарапынан ұйымдастырылған диалектологиялық экспедиция 1960 жылдың сентябрь, октябрь айларында Қостанай облысының Федоров, Семиозер аудандарындағы қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктеріне байланысты материал жинастырды.

Федоровка ауданы облыстың терістік батыс жағына орналасқан. Орталығы Федоровка селосы темір жолдың бойында Жаркуль станциясының жанында орналасқан. Бұл аудан тың жерлерді игеруге байланысты бұрынғы кездегісінен 3—4 есе ұлғайып, онда ірі шаруашылықты совхоздар ұйымдастырылған.

Федоровка ауданының солтүстік-шығысындағы Мендіқара (орталығы Боровое) РСФСР-дан Үй өзені арқылы бөлінеді, батыс жағында Қарабалық ауданы (орталығы (Бөрлі), ал, оңтүстік-шығыс жағында Таран (орталығы Викторовка) аудандары бар. Бұл жердің негізгі тұрғындары солтүстік Қазақстанның және оңтүстігінде Сыр бойы және Ақтөбе облысының халықтарымен ертеден-ақ араласып келген. Сондықтан көрші отырған екі ауданның немесе екі совхоздың кісілері кейбір сөздерді екі-үш түрлі етіп айтып түсініп жататын кездері болады.

Тұрғындардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді фонетика, лексика, грамматика салаларына байланысты төмендегіше топтап беруге болады.

**Фонетикалық ерекшеліктер.** Жергілікті тұрғын халықтардың тілінде, кейбір сөздер жіңішке айтылуға бейім. Мысалы: *залім* (залым), *кәрия* (қария), *кәтті* (қатты), *кәбір* (кабыр), *әбе-қоңыр* (аба қоңыр). Кейде керісінше, әдеби тілде жіңішке айтылып жүрген сөздер жергілікті жерде жуан айтылады. Мысалы: *ираң* (өрең), *аял* (әйел) т. б. Кейбір сөздердегі қатаң *т* дыбысы ұяқланып қолданылады. *Дүздау* (тұздау), *дүздық* (тұздық), *дізгін* (тізгін), *оңдайлап* (оңтайлап) т. б. *ж* мен *д* дыбысының алмасуы байқалады. Мысалы: *дүзік* (жүзік), *дүзу* (жүзу), *пышақтың дүзі* (пышақтың жүзі), *дүз сом* (жүз сом), *сет көрсе дүз ұялады* (мақал). Сөз болып отырған жерлерде сөздің екінші сынарының басындағы кездесетін *ж* дыбысы *й*-ге айналатыны байқалады. Мысалы: *бара йатыр* (бара жатыр), *келе йатыр* (келе жатыр) болып, немесе *келеитыр*, *баратыр* болып *ж* дыбысы түсіріліп айтатыны байқалды. Оқушылар мектептеп *келе йатыр//келатыр*. Жылқылар қырманға шығып *бара йатыр//баратыр*.

Көпшілік сөздерде ұяң *л* дыбысының орнына үнді *д* қол-

данылып түңдік (түңлік), бір-бірден (бір-бірлен), бірді-жарым (бірлі-жарым), бір жода (бір жола) болып айтылады. Желдің өзгеруіне қарай түңдікті қайта ашқызды. Жұмысқа бір жода (бір жола) кетті. Екі қора қойды бір-бірден (бір-бірден) санап шықтым. Өрістен бірді-жарымдап (бірлі-жарымдап) малдар келе бастады. ●

Б дыбысының қатаң п дыбысымен алмасуы сөз ортасында және басында байқалады. Тапаны (таба) көмдің бе? Октябрь тойында палуандар (балуандар) күресі болып тұрады. Баламыздың хат жазбайтыны сондай, рапайда (рабайда) бір хат келеді. Рапай—кейде аса, өте сирек—сияқты күшейткіш мағынада қолданылады. Хасен, жаста болса рапайсыз (рабайсыз) күшті жігіт, түнімен жер жыртып келген, әптен (әбден) шаршаған шығар ұйықтап жатыр.

Үнді дауыссыздардың ішінде ң дыбысы л мен алмасып ыңғай (ылғи), жаңғастыру (жалғастыру) болып айтылатынын байқаймыз. Комсомолдар ыңғайда (ылғида) жұмысқа ерте келеді. Көк шыбықтармен торлап екі қораны жаңғастырдық (жалғастырдық).

Кейде с-ның орнына ш дыбысы ауысып келеді. Егін орағынан қыдыруға мұрша (мұрса) жоқ. Көкшетау етікшіге екі мәші (мәсі) тіктірдім. Мышығың (мысығың) болмаса, қыртыс үйде тышқан қаптап кетеді. Былтырғы табысыма тамақтан, қарыздан тышқары (тысқары) бір ат алдым.

Біз болған аудандарда бөгелек, үрлік сөздері бөгелек, өрлік болып та айтылады. Мысалы: Жылқылар бөгелектеп тұр. Өрлікке лайықты ағаш әкелдім. Арқылы, теңге, бөтеге, шымшуыр, үгітші, ешкім сөздері арқалы, теңке, бөтеке, шімшеуір үкітші, ежгім түрінде қолданылады.

Лексикалық ерекшеліктер. Бұл салаға жататын сөздерді төмендегіше топтап беруді мақұл көрдік.

### Үй бұйымдары, ыдыс-аяқ, азық-түлік, тамақпен байланысты сөздер

С ы з ғ ы ш — сереңке. Кейбір облыстарда ол оттық, күкірт, шырпы, сереңке, шақпақ болып айтылады. Сызғыштың жоқ кезінде отқа су тезекті көміп лаждаушы едік. Көкшетау облысының Қызылту ауданында да сызғыш сөзі осы мағынада қолданылады.

Қ ы р т ы с ү й — жердің бетінен ойып алып қаластырған үй. Қазақтың қыртыс үйіндей жылы үйді аз кездестіресің. Қызылорда облысында шым үй, жер үй дейді.

Ш о р м а қ // ш ө р м е к — самаурынға лайықтап жиналған отын. Самаурынға әзірше лаждайтын шормақ // шөрмек әкелдім.

Күрпеш ұн — жоғарғы сортты ұнның майдасы. Совхоз орталығынан екі қап күрпеш ұн әкелдім.

Қолатқы — бұғау, аяқ пен қолға салатын кісен. Бұрынғы кезде жер аударылған кісілерге қолатқы салады екен.

Шытырман — шамның шілтері. Шамның шынысын салмастан бұрын шытырманды сүртіп бұрау керек. Көкшетау облысының Қызылту ауданында шытырмасы майысып қалыпты десе Қарағандыда шытырма деп кимешектің жағына қадайтын күміс түймені айтады<sup>1</sup>.

Шүңке — шай ішетін кесе, шыны аяқ. Көршілерден екі шүңке әкелші. Қарағанды облысында шыны аяқ дейді.

Кеп-кеп — іші ауырған балаға жасайтын ем. Кебек пен тұзды қосып қайнатып, жылылай ішке тартады. Іші желденген жас балаға кеп-кеп тарту керек.

Тастымал — ас ішер алдында жуынғанда қол сүртетін орамал. Қолға су құймастан бұрын тастымалды беру керек. Оңтүстікте орамал, сүлгі деп атайды.

Мортай торсық — үлкендеу мес. Егін айдағанда тоқ басына қымызды мортай торсықпен тасыды.

Қаршонок үй — үш-төрт киіз үйді біріктіріп тігу. Қазақта қаршонок үй тек Ақбас байда болған екен.

Пөзір — шамның шынысы. Пөзірді сүртіп қойса, үйдің іші жап-жарық болады.

Шатраш — дойбы, шахмат ойындары. Ауыл ақсақалдары қыс кездерінде жастардың шатраш ойындарына басшылық жасап өздері де ойнайды.

Бір алқым — бір ұршық басы толған жіп. Кілемге түр салуға көк бояуға бір алқым жіп бояп алдым.

Желбіршек — желбіреуік, шымылдыңтың жоғарғы бөлігі. Келін түсіргелі жатқан болу керек, шымылдыңын құрып желбіршегін үкілеп жатыр екен.

Болық — төсектің астына төсегіш. Бидай кептіру үшін кендірден тоқылған зат. Төсектің астындағы болықты қайтадан қағып сал.

Соқыр шам//жалпылдақ шам — шынысыз шамдар, бұларда сш мойын, бақауыз, шілтер дегендер болмайды. Кейде қалбыр мен бөтелкеден де жасай береді. Қызылорда облысында сықсима, мойынсыз, май шам делінеді.

Шамдал — шамның астына қоятын кішкене үстел, үш аяқты ошақ сияқты шам қойғыш. Шамдалды пештен алысқа қой.

Шөпбасы — шөберенің баласын кейде шөпшек дейді.

Желбұрма — баланың ішіне жел тиіп ауруы. Бұл бала

---

<sup>1</sup> О. Накысбеков. Көкшетау экспедициясының материалдарынан — «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 2 шығуы, Алматы, 1960, 96 бет.

желбұрмамен ауырған екен, түнімен құлында-құлыны шықты.

**Бақа** (кісі) — аласа, тапал кісі. *Жолаушыларды үйге бастап кірген бақа кісі еді.*

**Лапас** — үйдің ауызғы бөлмесі. Бір жағына жас төл ұстайтын, отын су қоятын орын. *Әкелген бұтақтың жартысын лапасқа кіргізе сал.*

**Шылан** (ор. чулан) — үй алдындағы қора.

**Нәзір беру** — өлген кісіге ас беру. *Қожахмет әкесіне нәзір бергелі жатыр.*

**Бұлық** — көрпені үш бұрыштап жиектеу. Көрпені бұлықтауды Алматы облысында түтін дейді<sup>2</sup>.

**Жәнжіл** — есікке құлып салатын темір. *Есіктің жәнжілін қайта қақтым.*

**Бақане** — ең кішкене ине. *Кестені тек бақа инемен тігеді.*

**Пышақ ұшты** — сыбаға. *Соғым сойған кезде үстіне келген кісіге пышақ ұшты беру біздің ата жолымыз ғой.*

**Ызбұрайы** — аттың ер-тұрманы. *Аттың ызбұрайын үйге кіргіз, далада мал басып тастайды.*

**Шормақ** — бір катушка машина жібі. *Дүкенге барсаң бір шормақ жіп ала кел.*

**Қигіз** — киіз. *Бұл кезде біздің елде кигіз үй жоқ (кейде киіз//кигіз қатар айтылады).*

**Сусек** — ас су, құрал-сайман қоятын сарай. *Әйнеш баласына сусектің кілтін алдырып, кешкі асқа сүр ет алды.*

**Бақалак** — шымылдыңтың бау өткізетін балдағы, сырғасы. *Шымылдыңтың бақалағы жалпақ болса, қосымша көрік береді.*

**Саркесе//қымыз кесе** — литрлік үлкен кесе. *Ақықтың шөлдеп келгенін қымыз кесені бір-ақ төңкергенінен байқадық. Қызылорда облысында сапар кесе дейді.*

**Шөміш** — ожау. *Тоқты тоймас, шөміш кеппес (мақал). Көкшетау облысында темірше дейді (О. Нақысбеков. Көкшетау эксп. материалдарынан).*

**Үккіш** — насыбай үгітетін ыдыс. *Асан бізікіне келіп жап-жаңа үккішімді қолқалап әкетті. Сыр бойында насыбай тостаған дейді.*

**Күйенте** — су әкелетін иінағаш, мойын ағаш. *Көршінің үйіндегі күйентені әкеліп қойдың ба?*

**Көнек** — қымыз, шұбат сияқты сусын құйып ашытатын ыдыс.

<sup>2</sup> Ж. Болатов. Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. «Вопросы истории и диалектологии казахского языка». 1 шығуы, Алматы, 1958, 174 бет.

*Жылқы саудым шелектеп,  
Түйе саудым көнектеп... (сәл аузынан).*

*Лөкет//дөкет* — өтпейтін үлкен пышақ, *Мынау ыңғайсыз лөкет екен.*

*Асжаулық* — жайма — дастарқан. *Ықыласы кең үйдің асжаулығы да кең.*

*Қарамаса* — қара шыбын. *Келін үйдегі қарамасаны айдап шықты.*

*Әйкел* — әмиән, күмәжнік, ақша салғыш. *Ақша салатын әйкелімді алып берші. Маңғыстау қазақтарында құдықты шегендеу үшін салатын тасты әйкел дейді<sup>3</sup>. Әйкел — сумка, кітап, қағаз салатын сумка. *Омар қарт баласына әйкел сатып әперді* (қар. ТҚО; нұр. КО)<sup>4</sup>.*

*Шаршау* — терезенің жапқышы, пердесі. *Күн батып, шам жағылып, шаршау түсірілді. Орал облысында жабын дейді. *Жабынды аш, жарық түссін.**

*Қастен* — жер шымынан жасалған үй. *Өткен жылы қастен үй алдым.*

*Дөп* — тал шыбығынан алынатын қызыл сары бояу. *Дөпке боялған тон төзімді болады.*

*Қызыл өнеш* — қылтамақ (рак) ауруы.

*Қонысшы* — көрші үй. *Үйің жаман болса да қонысшың жақсы болсын (мақал).*

*Тесік ожау* — нан сүзгіш. *Тесік ожаудың қадірі өтті. Маңғыстау говорында күнғалақ<sup>5</sup>. Тың өлкесінің көпшілік жерінде бұл мағынада кәкір. Ақтөбе мен Сыр бойында кепсер, шолпы, май шолпы деп атайды.*

*Қошиіс* — әтір, иіс су, иіс май. *Ахмет әйеліне Кенаралдан базарлыққа қошиіс әкеліпті.*

*Шылапшып* — жез леген, қол, кір жуатын ыдыс. *Кісілердің қол жууына шылапшып мен құманды дайындап қой.*

*Ләген//елеген* — ілеген. *Дүкенге келген жаңа заттардың ішінде елеген де бар екен.*

*Шілтер* — қамзолдың күмістеген шынжырлы ілгешегі. *Қамзолдың шілтерін қайтадан кейін қадайтын болыпты.*

*Кесе темір* — есіктің ішкі ілгешегі. *Өткен түнде есіктің кесе темірін салуды ұмытып кетіпсіңдер.*

*Бәкі//бекі* — ет турайтын кішкене пышақ. *Бәкіні алуды ұмытпағанда, әкеліп беруді неге ұмыттың?*

*Тер орамал* — қол орамал, бет орамал. *Тер орамалы-*

<sup>3</sup> С. Омарбеков. Маңғыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. — Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 3-шығуы, Алматы, 1960, 240 бет.

<sup>4</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959, стр. 438.

<sup>5</sup> С. Омарбеков. Бұл да сонда, 230 бет.

ның жоғын егін басына келгенде бір-ақ білдім.

**Кәмпертке** — (ор. комфортка) камфорке, самаурынның отын басатын басқышы. Самаурынның оты күшті екен, кәмперткені тауып әкел.

**Тақтан** — сандық. Тақтаннаң жаңа шапанымды дайында, ертең кент барамын.

**Бақай етек** — шымылдың төменгі етегі. Шымылдың бақай етегі кірлепті, күн ашылысымен жуып ал.

**Таяныш//жағдан** — жақтау, босаға, жақтық. Есіктің тақтайларын ұстап тұратын көлденең ағаштары. 1. Қора есігінің жағданы жарылыпты, жаңарту керек екен. 2. Көрінген ағаш таяныш жасауға жарай бермейді.

**Көземелі ине** — орташа іс инесі. Жазғы көйлекті көземелі инемен тіккелі отырмын. Шучинскіде бәсең, кішкене ине дейді.

**Жөке тақтай** — үйенкі, фанер. Жәшікке қобди жасауға бір бөлек жөке тақтай таптым.

**Алқа** — құлып, кілт. Балалар есікті алқалап, кілтін жоғалтып алыпты.

**Жануыш** — қайрақ. Күзем кезінде жануышың жаныңда болсын.

**Көзгелдірік** — көзілдірік. Ұлымнан келген хатты оқи қояйын десем, көзгелдерігімнен айрылып қалып отырмын.

**Жайма нан** — етке арнап илеген нанның бөлегі. Біздің үйдің ішіне үш жайма нан жетеді.

**Әйдік** — үлкен, мықты. Алматыдан жіберген алмалардың бәрі әйдік екен. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы мен Қызылорда облысының Арал аудандарында үлкен, жақсы мағыналарында қолданылады екен. Сен өзің әйдіксін ғой, пеш салып жатырсын (Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, 1951 ж.).

**Бұйрек нан//бәліш** — пирог. Ұнды май мен суға араластырып ашытпай жайып, арасына ет, бияз салып бетін бүріп жауып табаға пісірді. Көкшетау облысында кісе нан (О. Нақысбековтың материалдарынан).

**Шалып алайық** — жеңіл тамақтанайық. Жортар аттың тоғы жақсы дегендей аздап шалып алайық.

**Жаламатқа** — сүтке ұн салып қант қосып пісірген ұн көже сияқты ас. Осы облыстың Обаған ауданында жаламат<sup>6</sup> десе, оңтүстік облысы мен Сыр бойында бөкпен дейді. Жас бала емшекке жарымаса жаламатқа жасап беру керек.

**Шәңге** — арасына ет салып, табаға пісірген нан. Шайды шәңгемен ішсең тоқ жүресің. Аң аулағанда аяққа киетін киімді Жамбыл облысының Сарысу ауданында шәңгі<sup>7</sup> десе, Көк-

<sup>6</sup> С. Аманжолов. Жоғарыда аталған кітабының 376 бетін қараңыз.

<sup>7</sup> Бұл да сонда, 421 бет.

шетау облысында жолда ирек-ирек болып, сырма бораннан пайда болған шиыр қарды айтады. *Қыста қар кеткен соң шәңге<sup>8</sup> жүргізбейді.*

*Дүмбіл* — шикі. *Ажардың асы дүмбіл болады.* Алматы облысының Жамбыл ауданында *дүмбіл<sup>9</sup>* ешнәрсе, ештеме мағыналарында қолданылады.

*Бәліш* — майға қуырып ұннан жасайтын атала. *Бір ішкенде бір аяқ бәліш ішкенмен суық ілезде сорып алатын.* Көкшетау облысының Шучинск, Еңбекшілдер аудандарында *төңкерме<sup>10</sup>* делінеді.

*Ежегей* — сүзбе мен ірімшіктен араластырып қолмен жасаған құрт. *Көктемдегі ежегейдің әр түйірі бір аяқ айранға тең.* Семей облысының Шұбартау аудандарында — *ежігей<sup>11</sup>.*

*Көмеш* — табаға пісірілген күлше нандар. Қызылту аудандарында тоқаш нан дейді. Кейде бір табаға бірнешеуін пісіреді.

*Аснан* — бұл жерде етке салынған жайма нанды айтса, Шучинскіде *құлақнан*, ал Орал облысы Жәнібек ауданында *інкәл<sup>12</sup>* дейді. *Аснанды кісі санына қарай салгайсын.*

*Сүзбе құрт* — айраннан сүзіп жасалған құрт. *Сүзбе құрттың қызығын сорпаға қоссаң білесің.*

*Қолдама* — асылған етті турап жеу. Кейінгі кезде *бесбармақ* делініп жүр. Сыр бойында етін де, нанын да майдалап турап, сорпа қосып қолымен сүзіп жейтін астың түрін *турама* дейді.

*Қидалау* || *қиқымдау* — қиқалау, үгіту, майдалау, ұсақтау. *Нанды қидаламай турауды қашан үйренесін.*

*Секер* — қант, шекер. *Дүкеннен секер әкелдім.* Сыр бойында — *тістеме.*

### Киім-кешекке байланысты сөздер

*Шабата* — көннен, мал терісінен бүріп тігіп, шөп орғанда киетін жеңіл аяқ киім. *Шөп отуда киетін аяқ киіміміз тек шабата ғана болатын.* Сыр бойында *шарық* дейді.

<sup>8</sup> О. Нақысбеков. Көкшетау экспедициясының материалдарынан... 101 бет.

<sup>9</sup> С. Аманжолов. Жоғарыда аталған кітабының 372 беті.

<sup>10</sup> Ш. Сарыбаев. Көкшетау облысы Шучинск, Еңбекшілдер аудандарында тұратын казактардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. — «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 3 шығуы, Алматы, 1960, 61 бет.

<sup>11</sup> Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын казактар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 2 шығуы, Алматы, 1960, 136 бет.

<sup>12</sup> Ш. Сарыбаев. Жоғарыда аталған еңбектің 60 бетін қараңыз.



**Жекей табан** — жай табан, жеңіл етік. Жасы алпысқа келсе де жекей табан етік кигені шалыңның желіккені ғой.

**Бұру ұлтан** — аяқ киімдердің ішкі ұлтаны. Етіктің бұру ұлтанын нашар былғарыдан салыпты.

**Күлшін** — мәсінің ішкі сірісі. Мәсінің күлшінің көнне салма, өз былғарысы өзінікіне жетеді.

**Алшалғыш** — белдемше. Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданы мен Алматы облысының Кезен аудандарында алшалғыш<sup>13</sup> болып айтылады. Алшалғышымды таба алмай жүрсем мал қорада қалып қойыпты.

**Қақтама** — күмістеліп жасалған қамзолдың ілгегі; Қамзолдың қақтамалары азайып қалыпты. Қақтама деп осы жерде қолдап жайған малдың тезегін де айтады.

**Жабысқақ** — жеңіл киімдердің түймелері. Көйлегімнің жабысқағы үзіліп қалыпты.

**Бастырма** — баспа, шыртылдақ, түйме. 1. Дүкеннен алынған көйлектің бастырмасын тек іліндіріп қойыпты. 2. Үлкен кісілердің көйлегіне бастырма қадамайды.

**Қолбақ** — қолғап, биалай. Жүннен тоқылғаннан көрі теріден тіккен қолбақ жылырақ болады.

**Күндік** — бір байлар, әйелдердің орамалы. Батыс Қазақстанның Бөрлі ауданында қол шатырды (зонтикті) күндік<sup>14</sup> дейді.

**Сөлкебай || шаштеңке** — шашбау түрлері. Бұл кездің қыздары сөлкебай мен шаштеңкені тақуды қойды ғой.

**Ойран шалбар** — (ескі сөз) киіктің терісінен кең етіп тіккен шалбар. Ойран (шөп аты) бояуына байланысты аталған болу керек. Қандай шыжыған шілденің күні болса да ойран шалбардан ыстықтамайсың.

**Желпей** — далбай, ыстық жерде жаз киетін бас киім. Жұқа шүберектен тігеді, салқын болады. Жазды күні желпейді тек жаппас Асан ғана киеді.

**Жалбай** — далбай (ерте кездегі іші темірленген бас киім). Әй кемпір-ай, жалбағайымның бауын қайта қадап берші. Күн өтпеу үшін киетін бас киімді жергілікті жерде жалбай деп атайды.

**Құлын жақы** — құлынжарғақ. Жас құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен киім. Құлын жақыны тек ертеде байлардың балалары киетінін көретінбіз.

**Малақай** — құлақшын. Қыста киетін бас киім. Біздің елде тымақ орнына малақай киеді, ол әрі сыпайы, әрі жылы болады.

<sup>13</sup> Ж. Досқараев. «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері», лексика. II бөлім, Алматы, 1955.

<sup>14</sup> С. Аманжолов. Жоғарыда аталған кітабының 387 беті.

**Қ а т ы р м а** — тақия. *Қатырманы кәзір дүкенде өте сирек кездестіресің. Оңтүстік облыстарда төбетей, топпа дейді.*

**Т е р к ө й л е к** — іш көйлек, майка, еркектердің көйлек ішінен киетін киімі. *Тер көйлегімді жудыруды ұмытпашы.*

**С ұ л а м а || е к м е** — қарт әйелдер киетін кимешек пен жаулық атаулары, түрлері. *Жайып қойған сұламаның шетін бұзау шайнап кетіпті.*

**Қ а м а** — құндыз бөрік, қамқа бөрік деп те атайды. *Біздің ел ақсақалдары қамқа бөріктен гөрі ноғай бөрікті көп киеді. Шымкент облысының бұрынғы Мақтарал, Ленгер және Жамбыл облысының Сарысу аудандарында қам<sup>15</sup> деп құндызды айтады.*

### Құрал-саймандарға байланысты сөздер

**Қ а р ы н д а ш а р б а** — 4 — 5 кісілік қорапты жеңіл арба. *Қарындаш арбаның бір жақсы жері кісіні соқпайды.*

**Х о д о к а р б а** — төрт дөңгелекті отын, су таситын, өгізге жегілетін үлкен арба. *Бұл ат әлі жас, — ходок арбаларды салт алып жүре алмас еді.*

**Қ а з а қ ы а р б а** — үлкен екі дөңгелекті арба. *Қазақы арба қазір қолданудан қалды. Телешкемен Тоғызаққа барып қайттым.*

**Б і л і к** — арбаның бел ағашы. *Бригадирдің жұмсауымен Арақарағайдан төрт біліктік ағаш әкелдім.*

**Т е г е р м е ш || т о ғ ы м** — дөңгелек (арбаның, комбайнның). *Орталыққа барғандағы жұмысым арбаның тоғымын жаңарту еді.*

**Қ о с ш а қ п а қ** — шөп таситын арбаның қанаты. *Қосшақпағы қираған соң арба болудан қалғаны.*

**О б о д || к ө р е н** — дөңгелектің шен темірінің ішіндегі ағашы. *Арбаның көрені қаңсып тұр. Жеңіл арбаның тоғымы құранды болмай көбіне обод болады.*

**Б ә л е к || п ә р е к** — арбаға екі ат жегу үшін қолданылатын құрал. *Қайыңнан кептіріп бәлек дайындап совхозға өткіздім.*

**Ы ң ы р ш а қ** — арбаға жеккен аттың арқасына салып, арбаның белін көтеру үшін пайдаланылатын ершік. *Сырттықты ыңыршақтың үстінен өткіз.*

**С ы р т т ы қ** — арбаның жетегін көтеретін қайыс бау. *Аттың сырттығы босап кетіпті, қайта байлайын. Сыр бойында көтерме бау, бел көтерме дейді.*

<sup>15</sup> С. Аманжолов. Бұл да сонда, 427 бет.

**С і р г е** — кесек құятын қалып. *Кесек құйғанда сіргені тегіс жерге қойып балшықты тасып саламыз.*

**Ш а п қ ы** — балта. *Ұстаға барып шапқыны тапқатып қайратып әкелдім.*

**Ш е р б е к** — талдан тоқылып, қорадағы малдың қыны шығаруға арналған ыдыс. *Шербек күнде қалмасын.*

**Б а с п а** — төбесі жабық мал қөлеңкелейтін қора. *Төлдерге күн өтпесін десең баспаға қама.*

**С а л ы т қ ы || с ү й р е т п е** — қақпанға байлайтын темір. *Қақпанның сүйретпесін қысқа байлама (Қызылту ауданында салма, Сыр бойында салдауыр дейді).*

**І с к е н ж е** — тістеуік. *Орынбордан әскерге киім алуға барғанда іскенжемен қысып байлаған тай-тай киімдер алдық.*

**Ұ н ғ у ы р** — қасық, ожау жасайтын құрал. *Бізде ертеден екі ұңғуыр болушы еді, оның біреуі жоғалып қалыпты.*

**Ш о т а ғ а ш || с ү н ғ у і р** — маядан шөп суыратын имек басты құрал. *Бұрынғы кезде шотағашты ағаштан жасаса, енді темірден ілезде жасап алатын болдық.*

**Б а қ а й** — ескі жер ағаштың ұшындағы темірі. *Біздің бала кезімізде егінді бақаймен айдап шашушы еді.*

**А ш а || т а р м а қ** — айыр. *Шөп жинайтын кез басталды, аша, тармақтарыңды дайындаңдар.*

**Н а с т е л к е** — ысырма сырма, шөп ысырғыш құрал. *Шөпті настелкемен ысырамыз.*

**И т е р г і ш** — шөпті жинау үшін арналған құрал. *Шөпті итергішпен жинасаң, бір де тал шөп жерде қалмайды.*

### Егінге байланысты сөздер

**К ү л т е** — орылған қамыстың, егіннің бауы. *Қамысты мұз үстінде шабу да, ору да оңай. Күніне 4—5 арбасын күлтелеп тиеуге болады.*

**С у с ы л а н** — бау, бауланған қамыс, тал т. б. *Қамыстарды сусыландасақ тасуға оңай.*

**Ш о қ а** — тарының, егіннің үйіндісі. *Қырманда үш шоқатары үйілді. Әр қайсысы 50—60 машина болар.*

**Ш и** — шала жыртылған жер. *Сапар өз нормасын асыра орындаумен бірге, бір де ши қалдырмай жер жыртамын деді.*

**Б ұ л ы қ а й д а у** — соқа айдау, жер жырту. *Машина мен трактордың көбеюіне байланысты бұлық айдау сөзі сирек қолданылады.*

**Ж а м ы** (ор. ямы) — шұңқыр. *Силосты жамыға төкпей-ақ, жер үстінде де силосовать етуге болады.*

**М е к е н** — бидайдың ұсақ топаны. *Бидайды сапалы етіп өткізу үшін мекеннен әбден айыру керек. Сыр бойында топан дейді.*

*Өсем — ірі сабан. Бұл көрінген от аңыздағы өртенген өсемнің оттары.*

*Алақұрт — шекілдеуік. Алақұртты ермек ету — жұмысы жоқтық деген сөз.*

*Бақша шашу — бақша егу. Бұл жылы бақшаны кеш шашсақ та өнімі, жаман болған жоқ.*

*Бүйрек — (ескі) ат жем, үлес. Қырманнан бидай қаптаған кезде үстіне келген кісілерге берілетін сыбаға.*

*Бір жер — бір қазналық жер өлшемі мөлшері. Ұзындығы 120 сажен, көлденеңі 60 сажен. Шалғы тарта білетін үш жігіт күніне бір жер түсіріп кетуші еді.*

*Қарсы-серік — артель, колхоздасудың алғашқы бастамасы. Ағайынды төртеуіміз алғаш қарсы-серікке мүше болдық.*

*Бәрәнгі — картоп. Бір қиынды жерден бір қыстық бәрәнгі алдым.*

*Бірішек болу — бірігу, бірлесіп жұмысқа шығу. Алғаш колхоздасқан жылдары егінге, шөпке бірішек болып шығушы едік.*

*Бір қос жер — бір айдам, бір мойын, бір пар өгіздің бір күн айдайтын жері. Қазір мың-мыңдаған гектар жыртымыз, аталарымыз бір қостап жер жыртып қалай күн көрген екен.*

*Жер суы — егінді алғаш айдардағы жердің ылғалы. Жер суымен айдалған егін дер кезінде пісіп жетіледі.*

*Жер шығып кетті — жердің айдау алдында құрғап кетуі. Жұмыс қарқынының нашарлығынан көп жерлер шығып кетті.*

*Пышпіш болу — семіп, солып қалу. Еліміздің байлығы бидай ғой, дер кезде жауын болмаса, дәні пыш болып қалады.*

*Қайтыс болу — тасыған көктем суларының қайтуы. Үй өзенінің суы биыл ерте қайтыс болды.*

*Ұғышыр — (ескі) діни салық. Бидай жинаған кезде зекет-ұғышыр жинаумен-ақ кей молдасымақтар халықтың үстінен күн көретін.*

*Томар — ыза, кішкене тайыз көлшіктер. Томардың суы қысы-жазы құрғамайды.*

*Қырман қырқу — қырман тазалау. Қырман қырқуға деп Жыланды ауылынан 25 шал-шауқанды машинамен алып кетті.*

*Сарша — өртенген жерге қайта шыққан шөп. Мал саршаға жақсы семіреді (Көкшетау обл. Қызылту ауданында өртең дейді).*

*Шәлпи — шай жоқта шай орнына қайнатып ішетін шөп.*

Шәлпи шай ғана болып қоймай, денедегі ыстықты алу үшін ем орнына да қолданылады.

**Қырша** — балапан ағаш, жас қарағай ағашы. **Үй өзені** — екі беті аудым-аудым жас қыршалар.

**Бүрлеу** — бүршіктеу (талдың бүршігі). Бұл жердің қысының кеш шығатыны сондай, ағаштар май айында ғана бүрлейді.

**Жетім бидай** — өткен жылғы егіннің аңызында қалған, жабайы өскен бидай. Бүгін қойларды Көкойдағы жетім бидайға жайып келдім. Сыр бойында қодірең бидай дейді.

**Буазу** — егіннің бас ала бастауы. Биыл егін жаман болмас, кеш буазыды.

**Танаптау** — өлшем, бөлшек. Танаптап еккен егінді біздің балаларымыз көрген жоқ.

**Қарашағыр** — өңделіп айдалған жер. Кешегі құлазыған шөл дала бүгін қара шағырға айналса, ол ертең астықты молайту дегені.

**Жалл аралық** — шала жыртылған жер. Асанның жыртылған жерінде аралық көп қалғандықтан, бригадир оны трактордан алды.

**Өгіршік** — қияр. Өгіршік егуді кейінгі кезде кәсіпке айналдырдық. Шу бойында бадран, Талдықорғанда — бәдірең түрінде айтылады (О. Нақысбековтың материалдарынан).

**Тапайттау** — таптау. Көкрөзді жақсы сүрленсін десең, майда турап көп тапайттау керек.

**Намыт болды** — тасқын болу. Кішкене болғанмен Үй өзені тасыса, кей жылдары көп жерлер намыт болады.

**Қастауыш** — тары егіннің қарайып қарақастанып ауруы. Кейде егін ауды дейді. Қара дөңнің батыс жағындағы тарылар қастауыштаныпты...

### Мал кәсібімен байланысты сөздер

**Көсе** — егеу күйрық тышқан. Бұл сөз Обаған ауданында да қолданылады<sup>16</sup>.

**Үш көсе** — бір арбаға үш пар аттың жегілуі. **Боқыраудың базарынан қайтқанда үш көсемен келуші едік.**

**Көсем ат || көсем** — бір арбаға үш ат жегіп, ортасындағысын көсем ат не болмаса көсем дейді. Кейде екі аттың алдында жалғыз жегіліп жол бастап отыратын атты айтады. **Қандай қатты борандарда көсем атың болса адаспайсың.**

**Шікірә** — ерте туған төл. Өрістен әлі келмеген бе, шікірә ауыл маңында көрінбейді.

<sup>16</sup> С. Аманжолов. Бұл да сонда, 388 бет.

*Боқыраушы — көпей, кенже туған төл. Бұл босағада өскен боқыраушы еді, үйден ұзамайтыны сол.*

*Шапашоттату — атпен желу. Жол қысқарсын десең, атымызды шапашоттатып алайық.*

*Күл — жылқының ыссылы-суықты жүрісінен денесінің сыртына жара болып бөртіп шығатын ұсақ жара.*

*Пішпе — кестірілген еркек мал. Күш өгіздерінің бәрі пішпе.*

*Тышқаншық — түйенің шөптен уланып ауруы. Совхозда бес түйе бар еді, соның біреуі тышқаншықтан өліпті.*

*Аяқтай сату — малды тірілей сату. Ауданға айдап, апарып, қойды сойып, екі ешкіні аяқтай саттым.*

*Ат қосу — арбаға ат жегу. Құнанды бастықсын деп ауелі жеңіл арбаға қостым.*

*Шом — киды шөптің қалдығымен араластырып жасаған төбесі ашық қора. Биыл шом қораны қайта көтеру керек. Қызылорда облыстарында бопыр қора дейді.*

*Шолан — қыста мал ұстайтын төбесі жабық жылы қора. Шоланның іші бүгін тазаланбай қалыпты.*

*Белдемпая — шөп қалдығымен мал қиынап жасалған төбесі жабық қора. Белдемпаяның аузын жауып кел, қаздар шығып кетпесін.*

*Шалы — қамыстан жерге көміп жасаған шалы қора. Шалыға кіргенде де, шыққанда да қақпағын жауып жүргейсін.*

*Шектеме — шөп жинап мал байлау үшін талдан жасалған қора. Биыл шөп көп, сондықтан шектемені кең жасадым.*

*Шеп — талдан я қамыстан жасалған мал қора. Малды ертерек өргізейік, шепте жас төлдері қалып қоймасын, байқас бол.*

*Ашық — үсті ашық қора. Ашықта тұрған көк ат мені көріп оқыранды. Шучинскіде — албар.*

*Оттық — атқа, малға арнап шөп салатын орын. Оттыққа жаңартып шөп салуды ұмытып кетпе. Қызылорда облысында ақыр дейді.*

*Құрдым құдық — өте терең шыңырау құдық. Құрдым құдықтар адайлардың жерінде ғана болды.*

*Қаңылтақ — жайылымнан терілген тезек. Жұмыстан қайтарда екі қап қаңылтақ тезек ала келдім.*

*Қабан — үйіншек, шамасы киіз үй аумағындай үйілген шөп. Ағаш арасынан қайтарда бір қабан шөп үйе келдім.*

*Жаяу қабан — шошак. 25—30 шөмеледен бір қабан тұрғызылады. 4—5 жаяу қабан шөп үйдім, бұл қысқа шөп жетеді.*

**Көксалын** — шөптің қайта көктеуі. *Үй өзенінің бойы едәуір көксалын болыпты. Шу бойында шиіндеу. Көкшетаудың Қызылту ауданында көкшелеу дейді (О. Нақысбековтың жоғарғы аталған еңбегінің 101 бетін қараңыз).*

**Бакос** — (ор. покос) ораққа, шөп шабуға шығу. *Егінді салып болған соң көп кешікпей бакоске шығушы едік. Әлшеш, 12 табан жер бір бакос. Бұрын бұдайды бакостеп шапта, бүгінгілер жүз гектарлап шабатын болды.*

**Қауадап шөп** — өткен жылы шабылмай, орылдап қалған бітік шөп. *Үй бойының адап шөбін өртемесең тауып алмайсың.*

**Қанды бұта** — тапталған, тақыр жерлер мен жол бойына өсетін ақ бунақты, биіктігі 40—50 см қызыл түсті шөп. *Қанды бұта Сыр бойында өсетін Қызыл тамыр шөбіне өте ұқсас. Қанды бұтаны ашыққан мал ғана жейді.*

**Салам** — егіннің сабанын, кейде шөп қалдығын да айтады (ор. салом). *Егіннің саламының көптігі сонша, жинап үлгірмей амалсыздан өртейміз.*

**Биебау** — сулы жерге өсетін өленді, шиінді шөп. *Үш-төрт арбадай биебау шөбім су астында қалды.*

**Текесақал** — шала шыққан шөп пен шала біткен егіндерді айтады. *Қызылойдың егіні текесақалданып тұр, өнімі онша болмас.*

**Қол кесер** — мал сойған кісіге ақысы ретінде қол үздік, ауыз омыртқа деп берілетін сыбаға. *Қарнық қолкесерді қай жерден алатынын біледі, екі сүбе үңірейіп қалыпты. Қайнағаның қол үздікке берген етінің жартысын ғана астым. Семіз түбі сегіз дегендей, көршілерде қол кесер алмаған үй жоқ.*

**Қанау** — канал. *Қаздарды айдаймын деп қанауға түсіп кеттім.*

**Ақ кесе** — желдің айдауымен жолды көміп жатқан қар. *Барғанша жолдың бәрі ақ кеселенген екен, атымыз болдырып әрең жеттік.*

**Желдік** — аттың терлігі. *Желдіксіз салған жаңа ер-тоқым аттың арқасын алып тастапты.*

**Кертелеу** — қораның айналасын қазып қоршау. *Малдар қамыс пен талдарға сүйкеніп түгін қоймайды, сол үшін кертелейміз.*

**Шарлау** — санақ, малдың есебін алу. *Жаңадан фермаға бастық келуіне сай қойларды шарлауға көмектестім.*

**Шеттік** — аттың, мінетін көліктің тартпасы. *Түсемін деп аударылып қала жаздадым, шеттікті бос тартқан болуым керек.*

С. Қызылбаев

## МАРҚАКӨЛ ЖӘНЕ КАТОНҚАРАҒАЙ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫНАН

1956 жылы июль — август айларында Қазақтың мемлекеттік университеті Шығыс Қазақстанның бұрынғы Марқакөл және Катонқарағай аудандарына диалектологиялық экспедиция ұйымдастырды. Экспедиция жоғарыда көрсетілген аудандардың бірнеше колхоз, совхоздарында болып, ондағы тұрғын халықтың тілінен жергілікті ерекшеліктер жинады.

Бұрынғы Марқакөл, Катонқарағай аудандары темір жолдан 500—600 километр қашықтыққа тұратын республикамыздың шығысындағы таулы аудандарының бірі. Олар монғол, алтайлықтармен шекаралас. Сол жерде тұратын халықтың басым көпшілігі найман руынан тараған ел. Тұрғын қазақтар ертеден-ақ мал шаруашылығымен кәсіп етеді.

Шығыс аудандардағы қазақтардың тілінде айрықша назар аударатын екі жай бар; мұның бірі — топонимикалық ерекшеліктер, екіншісі — ч аффрикатының жиі айтылуы. Шығыс жерінде бізге түсініксіз *Тарбағатай, Өрел, Берел, Шыңғыстай* сияқты едәуір топонимдердің кездесуі — көршілес отырған монғол, алтайлықтармен байланысты болу керек.

Бұрынғы Марқакөл, Катонқарағай аудандарында тұратын қазақтардың тілінде лексикалық, бірен-саран дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктер кездеседі. Біз бұл мақаламызда тек лексикалық ерекшеліктерді ғана сөз етпекпіз.

**А б л а у** — қоршау, жан-жағынан айнала қоршау: *аңдарды ұстаудың ең бір қолайлы әдісі — аблау жасау болатын, бүгінде бұл қойылды.*

**А й д ө н к е** — шөптің орны: *шөпті тасып алғаннан кейін, күз бойы айдөңкеде мал жаямыз.*

**А л ш а л ғ ы ш** — белдемше, алжапқыш: *сауыншылар сиырды алшалғышсыз саумайды.* Бұл сөз Шығыс Қазақстанның көптеген аудандарында ұшырайды.

**А ш т ы** — ащы: *ашты мен тұштыны татқан білер.*

**А қ а** — ағаш айыр: *ағаштан жасаған үш тармақты айырды ғана ақа дейді, ал темір айырды аша деп атайды.*

**А п е к е** — апа: *Күлзияның апекесі Алматыда оқиды.* Оңтүстіктің кейбір аудандарында бұл сөз *әпке* түрінде айтылады.

**Ә б з е л** — айыл-тұрман: *аттың әбзелін алып, қораға қой.* Бұл сөз кейбір түркі тілдерде қолданылады: *қырғызша — әбзал* (Киргизско-русский словарь, 1940), *карақалпақша ер-абзал* (Н. А. Баскаков. Каракалпакский словарь, 1954).

**Ә к е** — қарағым, жақсы көру мағынасында: *әкем, маған екі шелек су әкеле қойшы.*

**Б а й л а п б е р у** — қоса беру: *дүкеннен мата алып едім,*



қайырып беретін ақшасы болмай, бір сабынды байлап берді.

Байлауыш — басқа тартатын орамал: ол басына байлауышын орап далаға шығып кетті.

Байыту — қойларды қораға қамау: кешкі сағат 6—7 кезінде қойды қораға байытамыз.

Балау — ауырлау, әлсіздену: бүгін жұмыстан кейін дем балап тұр, шаршаған болсам керек.

Басын үйлеу — жерлеу, көму мағнасында: ағатай-ау, жылғыз баламды басын үйлеп отырмын.

Бастау — судың басы: бұқтырма өзенінің бастауы сонау Қытай жерінен басталады. Сөздің түбірі — бас, қосымшасы — тау. Семей облысының Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында көрсетілген мағынада қолданылады.

Бақай — арба дөңгелегінің шабағы: арбамның бақайлары мықты. Алтай тілінде бақай-қада деген сөз (Ойратско-русский словарь, 1947). Бұл сөз қазақ тіліндегі бағана сөзімен төркіндес болу керек.

Бәтір — табаға пісірген нан: жаз бетінде (жазда) бәтері табаға пысырамыз. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында бәтер түрінде айтылады.

Бейіт — мола: елдің сыртында аталарымыздың бейіті бар. Бейіт сөзі Семей облысының Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында жиі ұшырайды.

Бойлай — үнемі, ылғи: Сахариев Мұқтар колхоз ісіне бойлай араласып келеді, өзі қажымайтын адам.

Болат — көздің нұры, қарашығы: көздің болаты өте осал нәрсе, оны докторға көрсетпей, қолмен уқалау дұрыс емес.

Білік — белағаш, белдік: еменнен жасаған арбаның білігі өте мықты болады.

Бітеу — қора, жан-жағы жабық қора: қыста бітеу малға жылы болады. Осы күні колхоздар малға бітеу салатын болды.

Бұл — кездеме, мата: соңғы екі-үш жылда дүкенге бұл көп түсе бастады. Осы сөз кейде ақша мағнасында да айтылады: қалтаңда бұлың болса, базарға бар.

Бұлық айдау — жер жырту: биыл совхозымыз бұлық айдауды кештеу бастады. Бұл сөз тіркесінің бірінші — плуг, оның кейбір дыбыстары (б—п, г—к) ауысып айдау сөзімен тіркесіп айтылып тұр.

Дока — аң, мал терісінің түгін сыртына қаратып істеген киім. Доқаны ерте кезде киюші едік, қазір кимейміз. Қырғыз тілінде даақы — құлынның терісі (Киргизско-русский словарь, 1947), өзбек тілінде түгін сыртына айналдырып істеген тон (В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, 1905, т. 3,

1610), бурят-монғол тілінде *даха* — *доха* — қыс киетін киім, тон (Бурят-монгольско-русский словарь, 1951).

*Дегелдес* — тетелес, құрбылас, шамалас: *Құдайберген біздермен дегелес*. Бұл көбіне қарттардың тілінде ұшырайды.

*Дегдар* — тіпті жақсы (адам туралы). *Осы күнгі бастығымыз дегдар адам*. Істің жөнін жақсы біледі.

*Дошала* — жидектің бір түрі: *қарап жүргенше тауға барып дошала жеп қайтыңдар*. Бұл сөз Шығыс Қазақстанның таулы аудандарының бәрінде де осылай айтылады.

*Дарабапышақ* — үлкен пышақ, нан турайтын: *дарабапышақпен мал соймайды*. Семей облысының Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында мұны *бодан пышақ* дейді.

*Дөкет* — өтпейтін пышақ: *шырағым, мына дөкетті қайрату керек қой*. Ал, Семей облысының Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында *лөкет* деп атайды.

*Денелі* — семіз мағынасында қолданылады. Бұл колхоздың малы басқа колхозға қарағанда денелілеу. Бұл сөз қарттардың тілінде жиі ұшырайды.

*Ересен* — аса, өте, тым: *осы колхоздың ересен мықты аттары болушы еді*. Бұл сөз екі элементтен құрылған: *оның бірінші* компоненті — *йир*, екіншісі — *сан*, мұның төркіні қалмақ тілінің *сан* (жақсы) сөзімен байланысты (Русско-калмыцкий словарь, 1940). Қазақ тілінің жуан-жіңішке айтылу заңына қарай *сан* сөзінің мағынасы да, тұлғасы да өзгеріп, *йир* — *йер* сөзімен бірігіп, әбден қалыптасып, үстеуге айналған.

*Еніс* — ой, ылди: *мал еңіске қарай жайылып барады*. Бұл сөз ұйғыр, қырғыз тілдерінде *еңіш* түрінде кездеседі.

*Жады* — қан ауруы (гипертония): *өткен жылы Абшириннің баласы жады ауруынан қайтты* (өлді).

*Жайбар* — мықты мағынасында қолданылады: *осы күнде елде жайбар жігіттер өте көп*.

*Жайғау* — жиыстыру, орналастыру: *біз далаға шығып келгенше төсек-орынды жайғастырып қой*.

*Жалақ* — ашылы, сортаң жер. Шыңғыстайда жалақ жерлер аз. Бұл сөз қырғыз тілінде де бар (Киргизско-русской словарь, 1940).

*Жаныстыру* — шағыстыру, өштестіру: *Үсегі біреуді-біреуге жаныстырмаса жүре алмайды*.

*Жасау* — істеу: *бір балам Шәңгімтай мектебінде мұғалім болып жұмыс жасайды*. Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында жұмыс жасаймын деп кез келген адамы айта береді.

*Жейде* — көйлек (ер адамдардың көйлегі): *дүкенге тігулі жейде түсіп жатыр, содан өзіңе шағын барып ал*. Жей-

де сөзі көбінесе оңтүстіктің сөйлеу тілінде жиі ұшырайды.

**Желек** — салы, шалы (әйелдердің басына тартатын). Біздің елде *желекті* кимешектің сыртынан тартады.

**Жоян** — ноян, нән, мықты: *Бұрын олардың тұқымы жоян болған.* Монғол тілінде *ноян* — бек әкім деген мағнада қолданылады.

**Жұтпа** — қармақ: *жұтпа салып кешке дейін бір шелек балық ауладым.*

**Заманнан** — ертеден бері, көптен бері: *атажан қарттың бір баласы заманнан ауру, әбден азып қалған.*

**Иен** — есіз, бақтасыз: *Бұл далада байлардың малы бақтасыз иен жайылған.* Қырғыз тілінде «қой иен кетіп бара жатат — овцы идут без просмотра — без пастуха» (Киргизско-русский словарь, 1940).

**Итқонақ** — арамшөптің бір түрі, ұсақ тары тәрізді болады: *Итқонақты кезінде отап отыру керек, егінге тым залалын тигізеді.*

**Кепеш** — тақия, тебетей. Осы күнде дүкенге кепеш сирек түседі: *Бұл сөз Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданында да кездеседі.*

**Киіз монша** — қос тәрізді жасалған монша: *Алтайдың мал фермаларында киіз монша бар.*

**Күдері** — берік, мықты: *Ержанның торысы күдері жылқы екен, Марқакөлден Катонға бірден келді.*

**Күдәй** — кішкене қап: *Картошті күдәйге салайық, екеуміз кезекпе арқалаймыз.*

**Көкнайза** — қара бидай: *соңғы жылдары колхозымыз көкнайзаны аз егеді.*

**Қада** — тіреу, діңгек: үйдің қадасы мықты. *Үйдің қадасын жасаймын деп Ақай бес қарағай ағаш алды.*

**Қалақ** — ағаш қасық: *дүкенде темір қасық жоқ, ал қалақтар толып тұр.*

**Қалбыр** — бидай тазалайтын елек: *бидайды қалбырмен тазалады.*

**Қамбоз** — тымырсық, тымық (күннің ыстық болуы): *Бүгін күн қамбоз екен, өзіміз де, ат та шаршап қалдық.*

**Қаша** — аула, қора (шарбақтан тоқылады): *колхоз көп қаша салды, малдың бәрі соған сиятын көрінеді.*

**Қашаға** — есік, терезенің пердесі: есігі мен терезесіне *қашаға құрыпты. Қашаға қалың матадан болғаны дұрыс.*

**Қалшақ** — еріншек, жалқау:

Ақынның жаңылғаны қартайғаны,  
Адамның қалшақ болар оңбағаны  
(Халық аузынан жазылды).

**Қоза — сырға** (кұлақта тағатын): *Ерте кезде қыздар қоза тағушы еді, бүгінде тақпайтын болды.*

**Қодыраң** — былтырғы салған егіннің орнына шыққан бидай. *Сырға қодыраң бидайды көктей шауып берсе, сүтті көп береді.*

**Қорым** — ұсақ: *Қорым тас Тарбағатай асуларының етегінде мол. Балалар қорым тасты қалтасына толтырып әкеледі.*

**Қолтартпа** — қол шалғы: Мұны кейде тартпа деп те айта береді. *Тартпа мен күніне бір арба шөп чабам.*

**Қосу** — жегу (атты): *балам тез барып атты қоса қойшы.*

**Құлақбас** — шыны аяқ: *құлақбассыз шай іше алмаймын.* Осы ауданда бұл сөзді кейде тәлеңкелі шыны не құлынды аяқ деп те айта береді.

**Қыспа** — сырға: *дүкенге қыспаның неше түрі түсіпті. Осы күндері жастар қыспаға әуес емес.*

**Қымсыз** — қымсынбайтын, мызғымайтын, берік деген мағынада: *Білімді болсаң ешнәрседен қымсыз боласың.*

**Құстұмсық** — жер қазатын құралдың аты: *жер тоң болса, құстұмсықпен босатып алады.*

**Лау** — қос ат, қос өгіз (көлік мағынасында): *ертең ауданға бір лау бидай алып жүреміз. Осы лаумен қалаға барып қалуыңа болады.* Кейбір жерде мініп баратын көліктің қай түрін болса да лау дейді. *Қалаға баратын лау бар ма екен?*

**Мардан** — тоқыған қамыс ыдыс: *марданға балық саламыз, оны үйге төсейміз.*

**Марғау кету** — аулақ, мүлдем кету: *Асайынның баласы Алматыға оқуға кетіп еді, сол кеткеннен марғау кетті.*

**Мекиен** — ұрғашы тауық: *өткен базарда екі мекиен сатып алдым.* Өзбек тілінде *макиен* — құстардың ұрғашысы (Узбекско-русский словарь, 1941), қырғыз тілінде де *мекиен* сөзі көрсетілген мағынада қолданылады (Киргизско-русский словарь, 1940), парсыша *меке*, *макиан* — тауық (Кр. персидско-русско-азербайжанский словарь, 1945).

**Мескей** — кострюль: *жалғыз өзім анау сырлы мескейдің екі-үшеуін іше берем. Бұрын қымызды мескейге емес, шараға құятын едік.*

**Мезет** — уақыт (бір мезет — бір уақыт): *Аңдар да бір мезет ұйықтап жусайды.*

**Мор** — көң: *маса көбейіп кетті, есік алдына мор сала кой.*

*Мор* сөзі Шығыс Қазақстанның көптеген аудандарында қолданылады.

**Моқал** — сөзге шорқақ адам: *қарағым, сөзге моқал едім. Өзі моқал адам сендерге не әңгіме айтады.* Бұл сөз көбінесе қарттар тілінде ұшырайды.

**Нәзір беру** — ас беру: қаратай кешегі қайтыс болған ағасына нәзір беріп жатыр.

**Нәуез** — мәтел: оның істегені халық арасына нәуез болып кетті. Талай шешендердің сөзі нәуез ғой.

**Нәумез болу** — көңілсіз болу ренжу: шақырған үйге барғанда нәумез болу жақсы емес. Семей облысының Абай, бұрынғы Шұбартау аудандарында нәбез қалу деп қолданылады.

**Орма** — шабындық, шабылатын шөп: биылғы жылы орма өте жақсы шықты.

**Отырбы** — кебек (еленген ұнның қалдығы): отырбыны малға береміз, отырбы жеген мал семіз болады.

**Отқызу** — отырғызу: биыл картопті кештеу отқыздық.

**Пәйек** — шабындық жер: колхоз бөліп берген пәйегім әлі шабылған жоқ.

**Пыстан** — тартпа, айыл: пыстанын қатты тартпай көпшігінен айрылып қалыпты. Жарғақ жастық көпшігім жезді пыстан.

**Пысу** — пісу: жаз бетінде нанды табаға салып пысырамыз. Бұға пыскан нан дәмді болады. Бұл сөз осы Шығыс Қазақстан облысына тән ірі ерекшеліктің бірі.

**Рапайсыз** — өте, аса: біздің колхоздың рапайсыз жүйрік аты бар. Осы ауданда нелер рапайсыз мықты пауандар болды. Тарбағатай қазақтарының тілінде осы мағынада айтылатын ерепан деген сөзі де бар.

**Салбұрыншы** — құс салушы, құс ұстаушы. 80 жасының 60 жылы салбұрыншылықпен өтті. Көршілес отырған керей салбұрыншылары да келіп құс ұстайтын.

**Салғырт** — алым-салық: ол кезде салғырт көбінесе кедейлерге салынатын.

**Сарандыз** — жапырақты өсімдік (курай тәрізді): сарандыз тауда өседі. Сарандызды отқа жағады, өте қызымды болады.

**Сарбуын** — сарып, сарысу (ревматизм): екі жылдай сарбуын ауруымен ауырдым. Арасанға екі жылдай үзбестен барып едім, сарбуыннан айықтым.

**Саумалдық** — басы ақ, қымыздық тәрізді өсімдік. Саумалдық таулы жерде өседі, саумалдық жеген мал өте семіз болады.

**Сере** — шанышқы: серемен балық аулаймыз! Серені қолдан да соғып аламыз.

**Сенек** — ауыз үй, ыдыс-аяқ қоятын бөлме, үйдің жанында болады: ішетін су сенекте тұр. Бүгін сенекке от жаққанамыз жоқ.

**Себет** — ас үй: себетте самауыр қайнап тұр. Тағам жағы себетке қойылады.

*Сөлкебай* — сом, теңге: *еңбегіме ай сайын 750 сөлкебай аламын*. Бұл сөз кейбір түрік тілдерінде де бар: Кыргызша *солкөбай* — күміс ақша (Киргизско-русский словарь, 1940), алтай тілінде *солкөбөй* — бір сом (Ойратско-русский словарь, 1947).

*Суқаны ұшып кету* — үрейі ұшып кету: қатты қорқу, зәресі кету: *суқаны ұшқан адам не істерін білмей қалады екен*.

*Суы басқа адам* — танымайтын, бөтен адам: *суы басқа адам көрінесің, қай жердің баласысың. Суың басқа болса да, жоғары шық*.

*Сілбі* — бұйда түйенің мұрнынан өткізетін жіңішке қайыс, не қыл жіп: *асау түйелердің мұрнынан сілбі өткіземіз*.

*Сілеге* — жіңішке қарағай (шыршадан гөрі жуан): *ол отқа жағатын сілеге алып келді*. Монгол тілінде — салаға жіңішке ағаш бұтақ (Монгольско-русский словарь, 1935).

*Сүйреткі* — жүк таситын жабайы құрал: *бұрын кедейлер шөбін сүйреткімен тасушы еді. Осы кезде сүйреткіні отын салуға ғана пайдаланады*.

*Сиықты* — секілді, тәрізді, сияқты мағынасында қолданылады. *Мен сиықты сүремі қарттар толып жатыр. Сиықты, кезікті, ашты, түшты, пысырған* деген сөздер жиі айтылып, ірі ерекшеліктерге жатады.

*Табадан* — таба: *жаз бетінде наным екі табаданға пысырамыз* (әдсби түрі пісіреміз).

*Тартпа* — қол шалғы: *бұл жердегі халық шөпті көбінесе тартпамен шабады, өйткені таулы аймақ қой*.

*Тақуа* — білетін, әңгімешіл, білгіш: *Теміржан қарт осы елдегі тақуа адам*.

*Тесе* — шот, картон түптейді: *картонның айналасын тесемен түптейміз*.

*Тұма* — бұлақ тәрізді ақпайтын су: *тұнып тұрған Көкбастау торғындай тұма. Қасқабұлақ көк үйірім көл*.

*Чалғыш* — омырауша, алжанқыш, беадемше: *фермадағы сауыншылардың бәрінде чалғыш бар. Чалғышсыз сиыр сауғызбаймыз*.

*Чағыл* — ұсақ тас: *Тарбағатай асуларында чағыл тастар көп, аяғыңмен бассаң төмен қарай сырғиды*.

*Чағылу* — сыпу, қирау: *арбаның дөңгелектері шағылып тұр, жүре алмайды*.

*Чар* — егіннің шөп-саламы, бидайдың шөп-шары: *бидайдың шары тазаланса, қалаға жөнелту керек*.

*Чарлау* — тазалау, ақтау: *Чарланған бидай қалаға тез жөнелтіліп жатыр. Егінді бірнеше көлікпен чарлап жатыр*.

**Ч а т а** — әкесіз бала: *осындағы бухгалтерді ч а т а десін жүр.*

**Ч а ш п а** — алаң: қысты күндері малға шөп, жем шашып беретін орын. *Ч а ш п а ғ а чығып чәшіп тастадым. Малды ч а ш п а ғ а қамайық.*

**Ч а қ п а қ** — мылтықтың серппесі, затворы: *көшеде жүргенде мылтықтың чаппасын ашу дұрыс емес.*

**Ч е г у** — жегу (ат жегу): *жарты сағаттансын ч е г у л і атпен көрші ауылдарға барып қаламыз.*

**Ш е л е к** — күпшек (арбаның күпшегі): *арбаның ш е л е г і қырсаусыз болғандықтан сынғалы тұр.*

**Ш е р б е к** — ара (жуан ағаштарды кесетін ара): *екі адам ш е р б е к п е н қарағай ағашын кесетін едік.*

**Ш ұ л ы ғ у** — ашу, ашып кету: *күбінде көп тұрған айран шұлығып кетіпті. Осы ауданда айранның өзін кейде іркіт дейді. Айран сөзі өте сирек айтылады.*

**Ш ы л а у ы ш** — шаршы орамал (әйелдер басына тартады). Шылауышты көбінесе мосқал әйелдер киеді. Бұрын шылауышты жастар тарта беруші еді. Соңғы кезде шылауышты кемпірлер ғана тартады. Қазақ тілінде шылауыш басжаулық, орамал мағынасында колданылады (В. Радлов. Опыты словаря тюркских наречий, 1911, т. 4. 1055).

**Ш і л і н г е р** — ағаш ұстасы: *Құдайберген керемет шіліңгер.* Бұл сөз өзбек, азербайжан тілдерінде де осы мағынада кездеседі. Парсы тілінде *чилиңгер* — темір ұстасы (Краткий персидско-русско-азербайжанский словарь, 1945).

**Ш ү л е н** — жәрдем, көмек: *Өскеменнен ылғи жастар колхозға шүленге келіпті.*

**У а з н а** — өлшеуіш: *бытыра мылтыққа салатын дәрінің өлшеуіші. Аңға шыққанда оқ-дәрі, уазна дегендеріңізді ала жүреміз.*

**Ұ м п а қ** — майда құм: *алтын ұмпақтың арасында болады. Бұл сөз ұнтақ сөзімен төркіндес.*

**Ұ р қ ы** — тұқымы: *Әбдікәрімнің ұ р қ ы н а н бір адам да қалған жоқ.*

**Ү р д е с і н** — қардың тау болып үйілуі: *биыл қыс үрдесін қатты болды. Бұл сөздің негізі үрлеу болу керек (қарды жел үрлеу).*

**Ы қ т ы н** — шөп-шар, шөп-шары аралас бидай: *бір қап ықтың бидай босағада тұр.*

**Ы ғ ы** — реті, жөні: *бір қырсыққанда сөздің ығы келмей кетед.*

**І ш к і л і к** — ішкі ұлтан: *ішкілікті сыртқы ұлтанның астыңғы жағынан салады. Етігімнің ішкілігі тозып жүр.*

**І ш п е к** — іштік терлік (тоқымның астына салатын киіз): *Ер-тұрман ішпексіз болмайды.*

**Ж. Аралбаев,  
Ш. Бектүров**

## М А З М Ұ Н Ы

Ш. Сарыбаев. 1920—1930 жылдардағы әлеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер.	5
Р. Сыздықова. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі.	19
Е. Жанпейісов, М. Томапов. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі туралы.	36
Е. Жұбанов. Эпостың тілін зерттеудің кейбір мәселелері және «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жырының лексикасы.	48
Ғ. Айдаров. Тоньюкук ескерткішіндегі қазақ тіліне қатысты материалдар.	64
А. Махмұтов. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен қарым-қатынасы.	109
Ж. Досқарасев. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында.	141
Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-інде тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер.	151
Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым селолық ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы.	177
С. Омарбеков. Сарысу ауданы қазақтарының тіліне жасалған бақылаулардан.	231
Диалектологиялық экспедициялардың материалдары	
Ш. Бектұров. Қарабұтақ ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер туралы.	239
О. Нақысбеков. Ақтөбе экспедициясының материалдарынан.	243
С. Қызылбаев. Қостанай облысы Федоровка, Семиозер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер туралы.	258
Ж. Аралбаев, Ш. Бектұров. Марқакөл және Қатонқарағай экспедициясының материалдарынан.	272



## СОДЕРЖАНИЕ

Ш. Сарыбаев. К истории казахского литературного языка 1920—1930 гг. . . . .	5
Р. Сыздыкова. Казахский литературный язык в последней четверти XIX века. . . . .	19
Е. Жанпейсов, М. Томаев. Казахский литературный язык первой половины XIX века. . . . .	36
Е. Жубанов. Некоторые вопросы изучения языка эпических произведений и лексика эпоса «Козы Корпеш — Баян-слу». . . . .	48
Г. Айдаров. Материалы памятника Тоньюкук и их отношение к казахскому языку . . . . .	64
А. Махмудов. К вопросу об отношении устаревших слов к другим лексическим категориям. . . . .	109
Ж. Доскараев. О некоторых фонетических явлениях. . . . .	141
А. Курмышжанов. Некоторые особенности в языке казахов, проживающих на территории Кара-Калпакской АССР. . . . .	151
Ж. Болатов. О местных особенностях в языке казахов Большенарымского сельского района Восточно-Казахстанской области. . . . .	177
С. Омарбеков. Из наблюдений над языком казахов Сарсуского района . . . . .	231
<b>Материалы диалектологических экспедиций</b>	
Ш. Бектуров. Местные особенности в языке казахов Кара-бутакского района. . . . .	239
О. Накисбеков. Из материалов Актюбинской экспедиции. . . . .	243
С. Кылыбаев. О местных особенностях в языке казахов Семиозерского и Федоровского районов Кустанайской области. . . . .	258
Ж. Аралбаев, Ш. Бектуров. Из материалов Маркакульской и Катонкарагайской экспедиций . . . . .	272

Редакторы *Айтмухамбетова С., Москвичева Л. Н.*  
Худ. редактор *Сущих И. Д.*  
Тех. редактор *Ророкина З. П.*  
Корректор *Сулейменова Н.*

Сдано в набор 5/II 1963 г. Подписано к печати 8/IV 1963 г.  
Формат 60×90<sup>1/16</sup>. Печ. л. 17,62+1 вклейка. Бум. л. 8,81.  
Уч.-изд. л. 17,5. Тираж 1700. УГ03009. Цена 1 р. 15 к.

Типография Издательства АН КазССР, г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.  
Зак. 13.



